ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Әбдірахманов А.

Топономика және этимология

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

А. Әбдірахманов

Топономика
және
этимология

Павлодар
2010

УДК 811.512.122'373
ББК 81.2Каз-3
Ә 14

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады

БАС РЕДАКТОР
Арын Е.М.
ҚҰРАСТЫРУШЫ, ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
Құдабаев А.Ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Айтбаев Ө., Әбілқасымов Б., Жанпейісов Е., Жанұзақов Т., Жүнісбеков Ә., Қалиев Ғ., Қайдар Ә., Құсайынов К., Нақысбеков О.,
Оралбаева Н., Сайрамбаев Т., Сарыбаев Ш., Сарбалаев Ж., Серғалиев М., Сыздық Р., Хасанов Б.

Ә 14 **ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ. Әбдірахманов А.** Топономика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.

ISBN 978-601-238-062-0

Еңбекте этимологиялық зерттеудің басты мақсаттары қаралған. Авторлың пайымдаулары – көп жылғы зерттеу үстінде туған асыл қазына.

Этимология маманы тарих, мәдениет, этнография, археология, ауыз әдебиеті салаларынан терең білімдарлығын көрсеткен. Мұнда тюркология саласынан, қазақ тілінен, топонимдерден, Қазақстан жер-су аттарынан қысқаша этимологиялық сөздік баяндалған.

Осы кітап зиялы қауымға, ғалымдарға, аспиранттарға, қазақ тіл білімін терең білгісі келетін жалпы көпшілікке арналады.

Еңбек материалдары 1975 жылы Қазақ ССР-інің "Ғылым" баспасы басып шығарған автор еңбегінің негізінде алынды

ISBN 978-601-238-062-0

УДК 811.512.122'373
ББК 81.2Каз-3

© Әбдірахманов А.
Құрастырушы А.Ж.Құдабаев
С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010

АЛҒЫ СӨЗ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ – қазақ тілінің әр жақтары (дыбыс жүйесі мен сөздік құрамын, грамматикалық құрылымы) мен салаларын (фонетика, лексикология, грамматика) олардың дамуын, өзара байланысын, ішкі заңдылықтарын жан-жақты зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі қазақ тілі – саяси, ғылыми көркем әдебиет, публицистика, күнделікті радио мен теледидар хабарларында қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілінің өсуі мен дамуын қазақ тіл білімі тұрғысынан ғана емес, жалпы түркология ғылымы тұрғысынан алып қарағанда, шығып жатқан ғылыми еңбектерінің саны жағынан болсын, жаңа әдістерді қолдану, ғылыми проблемаларды шешу, мамандар даярлау жағынан болсын, әлемдік түркологияда алдыңғы қатарға шықты.

Тіл білімінің жаңа саласы статистика, қолданбалы лингвистика әдістерін түркология ғылымында алғаш қолданған да Қазақстан ғалымдары болатын.

Бүгінгі кезде ұлттық тілге деген сұраныстың көптігіне байланысты осы еңбекті шығару ісі қолға алынды.

Сіздердің қолдарыңызға тиген «Қазақ тіл білімінің антологиясы» атты сериялық басылым ұлттық тілдің дамуына мол үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін белгілі жүйемен топтастыруды жөн көрдік.

Қазақ тіл білімі антологиясының басты мақсаты – классикалық үлгідегі жазылған ғылыми еңбектердің, тілдік зерттеулердің, ғылыми ой-тұжырымдардың көрсеткішін кейінгі жас ғалымдарға, ұрпағымызға үлгі ету. Талдаудың, пайымдаудың, дәлелдеудің сан қырлы тәсілдеріне бойлатудың нақты мүмкіндігін ұсыну.

Қай елдің болмасын рухани мұрасын танып – талдаудың, бағалаудың ғылыми қалыптасқан шарттары бар. Мұндағы

ғылыми ізденістер осы талаптардың биігінен көріне алған. Қазақ тіл ғылымындағы жетекші ойлар – тіл салаларының барлық бастау көзінің бұлағы.

Бұл антологияны құрайтын ғалымдардың еңбектері қазіргі кезде кітапханалардың сирек қорларында өте аз әрі санаулы болғандықтан және кейбіреулері тіпті жетіспейтіндіктен қайта жинақтап, жариялату ісі қолға алынды.

Редакциядан

ЭТИМОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТОПОНИМИКА

Этимология гректің екі сөзінен жасалған. Этимон – (ақиқат, сөздің негізгі мағынасы)+логос (ұғым, ілім). Сөздіктерде этимология сөзіне мынадай анықтамалар беріліп жүр: «лингв. определение происхождения слова и его родственных отношений к другим словам того же самого или других языков»[1].

«Этимология. 1. Салыстырмалы тарихи метод негізінде сөздің шығу төркінін, оның бастапқы ақиқат мағынасын тексеретін саласы; 2. Сөздердің төркіні. Тіл білімінде этимологияның народная этимология, яки ложная этимология деп аталатын түрі бар, оны роман тілдерінде паронимическая аттракция деп атайды»[2].

Шындығында этимология пәнінің анықтамасы мен атқаратын қызметі бұл келтірілген анықтамалардан әлде қайда кең де аумақты.

Сөздердің жасалу тарихы мен дамуына, яғни этимологиясына қатысты мәселелер ерте уақыттан-ақ адам баласын қызықтырған. Бұл жөнінде итальян ғалымы В. Пизани мен совет ғалымы А. А. Белецкийдің еңбектерінде толық айтылған[33]. Сол себептен де этимология саласы адамзат тарихындағы көне заманнан бері көзге түсіп келе жатқан пәннің бірі болып саналады.

Этимология тарихи тіл білімі саласымен тығыз байланысты. Салыстырмалы-тарихи әдістің пайда болуы және индоевропа тілдерінің салыстырма грамматикаларының жасалуы да этимологиялық зерттеулерге негізделген. Салыстырмалы фонетика да этимологиямен тел дамыды. Алайда этимологиялық зерттеулердің тарихы және теориясымен шұғылданушы

[1] Словарь иностранных слов. М., 1954, стр. 823.

[2] *С. Кенесбаев, Т. Жанузаков.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966, стр. 183.

[3] *В. Пизани.* Этимология. М., 1956; *А.А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований . Киев, 1950.

авторлардың пікірлеріне қарағанда соңғы 50-70 жыл ішінде бұл саладағы ізденулер азайып кеткенін байқатады.

Бұл туралы В. Н. Топоров былай деп жазды:

«Если обратиться к индоевропейской и славянской этимологии последних десятилетий, то окажется, что есть основание говорить об известном кризисе в этой области. Реально он проявляется в том, что за последние годы сильно уменьшилось число людей, занимающихся этимологией, и резко сократилось количество этимологических статей в лингвистических журналах и сборниках»[4].

Этимологиялық зерттеулердің азайып кету себебін Х. Шустер-Шевц ашық айтып, анықтай түседі:

«Ведь не секрет, что значение этимологии за последние 50-70 лет постоянно уменьшалось и что она сегодня занимает в рамках различных отдельных разделов языкознания менее центральное положение... Чем же объяснить такого рода ситуацию в этимологической науке? В первую очередь такое состояние этимологической науки является логическим следствием развития языкознания в целом. которая со второй половины XIX в., все сильнее отходит от такой дисциплины, которая преж-де всего являлась ретроспективно-исторической дисциплиной с чертами вспомогательной науки, и вступает на путь своей собственной задачи – описания и изучения языка как инструмента коммуникации человеческого общества»[5].

Біздіңше советтік тіл білімінде этимология саласының баяу зерттелуіне Н. Н.Я Маррдың «төрт элементтік» анализі де ықпалын тигізбей қойған жоқ. Өйткені ол кездегі сөз этимологиясы түбірі сал, **бер, ион, рош** деп аталатын төрт тайпа атынан шығарылуы керек еді. Тілдердегі сөз этимология-

---

[4] *В. Н. Топоров.* О некоторых теоретических основаниях этимологического анализа. ВЯ. № 3, 1960, стр. 45.

[5] *Х.Шустер-Шевц.* Место проблематики этимологического исследования. Сб. «Этимология», М., 1967, стр. 71.

сын тек осы элементтерден шығару мүмкін болмағандықтан, этимологиялық зерттеулер де, осы саладан сөздіктер жасау да тоқырауға ұшырады.

Ал тюркология саласындағы этимологиялық зерттеулердің кешеуілдеу, көлемінің аз болу себебіне келсек, онда жоғарғы себептің үстіне 20-40 жылдар арасында ұлт тілдерінің алфавитін, орфографиясын, мектептер мен жоғарғы оқу орындарының оқулықтарын жасау, түрліше (екі тілдік, терминологиялық, орфографиялық, түсіндірме т. б.) сөздіктер жасау істері мемлекеттік, халықтық мүддеден бірінші орынға қойылды. Түркі тілдеріндегі этимологиялық зерттеулер, сөздіктер жасау мәселесі соңғы 10-15 жылда қолға алына бастады және бұл туралы кейінірек айтамыз.

Орыс тіліндегі сөздер этимологиясын зерттеуде А. Преображенскийдің «Орыс тілінің этимологиялық сөздігі» белгілі роль атқарды. Бұл сөздіктің «а» әрпінен «т» әрпіне дейінгі бөлегі 1910-1914 жылдар арасында жарық көрген болатын, ал қалған бөлігі 1949 жылы басылды. 1960 жылы сөздік фотомеханикалық жолмен толық жарыққа шықты.

Макс Фасмердің «Орыс тілінің этимологиялық сөздігі» 1950-1958 жылдар арасында неміс тілінде басылды және осы сөздіктің төрт томы О. Трубачевтің аудармасы бойынша 1964-74 жылдар арасында орыс тілінде жарық көрді.

1959 жылы 2-3 декабрьде СССР ҒА Тіл және әдебиет бөлімшесі сөздік комиссиясының М. Фасмердің жоғарыда аталған сөздігін талқылауға арналған мәжілісі болып өтті. Мұндағы В. Топоров пен О. Трубачевтің баяндамалары одақтық журналда басылды[6].

---

[6] *В.Н. Топоров.* Жоғ. көрсетілген мақаласы: *О. Н. Трубачев.* Об этимологическом словаре русского языка. ВЯ. № 3. 1960.

1950 жылдардан бері орыс және славян т. б. тілдердің этимологиясына арналған бірсыпыра мақалалар шықты[7], Н.М. Шанскийдің басқаруымен «Орыс тілінің этимологиялық сөздігінің» алғашқы томдары жарық көре бастады[8].

1967 жылы январь айында Москвада СССР ҒА Орыс тілі институтында этимологиялық зерттеулерге арналған халықаралық симпозиум болып өтті. Симпозиумда жасалған О.Н. Трубачевтің (Москва), О. Семереньидің (Фрейбург), Э.А. Макаевтың (Москва), Ф. Безлайдың (Люблана), Ф. Славскийдің (Краков), Г. Барцидің (Будапешт), Ж.Ж. Варботтың (Москва) баяндамалары «Вопросы языкознания» журналының сол жылғы 4 санында жарияланды[9].

Осы симпозиумның материалдары, соның ішінде Х. Шустер-Шевц (Лейпциг), В. А. Никонов, А. К. Матвеев, А. А. Белецкий т. б. ғалымдардың баяндамалары «Этимология» (1967) жинағында[10] басылып шықты.

1963 жылдан бері жыл сайын «Этимология» жинағы жарық көріп келеді.

Сөйтіп бұл айтылғандардың бәрі соңғы 20 жыл ішінде этимология мәселесіне Одақ көлемінде үлкен мән беріліп, өсіп келе жатқанын көрсетеді.

---

[7] *В.И. Абаев.* О принципах этимологического словаря. ВЯ №5 1952; *Р.А. Ачарян.* О составлении этимологического словаря славянских языков. ВЯ, 1952,№ 4; *М.Н. Петерсон.* О составлении этимологического словаря русского языка. ВЯ, № 5, 1952; *О.Н. Трубачев.* Принципы построения этимологических словарей славянских языков. ВЯ. № 5, 1957; *Его же.* Лингвистическая география и этимологические исследования. ВЯ, 1959, № 1; *Н.М. Шанский.* Принципы построения русского этимологического словаря словообразвательно – исторического характера № 5; *Ж.Ж. Варбот.* О словообразовательном анализе в этимологических исследованиях; *В.А. Никонов.* Поиски системы. Сб. «Этимология», М., 1963 и т. д.

[8] Этимологический словарь русского языка. Том 1, М.. 1963-73.

[9] *Жур.* ВЯ, 1967, № 4, стр. 3-74.

[10] Сб. «Этимология», М., 1969.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерде этимологияның теориялық мәселелері, этимологиялық зерттеудің принциптері мен әдістері, этимологиялық сөздіктер жасау жолдары, көптеген тілдердегі жеке сөз этимологиялары сияқты проблемалар маңында пікірлер айтылды.

Біз солардың кейбіріне ғана, әсіресе этимологияның теориялық мәселелері мен әдістеріне арналған пікірлерге ғана шолу жасап өтейік.

Грек тілі материалдарының негізінде жасалған проф. А.А. Белецкийдің «Этимологиялық зерттеу принциптері» деген еңбегінде[11] этимологиялық зерттеулер лексикологиялық және соған қатысты семантикалық зерттеулермен тығыз байланысты екені және мұндай зерттеулердің перспектив (көнеден жаңаға қарай) және ретроспектив (жаңадан көнеге қарай) методикалары бар екені айтылады[12].

Автор әрбір этимологиялық туынды арнаулы зерттеудің нәтижесі болуы керек деп көрсетеді.

Зерттеу үстінде кейбір сөз этимологиясы сенімді де дәл болуы мүмкін, кейде түрлі себептермен дұдамал да болуы мүмкін. Соңғы жағдайда зерттеуші бұл этимология болжалды (предварительные) деп көрсетуі қажет[13].

Ең алғашқы этимологиялық зерттеу сатысы туралы А.А. Белецкий былай деп жазды:

«На первой ступени этимологического исследования, при сближении определенных форм, решающим моментом является сочетания фонетических критериев с семантическим»[14].

Бұдан кейін автор сөз мағыналарының кеңеюі мен таралуына көңіл аудару қажет екенін, мұнда бастапқы мағына мен кейінгі

---

[11] *А.А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований (на материале греческого языка). Киев, 1950.

[12] Сонда, 31 беті.

[13] Сонда, 33 беті.

[14] Сонда.

мағынаның аралығындағы байланыстырушы буынды ескеру керек екенін ескертеді[15].

Кейде кейбір өзгерістер тарихи комментарий бермесе, түсініксіз болып қалады. Мәселен, Дунай бойындағы славяндардың болғар атануы Еділ бойынан келген шапқыншы булгарлардың атына байланысты[16].

Сөз этимологиясын ашуда «арнайы контекстің» маңызы ерекше зор. Бұның қатарына тарихи ескерткіштерде кездесетін сөздердің сол сөйлемнің ішіндегі мағынасын ашу жатады. Этимологиялық зерттеудің құндылығы да осы тарихи жағдайды ашуға байланысты. Мұндай зерттеулер, автордың пікірінше, жалқы есімдердің этимологиясын ашуда кеңінен қолданылуға тиісті»[17].

Этимологиялық зерттеудің басты мақсаттарының бірі – сөз түбірін табу. Бірақ индоевропа тілдерінде сөз түбірін табу көбіне относительді және шартты. Мәселен, орыстың **итог** деген сөзі **и того** дегеннен жасалған, мұны, яғни **итог** сөзін, енді бөлшектеуге көнбейді, сондықтан ол сөз түбірі деп қаралады[18].

Этимологиялық зерттеуге сөзге қосылған аффикстерді ажырату да жатады.

Мұнда сол тілдің сөз тудыру жүйесін ескеру керек, ал аффикстердің өзі өнімді және өнімсіз болуы мүмкін, осыларды ажырату қажет. Лексикадағы, сөз тудыру жүйесіндегі, сөздің дыбыстық және мағыналық жақтарындағы өзгерістері байланысты сөздердің бастапқы этимологиялық байланыстары үзілуі мүмкін, яғни акад. Л.А. Булаховскийдің терминімен айтқанда, сөз «деэтимологизацияға» ұшырауы мүмкін.

---

[15] Сонда. 36 беті.

[16] *А.А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований (на материале греческого языка). Киев, 1950, 50 беті.

[17] Сонда, 51-52 беттері.

[18] Сонда. 59 беті.

Сөз мағынасының алшақтауы толық, кейде жартылай түрде болуы ықтимал. Этимологиялық зерттеуде осы құбылысты да мұқият ескеру қажет[19].

Тілдердің тоғысуы нәтижесінде бір тілден екінші тілге сөз ауысу құбылысы да кеңінен тараған. Мұндай шет тілдік субтратты тарихшы, археолог, этнолог мамандармен біріге отырып шешкен мақұл[20]. Этимологиялық зерттеулердегі фонетикалық және семантикалық критерий жөнінде автор былай дейді:

«Подобно тому, как фонетический критерий только тогда имеет полную силу в этимологическом исследовании, когда он является результатом изучения изменений того языка, в системе которого содержится данный элемент (слово или форма), а также последовательных фонетических соответствий между данным языком и родственным языками, то же самое надо сказать и о семантическом критерии, с которым нередко обращаются очень неосторожно»[21].

Автор кітабының қорытындысында этимологиялық зерттеулердің методикасын жасау бір ғылыми қызметкердің қолынан келмейтінін, мұның өзі ғылыми коллектив еңбегін қажет ететінін ескертеді. Мұндай зерттеу методикасы бір тілдің ғана негізінде емес, әр түрлі тілдер материалының негізінде, бір тіл формаларынын ішкі байланысын, сол сияқты бір тіл формаларының басқа тілдер формасымен байланысын ашу арқылы жүзеге асырылады. Бұдан әрі автор былай дейді:

«В отличие от распространенного в практике этимологических исследований понимания их сущности как установление связи форм, только на основе оценки фонетических и семантических критериев, в нашем диалектико-материалистическом понимании этимологическое исследование, т. е. специальное ис-

---

[19] Сонда, 66-67 беттері.

[20] *А.А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований (на материале греческого языка) Киев , 1950, 76 беті.

[21] Сонда , 85-86 беттері.

следование, предпринимаемое для восстановления утраченных на какой-то ступени развития языка или группы языков ранее существовавщих фонетико-семантических связей определенных форм, является соединением лингвистического анализа с более широким историческим исследованием»[22].

Автор жоғарыда көрсетілген принциптердің баршасы бір сөздің этимологиясын ашуда қолданылуы мүмкін емес екенін, оның бірінде бірі басым қолданылса. екіншісінде басқа принцип басым орын алатынын көрсетеді[23].

Бұдан кейін автор этимологиялық зерттеулерде историзм бағыты бірінші орынға қойылуы керек екенін және мұны тарихи ескерткіштерге сүйене отырып жүзеге асыру қажет екенін айтады[24].

Автордың бұл айтқаны және осы негізде жасаған зерттеуі де дұрыс, өйткені грек тілінің антик заманынан бері үзілмей келе жатқан дәстүрлі жазба ескерткіштері бар. Сондықтан грек тілінде этимологиялық зерттеулер үшін историзмнің, тарихи методтың бірінші орында тұруы заңды.

Алайда, көптеген түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі үшін тарихи әдіс этимологиялық зерттеулерде бірінші орында тұра алмайды. Ол біздің керенаулығымыздан, немесе кертартпалығымыздан емес, тарихи-объективті жағдайдан: қазақ тілінің көне заманнан үзілмей келе жатқан жазба ескерткіштерінің жоқтығынан.

Сол себептен түркі тілдері, соның ішінде қазақ тіліндегі этимологиялық зерттеулер үшін, біздіңше, салыстырма әдіс бірінші орында тұруға тиіс.

Мына жағдайға көз жіберейікші. Түркі тілдерінің жазба ескерткіштері болып табылатын VI-VIII ғасырлардағы орхон-

---

[22] *А.А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований (на материале греческого языка) Киев, 1950, 222 беті.

[23] Сонда, 223 беті.

[24] Сонда, 240 беті.

енисей ескерткіштері, XI ғасырдағы М. Қашқари еңбегі т. б. нұсқалардың өзі бір ғана түркі тілінің ескерткіші болып табылмайтыны басы ашық нәрсе емес пе? Ендеше біз осы жазба ескерткіштерінің өзіне де салыстырмалы тұрғыдан сілтеме жасауға правомыз бар.

Ал салыстырма әдісті екінші бір кесек сала - қазіргі бар түркі тілдері фактілерін салыстыру арқылы жүзеге асырамыз.

Этимологиялық зерттеулерге салыстырма әдісті жүзеге асыратын объектіміз – кең мағынадағы алтай тілдері, бұдан асса ностратикалық тілдер.

Міне осы себептердің негізінде біз этимология саласында салыстырма әдіс көптеген түркі тілдері үшін бірінші орында болуға тиіс деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, А. А. Белецкийдің жоғарыда айтылған еңбегінің этимологияның жалпы теориясы мен практикасына қосатын үлесі мол.

Этимология саласындағы екінші бір ауыз толтырып айтатын еңбек проф. В. И. Абаевтың этимологиялық сөздіктің принциптеріне арналған мақаласы[25].

Мақалада бірсыпыра теориялық мәселелер де көтерілген. Мәселен сөздің шығуы және оның зерттелуі туралы автор былай дейді:

«Происхождение» слова не всегда означает его первоначальное образование и каких-то предшественных элементов. Сплошь и рядом нам удается только довести генетические связи слова до определенного предшествующего этапа (скажем, до языка-основы), не раскрывая до конца, «почему и откуда» оно возникло»[26].

---

[25] *В.И. Абаев.* О принципах этимологиялық словаря. ВЯ, 1952, № 5.

[26] Сонда, 57 беті.

Автор ғылыми этимология тарихи-салыстырма әдісті жасаудан басталады деп көрсетеді. Ал этимологиялық зерттеулердің міндеттері туралы В.И. Абаев былай дейді:

«В рамках этого метода этимология получила следующее реальное содержание: 1) для основных оригинальных слов данного языка – сопоставление со словами родственных языков и прослеживание их формальной и смысловой истории вглубь до языка-основы; 2) для слов, которые являются производными внутри данного языка (внутриязыковые дериваты), установление их со ставных частей, корня, основы и формантов в рамка данного языка; 3) для заимствований – указание источника заимствования. К этим трем задачам и сводится содержание этимологических исследований»[27].

Автор этимологияны тарихи лексикологияның бір бөлегі деп есептейді. Этимологиялық сөздік тарихи жазба ескерткіштерін де, сөздердің тарихы мен туыстық байланысын ашу үшін салыстырмалы – тарихи тіл білімінің де табыстарын пайдаланады.

Этимологиялық сөздік жөнінде тағы да автор былай дейді:

«Этимологический словарь, напротив, стремится с максимальной широтой и глубиной вскрыть эти генетические связи, опираясь на всю сумму данных исторической фонетики, морфологии и семасиологии как данного языка, так и всей семьи или группы родственных языков, а для заимствованных слов – и не родственных языков»[28].

Автор сөз тарихын халық және халықтың ойлау тарихымен ұштастыра зерттеуді талап етеді. Сөз этимологиясын ашу үшін фонетикалық, морфологиялық және семантикалық критерийлерді толық пайдалану керек екені көптеп айтылып келеді және бұлар салыстырмалы – тарихи тіл білімінде кеңінен пайдаланылған.

---

[27] Сонда.

[28] Сонда.

В.И. Абаев осы критерийлердің үстіне осы күнге дейін пайдаланылмай келген тағы бір критерийді, яғни реалийді этимологиялық ізденулерге қолдану керек дейді.

Автордың «реалий» терминіне берген анықтамасы мынадай:

«Термин «реалии» мы употребляем в самом широком смысле как совокупность всех конкретно-исторических, материальных, социальных и культурных условий, в которых рождаются слова и которые налагают на них свой отпечаток»[29].

Автор реалийді білу ғылыми этимологияның маңызды шарты деп есептейді. Ол үшін этимология маманы боламын деген лингвист тарих, мәдениет, этнография, археология, ауыз әдебиеті салаларынан терең білімдар болуы қажет.

Автордың бұл пайымдаулары – көп жылғы зерттеу үстінде туған асыл қазына есепті деп бағалауымыз әділдік.

М. Н. Петерсонның орыс тілінің этимологиялық сөздің жасауға арналған мақаласында да[30] осы сөздік жасау маңында конкретті ұсыныстар айтылған.

Бұдан кейін 1957 жылдан бері этимологияның теориясы, оның тіл білімінің басқа салаларымен қарым-қатынас сөздіктер жасау принциптері туралы бірсыпыра мақала, еңбектер шықты.

Олардың бәріне талдау жасаудың мүмкіндігі де қажеті де жоқ. Біз тек принциптік маңызы бар бірер мақалаға ғана қысқа тоқталып өтейік.

В.Н. Топоров жоғарыда көрсетілген этимологияның теориялық мәселелеріне арналған мақаласында «дәстүрлі принциптер» осы күнге дейін өз ролін жақсы атқарып келге-нін, бірақ келешекте олармен шектелмеу керек екенін айтады.

Автор ендігі этимологиялық зерттеулерде структуралық тіл білімінің табыстарын (структуралық әдісті) пайдалану, дәл

---

[29] Сонда.

[30] *М.Н. Петерсон.* О составлении этимологического словаря руского языка ВЯ 1952, № 5.

әдістерді, соның ішінде модельдеу тәсілін, кибернетиканы, информация теориясын т. б. қолдану қажет екенін көрсетеді[31].

Алайда В.Н. Топоровтың бұл айтқан жаңа әдістері, әзірге теориялық тұрғыдан болмаса, практикада қолданылмай отырғанын ашып айтуымыз қажет.

Ж.Ж. Варботтың мақаласы этимологиялық зерттеулерде сөз тудыру тәсілін талдауға арналған. Сөз тудыру мәселесі – автордың пікірінше, этимологиялық зерттеулердің көлемді бір саласы. Сөз тудыруды зерттеу сөздердің морфемасын ажыратуға бағытталған. Алайда индоевропа тілдерінде сөздердің түбірін табу өте қиын. Бір кездегі сөз түбірі деп табылған тұлғалар қазір өз ішінен морфемаға бөлініп кетті және бұл жаңа морфема-түбірдің бұл тілдерде конкретті лексикалық мағынасы сақталмаған. Мұндай морфема-түбірлер туыс тілдердің бірінде сақталса ғана, оның алғашқы лексикалық мағынасы ашылмақ. Сол себептен сөз тудыру тәсілін этимологиялық зерттеулерде қолданғанда, ретроспектив (жаңадан көнеге қарай) талдау пайдалы. Мұнда сол тілдегі және туыстас тілдердегі сөз мағынасын және формаларының дамуын ескерген жөн. Оның үстіне мұндай зерттеулерде түбір сөздің фонологиялық (дыбыстық) құрылымын да терең қарастыру тиімді. Автор осы жағдайларды айта келіп, былайша қортындылайды: «Место каждого метода исследования в каждом отдельном случае определяется спецификой этимологизируемого слова, наличными данными относительно его родственного окружения истории и т. д. На различных уровнях исследования могут преобладать различные методы. Ни один из методов не может быть отвергнут с порога. Данные различных методов должны взаимно контролироваться и поддерживать друг друга.

Говорить о преобладающей роли какого-то одного из методов можно лишь в порядре полемики с его противниками. Рассматривая как один из возможных стержней этимологического

[31] *В.Н. Топоров.* Көрсет. мақаласы, 53-59 беттері.

исследования словообразовательный анализ, следует одновременно оговаривать его зависимость и в отношении материала для анализа, и в отношении реальности результатов от решения проблемы отождествления»[32].

В.А. Никоновтың этимологиялық зерттеулерде жүйелілікті пайдалануға арналған мақаласында мына мәселелер қаралады[33] Тіл жүйесінен сөзді бөліп қарауға болмайды. Ал сөз қатардан (ряд) тыс тумайды. Қатар дегеніміз бұл әлі жүйе емес, қатарлардың ара қатынасынан жүйе туады. Ал сөз қатарлардың қимасында (семантикалық немесе формалық) пайда болады. Этимология дегеніміз осы координаттарды табу болып саналады. Қатар өзгергіш болады. Бір қатар типімен жаңа сөздер туып жатса, екінші қатар типімен басқа сөздер типі жасалып жатады. Мәселен, лесхоз, учхоз деген қысқарған сөздер колхоз, совхоз типіндегі қатардан жасалған. Ал атомоход сөзі пароход, теплоход типімен жасалған.

Этимологиялық зерттеулердің үш аспектісі бар: 1) генетикалық – сөздердің туыстығын анықтайды; 2) ареалдық (немесе маргиналдық деп аталады) – тілдердің өзара әсерін зерттейді; 3) типологиялық – туыс тілдердегі омоним сөздердің мағыналық типтерін қарастырады.

Осы күнге дейін этимологиялық зерттеулер сөз негізін зерттеумен шұғылданып келді, ал дұрысында сөздің формасы сөз негізінен гөрі көбірек информация береді. Сол сияқты сөз негізінен гөрі форманттар әлдеқайда жүйелі. Осыдан автор мынадай қорытынды шығарады:

«Поэтому именно анализ форманта – часто наилучшая руководящая нить при этимологизации, обнаруживающая ряд, в

---

[32] *Ж.Ж. Варбот.* О словообразовательном анализе в этимологических исследованиях. Сб. «Этимология», М., 1963, стр. 212.

[33] *В.А. Никонов.* Поиски системы. Сб. «Этимология», М., 1963, стр. 217-235.

котором возникло слово, и тем самым устанавливающая одну из осей для определения его кординат»[34].

Этимологиялық зерттеулердің принциптерін анықтауда О. Семереньидің мақаласы[35] өте қызғылықты. Автор этимологиялық зерттеулерде осы кезге дейін фонологиялық, морфологиялық және семантикалық принциптер қолданылып келгендігін, бірақ бұларды қолдану үшін, позитивтік нұсқау және толықтырулар қажет екенін көрсетеді де, мынадай ережелерді ұсынады:

а) Этимолог сөз түбірі (этимоны) анық сияқты көрінген сөздің этимологиясын фонологиялық тұрғыдан тағыда тексеруі қажет. Мұндай тексеру нәтижесінде дәстүрлі танылған этимонның өзі де көбіне басқаша болып шығады.

б) Егер сөз түбірі анық сияқты көрінгенімен де, сол тілдің сөз тудыру ережелеріне қайшы келсе, онда зерттеуші мұның ақиқатына жетуі керек.

в) Егер сөз түбірінің семантикасы әдеттегіден тыс дамығаны байқалса, онда зерттеуші бұл этимологияны фонологиялық тұрғындан қайта тексеруі керек. Мұндай жағдайда мәселе көбіне басқаша шешілуі ықтимал.

г) Егер индоевропа тұрғысынан осы сөз көптеген тілдерде, әсіресе шеттеу жатқан тілдерде бар болса, оның сол семьяға жататын белгілі бір тілде болмауы мұқият зерттеуді қажет етеді.

д) Егер бұл сөз басқа бір тілден енген деп танылмаса, осыған ұқсас немесе теңбе-тең сөз географиялық жағынан жақын жатқан тілдерде сақталуы ықтимал.

Автор осы келтірген ережелерді көптеген конкретті этимологиялық мысалдармен дәлелдейді. Мақаланың қалған бөлегінде кірме сөздер және оларды этимологиялық жағынан талдау сөз етіледі.

---

[34] Там же. стр. 225.

[35] *О. Семереньи.* Славянская этимология на индоевропейском фоне. ВЯ, 1967, № 4. стр. 3-25.

Индоевропа тілдеріндегі сөздердің түбірін жаңғыртуға арнаған мақаласында Э. А. Макаев[36] этимолог сөзді зерттеуі керек пе деген мәселенің маңындағы айтыс осы күнге дейін тоқталмай келе жатқанын айтады да этимонға (түбірге) мынадай анықтама береді:

«Можно дать следующее определение этимона: индоевропейский этимон – это структурно оформленный на соответствующем этимологическом уровне фономорфологический и семантический комплекс, являющийся исходным для определенной лексемы или группы производных образований в различных индоевропейских языках»[37].

Автор қортындыда сөз түбірін ашу үшін сөз мағынасына талғап қарау екендігін баса көрсетеді.

Ф. Славскийдің мақаласында[38] этимологияны зерттеу мен сөз тудыруды зерттеуді айырып қарау керектігі айтылады және этимологияға автор мынадай анықтама береді:

«Этимология занимается словами, которые с современной точки зрения являются не мотивированными, морфологически не обоснованными... Для этимолога основным является ответ, почему данное понятие было названо так, а не иначе. Основной задачей этимологии, таким образом, является реконструкция первоначальной мотивации, первоначального морфологического обоснования»[39].

Венгер ғалымы Г. Барцидің мақаласында венгер тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің тәжірибесі қорытындыланып, мынадай принциптер бөлініп қаралады: сөздің этимологиясын оның ішкі даму тарихымен байланыста қарау, осы арқылы

[36] *Э.А. Макаев.* Реконструкция индоевропейского этимона. ВЯ, 1967, № 4, стр, 26-33.

[37] *Э.А. Макаев.* Реконструкция индоевропейского этимона. В.Я. 1967, № 4, стр. 27.

[38] *Ф. Славский.* Из опыта работы над этимологическим словарем польского языка. ВЯ, 1967, № 4, стр. 55-59.

[39] Там же, стр. 55.

сөздің көне мағынасы мен формасын ашу; сөздің фонетикалық тарихы кірме сөздің енген дәуірін анықтауға жол ашады; этимологиялық зерттеуде диалектілік варианттарды естен шығаруға болмайды; этимология – тіл білімі шаруаларының ішіндегі ең комплексті ғылым, сол үшін археология, этнография, фольклор, елдің саяси және экономикалық тарихы сияқты ғылымдардың табыстарын, сөздің туудағы реалий жағдайын жете зерттеу қажет; сөздің семантикалық өрісін (поле) жете қарастыру керек; сөздің сол тілдің көне сөзі ме, немесе басқа тілден енген бе деген мәселесін шешу үшін оның тарихын, басқа тілдермен қарым қатынасын толық зерттеген мақұл[40].

Ж. Варботтың екінші бір мақаласы этимологиялық ұялы сөздердің сөз тудыру құрылымын ашуға арналған[41].

Этимологиялық ұялы сөздерді жаңғырту дегеніміз – деп түсіндіреді автор – сол сөздің немесе бір топ сөздің жоғалып кеткен сөз тудыру байланыстарын қалпына келтіру. Алғашқы бір түбірден жасалған сөздер замандар өткен сайын туыс тілдерде, немесе сол тілдің өзінде де сөз тудыру жұрнақтарының әр түрлілігінен бір – бірінен алшақтай бермек. Енді мұны сөз тудыру тәсілі пайдалана отырып этимология ашуы керек.

Х. Шустер-Шевцтің мақаласы этимологиялық зерттеулердің орны мен проблематикасына арналған[42]. Автор мақаласында соңғы 50-70 жылдың ішінде этимологиялық зерттеулердің азайғандығын және оның тіл біліміндегі орны да төмендегендігін көрсетеді. Мұның себебі неде деген сұраққа автор былайша жауап береді. XI ғасырдың екінші жартысынан тіл білімі тілді адам баласының қарым-қатынас құралы ретінде зерттелуіне басым көңіл бөлді, сондықтан тіл құбылыстары, негізіне

[40] *Г. Барци.* Современное состояние исследований лексики венгерского языка. ВЯ, 1967, № 4. стр. 60-66.

[41] *Ж.Ж. Варбот.* О оснообразовательной структуре этимологических гнезд. Там же, стр. 67-74.

[42] *Х. Шустер-Шевц.* Место и проблематика этимологического исследования. Сб. «Этимология», 1967, М., 1969, стр. 71-79.

синхрондық әдіспен зерттелді. Соның нәтижесінде соңғы кезде структурализм әдісі кең етек жайды.

Бұл күндегі этимологиялық зерттеулер структурализ әдісін кең пайдалануы қажет және дәстүрлі түрдегіде сөздің түбірін ашып қана қоймай, сөздің тарихын, географиясын, яғни өмірбаянын толық ашуы керек. Тіл адам баласының ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ендеше этимология ойдың дамуымен, адам баласының дүние тану, заттарға ат кою қабілетімен қарым-қатынаста қаралуы керек. Ендеше сөз мағынасының тарихын түсіну үшін заттар тарихын, материалдық мәдениет, салт – сана, әдет-ғұрып, право, дін т. б. тарихын жақсы білу қажет. Автордың негізгі қорытындылары осындай.

Ю. Откупщиков, А. Супрун, В. Никонов, А. И. Поповтың мақалаларында[43] этимологиялық зерттеулердің түрлі-түрлі проблемалары сөз етіледі. Мәселен, Ю. Откупщиковтың мақаласында негізгі информацияны сөз түбірі береді делінеді. Ал А. И. Попов этимологиялық зерттеулерде тарих ғылымы-ның табыстарын пайдаланбау қателікке соқтыратынын конкретті тарихи мысалдармен дәлелдейді.

Сөйтіп бұл айтылған мақалаларда этимологияның қыруар теориялық мәселелері мен методтары орын алған және оларды орынды пайдалану этимологтардың, солардың ішінде топонимист-этимологтардың да міндеті болса керекті.

Тюркология саласындағы этимологиялық зерттеулер

Тюркологияда жеке сөздердің этимологиясы В.В. Радловтың, П.М. Мелиоранскийдің, Е.Д. Поливановтың, А.П. Самойловичтің, В.А. Гордлевскийдің. Л.З. Будаговтың, С.Е. Маловтың, Н.А. Баскаковтың, Н.К. Дмитриевтің, А.Н. Кононовтың,

[43] *Ю.В. Откупщиков.* Словообразовательные модели и этимология. Сб. Этимология, 1967», М., 1969, стр. 80-87; *А.Е. Супрун.* Системность лексики и этимологии. *Там же*, стр. 88-99; *В.А. Никонов.* Русское словообразование. *Там же*, стр.98-10; *А.И. Попов.* О возможностях совершенствования приемов этимологического исследования. *Там же*, стр. 119-128.

Қ.Қ. Жұбановтың, І.К. Кенесбаевтың, С.А. Аманжоловтың т. б. еңбектерінде кездеседі. Шет ел ғалымдарынан Г.И. Рамстедтің, М.Рясяненнің, В.Котвичтің жалпы тюркологиялық еңбек-терінің пайдасы мол. Ал жеке түркі тілдеріндегі сөз тудыру мәселесін зерттеген А. Гулям (өзбек), Т. Гарипов (башқұрт), А. Ыскақов, Г. Мұсабаев, А. Хасенова (қазақ), Б. Орузбаева (қырғыз) т. б. сияқты авторлардың еңбектері мен докторлық диссертациялары да бұл тақырыпқа қатысты. Сол сияқты Н.К. Антоновтың якут тілінің тарихи лексикологиясына арналған жұмысында да құнды-құнды материалдар бар. Алайда соңғы жылдарға дейін түркі этимологиясына арналған арнайы еңбектер мүлде аз, бұл туралы В. И. Котлеев былай дейді:

«Тем не менее следует отметить, что пока еще этимология является отстающей областью советской тюркологии. Дело не только в том, что мы не имеем этимологических словарей или каких-либо обобщающих трудов по тюркской этимологии; основной пробел заключается в том, что не разработана методика этимологизирования как местной, так и общетюркской лексики, учитывающая историческое и типологическое своеобразие бытования последней в языках этой семьи. Такое положение в тюркской этимологии в основном объясняется тем, что в советской тюркологии до самого последнего времени о ряду причин мало уделялось внимание вопросам исторической лексикологии. В этих условиях занятия этимологией и публикации носили случайный характер и имела ясной перспективы и цели. Вот почему заслуживают самого серьезного внимания работы обобщающе характера, охватывающие этимологическим изучение лексику целых языков»[44].

Түркі тілдерінің этимологиясы саласындағы соңғы кездегі еңбектерге осы В.Г. Егоровтың көрсетілген «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігі» мен көрнекті тюрколог Э.В. Севортян-

[44] *В. Г. Егоров.* Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964. стр. 3. (от редактора – В. И. Котлеева).

ның мақалалары мен «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» жатады[45].

В.Г. Егоровтың сөздігінде барлығы 2600 сөз берілген және бұл сөздер түркі тілдерінің материалдарымен салыстырылған. Сөздікте араб, парсы т. б. тілдерден енген сөздердің деэтимологиясы берілген. Бұл сөздік-түркі тілдерінің этимологиясына арналған алғашқы еңбек және ол осынысымен де құнды.

Э. В. Севортянның түркі тілдерінің этимологиялық сөздігіне арналған мақаласында СССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты дайындаған сөздіктің мақсат – міндеттері айтылған. Сонымен бірге мақалада түркі тілдеріндегі этимологиялық зерттеулердің кейбір теориялық және методикалық мәселелері баяндалған. Мұнда тарихи фонетика тұрғысынан о – у, е – и, а – ы, ө – е е – ө дауысты дыбыстары мен м – н дауыссыз дыбыстарының ауысуы дәлелденеді және мұның өзі түркі тілдерінің көне дәуіріне жататыны, ендеше түркі тілдерінде сөз түбірлері тұрақты емес екені көрсетіледі.

Түбірлі және бір түбірлі элементтер түркі тілдерінің аз ғана бөлегін құрайды. Жалпы түркілік және түркі аралық сөз негіздері, соның ішінде морфологиялық жағынан күңгіртенген сөздер бір түбірлі емес туынды негіздерден құралған. Бұл құбылысты толық түсіну автордың мына түсіндіруіне көңіл аударайық:

«Морфологически затемненные основы могут входит или в различные ряды слов, образовавшиеся по древним, большей частью непродуктивным словообразовательным моделям или же в лексико-семантически гомогенные объединения (ряды), каждое из которых восходит к определенной производящей

[45] *Э.В. Севортян.* Пробные статьи к «Этимологическому словарю тюркских языков. М., 1965; *Его же*: Тюркские ас. аскар, аст, асы и др.; «Тюркологический сборник к 60 летию А. Н. Кононова», М., 1966, стр. 115-119; *Его же*: Тюркские этимологии. Сб. «Тюркологические исследования» (к 80 летию К. К. Юдахина Фрунзе, 1970, стр. 27-36; *Его же*: Об «Этимологическом словаре тюркских языков». ВЯ, 1971, № 6, стр. 74-87; *Его же*: Этимологический словарь тюркских языков, М., 1974

основе, имеющей очень часто корневой характер. Вся эта масса обще- и межтюркской лексики хронологически неоднородна. В ней можно предпологать более архаические прослойки, элементы, относящиеся к доаффиксальной эпохе общетюркого словообразования»[46].

Алайда – деп көрсетеді автор – жалпы түркілік және түркі аралық лексиканың басым бөлегі аффиксті типке жатады және бұлар хронологиялық жағынан сөз тудыру категориясының бір кездегі деңгейін көрсетеді.

Сонымен бірге автор алғашқы көне түбір ашық буын формасында болған деген қорытындыға келеді.

Жалпы түркілік және түркі аралық бір түбірлі емес, морфемдік құрамы анық емес сөздер негізін зерттей келіп, этимологияның хронологиялық шегі деп түркі тілдерінің бөлінбей тұрған кезеңін көрсетуге болады. Міне, осы кезеңнің өзінде, яғни жалпы түркілік негіз тіл кезеңінде фонетикалық жағынан диалектілік айырмашылықтар орын алды.

Сөз негізін фонетика – морфологиялық жағынан жаңғырту талабы, оның хронологиялық кезеңін анықтау мақсаты сөз тудыру процестерін кезеңдерге бөлуді қажет етеді.

Автордың зерттеуінше, қазіргі аффикстік сөз тудырудың бұрын түркі тілдерінде мүлде басқа тәсіл – түбірлі етістік – есім омонимия тәсілі өмір сүрген, яғни сөз таптарында синкретизм болған. Міне, осы дәуірге фонетикалық жағынан түбірдегі дауыссыздардың тұрақсыздығы тән болған. Мұндай қалдық құбылыстар түркі тілдерінің кейінгі фонетикалық дамуымен қат – қабаттасып жатады. Жалпы түркілік замандағы фонематикалық тұрақсыз белгілер түркі тілдерінің ареалдық топтарын зерттегенде де байқала түседі.

Әр түрлі ареалдарды саралаушы белгілер, соның ішінде оның фонетикалық белгілері (мысалы, д – з – й – р, з – р, ш – л алмасулары) түркі тілдерінде ең бастапқы құбылыс емес.

[46] *Э.В. Севортян.* Указ. статья. ВЯ, 1971. № 6, стр. 77.

Осы ареалдық белгілер болмай тұрған кездің өзінде көне түркі диалектілерінде тараған көптеген сөз негіздері әуелде басқа формаларға ие болған, ал қазіргі формалар ареалдық фонетикалық нормалармен адаптацияланып дамыған. Автордың пікірінше түркі тілдерінің осындай қилы-қилы жолмендамуы этимологиялық зерттеулерде ескерілуі керек.

Э. В. Севортянның мақаласындағы жете зерттелген мәселенің бірі – етістік-есім түбірлері. Автор түркі тілдері жалғамалы болмай тұрған кезеңде етістік-есім түбірлерінің омоформалары басым болған, бұған **көш** (етістік) – **көш** (зат есім), **той** (етістік) – **той** (зат есім) т. б. сөздер жатады деп көрсетеді. Түркі тілдерінде мұндай 70 тен астам сөз бар. Бірақ жалпы түркілік жән түркі аралық сөздердің этимологиясын жете ашса мұндай сөздердің саны өте көбеймек, ендеше этимологиялық зерттеулерде осы құбылыс кеңінен пайдаланылу керек деп түйеді автор.

Э.В. Севортян мақаласында түркі-монғол тілдерінің арақатынасы жөніндегі мәселеге тоқталып, бұл тілдерді туыс екенін дәлелді түрде баяндайды. Сонымен бірге автор тунгус – маньчжур тілдеріндегі сөздер негізінің 10%-іне дейін түркі сөздерімен сәйкес келетіні айтады.

Түркі тілдеріндегі жеке сөздердің этимологиясын арналған жоғарыда аталған түрколог ғалымдардың еңбектеріне біз мұнда тоқталмаймыз, өйткені ол пікірлер осы сөздіктің ішінде орын алды.

Қазақ тілі бойынша этимологиялық зерттеулер

Қазақ тілі бойынша жеке сөздердің этимологиясы туралы мақалаларды былай қойғанда, этимологияның принциптері, зерттелу тәсілдері т. б. мәселелер жөнінде арнайы мақалалар, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» жарық көрді[47].

Жоғарыда аталған мақалалардың ішінде А. Ысқақов пен Н. Қарашеваның мақалалары этимологияның жалпы мәселелері мен қазақ тілінің этимология сөздігін жасауға арналған.

А. Ысқақов бірінші мақаласында көптеген сөздердің этимологиясын алтай тіл туыстығы тұрғысынан талдай келіп, былай деп қорытындылайды:

«Сөздің этимологиясын зерттегенде, әрине әрісі бүтіндей төркіндес тілдердің, берісі зерттеліп отырған бір тілдің жүйесіне лайық, ішкі даму заңдарына сәйкес бірте-бірте қалыптасқан жалпы және жалқы заңдылықтар ерекше қадағалануы керек. Ал нақтылы сөздің этимологиясын айқындауға келсек, біріншіден, сөздің дыбыстық өзгерістеріне тән заңдар, екіншіден, сөздің морфологиялық жүйесіне орай заңдар, үшіншіден, сөздің семантикалық жағынан даму заңдарын зерттеушінің үнемі ескеріп отыратын жәйттері болуға тиіс» [48].

---

[47] *Ғ. Мұсабаев.* Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы жайында. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1959, № 2; *Ә. Құрышжанов.* «Сөз саптау» дегеніміз не? Сонда; *С. Омарбеков.* «Жайлау» сөзінің этимологиясы, сонда, № 3; Кейбір кіріккен сөздердің этимологиясы, сонда, № 4 *А. Ысқақов.* Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау мәселелері, сонда, № 5; 12; *Ш. Сарыбаев.* Кейбір сөздердің этимологиясы, сонда, № 6; *Ә. Қайдаров.* Кейбір қос сөздердің этимологиясы, сонда, № 10; *Н.Б. Карашева.* К вопросу о состовлени этимологического словаря казахского языка; Исследования по истории казахского языка, А-Ата, 1965; Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966 т. б. (Басқа авторлардың мақалаларын осы сөздіктің 4-5 беттерінен қараңыз).

[48] *А. Ысқақов.* Көрсет. Мақаласы, сонда. №5, 1959, 92 бет.

Автор екінші мақаласында сөздердің мағынасын ашу арқылы да бір сыпыра этимондардың сыры ашылатынын көптеген конкретті мысалдармен дәлелдей келіп, төмендегідей басты-басты қорытындылар жасайды:

1. Этимологиялық сөздік пен зерттеулер халық тарихын зерттеу істерімен тығыз байланысты болуы керек. Бұл қағида кірме сөздерге де қатысты.

2. Сөз тарихы сол халықтың ойлау қабілетінің тарихымен де байланысты. Этимология сөздің сыртқы (дыбыстық) түріне ғана емес, мағыналық жағына да ерекше назар аударады. Ендеше, сөздің мағынасын зерттеу жұмысы адам баласының ойлау қабілетінің тарихын бағдарлауға да нақтылы бай материал береді.

3. Этимологиялық зерттеулерде тарихи – салыстырма әдісті пайдалану және тілдің жүйелілігін ескеру қажет. Мұндай зерттеу «қазіргі заманнан көне заманға қарай бойлап, тереңге сүңги алумен бірге, көне заманнан қазіргі заманға қарай сүзе, үңги алу қажет».

4. Бір тілдегі немесе түпкі шыққан төркіні бір түбірлес тілдердегі сөздердің араларындағы байланыс-қатынастарды табу үшін, анықтау үшін табан тірерлік белгілі бір жүйелі жол я белгілер бетке ұсталуы керек. Этимологиялық зерттеулердегі фонетикалық, морфологиялық және семантикалық белгілер бірде бір-бірімен тоқайласа, бірде бір-бірінен ажыраса отыруымен бірге сайып келгенде, олар бір-біріне сүйене, бірін-бірі таяныш ете отырып, бір арнаға құюға тиіс.

5. Сөздің түрі (формасы) өзгеретіні сияқты, мағынасы да әр алуан өзгерістерге ұшырайтыны анық. Этимологиялық зерттеуде мұны да байыпты ескеру керек.

Қазақ тіл білімінің көрнекті маманы А. Ысқақовтың бұл пікірлері этимология зерттеушілерге көп ой салады, алайда оның мақалаларында фонетикалық, сөз тудыру принциптерінің конкретті мысалдармен талданбауы өкінішті-ақ.

Н. Қарашеваның мақаласында жоғарыда көрсетілген және басқа авторлардың мақалалары талданады. Сонымен бірге автор қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіне қандай сөздер енуі керектігі жөнінде өз пікірі ортаға салады.

Жоғарыда көрсетілгендей академик І. Кеңесбаевтың және Ә. Қайдаровтың, Ж. Болатовтың, Ә. Құрышжановтың, Ш. Сарыбаевтың, Н. Қарашеваның, Л. Махмұтовтың, С. Исаевтың, Б. Сүлейменованың, Б. Бафинның авторлығымен 1966 жылы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» жарық көрді, көлемі 12 баспа табақ.

Сөздікте 337 сөздің этимологиясы талданған. Бұлардың басым көпшілігі – қазақ сөздері. Сонымен бірге мұнда иран, араб, монғол, орыс т. б. тілдерден енген сөздер де бар.

Кітаптың алғы сөзінде пайдаланылған әдебиет жайында, сөздіктің сипаты мен мақсаты, құрылысы, сөздік мақалаларының мазмұны мен жазылу тәртібі туралы мәліметтер берілген (авторы Р. Сыздықова).

Авторлар еңбекте сөздің тілдік төркінін, яғни қай тілге жататынын, сөздің ең бастапқы құрамы мен о бастағы семантикасын, қазақ тілінің өзіне тән сөздерінің құрамын анықтауды мақсат етіп қойған. Міне осы қойылған міндет, біздіңше, негізінен орындалған. Сөздікте дұрыс ғылыми зерттеу нәтижесінде көптеген сөздерді этимологиясы қызықты баяндалған. Бірер ғана мысал келтірейік.

Түркі тілдеріндегі **іш+тон** сөздерінен жасалған **штан** сөзі орыс тіліне енген.

Ол бастағы **чуен, шөвген, шойын** формасындағы түркі сөзі орыс тіліне **чугун** түрінде еніп, кейін орыс тіліне қазақ тіліне **шөген** (ыдыс) түрінде қайтып оралған! Орыстың **чулок** (чулки) сөзі түркі тілдеріндегі **йулық, шұлық** сөздерінен алынған. **Тұқым** сөзінің түбірі **тұқ-тұғ** (қазақша **ту**) етістігі де, осыған -ым жұрнағы қосылу **арқылы** жаңа сөз жасалған. «Кежегесі кейін тарту» деген тіркестегі кежеге бізге түсініксіз. Бұл ұйғыр

тілінде «желке, мойын» деген сөз екен. **Артель** сөзі татардың **ортақ ел** деген сөздерінен қалыптасқан. **Бауыздау** етістігінің түбірі **боғуз** – кейбір түркі тілдерінде **тамақ, алқым** деген сөз. Сонда **бауыздау** дегеніміз «тамақтау, тамақтан орып жіберу». Бір кездегі тайпалық дәуірдегі сөздердің көрінісі қазақ тіліндегі қос сөздерде сақталған. Мәселен, **тоқты-торым** дегендегі **торым** көне түркі **тілінде** түйенің ботасы, **түйе-теге** дегендегі **теге** де **түйе деген сөз, қыз-қырқын** қос сөзінің **қырқын** деген компонентінің түбірі **қыр** чуваш тілінде **қыз** деген сөз, ал **-қын** деген жұрнақ. Түркі тілдеріндегі **р – з** дыбыстарының алмасатынын ескерсек, бұл этимология көңілге әбден қонымды. Міне осындай жақсы талдауларды сөздіктен көптеп табасыз.

Жоғарыда көрсетілгендей қазақ тіл білімінде этимологияның теориялық және практикалық мәселелеріне көңіл бөліне бастауы бізді қуантады және бұл игілікті іс келешекте де тоқтап қалмай, пәрменді дамытылар деген сенімдеміз.

Топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеу мәселесі

Белгілі аймақтағы топонимдер (жер-су аттары) белгілі бір халықтың, немесе бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалады. Ендеше жоғарыда айтылған сөз этимологиясын зерттеу жөніндегі теориялық пікірлер мен ұсыныстардың топо-нимдердің этимологиясын зерттеуге де қатысы бар. Алайда тононимдердің этимологиясын реттеудің жалпы есімдермен ортақ жақтары да және өзіндік жақтары да бар. Міне осы мәселелер жайындағы пікірлерге қысқаша шолу жасап, өз тұжырымымызда да ортаға салайық.

Субстратты топонимдердің этимологиясы туралы алғашқы теориялық мақала жазған проф. А.П. Дульзон[49].

---

[49] *А.П. Дульзон.* Вопросы этимологического анализа русских топонимов субстратного происхождения. ВЯ, 1959, №4.

Ол топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеудің жалпы принципі туралы былай дейді: «... топоним всегда составляет только особый разряд слов языка, и поэт их анализ должен подчиняться обычным правилам этимологических исследований»[50].

Бұдан әрі автор мына жағдайды ескертеді: «Эти логический анализ топонима можно считать успешным только в том случае, если разъяснены все морфологические части слова и установлено их значение»[51].

А. П. Дульзон Сібір топонимдерінің этимологиясын зерттеуде топонимдердің бір тілден екінші, кейде үшінші тілге берілуін, яғни адаптациялық өзгерісін мұқият ескерген. Бұл аймақтағы атаулар төркінін осылай зерттемесе болмайды, өйткені белгілі тілде жасалған топоним бір, немесе екі тілде өзгеріске түскен. Мәселен, кет тілінің топонимдерін әуелі түркі тілдері, одан кейін орыс тілі өз заңына бағындырып өзгерткен. Сондықтан автор топоним этимологиясын тілдер тұрғысынан қараған, яғни алғашқы атау екінші тілдерде қандай фонетикалық морфологиялық өзгерістерге ұшыраганын ашқан. Осыған қарап ол топоним этимологиясындағы субстрат, суперстат, субсубстрат құбылыстарын ашқан. Осымен бірге автор топонимнің (объектінің) мазмұны сөз мағынасы сай келуін де, топонимдердегі жергілікті ерекшеліктердің де ролін ескерген.

Бұдан кейін топонимикалық атауларды және оның этимологиясын зерттеудің методтары туралы мақала жазған автор – белгілі совет тіл маманы Б. А. Серебреников[52].

Автор бұл теориялық мақаласында топонимикалық атаулардың зерттелу методтары үш түрлі жағдаймен – 1) тілдің бір бөлімі болып табылатын топонимиканың ерекшеліктерімен, 2) топонимикалық атаулардың тарихи даму ерекшеліктерімен,

---

[50] Там же, стр. 37.

[51] Там же, стр. 45.

[52] *Б.А. Серебренников*. О методах изучения топонимических названий. ВЯ, 1959, № 6.

3) зерттелетін материалдың күйімен (топонимиканы жасаушы тілдің белгілі немесе белгісіздігі) – анықталады деп көрсетеді[53].

Б.А. Серебренников бұл мақаласында А.П. Дульзонның топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеудің жалпы принциптері туралы жоғарыда айтылған пікірін сынға алады: Ол былай дейді:

«Основная ошибка многих исследователей в области топонимики как раз и состоит в том, что, подчиняя анализ топонимов обычным правилам этимологических исследований они начинают этимологизировать, как говорится вкривь и вкось. Хорошим этимологом в этой области может быть только исследователь, хорошо изучивший структурную типологию образования топонимов и гидронимов в различных языках, четко представляющий, какие слова языка могут фигурировать чаще всего как составные части этих названий»[54], «Наиболее удачной следует считать этимологию, подтверждаемую сразу целым комплексом различных данных»[55].

Бұл арада екі автордың айтысы төңірегінде біз өз пікірімізді білдіре кетуді жөн көрдік.

А. П. Дульзонның топонимдер тілдегі сөздердің ерекше тобы деген пікірі дұрыс. Алайда топонимдердің жасалуындағы және қолданылуындағы, жер-су аттарында алғашқы форма-ларының сақталуындағы т. б. ерекшеліктер этимологиялық жағынан зерттеуде оларды жалпы есімдерден, сөздерден бөліп қарауды талап етеді. Сол себептен топонимдер тілдің кесек бір бөлшегі бола тұрса да өзіне тән жолмен жасалады және дамиды. Сондықтан Б.А. Серебренниковтың топонимдер тілдің ерекше бөлегі деген пікірі дұрыс. Ол топонимдердің өзіне тән ерекшеліктері деп мыналарды көрсетеді: а) сөз тіркесі елді пункт, жер, өзен т. б. атауы

[53] Сонда, 36 беті.

[54] Там же, стр. 45.

[55] Там же, стр. 46.

болып қойылысымен жалқы есімге айналады; б) енді бұл атау тілдік басқа материалдан өзін оқшау ұстайды, онда тұрақтылық қасиет пайда болады, в) топонимдерде сол тілде жоқ модельдер мен сөздер жасалады, бұларды тополексема деп атауға болады. г) топонимдерде формульдік болады, бірақ бұл тілдегі сөз жасау формульдігімен сәйкес болмайды... Мұнда топонимдік типтердің тұтқа сөздері, немесе индикаторлар үлкен роль атқарады, д) топонимикалық атаулар даму сатысында басқа тілдердің әсерінен сан қилы фонетикалық, морфологиялық, диалектілік т.б. өзгерістерге түседі.

Осы жағдайларды, яғни топонимдердің жасалу және қалыптасу ерекшеліктерін этимологиялық зерттеулерде, біздіңше, мұқият ескеру керек.

Алайда тілдегі жалпы сөздермен топонимдердің этимологиясын зерттеудегі ортақ жақтары қайсы, сол сияқты өздеріне ғана тән құбылыстары қайсы деген мәселе бүгінгі таңда толық шешіліп болды деп айта алмаймыз. Бұл актуальді проблеманы ғылыми – теориялық жағынан конкретті көрнекі материалдар негізінде шешу совет топонимика ғылымының алдында тұрған күрделі міндет демекпіз.

Б.А. Серебренниковтың жоғарыда айтылған мақаласында топонимдерді зерттеудің басқа да жолдары айтылған. Егер тіл белгілі болса, топонимдер мен гидронимдерді зерттеу үлкен пайда келтіреді, мұнда фонетикалық және грамматикалық адаптацияларды толық ашуға, басқа тіл әсерінен болған өзгерістерді табуға болады. Ал топонимдерді жасаған тіл белгісіз болса, он атаулардың бірыңғай қосымшаларын жинап, белгісіз тілді сол арқылы анықтау керек деп көрсетеді автор.

Топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеу жөнінде А.К. Матвеев бірнеше мақала жазды және бұл мәселе оның докторлық диссертациясында айтылды. Оның мына пікіріне көңіл аударалық: «В-третьих, неоходимо иметь в виду, что процветающий до сих пор в топономастике этимологический метод

при изучении субстрата часто ведет к заблуждениям. Здесь прежде всего должно учитывать, что при этимологии лексического материала значение лексических единиц известно, а при этимологии топонимики оно неизвестно. Задачи этимологических исследований при изучении лексики и топономики различны: в одном случае надо установить проихождение слова, в другом его значение»[56].

Автордың бұл пікірі өзі зерттеп отырған объектісі үшін дұрыс, өйткені ол СССР-дің Европалық бөлегіндегі финн-угор топонимдерін тексеру үстінде осындай қорытындыға келді. Ал, бұл топонимдер орыс тілінде фонетикалық және грамматикалық өзгеріске түскен, сондықтан автор алдымен осы өзгерістерді анықтағасын ғана түп нұсқа тілдің топонимдегі мағынасын ажыратады. Бірақ А.К. Матвеевтің бұл қағидасы барлық тілдердің топонимдері мен сөздерінің этимологиясын зерттеуге қолдануға тура келмейді. Өйткені, тілдегі сөз этимологиясын зерттегенде, оның мағынасы белгілі болып тұрады деген автордың пікірі дау туғызады. Ал топонимдер этимологиясын зерттегенде олардың мағынасын ғана ашып қоймай, сөздің шығу тегін де көрсетуге болатын фактілер кездеседі.

А.К. Матвеев екінші бір мақаласында өзінің жоғарыдағы ағат пікірін былай деп жөндеуге тырысады:

«Уточняя наше прежнее положение о различии задач этимологических разысканий в области лексики и топонимики, заметим, что, целью этимологических исследований в области субстратной топонимики является расскрытие внутренней формы названий, т. е. значения апеллятивов, лежащих в основе топонимов, так как лексического значения как такового топонимы не имеют»[57].

---

[56] *А.К. Матвеев.* Субстратная топонимика Русского Севера. ВЯ, 1964, № 2, стр. 65.

[57] *А.К. Матвеев.* Некоторые вопросы лингвистического анализа субстратной топономики. ВЯ, 1965, стр. 10.

Бұл арада автор бұрынғы райынан қайтып, атаудың түбірін, немесе компоненті болып тұрған апеллятив (А. П. Дульзонша – «термин», Б.А. Серебренниковте – «индикатор») мағынасы зерттелуі керек дейді.

А.К. Матвеев топонимдердің этимологиясы көбіне көп шартты, сондықтан оны дәл және шартты деп екіге бөлуге болады дейді. Топоним этимологиясы дәл болуы үшін реалийдің, яғни апеллятив мағынасы мен атау мазмұнының сәйкес келуі үлкен роль атқарады, сондықтан топоним түбірін реалиймен салғастыру керек деген пікірде автор.

А. К. Матвеевтің үшінші бір мақаласында осы пікірлер қайталанады [58].

1965 жылы Ленинградта өткен Бүкіл одақтық топонимикалық конференцияда гидронимдердің этимологиясын зерттеудің методикасы туралы Б. Савукинас баяндама жасады[59].

Автор баяндамасында қазіргі этимология сөздің даму барысында структуралық өзгерісті (фонологиялық және морфологиялық) аша отырып, семантикалық құрылуында қандай мағынаға ие болғанын да айқындауы керек деді. Сондықтан қазір сөз түбірінің этимологиясына емес, лексеманың этимологиясына баса көңіл бөлу керек екенін көрсетті.

Баяндамашы топонимдердің (және гидронимдер; этимологиясын ашудың өзіне тән методикасы топоним мен апеллятивтің айырмасынан туады деп қарайды.

Субстратты топонимдердің этимологиясын зерттеуде А.К. Матвеевтің «СССР-дің европалық бөлегіндегі солтүстік территориядағы шығу төркіні финн-угордікі болып табылатын орыс топонимикасы» атты 1970 ж қорғалған докторлық

---

[58] *А.К: Матвеев.* Методы изучения топономики субстратного происхождения. Тезисы докладов Всесоюзной конференции по топономике СССР. Л., 1965, стр. 37-40.

[59] *Б. Савукинас.* К методике этимологизирования гидронимов. Тезисы докладов Всесоюзной конференции по топономике СССР. Л., 1965, стр. 57-63.

диссертациясының[60] орны ерекше. Мұнда автор бұл саладағы совет топонимикасының қолы жеткен табыстарын қорытындылай отырып, этимологиялық зерттеулердің методикасы туралы пікір айтып қана қоймай, оны қолданудың жолдарын да көрсетті.

Субстратты топонимдерді зерттеудің методы туралы автор былай дейді: «... в настоящее время субстратные топонимы являются фактами русского языка и подчиняются его фонетическим и морфологическим законам, а лингвистическое изучение субстратной топонимики всегда представляет собой комплексное исследование, основанное, во-первых, на формальных методах изучения материала, во-вторых, на сравнительно историческом методе и других атрибутах этимологической науки, а, в третьих, на учете специфики самого топонимического материала. Эти три стороны неразрывно связаны, однако вследствие трудностей применения сравнительно-исторического метода к десемантизированным единицам особое значение имеют специфические приемы изучення топономики, дополняющие этимологические разыскания (сопоставление с реалиями, выявление топонимических калек, учет типов бытования географических терминов и т. д.)»[61].

Субстратты топонимдердегі фонетикалық және морфологиялық адаптацияны, яғни атаудың екінші тілде өзгеріске түсуін ашу әдісіне автор еңбегінің II бөлімін түгел арнаған. Ал жұмыстың III бөлімі дифференциялаушы (саралап айқындаушы) форманттардың этимологиялық түсіндірмелеріне арналған. Мұнда автор детерминатив форманттар негізінде зерттеп отырған аймақ топонимдердің қай тілдерге жататынын анықтайды.

---

[60] *А. К. Матвеев.* Русская топонимика финно-угорского происхождения на территории Севера Европейской части СССР. Автореферат, Свердловск, 1970.

[61] Там же, стр. 12.

Еңбектің IV бөлімі дифференциялаушы сөз негізінің (түбірінің) этимологиялық түсіндірмесіне арналған. Мұнда автор сөз негізі мен түбірін анықтау арқылы топонимдердің этимологиясын ашады. Осы методтарды қолдана отырып, автор Солтүстік топонимдерінде финн тобындағы тілдердің көрсеткіші басым және балтық бойындағы финдер оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай көше орналасқан деген қорытындыға келеді.

Сөйтіп, автор субстратты топонимдердегі фонетикалық және морфологиялық адаптация, формант, сөз негізі құбылыстарын зерттеу топонимдер этимологиясын зерттеуде үлкен роль атқаратынын дәлелдеді.

Отандық топонимикадағы этимологиялық методтың тарихы туралы Ю.А. Карпенко арнайы мақала жазды[62].

Мақалада айтылған кейбір пікірлерге ғана қысқаша тоқтай кетейік. Тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдіс пайда болғанша географиялық атаулардың этимологиясы ғылыми дәрежеге жеткен жоқ. Ал бұл әдіс пайда болғаннан кейін де XIX мен XX ғасырдың басында дамыған этимологиялық зерттеулердің де кемістігі болды, мұнда топонимдердің таралуы, топономикалық контекст, топоним аралық байланыстар, соның нәтижесінде топонимдердегі сөз жасау құбылыстары жеткілікті зерттелмеді.

Октябрь революциясынан кейін де осы тенденция (А.И. Соболевский т. б.) дами түсті. Бұл бағыттың ең өркендеген өкілі А.М. Селищевтің зерттеулері еді.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары фонетикалық және жалпы тілдік заңдылықтарды ескеру, комплексті, жүйелі зерттеуді жүзеге асыру нәтижесінде топонимдер этимологиясын зерттеудің жаңа, үшінші кезеңі пайда болды. Топоним қабаттарын зерттеуде сөз түбірінен гөрі қосымшаларын

---

[62] *Ю.А. Карпенко.* История этимологического метода в отечественой топономике. Сб. «Развитие методов топонимических исследований». М., 1970, стр. 9-19.

анықтауға көбірек көңіл бөлуге ойысты. Топонимнің түбірін анықтау оның атауға қай кезеңде айналғанын ашып бере алмайды, ал сөз құрылымын зерттеу атаудың шығу тарихын дұрыс түсіндіріп береді. Совет топонимистерінің еңбектерінде топонимдер этимологиясын ашу методикасы, критерий сөз етіліп отыр. Осы критерийлердің ішінде топонимикалық контекст, топоним аралық байланыстар үлкен роль атқаратынын Ю.А. Карпенко конкретті мысалдармен дәлелдейді.

Топонимдердің этимологиясын зерттеу жөніндегі совет топонимистерінің пікірлері қысқарта айтқанда осылар. Бұл мәселелер төңірегінде біз алғашқы пікірлерімізді 1959 жылы шыққан «Қазақстанның жер-су аттары» атты еңбегіміздің III тарауында айтқанбыз. Ал совет топонимикасының кейбір теориялық мәселелері мен оның алдында тұрған негізгі міндет – топонимдердің этимологиясын зерттеу екенін 1962 жылы Москвада өткен «Топонимика принциптері» деген Бүкіл одақ мәжілісте айтқан болатынбыз. Бұл мәжілістің материалдары 1964 жылы жеке жинақ түрінде жарық көрді[63].

Бұдан кейін «Этимологиялық зерттеулер – топонимикадағы негізгі міндет» деген мақаламыз 1965 жылы Киевте басылып шықты[64]. Бірсыпыра топоним мен этнотопонимдердің этимологиясы және оны зерттеу міндеті туралы бірнеше рет Бүкілодақтық топонимикалық конференцияларда баяндамалар жасадық, олар да жарық көрді[65].

---

[63] «Принципы топонимики». М., 1964, стр. 128-131.

[64] *А.А. Абдрахманов.* Этимологические исследования – основная задача в топонимике. Сб. «Територіальні діалекти і власні назви». Київ, 1965, стр. 157-159.

[65] *А.А. Абдрахманов.* Вопросы топонимики Казахстана. Совещание по топонимике Востока (Тезисы докладов). М., стр. 36-37; его же: Этимологические изыскания – основная задача в топонимике. Друга республиканська ономастична нарада. Київ, 1962, стр. 69-71; *Его же*: Вопросы топонимики Казахстана Сб. «Топонимика Востока». М., 1962, стр. 46-53; *Его же:* Отражение этнонимов в топонимике Казахстана. Всесоюзная конференция по топонимике СССР. Тезисы докладов. Л., 1965, стр. 187-189;

Біз бұл арада олардың бәрін қайталамай-ақ топонимдердің қалыптасуы мен оның этимологиясын қатыру әдістері жөніндегі зерттеу үстінде туған кейбір ойларымызды баяндауды жөн көрдік.

Топонимика мәселелерімен көп уақыттан бері түрлі ғылым өкілдері шұғылданып келеді, сондықтан да оның барлық ғылымдар үшін бірыңғай және универсалды методы болған жоқ. Топонимдерді географтар, тарихшылар, тіл мамандары т. б. өз қажетіне қарай зерттеді, өз мақсатына пайдаланды.

Алайда топонимдер тіл құбылысы болғандықтан, ең алдымен тіл ғылымының пәндері арқылы зерттелуі керек. Бірақ тіл маманы топонимдерді жеткілікті ғылыми дәрежеде зерттеуге көңіл қойса, онда топонимдердің мағынасын құрылымын, этимологиясын және басқа жақтарын зерттеу үшін география, тарих, археология, этнография кей реттерде биология, геология ғылымдарының да деректерін пайдалануға міндетті. Егерде география және тарих мамандары топонимика мәселелерімен шұғылданса, онда олар топоним жасалудағы және екінші бір тілде өзгеріске түсуіндегі фонетикалық, грамматикалық заңдылылықтарды білулері қажет, өйткені онсыз топонимдердің көне формасы мен этимологиясын және өзге тілдерден қалған, болмаса енген топонимдердің адаптацияланған, немесе бұрмаланған тұлғаларын ашу мүмкін емес. Егер бұл айтылғандар еске алынбаса, топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеу не «лингвистикалық», немесе тек «географиялық», немесе «тарихтық» қана болып қалады. Олай болса, топонимика соңғы 15-20 жылда география, тарих және лингвистика ғылымдарының түйісуінен жеке ғылым ретінде қалыптаса бастағанын ескерсек, жер-су аттарының этимологиясын ғылыми терең зерттеу үшін топонимист болу керек. Бұл мәселенің жалпы жағы.

Его же: Историческая близость тюркских народностей Сибири и казахов на основе этнонимики и топонимики. Материалы межвузовской конференции. Томск, 1969, стр. 11-14 (Бұл тізімге қазақ тілінде шыккан журналдық мақалаларымыз кірген жоқ).

Тіл ғылымы тұрғысынан топонимдердің этимологиясын зерттеу үшін алдымен белгілі территориядағы топонимдерді синхрондық бағытта лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу қажет. Мұндай зерттеулер жер-су аттарының қойылуында, мағынасында және грамматикалық амалдары жағынан қандай заңдылықтары бар екенін жете түсінуге және этимологиялық зерттеулерге жол ашады.

Өзінің құрамы жағынан топонимдер біздіңше екі үлкен бөлімнен тұрады: 1) ана тілінің негізінде жасалған топонимдер, 2) басқа тілдер негізінде жасалған топонимдер. Бұл категориялар әр тілде әр түрлі жолдармен дамуы мүмкін. Біз бұл арада Қазақстан топонимдерінің құрамы жөнінде ғана айтпақпыз.

Ана тілінің негізінде жасалған топонимдер деп шартты түрде атап отырған жер-су аттарын біз а) алтай дәуіріндегі, в) көне қазақ тіліндегі және, г) жаңа қазақ тіліндегі атаулар деген топтарға бөлеміз. Мұның ішінде алтай дәуіріндегі атаулар түркі-монғол тіл бірлестігі заманын қамтиды. Ал, топқа жататын кейбір атаулардың құпиясы ностратикалық тілдер[66] тұрғысынан ашылады.

Осыған байланысты осы күнге дейін Қазақстан су аттарына монғол тілінен енген атаулар деген топты біз енді екіге бөліп қараймыз: а) түркі-монғол тіл бірлестігі заманындағы жасалған атаулар, б) XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығынан кейінгі енген атаулар. Жоғарыда айтылған басқа тілдер негізінде жасалған деген атаулар (топонимдер) тобын, біздіңше, екіге бөлуге болады: а) сол халықтың Қазақстан территориясында тікелей болуы нәтижесінде жасалған атаулар; б) түрлі тарихи және мәдени қарым қатыстың нәтижесінде енген кірме атаулар.

Алтай дәуіріндегі атаулар:

Алтай, Алтынемел, Аңырақай, Арғанаты, Арқат, Бақанас, Басқан, Борқат, Ереймен, Ертіс, Жем, Жоңғар (Алатауы),

[66] *В. М. Иллич-Свитыч.* Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971, стр. 1. и сл.

Зеренді, Қатонқарағай, Келес, Көкдаба, Қалба, Қапшағай, Қарагем, Қорғалжын, Қордай, Мұқыр, Нұра, Сайрам, Сарқан, Сөгеті, Сілеті, Талас, Тараты, Шабарты, Шар, Шүй т. б.

Көне түркі дәуіріндегі атаулар:

Алматы, Атасағұн, Аякөз, Бадаларт, Байраққұм, Баласағұн, Барсыған (Барсаған), Ебейті, Елек, Есіл, Жайық, Жамбыл, Қағыл, Қазақстан («Қазақ» этнонимі), Қазықұрт, Қарталы, Қиыл, Қыпшақ (этнотопоним), Лепсі, Маңқыстау, Машат, Мұзтағ, Ойыл, Ор, Орал, Отырар, Сығынақ, Сырдария (түркі-иран), Таңсық, Тартұқ, Тарты, Текес, Топар, Торғай, Ұржар, Шайқұрық, Ызбан, Ырғыз, Іле, Чарын, Шәуілдір, Шу т. б.

Көне қазақ тіліндегі атаулар:

Бөген, Бұқтырма, Есекартқан, Қапал, Қарқа Құйған, Мұзарт, Түгіскен т. б.

Жаңа қазақ тіліндегі атаулар:

Бұған Алатау, Қаратау, Ақсу, Көксу, Сарысу Тоқайқазған, Шалсүрінген, Миялы, Шортанды, Жарсуат, Еңбекшілдер т. б. сияқты мағынасы да, жасалу жолы да түсінікті мыңдаған атаулар жатады.

Басқа тілден енген атаулар:

Иран тілдерінен: Айдарлы, Ангрен, Бадам, Бетпақдала (иран-түркі), Қобда, Ленгер, Талғар, Фараб (тарихи қала), Шалдуар, Шымкент, Шолақдара (қазақ-иран), Шардара т. б.; **араб тілінен:** Ғазалкент (араб-иран), Қазалы Суяб (түркі-араб) т. б.; **монғол тілдерінен**: Байынқол, Баянауыл, Баянжүрек, Борабұрғысын, Борғустай, Дағанды, Дегерес, Дендер, Доланқара, Дүрбінбұлақ, Жүнжүрек, Зайсан, Кеген, Кершілу, Қайшы, Қалғұты, Қандағатай, Қызылырай (қазақ-монғол), Мақаншы, Нарын, Нарынқол, Ноқайзалың, Сүмбе, Тарбағатай, Толағай, Ұландырық, Ұласты, Үйдене, Үкек, Үріл, Хамур,

Шаған, Шағандаба, Шарлақ, Шыңғыстай, Тошанты т. б. **Угор тілдерінен**: Мұғажар, Өлкейек (түркі-угор), Сургут т. б.;**Орыс тілінен**: Кереку, Үйшік (Гурьев) т. б.

Бұл атаулардың этимологиясы сөздікте берілгендіктен, біз ол жағына тоқталмадық. Өйткені бұлай ету, біріншіден, қайталау болар еді, екіншіден, көп орын алатын болды.

Біз жоғарыда осы күнге дейін монғол тілінен енді деген атауларды екіге бөліп қараймыз дедік. Оның бір тобы түркі-монғол тіл ортақтығы заманында жасалған деген пікірді дәлелдеу үшін бірнеше атауға этимологиялық талдау жасалық.

Алматы облысы мен Жамбыл облысының шекарасында орналасқан Аңырақай жотасының, осыдан қойылған темір жол станциясының атын белгілі топонимист Ғ. Қоңқашпаев монғолдың «ангархай» (тау ішіндегі «сай, шатқал») деген сөзі деп қарайды[67].

Біз сөз этимологиясын басқаша қараймыз. Монғол тілінде ангорхай – «ашық» деген сөз[68], ал бурят тілінде «ангархай – «открытый, растворенный, разинутый», онгорхой – 1, «щель, пробел, просвет, дыра; 2. открытый, зияющий, распахнутый»[69].

Біздіңше, осы сөздіктерде көрсетілген мағыналар ішінде бұған «ашық» мағынасы келетін сияқты. Өйткені, бұл, біріншіден, таудың (жотаның аты), сондықтан тауды «сай, шатқал» деп атамаса керек. Екіншіден, бұл жотаның ар жағы да, бер жағы да ашық жазық болып келгендігін біз сол жерге экспедицияға барғанда байқадық.

Ал сөздің этимологиясы түркі-монғол тіліне ортақ түбірден шығуы ықтимал. Мәселен, зерттеуші Б. Орузбаева қырғыз

---

[67] *Г. Конкашпаев.* Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане. Сб. «Вопросы географии Казахстана». 1962, вып. 9, стр. 242.

[68] *С. Хабшай, Ә. Міниc.* Монғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954, 130 беті.

[69] *К.М. Черемисов.* Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, стр. 56, 370.

тілінде **аңырақай** (открытый) сөзінің түбірі қырғызша **аң** (яма), осыдан **аңырай, аңқай** (разинуть рот) сөздері жасалған, якут, маньчжур тілдеріндегі **аңа** (открытый, отворенный) сөзі де осы сөзбен бір бірден деп қарайды[70]. К.К Юдахин сөздігінде **аң** сөзінің бірінші мағынасы «яма, промоина, обрыв (длиный)» деп беріледі де, «аңырақай» сөзі «что-либо имеющее вид большой расщелины, большое пустое пространство (напр. очень широкое ущелье)» деп түсіндіріледі[71].

Сөйтіп, сөздің түбірі конкретті мәнінде қырғыз тілі табылса, одан жасалған **аңырай** сөзі қазақ тілінде бар. «Есік аңырайып жатыр» дегенде «ашық жатыр» дегенді білдіреді. Сөздің этимологиясын былай көрсетуге болады: **аң** (түбір)+**ыр** (зат есімнен еті туғызатын жұрнақ)+**а** (көсемше жұрнағы)+**қай** (етістіктен зат есім жасайтын көне жұрнақ).

Сөздің түбірі түркі-монғол тілдерінде **ан/он/онг** екендігіне жоғарыда келтірілген мысалдардан басқа көне түркі тіліндегі **аңут** (воронка для разливания вина) сөзі[72], бурят-монғол тілдеріндегі **онгогор** (1) раскрытый зияющий, 2) разинутый – о рте), **онгойхо** (1) раскрываться, открываться, отворяться; 2) ротозейничать) сөздері дәлел бола алады[73].

В. М. Иллич-Свитычтың зерттеулеріне қарағанда урал тілдерінде «аңа» рот, отверстие; разевать, открывать»; дравид тілдерінде апк /**а**/ – «разевать рот» алтай (түркі-монғол) тілдерінде **аңа** – «разевать, открытый»[74]. Бұл факті сөз түбірінің түркі-монғол тілдеріне ортақ екенін көрсетіп қана қоймай, оның тегі әріде, ностратикалық тілдерде жатқанын байқатады.

---

[70] *Б.О. Орузбаева.* Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964, стр. 138.

[71] *К.К. Юдахин.* Киргизско-русский словарь. М., стр. 58, 60.

[72] *М. Қашқари.* Девону луғатит турк. Индекс, Тошкент, 1967, 21 беті.

[73] К.М. Черемисовтың жоғ. көрсетілген сөздігі, 369 беті.

[74] *В.М. Иллич-Свитыч.* Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971, стр. 244-245.

Ал енді сөз аяғындағы **-қай** (кей, ақай//екей) қосымшасы бір кезде түркі-монғол тілдеріне ортақ болған да, түркі тілдерінде бұл өлі жұрнаққа айналған. Мәселен, бұл жұрнақтан түркі тілдерінде сол + ақай, оң+қай, күн+гей теріс+кей, деңгей, төс+кей, сіл+е+кей, йме+кей, құба+қай, құда + ғай (әдеби тілде құда+ғи) т б сөздер жасалған. Бұл жұрнақ **күн, төс, сіл, көме(й), құда** сияқты зат есімдерге қосылуымен бірге, **сол,** оң, **тең** (деңгей), құба сияқты сын есімдерге де жалғанған. Ғай>ай жұрнағы арқылы етістіктен зат есім жасалу фактісі де жоқ емес[75].

Хай (хэй, -хой) жұрнағының етістіктен және зат есімнен сын есім жасау қасиеті бурят тілінде сақталған:

«Суффикс -хай, присоединяясь к глагольным основам, образует прилагательные со следующими значениями:

1) «Имеющий качество, как бы приобретенное в результате действия» например: **эбдерхей** «сломанный», развалившийся» (от эбдер «ломаться»); шуурхай «разорванный» (от шуура – «рваться», «разрываться»); соорхай «дырявый» (от сооро – продырявиться)» и т. д.»[76].

Сөйтіп монғол тілдері семьясына жататын бурят тілінде бұл жұрнақ әлі де сақталған.

Қорыта келгенде **Аңырақай** топонимі түркі-монғол тілдеріне ортақ **аң//оң//онг** түбіріне **ыр+а** (түркі тілдеріндегі етістік жұрнақтары) жұрнақтары мен түркі-монғол тілдеріне ортақ **-қай** (сын есім, зат есім жасайтын жұрнақ) жұрнағы қосылу арқылы жасалып, «ашық, аңырайған» деген мағынада қолданылған. Бұл топоним бір кезде «Аңырақай тау» («ашық тау, аңырайған тау» деген мағынада) деген тіркес түрінде қолданылып, кейін «тау» компоненті түсіп қалып, Аңырақай түрінде айтылып кеткен. Мұндай эллипстік құбылыс топонимикада жиі қолданылады.

---

[75] *Э.В. Севортян.* Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966, стр. 180.

[76] Грамматика бурятского языка. М., 1962. стр. 120.

БАҚАНАС – Алматы облысындағы Іленің Балқашқа құяр маңындағы жер, село, аудан аты, Семей облысында Шыңғыс тауынан басталып, Алакөлге жетпей құрдымға айналатын өзен аты.

Топонимист Е. Қойшыбаев Ағанас, Бақанас, Балқаш т. б. гидронимдердің түбірі түркі тілдерінікі, ал «-ас», «-аш», «-ес» угор тілдерінің өзен терминін білдіретін угор тілдерінің көрсеткіші деп қарайды[77]. Автордың сөз түбірі түркі тілдерінен деген пікірі дұрыс, бірақ қосымшалары угор тілдерінен дегені, біздіңше, талас тудырады.

Филология ғылымының докторы Ж. Болатов сөз этимологиясы туралы мынадай бір сөйлеммен қысқа тұжырым айтыпты: «Бақанас-монғол, қалмақ тілдерінде бақана-бақан, с-көптік мағынаны білдіретін жұрнақ»[78].

Бақанас сөзінің мағынасы туралы П. Устименко мен М. Өтемағанбетов мынадай көңіл аударарлық пікір айтыпты:

«Русло реки (Или) часто разветвляется на протоки разделенные островами, заросшими кустарниками мышом. Долина реки сужается только в районе Капчагайского ущелья, затем она становится, равниной. Или впадает в Балхаш несколькими рукавами (баканасами), образуя обширную дельту»[79].

Соңғы авторлардың пікірі дұрыс, өйткені Бақанас селосы тұрған жерден әрі Балқашқа қарай Іле өзені көп тармаққа бөлініп кетеді.

Біздің ойымызша, сөз түбірі – **бақан//бахана//бахи //бағана.** Осыдан **бақанақ, бақанас** деген сөздер жасалған. **Бақанақ** сөзі М. Қашқари сөздігінде былай деп түсіндіріледі:

---

[77] *Е. Койчубаев.* Основные типы топонимов. Семиречь Автореферат канд. дисс, 1967, стр. 13-15.

[78] *Ж.Болатов.* Тұраты селосында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Сб. «Исследования по тюркологии» Алма-Ата, 1969, 237 беті.

[79] *П.Д. Устименко, М.М.Утемагамбетов.* Физическая география Казахской ССР. Учебник для 7 кл. Алма-Ата, 1972, стр. 67.

«Бақанақ – айыр тиақтылардың екі башпай арасы, немесе екі башпайдың бірі» [80].

В. В. Радлов сөздігінде мынадай деректер бар:

«бақан – шест, которым поднимают и подпирают кошмы в кибитке».

«Бақанак (из бакан + ак) – 1) копыто двукопытных животных»[81].

Қазақша бақан киіз үйдің шаңырағын, түндігін, туырлығын көтеретін сырық, басы айыр бақай аша түрінде болады.

Монғолша бағана – «бақан, бағана, қада, тіреу»[82].

Қалмақ тілінде бахи – «столб[83].

Келтірілген фактілер түркі-монғол тілдеріндегі бақан// бағана//бахн, бағана формалары бір түбірден екенін дәлелдейді. Сол себептен бұл түбірлі сөзді Ж. Болатов айтқандай монғол, қалмақ тілдерінікі ғана деп қарауға болмайды.

Ал сөз аяғындағы -с қосымшасы көне түркі – монғол тілдерінде көптікті білдіретін форма болған[84]. Осы **көптік** жалғауы арқылы Келес, Талас, Текес сияқты **гидронимдер** жасалған.

Сөйтіп қорыта келгенде Бақанас атауы **бақан (а)+с** элементтерінен жасалып, **бақандар**, яғни ауыспалы мағынада «өзен салалары» дегенді білдіреді. Семей облысындағы Бақанас өзені де бірнеше саладан қосылып, бірнеше тармаққа бөлінеді. Іле, Бақанас өзендерінің осы қасиетін Бақанас атауы географиялық жағынан дәл беріп тұр.

Жоғарыда келтірілген дәлелдер осы күнге дейін монғол тілінен енген деген атаулар этимологиясын басқаша қарауды, яғни түркі-монғол тіл ортақтығы тұрғысынан ашылатынын көрсетеді. Ал кейінгі замандардағы, яғни XIII ғасырдан кейін

---

[80] *М. Қашқари.* III том, Ташкент, 192 беті.

[81] *В.В. Радлов.* Опыт СТН. Том IV, часть 2, стр. 1437-1438.

[82] Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатар, 1954, 32 беті.

[83] Краткий русско-калмыцкий словарь. М., 1969, стр. 548.

[84] *Г.И. Рамстед.* Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 57.

кірген атауларды біз монғол тілдерінен (монғол, қалмақ) енген топонимдер деген топтап бердік.

Иран тілінен енген топонимдердің ішінде Фараб, Шымкент, Шардара, Ленгер, Ангрен сияқты көне қалалардың, Талғар сияқты көне тау аты, Қобда сияқты өзен аты бар. Бұның өзі сол көне замандарда иран халықтарының Қазақстанда болғандығын дәлелдейді.

Ал араб атауларының мүлде аз болуы, арабтардың қоныс таппауынан болса керек. Араб сөздері кісі аттарынан көп орын алса да, топонимдерге тарамаған. Араб тілінен қойылған кісі аттарына байланысты топонимдер – кейінгі құбылыс, сондықтан ондай атауларды біз тікелей арабтардың болуынан деп қарамаймыз.

Қазақстанның шет аймақтарында бірен-саран угор тілдерінен жасалған атаулар бар, бірақ олар өте аз. Ал орыс тілінен енген атаулардың бәрінің дәрлік мағынасы күңгірттенбеген. Сондықтан Кереку, Үйшік (Гурьев) сияқты атаулардың ғана этимологиясы сөз етілді.

Енді топонимдердің этимологиясын зерттеу методы деген проблема төңірегінде өз тәжірибемізден туған ойларымызды баяндайық. Бұндағы ең негізгі айтыс тудырып отырған мәселе топонимнің этимологиясын ерекше бір әдіспен зерттеу керек пе, жоқ жай сөздердің этимологиясын зерттеу методы жеткілікті ме деген пікірдің маңында. Жоғарыда бұл жөніндегі А.П. Дульзонның, А.Б. Серебенниковтың, А.К. Матвеевтің тезистері айтылды. Біздіңше топонимдердің этимологиясын зерттеуде жай сөздің этимологиясын ашу әдісі де, топонимдердің ерекше категория екенін, тарихи жасалуы мен қалыптасуындағы құбылыстарды да ескеру методы да қолданылуы керек. Осымен бірге комплексті метод та топонимдер этимологиясын зерттеуде үлкен орында. Осы пікірлерімізді фактылармен дәлелдейік.

Біздің ойымызша, топоним географиялық термин, яки апеллятив арқылы жасалған болса, онда оның этимологиясын ашу жай сөздердің төркінін ашумен ұқсас болады. Бұған Бөген, Жем, Қапшағай, Мұқыр, Нұра, Отар, Топар т. б. атаулар жатады. Этимологиялық талдау жасап көрейік.

БӨГЕН – Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облысындағы өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың богон (қысқа, шолақ) деген сөзі[85].

Біз Ғ. Қоңқашпаевтың бұл пікіріне қосылмаймыз, өйткені **бөген** (айтылуы бөгөн) түркі тілі негізінде жасалған деп ойлаймыз. Біздіңше сөздің түбірі-**бөгө//бөге** етістігі, оған етістікті зат есімге айналдыратын **-н** көне жұрнақ қосылған. Бұл жұрнақ түркі тілдерінде XI ғасырда болған: **йамла** етістігіне **-н** жұрнағы қосылып **йамлан** деген кемірушілер тобына жататын бір аң аты жасалған (М. Қашқари, Индекс, Ташкент, 1967, 442 беті). Қазақ тіліндегі **жалман** (**жалма** – етістік+**н** (жұрнақ) осы сөзден метатеза жолымен жасалған. Ендеше **-н** қосымшасы ертеде зат есім жасайтын өнімді жұрнақ болған. Осы өзен бойында ертеде бөгендер (тоған) көп жасалған болуы керек. Сөйтіп бұл гидроним **бөгө** (қазіргі бөгеу етістігі) +**н** (етістікті зат есімге айналдыратын көне жұрнақ) >**бөгөн>бөген** жолымен жасалған. Сөйтіп географиялық термин атаудың негізі болған.

ЖЕМ – Ақтөбе. Гурьев облыстарындағы өзен аты. Эмбі стациясының аты да, соның қасындағы Жем деп аталатын жер аты да осыдан қойылған. Өзен орта ғасырда **Гем** деп аталған[86]. В. В. Радлов сөздігінде **кем** сөзі – саян, сагай, койбол, качи неречиелерінде «өзен» деп берілген[87]. Сібірдегі түркі халықтары

---

[85] *Г. Конкашпаев.* Географические названия монгольского происхождения. Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (11), 1959, 90 беті.

[86] *А. Левшин.* Описание киргиз-кайсакских орд и степей. Часть II. СПб., 1832, стр. 33.

[87] *В.В. Радлов.* Опыт словаря тюркских наречий. Том II, часть 2, стр. 1202-1203.

Енисейді Кем//Гем дейтіні де белгілі[88]. **Кем//кан** сөздері фонетикалық варианттарымен (хем//гем, кен//ген, кан//кен т. б.) сонау Қиыр Шығыстан Индияға дейін «өзен» мағынасында қолданылатыны кеңінен белгілі[89]. Ендеше бұл өзен аты **Гем** деген сөзден қазақ тілінде бұрмаланып, Жем аталып, ертеде «өзен» мағынасын білдіруі мүмкін.

Г/ж дыбыстарының алмасуы түркі тілдерінде ертеден бар. Мәселен, Каспий, Арал теңіздері маңында ертеде Гургон, Гургаж, Гузон деген атаулар Жургон, Журганж, Жузон деп те аталған[90]. Сөйтіп атау Гем>Жем өзгерісіне түскен және ертеде «өзен» деген мағынаны білдірген.

ҚАПШАҒАЙ – Алматы облысындағы шатқал аты. Бұл сөздің түбірі – **қап//кып.** Одан түркі тілдерінде мынадай сөздер жасалған: қырғыз тілінде **капчал** (скалистое ущелье), **қапчыгай** (горное ушелье), қазақ тілінде: **қапшағай** (ущелье). Монғол тілінде: **хавцал** (шатқал), **хавцгай** (тік құз, тік жар тас, шын). Б. Орузбаева бұл түбірді кап етістігінің өте көне формасы деп есептейді. Осы сөзден қырғызша қыпчы – (қысу) сөзі, якутша ханчай (қысу, жіңішкерту), **хапчан** (теснота, ущелье) және монғолша **хабчіл** (узкое ущелье) жасалған деп қарайды.

Оның **-ғай** бөлімі етістіктен есім тудырған түбірге қосылып, **қапчыгай** сөзін жасап тұр деген пікірге келеді[91]. Сөздің түбірі **қап//қып** екендігіне тағы бір дәлел көне түркі сөздері **қапұғ** (есік), **қапчақ** (өзендердің қосылатын сағасы), **қапға** (ворота) осыдан жасалған[92]. Қазақ тіліндегі «қыпша бел» (жіңішке бел) деген тіркестегі «қыпша» сөзінің де түбірі – **қып.** Ал одан кейінгі **ша//шы, ча//чы** жұрнағы етістікті есімге айналды-

---

[88] Там же.

[89] *Э.М. Мурзаев.* Местные географические термины. Сб. Транскрипция географических названий». М, 1960, стр. 75.

[90] *Х. Хасанов.* Урта Осие жой номлары тарихидан. Тошкент, 1965, 11 бсті.

[91] *Б.О. Орузбаева.* Словообразование в киргизском языке.Фрунзс. 1964. 137 бет.

[92] *М. Қашқари.* Девону луғотит турк, индекс-лұғат. Тошкент, 1967, 349 беті.

ратын қосымша, ал – **гай//ғай** есімнен есім тудыратын түркі-монғол тілдеріндегі көне жұрнақ[93]. Осы жолмен жасалған **қапшағай** термині географиялық жалқы атауға айналған (Аңырақай атауын салыстырыңыз).

МҰҚЫР – Қазақстанда өте жиі кездесетін көбіне шолақ өзендер аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, бұл **мукур, мухар** деген монғол сөзі. Мағынасы «шолақ», «тұйық». Мұндай тау Монголия мен Қытайда да жиі кездеседі[94]. Біздіңше мұны монғол тілінен енген сөз дегеннен гөрі түркі-моңғол тілдеріне ортақ термин деген жөн. Оған мынадай дәлелдер бар. Монғолша сөздікте **мухар** сөзінің екінші мағынасын «тұқыл», «мұқыр», «мұқыл» деп аударған[95]. Мұндағы моңғол тіліндегі **мухар, қ**азақ тіліндегі **мұқыр,** мұқыл сөздері бір түбірден. Өйткені, монғол тіліндегі **р** дыбысы мен түркі тілдеріндегі **л** дыбысы ауысатыны белгілі. Қазақ тіліндегі «мықыр кісі» дегендегі **мықыр** (қысқа, тапал) сөзі де осы сөздермен түбірлес. Ендеше бұны моңғол тілінен енген дегеннен гөрі түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз деген мақұл.

НҰРА – Қарағанды, Целиноград облыстарын басып өтіп, Қорғалжын көліне құятын өзен аты. Нұра деген моңғолдың **жыра** деген сөзі деп жазады Э. М. Мурзаев[96]. Қазіргі моңғол тілінде **нураа**-құлау, бұзылу, **нураах**-құлату, бұзу. Ал **нуур** – көл деген сөз[97]. Біздіңше **нұра**//жыра – монғол-түркі тіл ортақтығын көрсететін сөз. Сөз басындағы н/ж алмасуы мынадай сөздерде

---

[93] *Г.И. Рамстедт.* Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 184-185.

[94] *Г. Конкашпаев.* Географические названия монгольского происхождения. Известия АН КазССР, Серия филологии н искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 93 беті.

[95] *С. Хабшай, Ә. Міниіс.* Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 114 беті.

[96] *Э.М. Мурзаев.* Природа Синьцзяна. М., 1966, 348 беті.

[97] *С. Хабшай, Ә.Міниіс.* Монғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954, 123-124 беттер.

бар: нас-жас, жасаң, наслах – жасау, нийлэх-жиылу, нудрага-жұдырық, нудраглах – жұдырықтау, нулимс – жылау, көз жасы, нуурмаг – жырма т. б.[98].

Жоғарғы тізімде көрсетілген Отар, Топар атауларының этимологиясы жөніндегі мақалалар ұзақ болғандықтан, бұл жерде келтірмеуді жөн көрдік. Оларды осы сөздіктен қарауға болады.

Осы этимологиясы сөз етілген атаулар географиялық терминдердің негізінде жасалған. Мұнда атауға апеллятив негіз болған. Олай болса бұл атаулардың этимологиясын ашудың жай сөздердің төркінін ашудан айырмасы жоқ.

Ал осы атаулардың этимологиясын талдау тәсілдеріне және жеткен мақсатына келсек, олар әр түрлі. Мәселен, **Бөген** атауының төркінін талдау схемасы былай:

Бөгө//бөге (етістік)+**н** (етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ). Аналогиясы: М. Қашқариде: **йамла** (етістік) +**н** (стістіктен зат есім жасайтын жұрнақ). Қазіргі қазақ тілінде **жалман** – аң аты, метатеза арқылы жасалған.

Бұл этимологиядан сөз түбірі және қосымшасы ашылды. Ал қосымша дәлел: Оңтүстік Қазақстанда өзендер бойында бөгендердің (тоған деп те аталады) көп болуы.

Ал **Жем** атауының этимологиясының талдануы бұдан басқаша. Мұнда, біріншіден, атаудың фонетикалық өзгерісі ашылды: Гем>Жем (осыдан орысша Эмба), екіншіден мағынасы (**гем** – «өзен») ғана ашылды. Ал бұндай типтес атаулар Қиыр Шығыстан Индияға дейін кездесетін болғандықтан, оның қай тілден екенін де әзірге айту қиын. Сөз түбірі ностриатикалық тілдер деңгейінде анықталуы да мүмкін.

Қапшағай атауының этимологиялық схемасы: **Қап//қып** (түбірі – «қысу» мағынасындағы етістік)+**ша** етістен есім жасайтын жұрнақ) +**ғай** (есімнен есім тудыратын жұрнақ). Мұнда сөздің барлық этимологиясы және мағынасы толық ашылды.

---

[98] Сонда, 118-124 беттері

Мұқыр атауының этимологиясы арқылы: 1) бұл сөз түркі-монғол тілдеріне ортақ екені, 2) фонетикалық ауысуы (мухар-монғолша//мұқұл||мықыр – қазақша), 3) мағынасы («қысқа») ашылды және, 4) сөз мағынасы географиялық объектінің сипатына дәл келетіні анықталды (мұқыр – «қысқа» өзен).

НҰРА өзенінің этимологиясында: 1) түркі-монғол тілдерінде **жыра//нұра** сөздері мағыналас екені байқалды, 2) **Ж/Н** алмасулары басқа сөздерде де бар екені анықталды, 3) осы арқылы бұл сөздер түркі-монғол тілдеріне ортақ екені дәлелденді. Ал Отар, Топар (сөздіктен қараңыз) атауларының этимологиясы толық талдауын тапты.

Сөйтіп, бұл этимологиялық талдаулар, біріншіден, апеллятив, немесе географиялық термин арқылы жасалған топонимдердің этимологиясын ашу жай сөздерден айырмасы жоқ екенін көрсетті. Екіншіден, этимологиялық талдау әр қашан бір бағытта жүргізілмейтінін, ретіне қарай оның мақсаты және сөз түбірінің, фонетикалық өзгерісінің, мағынасының ашылу деңгейі материалдың ыңғайына қарай әр түрлі болып отыратынын аңғартты. Мәселен, Бөген, Қапшағай, Отар, Топар атауларының этимологиясы (түбірі, қосымшалары) толық ашылса, Жем, Мұқыр, Нұра атауларының этимологиясында фонетикалық көріністері мен мағыналары ғана ашылды.

Ал бұл атаулардың этимологиясын талдаудың бәрінде дерлік атаудың географиялық объектінің мазмұнына сай келуі, яғни объектінің аталуындағы географиялық фактордың ролі ескерілді. Мұның өзі сөздер этимологиясы мен мағынасын ашуға қосымша дәлел болды.

Міне осы жай сөздер мен географиялық терминнен жасалған топонимдердің төркінін талдау кәдімгі, яғни дәстүрлі этимологиялық әдіске сүйенеді. Сондықтан біз мұны географиялық атаулардың этимологиясын ашудағы **кәдімгі – дәстүрлі метод** (обычно – традиционный метод) деп атауды ұсынамыз.

Топонимдердің этимологиясын зерттеу бұл әдіспен шектелмейді, өйткені жер-су аттарының тарихи жасалуында, дамуында және қолданылуында өзіне тән жақтары бар. Мәселен, сөз, немесе сөз тіркесінің атау болып қойылысымен жалқы есімге айналуы, бұл атаудың тілдің басқа құбылыстарынан оқшауланы мен тұрақтылық қасиетке ие болуы топонимдерде сол тілде жоқ тополексема деп аталатын модельдер мен сөздер жасалуы, олардың жалпы тілде жоқ, бірақ өзіне ғана тән топонимикалық атаулардын даму сатысында барлық тілдердін әсерінен сан қилы фонетикалық, морфологиялық, диалектілік т. б. өзгерістерге түсуі, Б. А. Серебренниковтың сөзімен айтқанда топонимдердің өзіне тән ерекшеліктері болып табылады[99].

Біздіңше, топонимдердің этимологиясын зерттеуде осы ерекшеліктер және тек соларға тән қасиеттер мұқият ескерілуі керек. Мысалдар мен дәлелдер келтірейік.

Осы сөздікте Алматы атауының этимологиясын **алма** (жеміс)+**ты** (көне түркі-монғол тілдерінде бір нәрсенің барлығын білдіретін туынды сын есім жұрнағы) деп түсіндірдік. Бұл қорытындыға біз, біріншіден, осы тақылеттес атаулардың (Өлеңті, Шідерті, Сілеті т. б.) бар екендігі арқылы, екіншіден, көне түркі тілдерінде **рт, нт, лт** дыбыс тізбектерінің жиі кездесетіні, үшіншіден, тілдің көне көрсеткіштері топонимдерде жиі сақталатыны арқылы келдік. Ал осы атаудың өзі тарихи қалыптасуында эллипс жолын басынан өткізген. Ол алғашқы кезде **«алматы** (қазіргіше – алмалы) жер» «алматы (алмалы) тау» деген сияқты тіркеспен қолданылып, кейін «жер» немесе «тау» деген терминдер түсіп қалып, **Алматы** формасында қалыптасқан. Міне осы зандылық – бұл типтас топоним-

---

[99] *Б.А. Серебренников.* О методах изучения топонимических названий. ВЯ, 1959, № 6, стр. 36-34.

дерге тән құбылыс. Ендеше этимологиялық зерттеулерде осы заңдылықты ескерген жөн.

Ойыл, Қиыл (өзендер), **Орал** (тау) атауларының қалыптасуындағы ортақ заңдылық бәрі де етістікке (ой, қи, ора) есім тудыратын **-ыл//л** жұрнағы қосылу арқылы жасалған. Бұлар да алғашқы кезде Ойыл өзен, Қиыл өзен, Орал тау деген тіркестерде қолданылып, кейін өзен, тау сөздері түсіп қалатын болған. Ал кейінгі кезде атау объектінің дәлдігін қажет еткендіктен, Ойыл өзені, Қиыл өзені, Орал тауы деп қолданылатын болды. Жоғарғыдай этимологиялық қорытынды жасауға тіліміздегі құра+л, кама+л, болжа+л сөздерінің жасалуы да – қосымша дәлел. Бірақ бұл жұрнақ қазіргі тілімізде өлі қосымшаға айналған.

Топонимдердің тарихи қалыптасуындағы ерекшелікті көрсететін **Шайқұрық** атауының этимологиясына толығырақ тоқтайық.

ШАЙҚҰРЫҚ (айтылуы Чайқұрұқ) – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауыл советіне қарасты қыстақ. Атау екі компоненттен тұрады. Бірінші компоненті **чай** түрінде «өзен», «өзенше» мағынасында огуз тобына жататын азербайжан, түрік, түрікмен тілдерінде кездеседі. Қазақ тіліндегі **сай** сөзі де – осының дыбыстық варианты. Ал екінші **құрұқ** сөзі түркі-монғол тілдерінде **құр** деген түбірден тарап, әр түрлі вариантта кездеседі: көне түркі тілдерінде **құрұғ//құрұ**[100], түрік тілінде құру, азербайжан тілінде **гуру,** түркмен тілінде **гуры,** қырғыз тілінде **куру.** Қазақ тілінде **құрғақ,** алтай тілінде **кургак,** тува тілінде **кургаг.** Соңғы **құрғақ** сөзінің түбірі **құр/ұ/ғ** екенін дәлелдеп жатпасақ та түсінікті. Ал сөздің көне **құрұқ** формасы өзбек, ұйғыр тілдерінде сақталған. Тува тілінде сөз **хуруг** формасында қолданылады. Бурят-монғол тілдеріндегі **хуурай** (сухой), қалмақ тіліндегі **хуурə** сөзі де осы мағынада.

---

[100] Древнетюркский словарь. Л., 1969. стр. 469.

Сонымен топонимнің бірінші компоненті **шай//чай** огуз тілдеріндегі «өзен», «өзенше» дегенді білдіріп, **құрұк//құрық** сөзі **құрғақ** мағынасын беретін көне форма.

Бұл атау қазіргі топонимдерде **Құрұкчай** (Құрғақсай) болмай, неге **Чайқұрұқ** түрінде жасалған деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауапты проф. Қ. Жұбановтың еңбектерінен табуға болады. «Қазақ сөйлеміндегі сөз тәртібінің тарихынан» деген еңбегінде автор былай дейді:

«Общеизвестно, что в казахском предложении существует довольно строгий порядок расположения слов. Незыблимый закон размещения членов предложения, общий для всех тюркских языков может быть сформулирован в следующем виде: определение предшествует определяемому, дополнение – дополняемому, и все члены предложения – сказуемому.

Однако этот порядок расположения слов очевидно не был изначальным. Ибо в самом современном казахском языке налицо значительные перебои, что заставляет задумываться над причинами подобного нарушения норм существующего синтаксиса языка и видеть в них образцы норм, некогда господствовавших, но затем вытесненных новыми»[101].

Бұдан кейін проф. Қ. Жұбанов күн ұзаққа деген тіркесті (қазіргі тіл заңы бойынша ұзақ күнге болуы керек еді – дейді автор) талдай келіп, ертеде анықтауыш сөз анықтайтын сөздің алдында емес, соңында тұрған деген қорытындыға келеді[102].

Осы пікірін дәлелдеу үшін автор ономастикалық атауларға біраз шолу жасайды. Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық сияқты атаулар қазіргі тілдің заңы бойынша Сұлу-күн, Сұлу-ай, Сұлу-таң, Жарық-таң болуы керек еді, бірақ бірінші қатардағыдай сұлу, жарық анықтауыштарының

---

[101] *Х. Жұбанов.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966, стр. 33.

[102] Сонда, 36 беті.

анықтайтын сөздің соңынан келуі – ертедегі сөйлем ішіндегі сөз тәртібін көрсетеді деп түйеді автор[103].

Қ. Жұбановтың осы айтқандарынан жоғарыдағы атаудың **құрұкчай** (құрғақсай) болмай, **Чайқұрұқ** (Сайқұрғақ) түрінде, яғни көне формасында сөз тәртібі жағынан да сақталғанын қорытындылауға болады.

Бұл атаудың мысалынан Чайқұрұқ топонимінің морфологиялық та, синтаксистік те көне форманы сақтап қалғанын аңғаруға болады. «Су аяғы – құрдым» дегендегі «құрдым» сөзінің де түбірі – «құр». Оның үстіне осы жерде кішкене сай болғанын, оның суы құрып кеткенін экспедиция материалдары да дәлелдеп отыр. Сонымен **Чай** (огуз формасы)+**құрұқ** (көне түркі формасы)>**Шайқұрық** этимологиясын лингвистикалық та, географиялық та, тарихи да (бір кезде бұл жерде огуз тайпалары болғанын ескерсек) деректер дәлелдеп беріп отыр.

Басқа мысалдарға жүгінбей-ақ, осы келтірілген дәлелдердің өзі де кейбір топонимдердің этимологиясын зерттегенде, жер-су аттарына ғана тән ерекшеліктерді мұқият ескеруді талап етеді. Ендеше біз оны Б. А. Серебренниковтың жоғарыда айтқан пікірлерін ескере отырып, топонимдердің (географиялық атаулардың) этимологиясын ашудағы **топонимикалық метод** деп атауды ұсынамыз.

Көптеген топонимдердің этимологиясын ашудағы ендігі бір тиімді жол – **комплексті методты** қолдану. Бұл методтың бағалылығын А.А. Белецкий, А.П. Дульзон, А.Ы. Ысқақов, Э.М. Мурзаев, А.К. Матвеев, В.А. Никонов, А.И. Попов. Б.А. Серебренников, Э. В. Севортян т.б. зерттеушілер баса көрсеткен болатын-ды. Бұл метод лингвистикалық, географиялық және тарихи т. б. деректердің басын құрауды талап етеді. Өз зерттеулерімізден мысалдар келтірейік.

---

[103] *Х. Жубанов.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата. 1966, 37-38 беттері.

Біздің «Қазақстан жер-су аттарының қысқаша этимологиялық сөздігімізде» Баянжүрек, Гурьев (Үйшік) Кереку, Қордай, Мұғажар, Өлкөйек, Талғар, Тарты (тарихи қала), Шалдуар, Шымкент, Шардара т. б. атаулар этимологиясы осы комплексті методты қолдану арқылы ашылған. Біз бұл арада көп орын алатын болғандықтан, атаулар этимологиясы жөніндегі мақалаларды толық айтып жатпаймыз (оларды сөздіктен қараңыз), тек комплексті методты қолдануға қандай деректер тірек болды деген мәселені ғана баяндаймыз.

Талдықорған облысындағы **Баянжүрек** тау аты моңғолдың **баян** (бай) +**зураг** (сурет) деген екі сөзден жасалды дегенде, біз, біріншіден, монғол және қазақ тілдеріндегі **з//ж** дыбыстарының алмасуына (завсар-жапсар, зай-жай, залгах-жалқау т. б.) сүйендік, екіншіден, **зураг**-қазақ тілінде «сурет» дегенде, бұл таудағы тастарда сурет көп екендігіне сүйендік. Сөйтіп, осы екінші дерек сөз этимологиясын ашуға қосымша дәлел болды, яғни объекті мен сөз мағынасының сай келуі ашылды. Міне бұл этимология жалаң лингвистикалық жолмен емес, қосымша заттық дәлел арқылы айқындала түсті.

Гурьев қаласының және оның қазақтар қойған ескі **Үйшік** атының этимологиясы да тарихи деректерге құрылды. Мәселен, Гурьевтің қойылуы XVII ғасырдың бірінші жарымында осы жерге ұлдарымен келіп орналасқан, балық өнеркәсібімен шұғылданған Гурьи деген кісінің атымен байланысты екенін тарихи нұсқалардан таптық.

Ал Гурьевтің қазақша **Үйшік** атауы балыққа тастан қойылатын тосқауыл **учугпен** байланысты екенін және тарихи документтерге қарағанда Жайық өзенінің Гурьев орналасқан маңында осындай **учуг** болғаны анықталды. Міне бұл этимология да (учуг>үйшік) тарихи – лингвистикалық дәлелдерге құрылды.

Павлодар қаласының қазақша көне аты **Кереку** тұзбен сауда жасаған **Коряков** деген кісінің фамилиясынан тарихи документ-

термен байланысты дәл айтылды. Мұндағы Коряков>Кереку этимологиясы – мәселенің лингвистикалық жағы, ал бұл этимологияға тарихи деректердің табылуы оның дәлдігіне шешуші роль атқарды.

ҚОРДАЙ атауының тіл жағынан этимологиялық схемасы: түркі монгол тілдерінде **қар//кор//хөр** (снег)+**тай** (әуелі түркі-монғол тілдерінде болып, кейін монғол тілінде сақталған, түркі тілдеріндегі **-лы** (варианттарымен) туынды сын есім жұрнағына сай келетін жұрнақ). Қосымша географиялық дәлел: Қордай асуының қыста қарлы, боранды болуы. Атаудың осындай сақтандыратын информациялық мәні бар.

МҰҒАЖАР тауының аты венгер халқының аты Мадьяр (маджар) мажар түрінен қойылды дегенде, біз Оңтүстік Оралда және осы тау маңында олардың V-IX ғасырларда болған тарихи фактысына сүйендік.

Қостанай облысының Торғай, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Өлкөйек (айтылуы Өлкөйөк) өзенінің аты **өлік** (түркі тілдерінде «өлі», жаман» деген мағынадағы сөз)+**өйөк** (финн-угор тілдерінде «өзен») сөздерінің қосылуынан пайда болды дегенде де тарихи-географиялық факторларды арқау еттік.

Осы сияқты Талғар, Тарты, Шалдуар, Шымкент атауларының этимологиясында да қосымша тарихи-географиялық, археологиялық т. б. деректерді пайдаландық.

Дегенмен тағы да бір мысал келтірейік. Тарихи Шардара қаласының аты иран тілдерінің **чар** (төрт) +**дара** (ор, жыра, каньон) деген сөздерінен жасалды деген пікірімізге археологтардың көне қаланың сырты төрт жағынан ормен қоршалуын ашуы[104] [104]этимология дәлдігін күшейте түсті.

Сөйтіп бұл келтірілген фактілер жер-су аттары этимологиясында материалдың ыңғайына қарай комплексті методты, яғни

[104] *Максимова, М.С. Мерщиев, Б.И. Ваинберг М. Левина.* Древности Чардары. Алма-Ата, 1963.

тарихи, географиялық, археологиялық деректерді қоса пайдалану методын қолдану аса тиімді екендігін дәлелдейді.

Жоғарыда айтылған **кәдімгі-дәстүрлі, топонимикалық** және **комплексті** методтардың қолданылуы топонимикалық материалдың ретіне, ыңғайына, сипатына байланысты болады. Алайда, бұл методтар бір бірінен іргесі алшақ әдістер емес, кейде бір-бірімен құрама, аралас та болып отырады.

Ал тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану осы методтардың бәріне де ортақ болғандықтан, біз оны жеке метод етіп бөлгеміз жоқ.

«Қазақстан жер-су аттарының қысқаша этимологиялық сөздігін» көп жыл бойы жазу үстінде туған кейбір байқауларымыз бен ойларымызды да қысқаша баяндап өтейік.

Таза лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, сөздіктегі атаулардың бәрінде де сөздің түбірі мен мағынасын ашуға көңіл бөлінді. Бұл жағдай атауларға түгел қатысты және түсінікті болғандықтан, мысалдар келтірмейміз.

Сөздіктегі этимологиялық зерттеулер нәтижесінде көптеген көне жұрнақтар анықталды. Оларға мынала жатады: **-й||ей** (Алта+й, Керей). Соңғы этнонимнің этимологиясы: кер (тау)+ей (қазіргі -лық, мағынасын беретін көне жұрнақ, мағынасы –«таулық»).

-қай//ғай (Аңыра+қай, Қапша+ғай).

-ты//ті (Алма+ты, Арғана+ты, Ебей+ті, Қалғұ+ты Сөге+ті,Сіле+ті, Тара+ты, Тар(ы)+ты, Ұлас+ты, Ша бар+ты, Тошан+ты).

-лы//лі,-ды//ді(Даған+ды,Зерен+ді,Қаза(л)+лы,Қарқара+лы, Қарта(л)+лы).

-ас//ес//с (Бақан+ас, Дегер+ес, Кел+ес, Тала+с Теке+с).

-дай//тай (Борғыс+тай, Қандаға+тай, Қор+дай, Тарбаға+тай, Шыңғыс+тай).

-н (Бөге+н).

-ма (Бұқтар+ма, Сарқыра+ма).

-лақ//лек, -тақ//тек (Е+лек, Маңғыш+лақ, Шар+лақ).

-ық (Жай+ық).

-ыл//іл//л (Қаг+ыл, Қи+ыл, Ой+ыл, Ора+л).

-ар//ер//р (От+а+р, Отыр+ар, Топ+ар) т. б.

Сөздіктегі түбір сөздер этимологиясы мен осы көрсетілген жұрнақтар көне атаулардың типтерін көрсете отырып, әлі де талай басқа атаулардың этимологиясын ашуға кілт болып табылады. Біз осындай түбір және жұрнақтар арқылы жасалған топонимдердің күңгірт тартқан, мағынасы мен формасы көнеленген түрлерін ғана алдық.

Әрине мұндай этимологиялық зерттеулер бізге оңайға түскен жоқ, бұл ізденулер – 20 жылдан астам сарғая істеген еңбектің нәтижесі. Солай бола тұрса да, біз осы этимологияның бәрі бірдей шегіне жетті деп айта алмаймыз. Өйткені сөз этимологиясын зерттеген ғалымдардың бәрі-бәрі осы қиындықты ескерткен болатын-ды. Бұл саладағы біздің зерттеулеріміз алдағы уақытта өміріміздің жеткенінше әлі де жалғастырылмақ.

Сөздікте қазақ тіліндегі жалпы лексиканың этимологиясын ашуға ой салатын материал көп, оны этимологиялық сөздікке әжетке жаратуға әбден болады.

Біздің әлі де айтылмаған ойларымыз бен тұжырымдарымыз осы сөздіктің ішінде жүр, сондықтан шын пейілімізбен оны оқып шығуды ұсынамыз

«Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады»

Мұхтар Әуезов

ҚАЗАҚСТАН ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ ҚЫСҚАША ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

АЙДАРЛЫ – Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Шу өзені мен Құрағаты өзенінің қосылатын сағасындағы жер аты. Сырттай қарағанда «айдар» (төбедегі бір тұлым шаш) сөзінен қойылған сияқты болып көрінгенімен, бұл атаудың оған қатысы жоқ. Шынында бұл Иранда жиі кездесетін Абдарлы атауымен байланысты. Иран тіліндегі «абдар» сөзінің түбіріаб-«су» деген сөз, осыған «дар» жұрнағы қосылып, «сулы» деген мағынаны білдіреді» (В. И. Савина. Типы тюркских топонимов в Иране. Сб. »Топонимика Востока». М., 1969. стр. 167). Иран семьясына жататын парсы тілінде де «абдар» сөзі «водянистый, сочный» деген мағынаны білдіреді (Персидско-русский словарь. М., 1953, стр. 2).

Бұл атау Шу өзені мен Құрағаты өзенінің құймасында болғандықтан, осы жердің суы мол қасиетін дәл береді. Атау соңындағы -лы жұрнағы – түркі тілінің туынды сын есім жасайтын қосымшасы.

Сонда топонимнің этимологиясы былай: Аб (иранша - су) +дар (иранша – «лы» қосымшасы сияқты жұрнақ)+лы (түркіше – туынды сын есім жасайтын жұрнақ): Абдарлы>Айдарлы.

АЛМАТЫ – Қазақ ССР-інің астанасы, тарихи қала. Кейбір зерттеулерге қарағанда ерте орта ғасырда, анығырақ айтқанда, VI-VII ғасырларда осы жерде қала болған. XIII ғасырда Жетісу аймағы Шыңғыс ханның ұлы Шағатай ұлысына қараған кезде, бұл өлке Алматы атанып, Шағатай мен оның ұрпағының жайлауы болған, XVI ғасырда Бабур еңбектерінде де Алматы аты бары белгілі (Г. Мартынов. Двухэтажный город, Газ. «Алма-Атинская правда», 26 мая 1957 г., № 103).

Алматы сөзінің этимологиясы жөнінде көптеген мақалалар жазылды. Олардың бастыларын ғана атап өтейік. Белгілі ғалым Н. Г. Маллицкий былай деп жазады: «В неофициальном языке коренного населения Средней Азии город этот назывался ранее Алматы от обильных зарослей дикой яблони в соседних предго-

рьях» (Н.Г. Маллицкий. О некоторых географических терминах, имеющих отношение к Средней Азии. «Известия ВГО» 1945, т. 75, вып. 5, стр. 283).

Қаланың тарихы мен этимологиясы жөнінде жазған мақаласында Ғ. Қоңқашпаев мынадай пікір айтты. «С прибавлением к основе «алма» приставка -«ты» получается сочетание «алматы», не свойственное современному казахскому языку, ибо приставка -«ты» допускается лишь после корней, оканчивающихся на глухие согласные (тас – камень, тасты – каменистый). После слов, оканчивающихся на гласные или звуки «р» и «й», приставка «обилия» звучит уже как «лы» (су – вода, сулы – многоводный). Однако на территории Қазахстана встречаются и многие географические названия типа «Алматы» с древним окончанием на -«ты» после гласных звуков «р» и «й», которые были бы недопустимы с точки зрения грамматики современного казахского языка (Шидерты, Силеты, Бугуты, Аршаты и т. д. вместо правильных форм Шидерли, Силели, Бугулы, Аршалы). Это можно объяснить тем, что названия местностей обычно отличаются большим архаизмом, сохраняя в ряде случаев древние формы слов, которые в далеком прошлом обозначали и другие географические объекты.

Для нас вполне ясно, что приставка -«ты» в географических названиях типа «Алматы» является древней формой окончания в группе тюрко-монгольских языков» (Г.К. Конкашпаев, Названия гор. Алма-Аты. «Изв. АН КазССР». Серия географическая. 1948, № 58. вып. 2). Ғ. Қоңқашпаев мақаласында бұл жер ертеден Алматы аталғанын, тіпті революцияға дейінгі орыс саяхатшылары да оны бұрмаламастан Алматы деп жазғанын, ал 1856 жылы мұнда бекініс салғаннан кейін ғана Верный делінгенін, революциядан кейін Жетісу Облревкомы 1921 жылы 5 февральдағы № 12 қаулысымен орыс тілінде Алма-Ата деп өзгерткенін айтады.

Алматы атауының этимологиясы жөнінде жазған мақаласында Ц.Д. Номинханов Ғ. Қоңқашпаевтың жоғарыдағы пікірін толық қолдай отырып, бұл сөздің құрамындағы **-ты** жұрнағы түркі – монғол тіл ортақтығы кезінен қалған деп көрсетеді. Оның пікірінше, бұл форма монғол тілдерінде осы қалпында фонетикалық ортада сақталған да, түркі тілдерінде **-лы** түріне өзгерген. Ц.Д. Номинхановтың Алматы атауының этимологиясы жөнінде жазған пікірін толығырақ келтірейік: «Форматы» в монгольских языках употребляется в значении изобилия и обладания. В этом значении данная форма в монгольском языке встречается в письменных памятниках XIII века и в настоящее время. В монгольских письменных памятниках XIII века встречаем форму -«ты» и -«тү» (сравн. «А-ли-ма-ту Ғифан). Например: Ойуту (ойу+ту) – одаренный умом, обладающий умом; үлд-ейту (үлджей-ту) – счастливый, обладающий счастьем; ауғату (ауға-ту) – мощный, имеющий силу; нэрэтү – называемый, имеющий название, имя.

В современных монгольских языках эта древняя форма «-ту» («-тү») видоизменилась и превратилась в формы «-тай», «-та». Например: алим, альма, альм – яблоко; алим-тай (халх.-монг.), альма-тай, альма-та (бур.-монг.), альма-та (ойр-монг.), в переводе – «имеющий яблоко»; в отношении местности – «местность изобилующая яблоками». Эта монгольская форма «-ту» («тү»), тай («-тэй», «-той), «-та» («-тэ», «-то»), соответствует в казахском языке форме «-лы». Например: алма – «яблоко», алмалы –«местность, изобилующая яблоками» Это еще раз подтверждает возможность происхождения названия «Алматы» от древних форм монгольского языка» (Ц. Д. Номинханов. К этимологии названия города Алма-Аты, «Вестник АН КазССР», № 3, 1953, стр. 93-94).

Ц.Д. Номинханов мақаласында «-ты» жұрнағы түркі-монғол тіл ортақтығынан десе, мақаланың ең соңғы қорытындысында Алматы атауы монғол тілінің көне формасынан шыққан деп екі

түрлі пікір айтады. Мұның алғашқысы дұрыс екенін кейінірек айтамыз. Ал монғол тіліндегі «-тай» жұрнағына келсек, ол «ту-ай» деген екі элементтен жасалғанын Г.И. Рамстедт дәлелдеген болатын (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

Проф. Аманжолов былай дейді: «Қазақстанның көне тайпалар мекендеген аудандарында географиялық атауларда ертедегі жұрнақтар сақталған: Алмалы, Алмалық: дегеннің орнына Алматы делінеді» (С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, 1959, стр. 90, аударған біз – А. Ә.).

«Алматы» және басқа да «-ты» қосымшасына біткен атаулар жайында жазған мақаласында Е. Қойшыбаев бұл жұрнақты жоғарғы пікірлерден басқаша талдайды. Ол былай деп жазды: «Осы келтірілген деректерге сүйене отырып, «Алматы» атауын екі сөзден: алма және ту яғни тау сөзінен біріккен деуге әбден болады. Сонда осы ізбен Есікті, Бұғыты, Ырғайты, Тобылғыты, Өлеңті сөздеріндегі -ті бөлшегін о бастағы ту (тау) сөзінің түбірге кіріккен түрі деп қарау керек болады: Есікті – Есік-ту –Есік тау т. б.» (Е. Қойшыбаев, «Алматы» және «ты» қосымшасы жайлы, «Қазақстан мектебі» журналы, № 8, 1963, 90-91 беттері). Біз Е. Қойшыбаевтың пікіріне екі себептен қосыла алмаймыз: 1) тау деген форманың -ту, -ты түріне айналуы мүмкін емес. Өйткені, тау сөзінің көне түрі – тағ екені белгілі. Ендеше тағ>тау орта ғасырдан бергі құбылыс. **Тау** формасының өзі жаңа құбылыс болғандықтан, ол тау>ту>ты түріне ауыса қоятындай тілдік жағдай болған жоқ. 2) Өлеңті деген атаудан -тау сөзін іздеу мүлде мүмкін емес. Бұл атау, – біріншіден, тау аты емес, өзен аты, екіншіден, өзен атына **тау** (ту) сөзі қосылмаса керек-ті.

Алматы және -ты формасына аяқталатын басқа атаулар жөнінде біздің пікіріміз мынандай:

Қазақстанда -ты, -ті жұрнақтарына аяқталған топонимдер көп кездеседі: Өлеңті, Шідерті (Орал, Павлодар облыста-

рындағы өзен аты), Сілеті (Көкшетау облысындағы өзен аты), Сөгеті, Бұғыты Торғайты, Әңгірті, Дараты, Далайты, Алматы (Алматы облысында), Шағырайты, Ноғайты (Ақтөбе облысында), Шкаты, Бұлдырты (Орал облысында), Бұланты (Қызылорда облысында), Ебейті (Қызылорда, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облысында), Мойынты (Қарағанды облысында) т. б.

Проф. С.Е. Малов өзінің классификациясында тарихи жағы-нан тілдің көне формаларын бойына көбірек сақтаған тілдер мен дамыған тілдердің айырмасын көрсету үшін, критерий етіп, **рт, лт, нт** дыбыстарының тізбектерін алады. С.Е. Малов ескі түркі, ұйғыр тілдерінің нұсқаларында түбір сөз бен қосымшалардың арасында да **рт, нт, лт** дыбыстарының тізбектеліп келетінін айтады. Мысалы, бұл дыбыс тізбектері түбірдің өз ішіндегі алтун (золото), алты (шесть) сияқты сөздерде ғана емес, алты (взял) деген формада ұшырайды. Соңғы алты (взял) деген сөз қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігінде алды деген формада кездеседі. Ал қазіргі анда (там), барды (ходил) деген сөздер көне түркі нұсқаларында – анта (там), барты (ходил) (С. М. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951, стр. 5-6).

Осындай **рт, лт, нт** дыбыс тізбектері қазір де сақталған тілдер – түркі тілдерінің көнелік қасиетін бойына көбірек сақтағандардың қатарына жатады. -Ты//-ті жұрнақтары арқылы жасалған сөздер тек ескі жазу нұсқаларында ғана емес, қазіргі оңтүстік – батыс түркі тілдерінде де күшті (Э. В. Севортян. Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках. Сб.:. «Вопросы теории и истории языка...». М., 1952, стр. 384-349).

Бұл сияқты фактілер басқа да түркі тілдерінде кездеседі. Сөйтіп, бұл формалардың Қазақстан топонимдерінде сақталуы, біріншіден, олардың бір кездерде қазақ халқының құрамына енген тайпалар тілінде болғандығын дәлелдесе, екіншіден, топонимдік материалдарда тілдің көне көріністері ұзақ сақталатынын анық аңғартады.

-Ты, -ті жұрнақтары қазіргі қазақ тілінің заңы бойынша **-лы//-лі, -ды//ді** түріне айналып, Алматы емес Алмалы, Шідерті емес Шідерлі, Өлеңті емес Өленді түрде болуы керек еді. Бірақ олай болмай **-ты//ті** жұрнақтарының сақталуы көне қазақ тілінде де мұндай форманың болғандығын және оның өзі қазіргі **-лы//-лі, -ды//-ді** варианттарының ең ескі түрі екендігін дәлелдейді.

Бұл жұрнақ жөніндегі Г.И. Рамстедттің мына пікірі көңіл аударарлық «Тюркскому аффиксу – lig «чем-либо снабженный» отвечает по своему образованию на – tu. В монгольском языке – tu как продуктивный словообразовательный элемент прилагательных встречается обычно только при именах, в частности в топонимике» (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

Бұл айтылғаннан монғол тіліндегі - tu жұрнағы түркі тілдеріндегі **-лық//лік, -лы//лі, ты//ті, -ды//ді т. б.** варианттағы жұрнақтарға сай келетіиін байқаймыз. Ал түркі тілдеріндегі **-ты//ті** жұрнағы ең көне түрі екені жоғарыда айттық.

Қорыта келгенде Алматы топонимі екі компоненттен тұрады: Алма (жеміс)+ты (көне түркі – монғол тілдерінде бір нәрсенің барлығын білдіретін туынды сын есім жұрнағы). Ендеше -ты/ті жұрнағы түркі-монғол тіл ортақтығы заманында жасалып, өзінің осы көрінісін Қазақстан топонимдерінде сақтаған деп қорытамыз.

АЛТАЙ – Шығыс Қазақстанды, Монғолияны және Қытайды алып жатқан тау аты. Бұл оронимнің этимологиясы туралы В.В. Радлов **алтай** сөзі телеуіт, алтай, лебенді, сағай, қойбол тілдеріндегі **ал** (биік)+**тайға** (тау) сөздерінен жасалған дейді (В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. Том I, часть 1).

Ғ Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, бұл монғолдың **алт** (алтын) сөзі мен **тай** («-та», «-ты») жұрнағының қосылуынан (алт+тай>алттай>алтай) жасалған. Оның мағынасы – «алтынды», «алтыны бар жер, тау». Алтайдың «алтынды» де-

ген аты оның мазмұнына сай, өйткені ол жерде ертеден алтын өндіріледі. Алтайдың қытайша аты – Цзин-шань (алтынды тау) сөзі де осы мазмұндас (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 88 б.).

Э.М. Мурзаевтың пікірі бойынша, Алтай монғолдың «таулы ел», «бай тау» деген сөзі. Алтай сөзінің төркіні Алатау атымен де байланысты болуы мүмкін. Сол сияқты Алтай тауларын монғолдар Алтайын – Нуру деп атайды, сондықтан ол алтын сөзімен де байланысты болуы ықтимал (Э.М. Мурзаев. Природа Синьзяна... М., 1966, 337 беті).

В.А. Никонов бұл оронимнің этимологиясы хақында былай деп жазды: «Алтай – из тюрк. алатау «пестрые горы», т. е. горы с различными растительными зонами, безлесными скалами и снежной шапкой. По другой гипотезе, из монгол. и тюрк. алтан «золото». В.В. Радлов предлагал ал – тайга «огромный горный лес». М. Рясенен ал – той «огромная гора» (В.А. Никонов. Краткий топонимический словарь. М., 1966, стр. 21).

Біздіңше, Алтай тауының этимологиясы жөнінде Б.Я. Владимировтың пікірі ойға қонымды. Ол Орхон жазуларындағы **Алтун йыш** Алтай атауының көне түрі деп қарайды. Оның зерттеуіне қарағанда сөздің түбірі ескі монғол тіліндегі **алтан** (көне түркіше алтун), осыған **-й** жұрнағы қосылып, **алтай** (золотой) сөзін жасаған. Монғол тілінде сөз аяғындағы **н** дыбысы жұрнақ жалғанғанда түсіп қалатыны белгілі жәйт. Бұдан әрі Б.Я. Владимиров былай деп жазады: «В применении же к Алтайским горам употребляется исключительно форма altai «золотой», доставшаяся монголам по наследству от древних времен, когда суффикс -і был еще живым.

Монгольская форма altai (>алтае, хан алтă) вытеснила из употребления древне-тюркскую altun yiš, ср. тюрк.: алт., шор. алтаі, русск. Алтай etc. (Б.Я. Владимирцов. Географические

имена орхонских надписей, сохранившиеся в монгольском. «Доклады АН СССР», 1929, – В, № 10, стр. 170).

Біздің ойымызша сөз түбірі – түркі-монғол ортақтығын көрсететін **алты//алта.** Ал бұған **й** жұрнағы қосылып, сын есім жасаған. Мағынасы орысша – «золотой» дегенге келеді.

Белгілі тюрколог Г. И. Рамстедт монғол тіліндегі – **аі** сөз тудыратын жұрнақ, оған түркі тілдеріндегі – **а** жұрнағы сай деп көрсете келіп, мынадай мысалдар келтіреді: «монғ. turei «голенище», тюркс. tize, «колено», казах. tize. монг. orai (др. – монгол. horай) «макушка, вершина», калм. ога, тунг, horo oro» и т. д. Г.И. Рамстедт бұл жұрнақ – gai – қай жұрнағының варианты болуы ықтимал дейді (Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М,, 1957, стр. 182-183).

Осы келтірілген материалдардың негізінде біз **-ай, -й** жұрнағы ертеде түркі тілдерінде де болуы ықтимал деп есептейміз. Ендеше Алтай атауы көне түркі-монғол тілдеріндегі **алты/н//алта/н** түбіріне ай /й жұрнағы қосылу арқылы жасалған деуге болады. Сонда көне Алтай атауы «алтын» (тау) «золотой» деген мағынаны береді.

АЛТЫНЕМЕЛ – Талдықорған облысындағы тау аты. Емел деген өзен аты да бар. Бұл өзен Жоңғариядағы Тарбағатай, Үшқашар тауларынан басталып Қазақстандағы Алакөлге құяды. Эмээл монғолша «бел, асу» (тура мағынасы – ер тоқым» – седло, седловина) деген сөз (Э. М. Мурзаев. Природа Синьцзяна... М., 1966, стр. 356; С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 381 беті). Алтынемел атауын қазақша «жақсы бел», «жақсы асу» деген мағынада аударуға болады.

Атаудың бірінші компоненті – түркі-монғол тілдеріне ортақ **алтын//алтан** сөзі, ал екінші сыңары – **бел//емел** де ортақ түбірден жасалған сияқты. Түркі тілдеріндегі бел (1. поясница; 2. перевал) сөзінің мағынасымен, монғол тілдеріндегі **эмээл// бэл** (1. седло, 2. седловина, 3. склон горы) сөзінің мағыналары жақын келіп тұр. (Ә. Міниc, С. Хабшай. Монғолша-қазақша

сөздік, 381 беті; К. М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М.,1951,стр. 144, 732).

Монғолдың **эмээл** сөзін қазақша өмілдірік сөзімен салыстыруға болады. «Өмілдірік – аттың омырауына салынып, ерді кейін жібермей тартып тұратын өрнекті қайыс» екені белгілі. Сөз түбірі **өміл** мен монғолдың эмээл сөзінің жақындығы айқын-ақ.

АНГРЕН (Әңгірен) – Павлодар облысындағы көл аты. Өзбекстандағы Сырдарияға құятын өзен аты. Өзен бойында Ангрен және Ахан-Гаран деген екі қала орналасқан. Бұл атаудың тарихы мен этимологиясы жөнінде В. В. Бартольд былай деп жазды: «Река Ангрень в источниках домонгольской эпохи называется только «рекой Илака» по имени орошавшейся ею области, название Ахан-герань «железных дел мастера» появляется только, в монгольский период (Ангрень – позднейшее искажение, не встречающееся в письменности). Один из новейших исследователей полагает, что речная долина получила такое название вследствие развития железной промышленности: до сих пор здесь «часто попадаются массы шлака» (М.С. Андреев. Среднеазиатский вестник, 1896, май, стр. 23; В.В. Бартольд. История орошения Туркестана. СПб., 1914, стр.139).

Атау жөнінде Э.М. Мурзаев былай дейді: «Ангрень – правильно Ахангяран, т. е. кузнецы. Отмечу, что в верховьях Герируда также есть селение Ахенгеран. В Таджикстане много кишлаков называется Охангарж» (Средняя Азия. М., 1957, стр. 243).

В.А. Никонов та осы пікірді қолдайды. Оның үстіне, ол өзен аты жер, қала атынан қойылған дейді (Краткий топонимический словарь. М., 1966, стр. 26). Жоғарыда айтылғандардан Ангрен қазақша (Әңгірен) атауы Ахангерен дегеннен қысқарғанын байқадық. Ал атаудың нақты этимологиясы біздіңше былай: бұл иран тіліндегі **ahan** (темир)+**гар** (жаңа сөз жасаушы қазақ тіліндегі -ші//ші қосымшасына сай келетін жұрнақ)+он

(көптік жалғауы) элементтерінен жасалған. Парсы тілінде **аhан** –темірші, ұста (Персидско-русский словарь. М., 1953, стр. 49). Тәжік тілінде **охан** – темір, **оханғар** – темірші, ұста. Иран тілдерінде **гар//гер/гор//қор** мамандық жұрнағы екені белгілі. Ал – **он** – тәжік тілінде көбіне жанды заттарға жалғанып, көптікті білдіретін жұрнақ: зан+он – әйелдер, асп+он – аттар, одам+он – адамдар, кісілер (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 293, 536, 542).

Ахонгерен>Ангрен>Әңгірен формасына, біздіңше, түркі тілдері (өзбек, қазақ) арқылы түскен. Бастапқы буындағы екі дауысты дыбыстың ортасындағы **х** дыбысының түсіп қалуы –түркі тілдері үшін заңды құбылыс. Мәселен: какан//қаған>хан. Ал гер+он>гірен өзгерісінің себебі қазақ тілінде қатар тұрған екі буында **е, о** дыбыстары қатар айтылмайды. Ал **г** жіңішке дауыссыз болғандықтан, **е** дыбысының **і** түріне ауысуына, ал осы гір буыны кері ассимиляция заңымен **он** буынын **ен** түріне көшірген.

Павлодар облысындағы «Әңгіренсор» атауы «теміршілер көлі, соры» деген мағынаны білдіреді. Шынында да бұл көлге ертеде темір шеберлері келіп жатуы, көшпелі қазақтарға қызмет көрсетуі әбден ықтимал.

АҢЫРАҚАЙ – Алматы облысы мен Жамбыл облысының шекарасында орналасқан жота аты. Анархай деп аталатын темір жол станциясы да осы атауға байланысты қойылған. Ел ішінде бұған байланысты мынадай аңыз бар: «1723 жылы қалмақтар қазақтарды жеңіп, бұл жыл «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанғанымен, кейін қазақтар бірігіп, осы жерде қалмақтарды қирата жеңген екен, «аңыратқан» екен, содан Аңырақай аталыпты-мыс».

Ғ. Қоңқашпаевтың пікірінше, бұл – монғолдың «ангархай» (тау ішіндегі «сай, шатқал») деген сөзі. Монғолияда бұл сөздің терминдік мәні бар және географиялық атау ретінде де кездеседі (Г. Конкашпаев. Некоторые малопонятные географические на-

звания в Казахстане. Сб.: «Вопросы географии Казахстана». 1962, вып. 9, 242 беті).

Біз сөз этимологиясын басқаша қараймыз, сондықтан монғол тілінің сөздіктеріне жүгінейік. Монғол тілінде онгорхой – «ашық» деген сөз (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 130 беті), ал бурят-монгол тілінде «ангархай – открытый, растворенный, разинутый», «онгорхой – 1. щель, пробел, про свет, дыра; 2. открытый, зияющий, распахнутый» (К.М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, 56, 370 беттері).

Біздіңше, осы сөздіктерде көрсетілген мағыналардың ішінде бұған «ашық» сөзінің мағынасы келетін сияқты. Өйткені, бұл, біріншіден, таудың (жотаның) аты, сондықтан тауды Ғ. Қоңқашпаев айтқандай «сай, шатқал» деп атамаса керек. Екіншіден, бұл жотаның ар жағы да, бер жағы да ашық жазық болып келгендігін біз экспедицияда кезінде байқадық.

Ал сөздің этимологиясы түркі-монғол тіліне ортақ түбірден дамуы ықтимал. Мәселен, зерттеуші Б. Орузбаева қырғыз тіліндегі **аңырақай** (открытый) сөзінің түбірі қырғызша **аң** (яма), осыдан **аңырай, аңқай** (разинуть рот) сөздері жасалған, якут, маньчжур тілдеріндегі **аңа** (открытый, отворенный) сөзі де осы сөзбен бір түбірден деп қарайды. (Б. О. Орузбаева. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964, 138 беті). К.К. Юдахин сөздігінде **аң** сөзінің бірінші мағынасы «яма, промоина, обрыв (длинный)» деп беріледі де, «аңырақай» сөзі «что-либо имеющее вид большой расщелины: большое пустое пространство (напр. очень широкое ущелье)» деп түсіндіріледі (К. К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1965, 58, 60-беттері).

Сөйтіп, сөздің түбірі конкретті мәнінде қырғыз тілінен табылса, одан жасалған **аңырай** сөзі қазақ тілінде, де бар. «Есік аңырайып жатыр» деген тіркес «ашық жатыр» дегенді білдіреді. Сөйтіп сөздің этимологиясын былай көрсетуге болады: **аң**

(түбір)+ыр (зат есімнен етістік тудыратын жұрнақ) +**а** (көсемше жұрнағы)+қай (етістіктен сын есім жасайтын көне жұрнақ).

Сөздің түбірі түркі-монғол тілдерінде **аң//он//онг** екендігіне жоғарыда келтірілген мысалдардан басқа көне түркі тіліндегі **аңут** (воронка для разливания вина – М. Кашгари. Девону луғатит турк, индекс, Тошкент, 1967, 21 бет) сөзі, бұрят-монғол тілдеріндегі **онгогор (1)** раскрытый, зияющий, 2) разинутый – (о рте), **онгойхо** (1) раскрываться, открываться, отворяться; 2) ротозейничать) сөздері дәлел бола алады. В.М. Иллич-Свитычтың зерттеулеріне қарағанда бұл түбір сөз ностратикалық тілдерде де кең тараған (В.М. Иллич-Свитыч. Опыт сравнения ностр. языков. М., 1971, стр. 244-245).

Ал енді сөз аяғындағы **-қай** (-кей, -ақай//екей) қосымшасы біркезде түркі-монғол тілдеріне ортақ болған да, түркі тілдерінде бұл елі жұрнаққа айналған. Мәселен, бұл жұрнақтан түркі тілдерінде **сол+ақай, оң+қай, күн+гей, теріс+кей, деңгей, төс+кей, сіл+е+кей, көме+кей, құба+қай, құда+ғай** (әдеби тілде құдағи) т. б. сөздер жасалған. Бұл жұрнақ **күн, төс, сіл, көме(й),** құда сияқты зат есімдерге қосылуымен бірге, **сол, оң, тең (деңгей), құба** сияқты сын есімдерге де жалғанған. -Ғай> ай жұрнағы арқылы етістіктен зат есім жасалу фактісі де жоқ емес (Э. В. Севортян. Аффиксы именного словообразования в азерб. языке. М., 1966, стр. 170).

-Хай (-хэй, -хой) жұрнағының етістіктен және зат есімнен сын есім жасау қасиеті бурят тілінде сақталған: «Суффикс -хай, присоединяясь к глагольным основам, образует прилагательные со следующими значениями:

1) «имеющий качество, как бы приобретение в результате действия» например: эбдерхей «сломанный», развалившийся (от эбдер – «ломаться»); шуурхай «разорванный» (от шуура – «рваться», «разрываться»); соорхай «дырявый» (от сооро – продырявиться») и т. д.» (Грамматика бурятского языка. М., 1962, стр. 120).

Сөйтіп монғол тілдері семьясына жататын бурят тілінде бұл жұрнақ әлі де сақталған.

Қорыта келгенде Аңырақай топонимі түркі-монғол тілдеріне ортақ **аң//оң//онг** түбіріне **ыр+а** (түркі тілдеріндегі етістік жұрнақтары) жұрнақтары мен түркі-монғол тілдеріне ортақ **-қай** (сын, зат есім, жасайтын жұрнақ) жұрнағы қосылу арқылы жасалып, «ашық, аңырайған» деген мағынада қолданылған. Бұл топоним бір кезде «Аңырақай тау» («ашық тау, аңырайған тау» деген мағынада) деген тіркес түрінде қолданылып, кейін «тау» компоненті түсіп қалып, Аңырақай түрінде айтылып кеткен. Мұндай эллипстік құбылыс топонимикада жиі қолданылады.

АРҒАНАТЫ – Қазақстандағы Тарбағатай, Ұлытау жүйелеріндегі және Талдықорған облысындағы таулы шоқылардың аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың арғалинты (арқарлы) деген сөзінен шыққан. Осы Арғанаты аталатын тауларда бұрын арқар болған, кейбірінде қазірде де бар. Арғанаты аталатын шоқы таулар маңында Арқарлы деген таулар да қосарланып келеді. Оргалинты деген атаулар Монголияда және Солтүстік-батыс Қытайда жиі кездеседі. Талдықорған облысында Балқаш көлінің шығысына қарай Арғанаты тауы орналасқан, ал оның қасында Арқарлы тауы тұр. Тарбағатайдың солтүстік бөлегінде Арғанаты тауының қасында Арқарлы тауы жатыр (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 88 беті).

Ғ. Қоңқашпаев айтқандай монғол тіліндегі **аргаль** қазақша **арқар** екені рас (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 26 беті).

Бірақ бұл факті Арғанаты тауының аты монғолдың **аргалинты** (арқарлы) сөзінен қойылды деуге еш дәлел; бола алмайды. Біздіңше сөздің түбірі **арғана** монғол тілінде **арғал,**

түркі тілдерінде **арқар** сөзінің жасалуына негіз болған. Бұл топонимнің көне көрінісі осыны айтып тұр. **Л/р**, немесе керісінше **р/л** дыбыстарының алмасуы түркі тілінің өз ішінде де бар құбылыс: **тұқыл//тұқыр//тықыр, батыр//батыл.** Ендеше атаудың түбірі **арғана** сөзі, көне алтай заманында **«арқар»,** «тау ешкі» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде **арғал,** ал түркі тілдеріне ар-> **қар** түріне көшсе керек. Алты жұрнағы – осы заттың (Жануардың) бар екенін білдіретін, Алматы, Бұғыты, Ырғайты тәрізді атауларда сақталған туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ.

АРҚАТ – Семей мен Аякөздің арасындағы тау аты. Арқат тауы туралы өткен ғасырда осы жерден өткен Ш. Уәлиханов былай деп жазған болатын: «Эта соленцеватая область постепенно к Аягузу возвышается и образует возвышенный пик (сопку) Аркат. Живописные зубчатые синевы аркатские виднеются довольно далеко и разнообразят скучную и пустую дорогу. Горы Аркатские славятся кормом и потому в них сосредоточены зимовки найманских и уваковских волостей Аягузского округа» (Ч. Валиханов. Избр. произведения, Алма-Ата, 1958, стр. 236-237).

Осы маңда соңғы жылдары экспедицияда болған Ж. Болатов Арқат және басқа топонимдер жөнінде былай деп жазды: «Шәкеннің атасы – Байкісі. Байкісінің Архат, Бұрхат, Алжан, Қылжан деген төрт ұлы болады.

Бұлардың алғашқы үшеуі Ертістің батыс жағындағы Архат, Бұрхат, Алжан таулары маңында туғандықтан, осы аттар қойылды ма деген ой келеді» (Ж. Болатов. Шығыс Казақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы, Алматы, 1963, 178-179 беттері).

Автордың Архат, Бұрхат деген кісі аттары тау атынан қойылды деуі, – біздіңше, дұрыс пікір. Ал Алжан сол Әлжан деген кісінің жайлауы не қыстауы болғандықтан қойылуы да

ықтимал. Атаудың этиологиясы туралы бұдан бұрынғы бір мақаласында ол былай деп жазған болатын: «Осы айтылған территорияда Архат, Бұрхат деген қатар жатқан екі тау бар. Архат батыс жағында да, Бұрхат оның шығысында, алдыңғысы соңғысынан анағұрлым үлкен. Монғол тілінде **аргат** – айлалы, әдісті деген сөз. Ал, **бұрхат** сөзі монғолдың **бұр** (өте, тым), **хатан** (беріктік, қайтпас, қайсарлық) деген екі сөзінен бірігіп, екіншісінің соңғы дыбыстарының түсіп қалуы арқылы пайда болуы ықтимал» (Ж. Болатов. Семей облысының... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». Жинақ, 2 шығуы, 1960, 123 беті). Ж. Болатовтың бұл талдауы ешбір қисынға келмейді: біріншіден, «айлалы, тым берік» деген сөздер тау атына қойылмайтынын, екіншіден, топонимдерге оған ұқсас сөздерді жапсыра салғанмен сөз этимологиясы ашылмайтынын автор ескермеген.

Ал Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл атау монғолдың **ар** (солтүстік), **хад** (тау, жартас) деген сөздерінен жасалған. Оған тағы бір дәлел осы таудың оңтүстік жағында Борқат деген тау аты бар. Бұл да монғолдың убор (оңтүстік), хад (тау, жартас) деген сөздерінен жасалған (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения.... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 88 беті). Ғ. Қоңқашпаевтың пікірінің бағыты дұрыс болғанымен біздіңше, оны лингвистикалық жағынан дәлелдейтін, түзететін де жәйттері бар.

Атаудың бірінші компоненті **ар** сөзі – біздің ойы – мызша, **арқа, арт-қы** деген сөздердің түбірі. Ал – **қа, -т+қы** түркі тілдеріндегі өлі жұрнақтар. Ертеде түркі-монғол халықтарында батыс пен солтүстік **арт жақ,** ал шығыс пен оңтүстік **алдыңғы жақ** болып есептелгені тарихтан белгілі. Мысалы, якут тілінде **Арға қуол** гидронимі «батыс көл» деген сөз. Якут тілінде **арға** – батыс деген сөз (К.Ф. Гриценко.

Из якутской топонимии. Сб. «Топонимика Востока». Новые исследования. М., 1964, стр. 197). Бұл деректер де, біріншіден, ар сөзі **арқа, арт** сөздерінің түбірі екендігін дәлелдей түседі, екіншіден, **ар** сөзі түркі-монғол тіл ортақтығын айқындай түседі.

Сонымен **Архат** топонимінің бірінші компоненті түркі-монғол тілдеріндегі **ар** – түбір сөзінен жасалған да, екінші **хад** компоненті монғолдың жартас, тау мағынасындағы сөзінен аталған.

АЯКӨЗ (айтылуы: АЯГӨЗ) – Семей облысындағы өзен, аудан және аудан орталығының аты. Бұл атаудың этимологиясы жөнінде С. Нұрқанов былай деп жазды: «Балқаш төңірегіне көз тастаңызшы – Ай, Айқыз, Аягөз (ай-тайпа аты, гөз өгүз – су, яғни ай (лар) суы) атауларын көресіз. Айрық, Айтағы (ай-тайпа, тағы-тау) т. б. жер-су, тау аттарын ұшыратамыз» («Қазақстан мектебі», журналы, № 1, 1967, 76-6). Демек, С. Нұрқановтың пікірі бойынша аякөз сөзі **ай+өгуз** (су) деген екі компоненттен тұрады. Көне түркі тілінде **угуз** – өзен екенін (Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л.,, 1951, 440 беті) ескерсек, бұл пікірдің бағыты тиянақтала түседі. Алайда С. Нұрқанов пікірінде біраз дәлсіздік бар. Мәселен, Айрық топонимін бұл топқа жатқызу, біздіңше дәлелсіз сияқты, үйткені бұл топонимнің түбірі – **Айр** (айыр), осыған ертедегі өнімді **-ық** жұрнағы қосылу арқылы жасалған.

Бұл гидронимдердің ішіндегі көне формасын сақтағаны да – осы Аягөз. Ал **ай** сөзі тайпа атауы деудің өзі де қиын-ақ, өйткені, бұл өлкедегі және жалпы қазақтың этностық құрамын-да **ай** деген тайпа немесе ру атын кездестіре алмадық. Ал осы Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына көршілес жатқан Алтай автономия облысында Ай, Айгары, Айқұлақ, Айлы – Оозы деген өзендер бар. Бұлардын бәрін Н.А. Баскаков пен Т.М. Тощакова «луна, месяц» деп аударыпты (Н. А. Баскаков, Т.М. Тощакова. Ойротско-русский словарь. М., 1947, 196 беті). Ал **ай**

сөзінің мағынасы осы авторлар айтқандай «луна» болуы да, немесе «кіші» болуы да ықтимал. Сонымен бірге көне **Ай+угуз** атауы айға ұқсаған «жақсы өзен» мағынасында да қолданылуы мүмкін. Сондықтан **ай** компонентінің мағынасы әлі де анықтай түсуді кажет етеді..

Қорыта келгенде, Аягөз гидронимінің этимологиясы мынадай түрде болса керек: **Ай** (1 луна; 2. жақсы; 3. кіші?)+**угуз** (өзен, су)>Айугуз>Аягөз.

АТАСАҒҰН – Жамбыл облысы мен Қырғызстанға шекаралас маңдағы тарихи қала аты. Баласағұн, Барсыған атауларын қараңыз.

БАДАЛАРТ – Талас Алатауындағы және қырғыз жеріндегі асу аты. Бұл атау жөнінде М. Қашқари былай деп жазыпты: «Бадаларт – Ош пенен Барсаған арасындағы бір жер, өтуі қиын болған шоқы» (1, 373 беті). Бұл атау біздің ойымызша екі компоненттен жасалған: **бадал+арт.**

Атаудың бадал деген бөлімі қырғыз тілінде бар: «бадал 1. заросли, мелколесье; 2. «кустарник» (К. К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1965, стр. 92). Бұл сөздің мағынасы қазақша «жыңғыл» дегенге келеді.

Ал атаудың екінші бөлімі **арт** М. Қашқари еңбегінде асу (перевал) мағынасында кездеседі (1, 78 беті, III, 9 беті).

Шор, қырғыз тілдерінде де арт – «асу» деген сөз. Бұл термин арқылы жасалған топонимдер Шорияда жиі ұшырайды (Сб. «Языки и топонимия Сибири». Томск, 1966, 168 беті; К.К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1905, стр. 70-71). **Арт** термині туралы Есекартқан (қараңыз) топонимінде толық айтылған. Сонымен бұл атау екі сөзден жасалған. **Бадал** (жыңғыл)+**арт** (асу), яғни «жыңғыласу» дегенді білдіреді.

БАДАМ – Шымкент облысы, Бөген ауданындағы жер аты. Бұл сөз көршілес иран тілдерінен енген. Тәжік тілінде:

Бодом – миндаль, миндальный орех» (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 74). Жергілікті жерде бұл жеміс бадам, немесе түкті өрік деп аталады.

Тарихи қала аты Кани-Бадам да осы сөзбен түбірлес болуға тиіс. Ал тәжік тіліндегі бодом сөзі қазақша бадам болып айтылуы заңды, өйткені ондағы **о** дыбысы – қазақ тіліндегі **о** және **а** дыбыстарының ортасындағы тіл арты дыбыс (Сонда, 531 бет).

БАЙРАҚҚҰМ – Шымкент облысы, Арыс (?) ауданында Сырдария өзенінің бойында орналасқан елді пункт аты. Түрік, башқұрт, татар, ұйғыр, қырғыз, өзбек, әзербайжан тілдерінде байрақ сөзі «ту», «жалау» деген мағынаны білдіреді. В. В. Радлов сөздігінде мынадай түсінік берілген: «1. **байрак** (Дж. В. Тркм.) – приз на бегах 2. байрак (Осм. ОТ) – 1) знамя, штандарт, флаг, 2) маленький флаг» (Опыт словаря... Том IV, часть 2, стр, 1425). Түрікмен тілінде: «**байрак** – приз, награда, премия; **байрақ майданы** ристалище, поле, на котором происходит состязание» (Туркменско-русский словарь. М., 1968, стр. 67). Иран тобына жататын тәжік тілінде **байрақ** – «ту, жалауша».

Байрақ сөзінің этимологиясы жөнінде жазған А. Махмутов былай дейді:

«Бұл түркі сөзі. Көне тұлғасы – батрақ; мағынасы – әскер ұрыста өзін белгілі қылу үшін ұстайтын, ұшына ерекше жібек ілінген ағаш (МҚ. 1, 432). Қазақ тілінде бұл сөз т дыбысының й-ға алмасуы арқылы батрак>байрақ болып өзгерген тәрізді. Көне түркі тілдерінде **д** және: **й** дыбыстарының алмасаты – бұрыннан белгілі (салыстыр: адрул/айрул) (Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 54 беті).

Байрақ сөзі Гурьев облысы Маңқыстау ауданы тұрғындарының тілінде «жүлде, бәйге, ту» мағынасында қолданылатынын проф. С. Аманжолов пен С. Омарбеков көрсеткен болатын. «Ту, жалау» деген мағынадағы **байрақ** сөзі көне түркі сөзі екендігіне М. Қашқари еңбегінде оның «батрак, байрақ» түрінде қосар қолданылуы дәлел болады. Сондықтан **байрақ** (ту, жалау) сөзі (көне түркі **батрақ** сөзінің жаңарған түрі) түркі тілдерінен иран (тәжік) тіліне ауысуы мүмкін.

Ал «жүлде, бәйге» мағынасындағы **байрақ** сөзі түркі-монғол тілдеріне ортақ арнадан алынуы әбден ықтимал. Байрақ және бәйге сөздерінің синоним екеніне мын өлеңдер шумағы да дәлел:

Отау тігіп, ақ жапқан,
Байрақты тігіп, ат шапқан.
(Қашаған)
Шешендіктің белгісі...
Дұрыстап жауап шығармақ,
Жүйріктіктің белгісі... –
Байраққа қосқан тұмарлап.
(Ақтан).

Біздіңше, осы бәйге мағынасындағы байрақ сөзі мынадай элементтерден тұрады: **бай+ыр+ақ.** Оған дәлел: тува; тілінде **байыр** 1) праздник, 2) праздничный; **байырлал** «торжество, праздник» (Тувинско-русский словарь. М., 1955, стр. 80). Демек **бай** түбіріне әрі есімше, әрі жаңа сөз жасайтын көне **-ыр** жұрнағы қосылып тува тілінде **байыр** сөзін жасаса, оған етістікке **-ақ** жұрнағы қосылып, **бай/ы/рақ** зат есімін тудыруы да заңды. Тува тіліндегі **байыр+лал** (торжество, праздник) туынды сөзі де осыған ұқсас.

Қорытындылай келгенде атау этимологиясы мынадай: бай+ыр+ақ>байрақ+құм>Байраққұм. Яғни мағынасы «бәйге құм», «той өтетін жер». Қызылорда облысындағы Бәйгеқұм станция атауы да осы пікірді дәлелдей түседі. Мұндай типтес атау Түркменияда бар: «Байраклыдепе – Кака ауданындағы ескі қала. Кәриялардың сөзіне қарағанда, ат жарыстырғанда, аттарды сол жерде қоя жіберетіндігі және бәйгесін сол жерде берілетіндігі үшін оған осындай атау беріліпті» (С. Атаниязов. Түркменстанның топонимик сөзлуги. Ашгабат, 1970, 39 бет).

БАЙЫНҚОЛ – Алматы облысы Нарынқол ауданындағы өзен аты. Бұл монғол тілінен енген гидроним. Байынқол монғолша екі сөзден құралған: **байын** – бай, **қол** – өзен де-

ген сөз. Э.М. Мурзаев мұндай атаулар Монголияда, Синцзянда жиі кездесетінін айтады (Э. М. Мурзаев. Природа Синьцзяна... М., 1966, 336 бет). Осы гидронимнің құрамындағы «бай» сөзі ертедегі түркі-монғол тілдерінің туыстығынан қалған ортақ элемент болуы да ықтимал. Бұл өлкеде монғолдың **нарийн** (жіңішке) қол (өзен) деген сөздерінен жасалған **Нарынқол** өзенінің аты бар. Ендеше бұл ауданда монғол сөзінен жасалған топонимдерді кездейсоқ деуге болмайды.

БАҚАНАС – Алматы облысындағы Іленің Балқашқа құяр маңындағы жер, село, аудан аты, Семей облысында Шыңғыс тауынан басталып, Алакөлге жетпей құрдымға айналатын өзен аты.

Топонимист Е. Қойшыбаев Ағанас, Бақанас, Балқаш т. б. гидронимдердің түбірі түркі тілдерінікі, ал -«ас», -«аш», «ес» угор тілдерінің өзен терминін білдіретін көрсеткіші деп қарайды (Е. Койчубаев. Основные типы топонимов Семиречья. Автореферат канд. дисс, 1967, стр. 13-15). Автордың сөз түбірі түркі тілдерінен деген пікірі дұрыс, бірақ қосымшалары угор тілдерінен дегені, біздіңше, талас тудырады.

Филология ғылымының докторы Ж. Болатов сөз этимологиясы туралы мынадай бір сөйлеммен қысқа тұжырым айтыпты: «Бақанас – монғол, қалмақ тілдерінде бақана – бақан, с – көптік мағынаны білдіретін жұрнақ» (Ж. Болатов. Тұраты селосында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Сб. «Исследования по тюркологии». Алма-Ата, 1969, 237 беті).

Бақанас сөзінің терминдік мағынасы туралы П. Устименко мен М. Өтемағанбетов мынадай көңіл аударлық пікір айтыпты:

«Русло реки (Или) часто разветвляется на протоки, разделенные островами, заросшими кустарниками и камышом. Долина реки сужается только в районе Капчагайского ущелья, затем она становится равнинной. Или впадает в Балхаш несколькими рукавами (баканасами), образуя обширную дельту» (П.Д. Усти-

менко, М. М. Утемагамбетов. Физическая география Казах-ской ССР. Учебник для 7 кл. Алма-Ата, 1972, стр. 67).

Соңғы авторлардың пікірі дұрыс, өйткені Бақанас селосы тұрған жерден әрі Балқашқа қарай Іле өзені көп тармаққа бөлініп кетеді.

Біздің ойымызша, сөз түбірі – **бақан//бахана//бахн// багана.** Осыдан **бақанақ,** бақанас деген сөздер жасалған. Бақанақ сөзі М. Қашқари сөздігінде былай деп түсіндіріледі:

«Бақанақ – айыр тұяқтылардың екі башпайының арасы, немесе екі башпайдың бірі» (III, 192 беті).

В.В. Радлов сөздігінде мынадай деректер бар:

«бақан – шест, которым поднимают и подпирают кошмы в кибитке».

«Баканак (из бакан-ак) – 1) копыто двукопытных : животных (В. В. Радлов. Опыт СТН. Том IV, часть 2, стр. 1437-1428).

Қазақша **бақан** киіз үйдің шаңырағын, түндігін, туырлығын көтеретін сырық, басы айырбақай аша түрінде болады.

Монғолша **баґана** – «бақан, баґана, қада, тіреу (Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатар, 1954, 32 беті).

Қалмақ тілінде **бахн** – «столб» (Краткий русско-калмыцкий словарь. М., 1969, стр. 548).

Келтірілген фактілер түркі-монғол тілдеріндегі **бақан// бахана//бахн, баґана** формалары бір түбірден екенін дәлелдейді. Сол себептен бұл түбірлі сөзді Ж. Болатов айтқандай монғол, қалмақ тілдерінікі ғана деп қарауға болмайды.

Ал сөз аяғындағы **-с** қосымшасы көне түркі-монғол тілдерінде көптікті білдіретін форма болған (Т.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 57). Осы көптік жалғауы арқылы **Келес, Талас, Текес** (қараңыз) сияқты гидронимдер жасалған.

Сөйтіп қорыта келгенде **Бақанас** атауы **бақан(а)+с** элементтерінен жасалып, бақандар, яғни «өзен салалары» дегенді білдіреді. Семей облысындағы **Бақанас** өзені де бірнеше сала-

дан қосылып, бірнеше тармаққа бөлінеді. Іле, Бақанас өзендерінің осы қасиетін Бақанас атауы географиялық жағынан дәл беріп тұр.

БАЛАСАҒҰН – Қазіргі Жамбыл қаласы мен Ыстықкөлдің арасындағы тарихи қала. Бұл қала аты М. Қашқаридың еңбегінде бірнеше рет кездеседі (1 том, 66, 94, 145, 148 беттері). Қала атының этимологиясы туралы Ғ. Мұсабаев пен А. Махмутов былай деп жазды: «Баласағұн – Ыстық көлге жақын. Қордайдың күнгей жақ етегінде болған, осы күнде қирап, құр орны қалған, бала – кіші, сағұн – аймақ деген сөзден құралған. Мұны Махмуд Қашқари: құз орда, құз – ұлыс деп те атайтынын айтқан. Баласағұн қаласы XIV ғасырдағы Азия картасында, ағылшын Юлдың картасында да болған» (Ғ. Мұсабаев, А. Махмұтов. Эпиграфиялық экспедиция материалдарынан. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер», жинақ, 1965, 163 беті). Авторлардың Н.Я. Бичурин еңбегіне сүйене отырып айтуларына қарағанда, бұл маңда ертеде Атасағұн деген де қала болған (Сонда). Ендеше үлкен, кіші деген мағынада жұмсалатын ата, бала деген сөздер Баласағұн топонимінің бірінші компонентінің түркі сөзі екендігіне күмән келтірмейді. Жоғарыда авторлар атаудың екінші бөлімі **сағун** сөзі аймақ дейді де, қай тілден екеніне де, қай нұсқадан алғандарын да айтпайды. Авторлардың сол маңдағы Барсыған қаласы жөнінде жазғандары да көңіл аударарлық: «Барсыған Ыстық көлдің батыс жағында, Баласағұннан түстік жерде. Мұны Барыс хан деу ойға сыймайды, өйткені М. Қашқари олай деп атамаған. Бұл барсағұн болуы да ықтимал. Бірақ VII ғасырда сығын болып жазылған. Қазіргі тіліміздегі сауын айту – сағынға айту деген болар» (Сонда). Мұндағы авторлардың топоним этимологиясын Барыс хан деу ойға сыймайды дегендері дұрыс. Бірақ, олардың сағун сөзі VII ғасырда сығұн болып жазылды деуі қате, өйткені С.Е. Маловтың еңбегіндегі сығын сөзі XIV ғасырдағы автор

Рабгузиден алынғанын авторлар. байқамаған! (С. Е. Малов. Памятники... М.,-Л., 1951, стр. 424). Авторлар бір сағұн сөзі туралы бір-біріне қайшы пікір айтады: біресе бұл **сағынға айту** (сауын айту) тіркесімен байланысты десе, біресе **сағұн** (аймақ) сөзімен түбірлес дейді.

Біздің ойымызша бұл **сығын** – ертеде «қорғаныс, бекініс, қала» деген мағынаны білдіретін көне түркі сөзі. Оған мынадай дәлелдер келтіруге болады.

1) М. Қашқаридың еңбегінде **сығынды** сөзіне мынадай түсінік берілген: «кэіјк турағқа сығынды» (киік мекенге тығылды) (II, 177), «Көне түркі сөздігінің» авторлары М. Қашқаридың осы сөзін мысалға келтіре отырып, бұл «укрываться, прятаться» деп түсіндірді де, сөздің түбірі **сыг,** ал **-ын** өздік (возвр.) етістің жұрнағы дейді (Древнетюркский словарь. Л., 1969, стр. 502). Бұл арада сөздің түбірі **сыг** – жасырыну, тығылу, қорғану мағынасында екені түсінікті.

2) Дәл осы контекстегі **-ын** жұрнағы етіс категориясына тән болғанымен, түркі тілдерінде мұндай жұрнақ ертеде етістіктен зат есім тудыратын өнімді жұрнақ та болған. Қазақ тілінен мысалдар келтірейік: **тық+ын-тығын, шық+ын -шығын, ақ+ын -ағын, ек+ін -егін, түй+ін -түйін, сус(а)+ын -сусын** т. б. Ал көне және қазіргі түркі тілдеріндегі етістіктен зат есім туғызатын бұл жұрнақ Э.В. Севортянның еңбегінде толық келтірілгендіктен, тоқталып жатпаймыз (Э.В. Севортян. Аффиксы именного словообразования в азерб. языке.М., 1966, стр. 332-337). Г. И. Рамстедт етістікке **-н, -ын** жұрнағы қосылып негізінен сын есім, бірақ біраз жағдайда зат есім жасалатынын көрсетеді: акун (течение), сатун (торговля), келін (сноха) т. б. (Введение в алтайское языкознание. 1957, стр. 91).

3) Осман түріктері, қырым татарлары, алтай, телеуіт тілдерінде **сығынмақ, сықнмақ** сөздерінің бір мағынасы «отступать, прятаться, искать убежище, защищаться» (В.В. Радлов. Опыт словаря... Том IV, часть 1, стр. 617). Міне мұндағы сөздің

түбірі де **-сығын.** Дәл осы арада **қорған** (бекініс) және қорғану (етістік) сөздерімен **сығын** (қорған) және **сығынмақ** (қорғану) сөздерін салыстыруға әбден болады. Өйткені қорған сөзінің де түбірі **корг//корк** (сақтану) + **а** (етістіктен етістік тудыратын жұрнақ) +**н** (етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ). Мұны **корка//корга+н** деп те түсіндіруге болады. Міне мұнда да **-н** жұрнағы етістіктен зат есім тудырып тұр.

Осы келтірілген фактілерге сүйене отырып, біз сөздің түбірі **сыг** (етістік «тығылу, сақтану» мәнінде) +**ын** (етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ) қосылу арқылы «бекініс», «қорған», «қала» деген мағынадағы сөз жасалған деп білеміз. Бұл сөздің **сағын** формасына айналуы атаудың бірінші компоненті **бала** сөзіндегі ашық «а» дыбыстарының кейінгі буындарға әсерінен болуы ықтимал: **Бала – сығын>Баласағын.** Олай болса **Ата** (ұлы) +**сағын**, **Бар** (үлкен) +**сағын** қалаларының аты да осылай түсіндірілуі керек (Бұл атауларды да осы сөздіктін қараңыз).

БАРСЫҒАН (БАРСАҒАН) – Ерте орта ғасырдағы тарихи қаланың аты. Бұл қала жөнінде XI ғасырдағы М. Қашқари еңбегінде мынадай мәліметтер бар: «Барсған-Афрасияб ұлының аты. Барсған шахарын салған сол еді. Махмудтың (М. Қашқари – А. Ә.) әкесі осы шахардан еді.

Біреулер: ұйғыр бегі жылқышысының аты Барсған еді; бұл жердің ауасы жақсы болғаны үшін, ол аттарын осы жерде бағар еді. Соңынан шахарға соның есімі беріліп, Барсған деп аталды – деген сөз бар»(III, 424-беті).

Бұдан басқа Барсыған сөзі екі рет кездеседі. Ачы (қазақша әже) деген сөзді М. Қашқари «кексе қатын» деп түсіндіріп, бұл барсағанлар луғатида» (тілінде) дейді (I, 114-беті). Ал «қазған» деген сөзді түсіндіргенде, М. Қашқари мынадай бір ауыз өлең мысал келтіреді:

«Құс жауызы сауысқан,
Ағаш жауызы азған,
Жер жауызы қазған,

Халық жауызы Барсаған» (I, 411-беті).

Жоғарыдағы қала атымен соңғы өлеңдегі Барсаған сөзі ... болып бірдей жазылған. Алайда М. Қашқари еңбегін өзбек тіліне аударушылар қала атын **Барсған деп**, ал халық атын **барсаған** деп берген. М. Қашқари еңбегін өзбек тіліне аударушылар бір рет Барсған (III, 425-беті), екі рет Барсаған (I, 114-беті, 411- беті) деп жазған.

Бұл атау және оның этимологиясы жөнінде Ғ. Мұсабаев пен А. Махмұтов былай деп жазды: «Барсыған – Ыстық көлдің батыс жағында, Баласағұннан түстік жерде. Мұны Барыс хан деу ойға сыймайды, өйткені Махмуд Қашқари олай деп атамаған. Бұл барсағұн болуы да ықтимал. Бірақ VII ғасырда сығын болып жазылған.

Қазіргі тіліміздегі сауын айту – сағынға айту деген болар» (Ғ. Мұсабаев, А. Махмұтов. Эпиграфиялық экспедиция материалдарынан. «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер». 1965, 163-беті). Осы атаудан кейінгі Барсағұн атауын авторлар бала – кіші, сағұн – аймақ деген сөздерден жасалған дейді. Авторлардың сағұн – аймақ дегені бір шама дұрыс болғанымен, бұл сөздің этимологиясы әлі де ашылмаған. Ал авторлардың «бұл атау VII ғасырда сығын болып жазылды» деген мәліметті қайдан алғанын білмейміз. Егер авторлар бұл мәліметті С. Е. Маловтың еңбегінен алса, ондағы сығын сөзі XIV ғасырдағы автор Рабғузи шығармасынан алынғанын авторлар аңғармаған (С. Е. Малов. Памятники... М.-Л., 1951стр., 424).

Біздің ойымызша Атасағұн, Баласағұн, Барсыған деген тарихи қала аттарының құрамындағы **сыған//саған//сағун** сөздері – араб графикасына байланысты әртүрлі оқылып келген атаулар. Біздіңше **сыған//сығын** – ертеде «қорғаныс, бекініс, қала» дегенді білдіретін көне түркі сөзі. Біз бұл атаудың этимологиясы туралы пікірімізді Баласағұн (қараңыз) сөзінде толық айтқандықтан, бұл арада тоқталмаймыз. Оның орнына

атаудың бірінші компоненті «бар» сөзі жөніндегі ойлары-мызды айтайық.

М. Қашқаридың еңбегінен **бар** сөзінің екі мағынасы бар екені байқалады: 1) бір нәрсенің барлығын білдіретін сөз; 2) үлкен (III, 161-162). Сөздің екінші мағынасына М. Қашқари мынадай түсінік берген: «бар: бар jіг-да – үлкен жиде» (III, 162-беті). Міне осы тіркесте; бар – «үлкен» деген сөз. Бұл сөздің үлкен мағынасы түркі тілдерінде сақталмаған. Оның қазақ тіліндегі сақталуы мүмкін-ау деген тіркесті С. Омарбеков еске салды. «Қыз Жібек» жырында Төлеген көш соңынан Жібекті қуып жетіп, екеуі айтысады. Сонда Қыз Жібек Төлегенге былай дейді:

Келсең кел шыдап қасыма,
Шай мамығым басыңа
Ап жатпас па едім қасыма.
Алуа шекер беремін
Ішетұғын асыңа.
Келсең келгін Төлеген
Құрметім мұндай, мінеки.
Келмесең арман кете бер
Бар дамбалым басыңа.

Міне осы контексте **бар дамбал** – «үлкен дамбал» болуы керек. Бұл пікірге төмендегідей қосымша материал келтіру артық болмас деп ойлаймыз.

Барс сөзі славян тілдеріне түркі тілдерінен енген (М. Фасмер. Этимологический словарь русского языка. Т. 1, М., 1964, стр. 128). Бұл сөз көне түркі тілдерінде де болған. Оның үстіне «барс киік» деген сөз «барс аң» (үлкен аң) деген мағынада қолданылған (С.Е. Малов. Памятники..., М., 1951, стр. 268). Сөздің түбірі **бар** болуы керек, үйткені монғол тілдерінде **бар** сөзі де, **барс//барыс** сөздері де **барс** дегенді білдіреді (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік Уланбатор, 1954, стр. 35-36; К- М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951,

стр. 90, 92). Бурят-монғол тілінде «бар хушэн» – львиная сила (үлкен күш) деген сөз. Алтай тілінде де **бар** – жолбарыс (тигр) (Н.А. Баскаков, Т.М. Тощакова. Ойротско-русский словарь. М., 1949, стр. 27). Бұл келтірілген фактілерден **барс** сөзінің де түбірі **бар** екені байқалады. Мұның өзі де **бар//барс** аң, тіркесі «үлкен аң» деген мағынада қолданылып жүріп (жоғарыдағы «барс киік» сөзін еске алыңыз), кейін аң, киік сөздері түсіп қалып, эллипсистік сөзге айналуы әбден ықтимал. **Барс** аң аты және жыл аты ретінде М. Қашқарида бар (I, 330-беті).

Ал **бар** сөзіне қосылған-**с** жұрнағына келсек, оны ертедегі **-ч, ш** жұрнақтарымен қатар қоюға болады. Э.В. Севортянның зерттеулеріне қарағанда қазір өнімсіз **-ч** жұрнағы есім сөздерге қосылып кішірейту мәнінде ғана емес, үлкейту мағынасында да тарихи жағынан ертеде өнімді жұрнақ болған. Ол осы пікірге дәлел ретінде мынадай мысал келтіреді: «Анач – «большой, матерый», от ана «мать» – аффикс – имеет в примере увеличительное значение..., голач «мера, равная длине руки от кончиков пальцев до головы» от гол «рука» (до предплечья); здесь также производное слово имеет увеличительное значение..., бабаш «самый крупный и старый самец (о домашней птице)» от баба «отец» (Э. В. Севотян. Аффиксы именного словообразования..., М., 1966, стр. 169-170). Келтірілген мысалдардан ч//с жұрнақтары (башқұрт тіліндегі **қол+ас** сөзі, қазақ тіліндегі **кең+іс+тік** сөзіне көңіл аударыңыз) есім сөздерден күшейтпе есім сөз жасайтыны анық байқалады. Ендеше **бар+с** сөзіндегі де осы тарихи жұрнақ болуы керек.

Сонымен Барсыған атауы біздіңше **Бар+сығын** сөздерінің қосылуынан жасалған. Соңғы компонент араб графикасымен **сығын//саған//сағұн** болып жазылған (Баласағұн, Сығынақ атауларын қараңыз).

БАСҚАН – Талдықорған облысындағы басы Жоңғар Алатауынан басталып, Лепсі өзеніне құятын өзен аты. Бұл гидронимнің екінші компоненті «қан» туралы көптеген авторлар жазды. Э.М.

Мурзаевтың бір мақаласында көрнекті зерттеушілер С.П. Толстов пен В.А. Абаевтың да, өзінің де пікірі келтірілген. Ол былай деп жазды: «Терминологический ряд **акан-кан, -канг -ганг** означает водный поток, река. Этот широко распрастраненный термин прослеживается на огромном протяжении от Ближнего до Дального Востока – через Сибирь, Закавказье, Среднюю Азию и т. д. Посмотрите, какая получается поразительная устойчивость. Я сошлюсь на С.П. Толстова, который производил работы в Хорезмийской низменности и слово кангха связал с иранской и общеиндоевропейской основой кан, отсюда и канал, что перекликается с этимологическим рядом, выведенным В.И. Абаевым. Он указывает, что глагольная основа кан на многих иранских языках дает широкое развитие значений – рыть, копать, насыпать, нагружать, наполнять и др. В корейском языке кан, канг, ган – река, вода, отсюда и названия рек Амноккан, Ханган, Тедоган; в Индии ганг – река, большая река; у монголов – крутой высокий берег реки, обрыв, овраг, утес» (Э. М. Мурзаев. Местные географические термины. Сб. «Транскрипция географических названий». М., 1960, стр. 75).

Э.М. Мурзаев екінші бір еңбегінде де **кам, кем, кан** сөздері Азия елдерінің гидронимдерінде жиі кездесетінін айта келіп, бұл индоевропа тілдерінен тараған деп қарайды (Э.М Мурзаев. «Природа Синьцзяна...». М., 1966, стр. 349). Э.М. Мурзаев бұл қорытындыға соңғы кезде келгенімен, бұрын пікірі басқаша болатын-ды. Ол «Жергілікті географиялық терминдер сөздігі» деп аталатын еңбегінде **кан** сөзінің нұсқасы екі түрлі арнадан екенін көрсеткен-ді: 1) **кан** – тәжікше, өзбекше «канал», шығу тегі иран тілдеріндегі **кан** (қазу) етістігімен түбірлес; 2) **кан** – корей тілінде «өзен», «су» деген сөз (Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, 98-100-беттері). Э.М. Мурзаев, жоғарыда көрсетілгендей кейінгі еңбектерінде **кан, кам,** кем сөздеріне аяқталған барлық гидронимдерді бір

арнаға жатқызуға, яғни индоевропа тілдерінен тараған деген пікірге тоқырайды.

Екінші көрнекті топонимист В.А. Никонов **кан** гидронимінің этимологиясы туралы былай деп жазды: «Кан – правый приток Енисея. По-видимому, нарицательное «река, приток» (из тунгусо-маньчжур. языков). Э. М. Мурзаев связывает воедино, как общее обозначение «река», корейск. **ган,** китайск. цзян, в Индии **Ганг и** др.» (В. И. Никонов. Краткий топонимический словарь. М., 1966, 172-бет).

-Қан,-хем,-кем сөздеріне аяқталған гидронимдердің Сібірдегі таралу ареалы туралы көрнекті совет топонимисі А.П. Дульзон да жазған-ды. Ол Эвенкі ұлт округінде – **кан** сөзіне аяқталган гидронимдер өте көп екенін көрсете келіп, мынадай атауларды мысалға келтірген-ді: Агиткан, Агланкан, Акукан, Алманакан, Амнудакан, Амушкан, Аяқтакан, Батуликан т. б. Бұл типтес атаулар бұдан әрі Хабаровск өлкесінде Амурға дейін, Лена өзенінің жоғарғы жағында және Бурят АССР-ында да көп екенін айтқанды. Бұл атаулар шығу тегі жағынан эвенкілердікі болуы керек-дейді де, А. П. Дульзон бұл – **кан** формантының шығу тегі екі түрлі болуы ықтимал – деп көрсетеді. Біріншісі, кішірейту жұрнағы. Екіншісі, тунгус-маньчжур тілдеріне жақын корей тілінде канг – «өзен» деген сөз. Ал – **хем** (-кем) ареалының таралуы және ол сөздің мағынасы жөнінде А. П. Дульзон былай деп жазды:

Специфична для Тувы большая серия речных названий на -хем (-кем). Эти названия составляют плотный ареал, занимающий всю Туву, юго-восток Горно-Алтайской области и территорию Красноярского края к югу от Минусинска. Приведем примеры: а) тувинские: Балыктыг-Хем, Баш-Хем, Бий-Хем... б) алтайские: Ак-Хем, Ара-Кем, Байлу-кем... Состав этих слов в ряде случаев ясно показывает, что элемент кем осмысливается как общее название реки: Улуг-хем «большая река», Кызы-Хем «узкая», Диту-Кем «вонючая», Балыктыг-Хем «рыбная». В со-

временной тувинской литературе можно встретить слово кем в значении «река».

А.П. Дульзон «кем» туркі, кет, самодий тілдерше жатпайтын сөз дейді. Бірақ қай тілге жататынын ол, көрсетпейді (А.П. Дульзон. Топонимы Средней Сибири. «Изв. Сиб. отд. АН СССР». Серия общ. наук, № 5. Вып. 1965, стр. 112-111).

Орта Сібір гидронимдеріндегі-кан ареалы жөнінде арнайы мақала жазған Ким Чер Лен – **кан** элементінің қатысуымен жазылған атаулар Хабаровск өлкесінен Енисейге дейін, одан солтүстікке қарай Эвенкі ұлт округын қамтитынын айтады.

Автор бұл форманттың шығу тегі жөнінде айтылған А.П. Дульзонның бізге мәлімсіз мына пікірін келтіреді:

«Формант-кан, возможно, двоякого происхождения: в одних случаях это, вероятно, уменьшительный суффикс... Но в других случаях элемент -кан, по-видимому, восходит к форме канг, засвидетельствованной как название реки Кан в XVIII в., в пользу этого предположения говорит и то, что в корейском языке, тоже относящемся к тунгусо-маньчжурской группе языков, слово канг обозначает «река» и что вследствие этого в Корее встречается тот же тип речных названий, например: Амнокан, Тедонган, Ханган» (А.П. Дульзон. Дотунгусские топонимы Средней Сибири).

Автор А.П. Дульзонның бұл пікірін толық қолдай және оған көптеген мысалдар мен дәлелдер келтіре отырып былай деп қорытындылайды: «Итак, топоформант -кан с вариантами, распространенный по всей территории эвенкийского языка, выполняет две различные функции словообразовательного характера: он служит для выражения уменьшительности и для образования гидронимов. Вторая его функция, более распространенная и важная, возникла, очевидно, потому, что этот формант восходит к слову, имевшему значение «река» (Ким Чер Лен. Гидронимический ареал -кан в Средней Сибири. Сб.: «Топонимика Востока». Новые исследования, М., 1964, стр. 146-149).

Якутия гидронимиясын арнайы зерттеген К.Ф. Гриценко **-кан** және **-ган** форманттарының басым көпшілігі гидронимдерге қатысты екенін және бұлар кішірейту жұрнағы есебінде қолданылатынын айтады (К.Ф. Гриценко. Названия рек и озер Якутии. Автореферат канд. диссертации. Томск, 1968, стр. 15). Ханты тілінде **еган** – өзендердің жалпы аты (Л.И. Калинина. Ареалы распространения хантыйских топонимов..., «Учен. зап. Томского госпединститута. Том XIX. Вып. 2, Томск, 1961, стр. 211). Бұл сөзді де жоғарыдағы **-кан** сөзіне жақындастыруға болатын сияқты.

Жоғарыдағы шолудан **-қан, -ган, -кем, -хем** формаларына аяқталған гидронимдер сонау Қиыр Шығыс пен Якутиядан бастап, Индияға дейін созылып жатқанын байқадық. Э.М. Мурзаев бұлардың шығу арнасы бір деп қарайтынын айттық. Біз Қазақстандағы Басқан гидронимін, сол сияқты осы өзенмен көршілес жатқан Сарқан өзені атын да басқа Алтай мен Сібірдегі түркі, гунгус-маньчжур және корей тілдеріндегі өзен мағынасындағы **-кан//кем** сөздерімен туыстас деп қараймыз. Сонда бұл гидронимдер **Бас+қан** «бас, үлкен өзен», ал Сары-қан – «сары су, өзен», деген мағынаны білдіреді. Бұл гидронимдердің индо-иран тілдеріндегі **кан** сөзіне қатысы бар-жоғын дәл айта алмаймыз.

БАЯНАУЫЛ – Павлодар облысындағы тау, аудан және аудан орталығының аты. Бұл атаулар тау атынан алынған. Ғ. Қоңқашпаевтың зерттеуі бойынша, бұл монғолдың **баин (бай)+ола (тау)** деген сөздерінен жасалған. Жергілікті қазақтар тауды **Баянаула** деп атайды, ал оның шығыс биік жотасын **Жақсыаула,** батыс аласа жотасын **Жаманаула** деп атайды. Л. Левшиннің, П. Рычковтың, Красовскийдің еңбектерінде бұл атау **Баян-Ола,** Баянаула болып жазылған. Ш. Уәлиханов өз еңбектерінің бірінде **Баянаула** монғол сөзі деп, мағынасын түсіндіріпті. Баин-Ола деген тау аты Монғолияда жиі ұшырасады (Г. Конкашпаев. Географические названия монголь-

ского происхождения... Известия АН КазССР Серия филологии и искусствоведения... Вып. I (11), 1959, 89-беті). Зерттеуші Ш. Ш. Сарыбаев та осы пікірде (Ш. Ш. Сарыбаев. К вопросу о монгольско-казахских языковых связах. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, жинақ, 2-шығуы, 1960, 36-37-беттері). Ғ. Қоңқашпаев мұнда атаудың өзгеруіндегі себептерін көрсетпейді. Біздіңше, монғолдың **Баинола** сөздерінен өзгерген Баянаула атауы кейін көмескіленіп, Баянның ауылы мағынасындағы **Баянауыл** орониміне ауысқан. Жергілікті қазақтар тау атын осы күнге дейін **Баянаула** дейді. **Ал Баянауыл** болып өзгеруі басқа облыс қазақтарының әсерінен. Өйткені басқа қазақтарға **Баянаула** деген түсініксіз болғандықтан, оны Баян ауылы деп түсініп, **Баянауыл** деп кеткен. Сөйтіп бұл оронимнің этимологиясы мынадай: **Байн** (түркі-монғол тілдеріне ортақ -бай)+ола (монғолша – тау) >Байынола>Баянаула> Баянауыл.

БАЯНЖҮРЕК – Талдықорған облысындағы тау аты, Бұл ороним монғолдың баян-бай, **зураг** – сурет деген сөздерінен жасалған болуы керек. Өйткені, **баян** сөзі Қазақстанның басқа да топонимдерінің құрамында бар, екені белгілі (Баянауыл, Байынқол). Ал **зураг** сөзі Талдықорған облысының Алакөл ауданындағы **Жүнжүрек** деген тау атында кездеседі. Мұндағы **жүн** сөзі монғолдың **зүүн** – «шығыс» деген сөзінен алынған болуы керек. Монғол тіліндегі **з** дыбысы мен қазақ тіліндегі **ж** дыбысының алмасатындығын мына сөздерден де көруге болады:

монғолша	**қазақша**
завсар	жапсар
зай	жай
зайдагнау	жайдақтау
залгаа	жалғанған
залгах	жалғау

залхаг	жалқау
зар	жар (салу)
засах	жасау
зах	жақ
зоо	жөн
зос	жоса т. б.

Мұндағы екі тілдегі сөздердің мағынасы бірдей. Сөйтіп монғол тілінен алынған Баянжүрек (Баянзураг) сөзінің мағынасы «суретке бай тау» дегенді білдіреді (жоғарыдағы материалдар мына сөздіктерден алынды: С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954; К. М. Черемисов. Бурят-Монгольско-русский словарь. М., 1951, стр. 278, 285 и т. д.). Осы өлкеде болған Ғ. Мұсабаев пен А. Махмутов бұл таулардағы тастар суретке бай екенін айтады.

БЕТПАҚДАЛА – Шу өзенінің терістігінен бастап Балқаш көлі мен Сарысу өзенінің аралығында Жамбыл мен Қарағанды облыстарының көп жерлерін алып жатқан шөл дала. Ауданы 80 мың кв. км. сазды, кейде құмды сортаң шөл. Кейінгі жылдарда Бетпақдала алқабын игеру шаралары жүргізіліп жатыр.

Бетпақ сөзі қазақтың әдеби тілінде «оңбаған, бетсіз, арсыз» деген мағынада қолданылады.

Бетпақдала топонимінің этимологиясы туралы проф. Қ. Жұбанов былай деп жазыпты:

«Единственным исключением из этого, насколько мне известно, является Бетпақ дала – казахское название Голодной степи, которое оформлено, хотя бы на первый взгляд, по образцу вышеприведенных орхонских и древних уйгурских сочетаний. Но это исключение объясняется тем, что слово Бетпақ само по себе не является собственным именем, а является обычным прилагательным, означающим «несчастный» (от иранского бад, бахт) (Х. Жубанов. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966, стр. 46).

Проф. Қ. Жұбанов пікірінің дұрыстығы иран тілдес халықтардың сөздігіндегі материалдармен де дәлелдене түседі: парсы тілінде: «(бад) – 1. дурной, плохой; 2. дурно, плохо; 3. бедствие, несчастье», (бад-бахт) – несчастный» (Персидско-русский словарь, М., 1953, стр. (Ю); тәжік тілінде: Бад 1) плохой, дурной, нехороший; 2) тяжелый, серьезный; 3) злой, недобрый; Бадбахт 1) несчастный, злосчастный; злополучный; 2) **бран.** «несчастный, окаянный» (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 40).

Сөйтіп иран тілдеріндегі «бәдбахт» сөзінің екі мағынасының бірі – «бахытсыз» Бетпақдала атауын жасаған да, екіншісі –«оңбаған, бетсіз, арсыз» деген мағынада және ұрысу ретінде «бетпақ» түрінде әдеби тілге енген. Сонымен сөздің этимологиясы мынадай: **бад+бахт** (иранша – «бақытсыз»)+дала (түрікше жазық жер) = Бетпақдала.

Қазақстанда осы жөнмен жасалған Бетпақтау деген тау аты да бар.

БОРАБҰРҒЫСЫН – Шығыс Қазақстанмен көршілес Таулы-Алтайдағы жер аты. Осы жерде экспедицияда болған Ж. Болатовтың пікірі бойынша бұл монғолдың **бор** – сұр, **бургас** – тал деген сөздерінен жасалған (Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 4 шығуы, Алматы, 1962, 69-беті). Бірақ Ж. Болатов сөз арасындағы **а** дыбысының қайдан келгенін айтпайды. Сондықтан бұл пікір жетілдіре түсуді қажет етеді. Біздіңше бурят тіліндегі **боро** сөзі дәл осы топонимнің сырын ашуға көбірек жақын сияқты, Бұл сөзге бурят-монғол-орыс сөздігінде мынадай түсінік берілген: **боро** 1) серый, сивый (о масти); 2) смуглый (о цвете лица). Осының бірінші сұр, боз деген мағыналары жақын. Екіншіден, Борабұрғысын атауындағы; **бора** сөзі де бурят-монғолдың **боро** сөзіне жақын. **Бургаана(н)** сөзіне бурят-монғол-орыс сөздігінде: 1) прут, хворостина; 2) кустарник деген

түсінік берілген (Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, стр. 125). Бурят-монғол тілінде басқа түркі-монғол тілдеріндегі **с** дыбысы **h** дыбысына ауысатынын (башқұрт тілі тәрізді) ескерсек, онда **бургааhан** сөзінің қазақша және алтайша **бұрғысын** түрінде келуі әбден заңды құбылыс. Сонымен бұл атаудың өзгеру схемасы былай: Боробургааhан > Борабұрғысын.

БОРҒҰСТАЙ – Тарбағатай тауындағы жотаның, басы осы таудан басталатын өзеннің аты. Ғ. Қоңқашпаевтың зерттеуі бойынша бұл монғолдың **бургасан** (ива) деген сөзінен жасалған. **Боргустай** – ивовая (талды) деген мағынаны білдіреді (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып.: I, 1959, 89-беті). Қазіргі монғол тілінде **бургас** қазақша **тал** деген сөз (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 46 б.). Ал **-тай** түркі тілдеріндегі **-ты/ті** жұрнағы сияқты туынды сын есім тудыратын, ал жер-су аттарында сол заттың барлығын білдіретін жұрнақ. Белгілі тюрколог Г.И. Рамстедт – **тай** жұрнағы ту+ай элементтерінен жасалған деп көрсетеді (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

БОРҚАТ – Семей мен Аягөздің арасындағы тау аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл атау монғолдың, убор (оңтүстік) + хад (тау, жартас) деген сөздерінен жасалған. Бұған тағы бір дәлел осы Борқат тауының солтүстүк жағында Арқат тауы бар. Оның аты да монғолдың **ар (солтүстік)+хад** (тау, жартас) деген сөздерінен жасалған. **Ар, убор, хад** сөздері монғол топонимдерінің құрамында жиі кездеседі (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 88-беті). Міне осы себептерден Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі негізінен дұрыс болғанымен, лингвистикалық жағынан толықтыруды қажет етеді. Монғолдың Уборхад атауының қазақша **Борқатқа** айналуының екі түрлі себебі бар: біріншіден,

қазақ тілінде **у** дыбысына басталатын сөз өте аз және **б** дыбысының алдынан **у** келген сөз жоқ, екіншіден, қазақ сөзі **д** дыбысына аяқталмайды. Монғолдың **Уборхад** деген сөздерін қазақтар өз тіліне лайықтап, **Борқат** деп атап кеткен.

Бұл арада тағы бір айта кететін нәрсе Алтай тауынан Нарым жотасы арқылы ететін бір асу және Зайсан көлінің жағасындағы бір мүйіс **Борқат** деп аталады. Бұл атаудың этимологиясы жоғарғы айтылған Борқаттан басқаша. Ғ. Қоңқашпаев бұл атау монғолдың «бархат» (сұр жартас) деген сөзінен алынған дейді (Г. Қонкашпаев. Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане. Сб.: «Вопросы географии Казахстана». Вып. 9, 1962, 243-бет). Бұл пікір дұрыс болғанымен, бірақ толықтыруды керек етеді. Бор монғол тілінде боз деген мағынада қолданылады (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 42-беті). Монғол тіліндегі сөз аяғындағы «р» дыбысы көптеген түркі тілдерінде «з» дыбысымен алмасатыны белгілі (М. Рясенен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 26-27-беттер). Мұндай алмасу – ротацизм заңы түркі тілдерінің өз ішінде де бар: чувашша **хэр** қазақша қыз. Тюркологтардың басым көпшілігі **р** дыбысы алғашқы дегенді айтады (көрсетілген кітаптың 212 бетіндегі 4-ші сілтемені қараңыз. Авторы – Н.А. Баскаков). Бірақ Борқат атауының құрамындағы **бор** сөзі топонимнің тұтас тұлғасымен қазақ тіліне енген. Ал оның хад деген компоненті қазақша «шың, жартас, серке тас» дегенді білдіреді (С. Хабшай мен Ә. Міністің көрсетілген сөздігінің 250-беті). Сонымен Борқат монғол тілінен енген «бозтау» деген сөз.

БӨГЕН – Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облысындағы өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **богонь** (қысқа, шолақ) деген сөзі (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I, 1959, 90-беті). Біз Қоңқашпаевтың бұл пікіріне қосылмаймыз, өйткені **бөген** (ай-

тылуы бөгөн) түркі негізінде жасалған деп ойлаймыз. Біздіңше, Сөздің түбірі **бөгө//бөге** етістігі, оған етістікті зат есімге айналдаратын **-н** көне жұрнақ қосылған. Бұл жұрнақ түркі тілдерінде XI ғасырда болған: **йамла** етістігіне **-н** жұрнағы қосылып **йамлан** деген кемірушілер тобына жататын бір аң аты жасалған. Ендеше **-н** қосымшасы ертеде зат есім жасайтын өнімді жұрнақ болған. Осы өзен бойында ертеде бөгендер (тоған) көп жасалған болуы керек. Сөйтіп бұл гидроним **бөгө** (қазіргі **бөгеу** етістігі) +**н** (етістікті зат есімге айналдыратын көне жұрнақ) >бөгөн> Бөген жолымен жасалған.

БҰҚТАРМА – Басы Алтайдан басталып, Ертіс өзеніне құятын өзен аты. Шығыс Қазақстандағы аудан және аудан орталығының аты осы өзен атынан алынған. Осы өлкедегі қазақтардың тілін зерттеуші Ж. Болатов бұл атау туралы былай деп жазды:

«Бұқтарма өзенін жергілікті халық Бұқтырма деп атайды. Бұл атаудың мағынасын олар өздерінше былай түсіндіреді: ағысы қатты, асау, тау өзені болғандықтан, түсіп кеткен нәрсені, мейлі ол мал болсын, мейлі адам болсын, қайта тұруға шамасын келтірмей, бас көтертпей тастан – тасқа соғып, бұқтырып әкетеді. Бұқтырма өзені жағасында суға кетудің салдарынан адам, мал шығыны жиі болады. Сондықтан халық оны Бұқтырма деп атайды. Бұл өзен аудан жерін шығыстан батысқа қарай аралап өтеді. Оған жол – жөнекей тау – тастан шыққан мыңдаған бұлақ келіп құяды. Сондықтан ол бірте-бірте молайып отырады. Осылай болғандықтан да, ел аузында «Бұқтырма қайдан шығады, бұлақтан шығады, өзінен-өзі шықпайды» деген нақыл айтылады (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері». 5-шығуы, 1963, 181-беті).

Атаудың түбірі **-бұқ** – етістік, **-тыр** – етіс жұрнағы, ал **-ма** етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Сарқырама, Маңырама, басқарма т. б. сөздер **-ма** жұрнағы арқылы жасалған. Ж. Болатов бұл мақаласында ел арасындағы сөзді келтіріп,

атаудың этимологиясына талдау жасамаған. Қазір бұл өзен аты Бұқтырма болып неге аталып жүргенін түсіндірмеген.

Біздіңше атаудың түбірі **-бұқ** – етістік, **-тыр** – өзгешелік етіс жұрнағы, ал **-ма** етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Мәселен, Сарқырама, Жармадегентопонимдер, **басқарма, маңырама, сарқырама** сияқты сөздер осы **-ма** жұрнағы арқылы жасалған. Бұқтырма өзенінің аты Бұқтарма, болып айтылуына орыс тілі әсер еткен. Бухтарминская ГЭС. Өзеннің қатты ағысы, бұқтыра жұлқына ағуы атаудың мағыналық негізі болған. Сөйтіп бұл атау **Бұқ+тыр+ма>Бұқтарма** жолымен жасалған.

ГУРЬЕВ (Үйшік) – Қазақстандағы қала және облыс аты. Қазақстан жерінде ерте орнаған қалалардың қатарына қазіргі Гурьев қаласы жатады. Ол XVI-XVII ғасырлардың арасында балықшы поселкесі ретінде пайда болған (КазССР, адм.-терр. деление на 1 янв. 1951 г. Алма-Ата, 1951, 43-беті; Б. С. Э., том, 56, М., 1936, 240-беті; Б. С. Э., том 13, второе издание, 1952, 217-беті).

Гурьев қаласының салынуы туралы Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның энциклопедиялық сөздігінде былай делінген: «Гурьев или Гурьев-городок. Основан в первой половине XVII в рыбопромышленником Гурием с сыновьями, устроившими здесь для защиты от нападений туркмен и ногайцев деревянный острог, впоследствии замененный каменным (т. 9, а, СПб., 1893, 918-беті). Бұл қала патша заңымен бекітіліп, 1640 жылы салынған. Сөйтіп, қаланың аты өзінің ұлдарымен келіп қаланы салуға тікелей қатысқан Гурьев деген кісі атына қойылған.

Гурьевті қазақтар Үйшік деп атайды. Үйшіктің қойылуы жөнінде жергілікті адамдар мынандай аңыз айтады: «Баяғыда қазақтар осы маңнан кішкене үйшік көріпті, содан Үйшік қаласы аталыпты-мыс». Бұл аңызға сенуге болмайды. Үйткені, Гурьев қаласының салынатын кезінде қазақтар Гурьев маңынан алшақ болатын. Гурьев маңында 1630 жылға дейін ноғайлар жүрді де, 1630 жылдан былай қарай Алтай тауынан және Қытай

пақараларынан көшіп келген қалмақтардыц жаңа бір тобы келіп жүретін (Труды Оренбург. уч. Арх. комиссии. Вып. VII, Исследования Н. Чернявского, Вып. 4, Оренбург, 1900, 43-беті). Сол себептен, қазақтар Гурьевтің орнында салынған үйшікті көре қоюы мүмкін емес еді. Ендеше **үйшік** не деген сөз? Біздіңше, бұл сөз орыс тіліндегі **учуг** деген сөзбен түбірлес. **Учуг** деп осы Гурьев қаласында Жайық өзеніне орнатылған балық аулайтын тастан салынған кедергіні айтатын болған. Учугтің салынуы жүздеген адамның күшін керек еткен. Учугті пайдалану, немесе оны жалға беру мемлекет тарапынан қолға алынып отырған. Гурьевтегі учуг арқылы орасан көп балық ауланатын болған. Атақты зерттеуші Петр Палластың жинаған мәліметтері бойынша, бұл учуг маңында балықтың көптігі сондай – балықтың сығылыс итерген күшінен учугтің қирау қаупі болған. Сол себеп тен, учуг маңындағы балықтарды сейілтіп, үркіту үшін зеңбіректен дүркін-дүркін оқ атып тұратын болған (Брокгауз, Ефрон, ЭС, том XXXV, СПб., 1902, 122-123-беттер). П.И. Рычков та 1762 жылы жазылған еңбегінде Гурьевте учугтің болғанын айтады (Рычков, ТОГ, Оренбург, 1887, 252-бет).

Сөйтіп, учуг үлкен объектінің аты болғандықтан, Гурьев қаласының қазақша аты осы учугке байланысты алынған болу керек. Жоғарғыдай бұл сөзді казақтың **үйшік** деген сөзімен ұқсататын аңыз халықтық этимологиядан туған. Қорыта келгенде, бұл объектінің аты – **Гурьев** те, Үйшік те орыс тілінен енген сөздер.

ҒАЗАЛКЕНТ – бұрын Қазақстанға қараған Бостандық ауданының орталығы. Қазір Өзбекстанға қарайды. Өзбек топонимиясын зерттеуші, проф. Х. Хасанов Ташкент маңы тауларында Бұғустан, Ғазалкент, Сусок (ақ киік) сияқты атаулар көп екенін көрсеткен. Бірақ ол ғазал сөзі қай тілден екенін айтпайды (Х. Хасанов. Урта Осие жой номлари тарихидан. Ташкент, 1965, 17-беті).

Бұл атау,біздіңше, арабтың ғазал (киік) деген сөзі мен иранның кент (қала) сөзінің қосылуынан жасалған (М. Фасмер. Этимологический словарь русского языка. I, М., 1964, стр. 382; В. В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана, Л., 1927, стр. 38). Қазалы атауы да осы араб сөзімен түбірлес.

ДАҒАНДЫ – Семей облысы Шұбартау ауданындағы өзен аты. Бақанасқа құяды. Біздің ойымызша бұл монғолдың **дааға(н)** – «жабағы» деген сөзінен қойылған. В. Дальдің сөздігінде даған қалмақша «екі жастағы құлын» деген түсінік берілген (т. II, стр. 414). М. Фасмердің де этимологиялық сөздігінде осы дерек келтірілген (т. 1, стр. 481). «Бурят-монғол-орыс сөздігінде» **даага(н)** «екі жастағы құлын» деп түсіндірілген (К. М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, стр. 194). Қазақ тіліндегі «тай» сөзі де осы сөзбен түбірлес болуы ықтимал: дааға>тай.

Сонымен бұл атау былай жасалған дааган (құлын деген монғол сөзі)+ды зат есімнен сын есім тудыратын қазақ тіліндегі жұрнақ). Мағынасы – «құлынды» (Алтай өлкесіндегі **Құлынды** даласымен салыстырыңыз).

ДЕГЕРЕС – Алматы облысы Шу-Іле тауларының солтүстік-батыс жағындағы тау, Талдықорған облысындағы Матай тауының батыс бөлегі, Алматы облысындағы Жаланаш селосының жанындағы тау, Нарынқол ауданындағы тау, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қаратау жотасының бірі де осылай аталады. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, бұл монғолдың **дзэр герес** немесе **дзэрлиг герес** (жабайы ешкі, тау ешкі) деген сөздерінен жасалған (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1(11), 1959, 90-беті). Осы пікірі дұрыс болуы мүмкін, өйткені осы таулардағы жартастарда тау ешкінің суреті өте жиі кездеседі. Ал атаудың өзгеріске түсуі туралы мынаны айтуға болады. **Дзергерес** тіркесіндегі **дз, рг дыбыс**

тіркестерінің қатар тұруы қазақ тіліне тән болмағандықтан, бұл сөздер **Дегерес** формасына ауысқан болу керек.

«Монғолша-қазақша сөздікте» **гөрөөс** – бөкен, бор **гөрөөс**-таутеке деп берілген (С. Хабшай, Ә. Міниc Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954,64-беті).

ДЕНДЕР (ИНДЕР) – Гурьев облысындағы тау, көл аты. Бұл объектілердің қазақша аталуы – Дендер. Ал қазіргі аталып жүрген формасы – **Индер.** Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **ундер** (биік, деңі) деген сөзі. Ол Индер көлінің аты Индер тауынын атынан алынған болуы керек деп топшылайды (Г. К. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана. Известия АН КазССР. 1959, шып. 1(11), 9-беті).

Біздіңше, мұндағы Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі дәлелсіз, өйткені **ундер** (монғол) сөзі **Дендер** формасына көшуі мүмкін емес. Сондықтан, біздіңше бұл монғолдың **дендгер** (сорайған) деген сөзінен жасалуы мүмкін (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатар, 1954, 85-беті). Ал, сөз түбіріндегі «г» дыбысының түсіп қалуы қазақ тілінде бір сөзде үш да-уыссыз дыбыстың қатар келмеуіне сай. Ал осы жердің Ундер (орысша-Индер) болып аталуы сол маңдағы табиғи оқпандарға (воронка) яғни індерге байланысты болса керек.

ДОЛАНҚАРА – Алматы облысы мен Жамбыл облысының шекарасындағы тау аты. Зайсан көлінің маңында және Қалба тауында осылай аталатын тау бар. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, **долан** монғолша жеті деген сөз де, **қара** монғол, қазақ тілдеріне ортақ тау, шоқы деген сөз. Сонымен Доланқара «жеті шоқы» дегенді білдіреді (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1(11), 1959, 91-беті). Монғолша-қазақша сөздікте **долоо, долоон** сөздері «жеті» деп берілген (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік», Уланбатор, 1954, 77-беті). Мұндағы атаудың екінші **қара** компоненті

Ғ. Қоңқашпаев айтқанынан әлде қайда кең алқапта қолданылады. Э. Мурзаевтың пікірі бойынша қара сөзінің түбірі индоевропа тілдерінен тараған. Орта Азияда, Қазақстанда, Жоңғарияда және Монголияда кең тараған **қара, гара, хара** сөздері кез келген тауды айта бермейді, тасты тауды айтады. Бұл сөздің көптеген тілдерден ізі табылады. Хинді тіліндегі **қанкар** – малтатас (галька) дегенді білдіреді. Ауған тілінде **гар-гур** сөздері – «тау», Ягноб тілінде **гар-«тау»,** грузин тілінде **гори-** «тау», орыс тіліндегі **гора** сөзі де «тау». Осы сөздерді Пеллио санскриттегі giri, авестадағы gairi, хотан тіліндегі gari, gar сөздерімен салыстырады. Бұлар да «тау» дегенді білдіреді (Э. М Мурзаев. Природа Синьцзяна... М., 1966, 343-беті). Қазақ тіліндегі Доланқара, Жетіқара деген топонимдердегі тау мағынасын беретін қара сөзі жоғарыдағы дүние жүзіне кең тараған **гар** сөзімен байланысты болуы әбден ықтимал. Қазақтың әсіресе **қыр,** қырат сөздері де осымен тікелей байланысты болуы мүмкін. Сонымен атау этимологиясын былай деп есептейміз: **Долон** (монғолша – жеті)+**қара** (ностратикалық тілдерде – тау) >Доланқара (жеті тау, яғни «көп тау» деген мағынада).

ДҮРБІНБҰЛАҚ – Алматы облысындағы Кетпен жотасының солтүстік жағынан ағатын өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл **дүрбін** (монғолша – төрт) және түркі-монғол тілдеріне ортақ бұлақ сөзінің қосылуынан жасалған (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения..., Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 91-беті). Монғолша-қазақша сөздікте **дөрвөн, дөрөв** сөздері төрт деп берілген (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 79-беті).

Мұндағы сөздер түбірі **дөр/төр** екені байқалады. Қазақша **төрт** дегенмен салыстырыңыз. Ендеше **Дүрбінбұлақ** оронимі ертедегі түркі-монғол тілдерінің ортақтығын көрсетеді. **Бұлақ** – монғол тілінде де «булаг».

ЕБЕЙТІ – Көкшетау облысы, Қызылту ауданындағы көл аты. Мұның толық атауы – Ебейті соры. Бұл гидронимній этимологиясын ашуға К. Ф. Гриценконың мына пікірі кілт болып тұр:

«Представляет интерес распространенное употребление слова эбэ (буквально «бабушка»), как эквивалента номинативного термина куол, например: оз. Аччыгый – Эбэ «Маленькое озеро» оз. Улахан-эбэ «большое озеро» (К.Ф. Гриценко, Якутские названия озер междуречья Лены и Алдана. III республиканска ономастична конференція. Тези, Кіев, 1965, стр. 176).

Сөйтіп якут тіліндегі **эбэ** сөзінің омонимдік екі мағынасы бар: 1) әже, 2) көл. Бұның өзі – көне түркілердің жер-суды ана деп қадірлегенінің көне көрінісі.

Якут тіліндегі **эбээ** осы жазылғанындай екінші буындағы **ээ** созылыңқы айтылады (Русско-якутский словарь. М., 1968, стр. 25). Сол себептен айтылуы **ебей** болған да, осыған сын есім жасайтын көне **-ті** жұрнағы қосылып, Ебейті **(көлді)** гидрониміне айналған. Солтүстік Қазақстан облыстарында көлді «сор» деп те айтады. Сонда «Ебейті соры» қазіргі ұғымда «Көлді соры» болып шығады. Гидронимнің бұл формада болуы **Ебейті** (көлді) сөзі мағынасының мүлде көмескіленуінен.

ЕЛЕК – Ақтөбе облысындағы өзен аты. Бұл өзеннің аты Геродотта бар. Біздің эрамызға дейін 517 жылы Дарий 1 шабуылмен келгенде аталатын төрт өзеннің бірі (бұл туралы осы сөздіктегі Ырғыз өзенінің этимологиясын талдағанда толығырақ айтылды). Геродотта **Лик** деп аталатын осы Елек (Илек) өзені болса керек (Геродот, IV, 120-123). Өйткені, Ор, Ырғыз, Елек өзендері бір-біріне жақын орналасқан. Бұл сөздің бастапқы түрі Илек болуы ықтимал. Түбірі – **и** (су деген мағынада), осыған көне **-лек** қосымшасы жалғанып, гидронимге айналған тәрізді. **-Лақ/лек, -тақ/тек, -дақ/дек** варианттарындағы бұл жұрнақтан жер аттарын жасау кездеседі. Мысалы, **илек** сөзін тастақ, **құмдақ** деген сөздермен салыстырыңыз. Сөз басындағы

и дыбысының **е** дыбысына айналуына екінші буындағы **е** дыбысы әсер еткен тәрізді.

Сөйтіп, атау этимологиясы: **и** (ылғал, су)+**лек** (туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ)>Илек>Елек.

ЕРЕЙМЕН – Целиноград облысының шығыс жағындағы тау аты. Ғ. Қоңқашпаев бұл ороним монғолдың эрэ (ер, еркек) және эмэ (әйел) деген сөздерінен жасалған болуы керек деп жорамалдайды. Таудың бұлай атауын кейбір тастардың еркек пен әйел мүсініне ұқсастығын байланысты болуы ықтимал деп қарайды (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 91 беті). Жергілікті тұрғындар арасында мынадай аңыз бар: «Қазақ батыры мен қалмақ батыры соғысқанда, қазақ жеңіп, қалмақты атынан түсіріпті. Бірақ қалмақ аты тау ішінде ерімен қашып; кетіп, ешкім ұстай алмапты. Содан Ерімен (Ереймен) аталыпты-мыс». Бұл «халықтық этимология» екені көрініп тұр, өйткені **ерімен** деген сөздің **ереймен** түріне көшуіне тілдік ешбір қажеттік жоқ.

Бұл оронимнің этимологиясын аша түсетін мынадай лингвистикалық заңдылықтарды қоса кетейік. **Ере//ер, еме// ем** компоненттері монғол-түркі ортақтығын көрсетеді. **Ер** сөзіне **е** дыбысының қосылуы монғол тіліне тән қасиет. Ал түркі тілдерінің **емшек** деген сөзінің түбірі **ем;** екені белгілі. Сөз аяғындағы **н** дыбысы көне түркі-монғол тілдерінде ерікті құбылыс. Бұл фактілер атаудың түркі-монғол тіл ортақтығы алтай дәуірінде жасалғанын, көрсетеді. **Эре+эме+н** қосылысында екі сөз аралығындағы екі **е** дыбысы қазақ тілінде ей тізбегіне көшкен: **Эре+эме+н>Ереймен.**

ЕРТІС – Қазақстанда Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарын басып өтетін өзен аты. Бұл атау-Ертіс түрінде VIII ғасырда қойылған Кюль-Тегин мен, Тоньюкук ескерткіштерінде кездеседі. Кюль-Тегин ескерткішінде түркілер Алтай тауына

көтеріліп, Ертіс арқылы; өтіп түргеш тайпасын жеңгендері баяндалады (С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л.,: 1951, стр. 32). Ал XI ғасырдағы М. Қашқари еңбегінде бұл атау Эртіш түрінде жазылып, оған мынадай түсінік беріледі. «Эртіш – йәмак (қырмақтардың бір аты – А. Ә.) даласында ағатын бір өзен аты. Бірнеше тармақ өзеншелерден құралған бұл өзен осы жердегі бір көлге құйылады. «Эртіш сувы» дейді. Бұл сөз судан өтерде «кім тез өтер» мағынасында қолданылатын эртіш (мақ) сөзінен алынған» (1 том, 122 беті).

Келтірілген екі фактіден бұл өзен ертеде, VII-VIII ғасырларда Ертіс аталғанын және қазіргі қазақ тілінде де осылай аталатынын байқаймыз. Ал М. Қашқари заманында түркі тілінің кейбір диалектілерінде бұл гидроним Эртіш атанған. М. Қашқари эртіш атауының этимологиясын эртишмақ (тез өту) етістігінен шығаратынын байқадық. Оның айтқан көлі Зайсан болуы керек. Бірақ сөз этимологиясының дәл еместігіне М. Қашқариды айыптауға болмайды, өйткені ол естігенін жазған.

Атаудың этимологиясы туралы белгілі саяхатшы – географ В.П. Семенов былай деп жазды: «Иртыш (ир – по-киргизски «земля», тыш – рыть») (Россия, СПб., 1903, т. 18, гл. 1, стр. 19).

А.П. Дульзон бұл атау кет тілінің Ирсес> (өзен) > Ирчис> Ирцис сөзінен өзгерген дейді. Ол «Ирцис – монгольское название Иртыш – с енис-кет. **сес** сопоставил Рамстедт» деп жазды (Кетские топонимы Западной Сибири. Ученые записки ТГПИ. Томск, 1959, стр. 98).

Э.М. Мурзаевтың зерттеуі бойынша бұл гидронимнің түбірі түркіше **-ир** болуы мүмкін. Бұл түбірден жасалған Иргиз (Ырғыз), Ирсу, Иркут, Иро, Иркуль деген гидронимдер СССР-дің Азия бөлегі мен Монголияда кездеседі. Қазақша **иірім,** түркіше **ирмақ** (өзен), өзбекше **ирмок** (өзеннің сағасы) бір түбірден шығып, жоғарғы Ертіс гидрониміне қатысты болуы мүмкін. Батыс Сібірдің оңтүстік бөлегінде тараған «сес», «шеш» (өзен) деген кет тілінің сөзі түркіше **тиш, цис** болып өзгереді. Сондықтан

ир деген жоғарғы мағынадағы түркі сөзі мен кеттің **цис** (өзен) деген сөзі қосылып Ертіс гидронимінің атына айналуы мүмкін (Э.М. Мурзаев. Природа Синьцзяна и формирование пустынь Центральной Азии. М., 1966, стр. 341).

Ертіс гидронимінің этимологиясы туралы В.Н. Попова арнайы мақала жазды. Сөз этимологиясы жөнінде айтылған барлық авторлардың пікірлері осы мақалада келтірілгендіктен, біз оларға тоқталмаймыз (В.Н. Попова. К этимологии гидронима Иртыш. Сб. «Языки и топонимия Сибири», III, Томск, 1970, стр. 12-20).

В.Н. Попова атауды екі бөлектен тұрады, оның екінші бөлігі **тыш** кет тілінің «сес», «шеш» (өзен) деген сөзінен түркіше өзгерген варианты деген А.П. Дульзон мен Э.М. Мурзаевтың пікірін қолдайды. Ал оның бірінші **Ир** компоненті туралы автор былай деп жазды:

«А.П. Дульзон наметил на юге Сибиригидронимический ареал – ман индоевропейского происхождения. Это натолкнуло нас на поиски значения Ир в древних индо-европейских языках. Ир можно возвести к древнеиндийскому ár árna «бурлящий, клубящийся, бушующий, колышающийся поток». Из ar в результате ослабления возникло ir основное значение «течь, устремляться» (Ср.: irina «водосток, русло»). Такое значение полностью соответствует той части Иртыша, которая характеризуется горным течением, начиная с верховья до с. Известного, там, где мы пологаем, река получила свое название и откуда затем оно распространилось и на среднюю часть» реки» (Там же, стр. 16).

Бұл маңға көне үнді сөзі қайдан келді деген сұраққа автор бірнеше дәлел келтіреді. Бұл манда иран тілдес сак, массагет халықтары болды, Павлодар облысындағы Қалқаман, Сарман, деген көлдердің **ман** компоненті (мано, мани – «влажный, мокрый») индоевропа тілдерінен, сол сияқты **томар** және **копа** деген терминдер де грек және көне үнді тілдерінен, сол сияқты

Геродотта кездесетін **иирк** тайпалары **иран** халқының арғы аталары болуы керек дейді.

Автордың бұл келтірілген дәлелдерінің бәрі дерлік орынсыз да орнықсыз. Мәселен, сақ, массагеттер Қазақстанның шығысында емес, Арал теңізінің оңтүстік-батысында болғаны белгілі (История КазССР. Алма-Ата, 1957, 30 беті). Ал Қалқаман көлінің **-ман** ареалына қатысы жоқ, өйткені бұл атау **халық+аман>Қалқаман** деген кісі атынан қойылған. Сөздің екінші компоненті **-ман** емес, **аман.** Сол сияқты **томар** термині де грек тілінен алынбаған, бұл-көне түркі сөзі, түбірі **том; одан том+ар, том+ьғл, том+па+қ, том+пи** т. б. сөздер жасалған. Ал Геродоттағы **иирк** тайпасының да **ир** сөзіне де, **иран** атауына да қатысы жоқ, өйткені Геродоттан кейінгі авторларда бұл **тирк** (Плиний), **турк** (Помпоний Мела) түрінде кездеседі. Міне осы себептермен біз атаудың бірінші компоненті **ир** сөзі көне үнді тілінен деген В. Н. Попованың пікіріне қосыла алмаймыз.

Бұл арадағы барлық талас атаудың бірінші компоненті **ир//ер** жөнінде. Мұны монғол атауы деген А. П. Дульзон да сөз этимологиясын, я мағынасын ашып бере алмады.

Біздің ойымызша, атаудың бірінші компоненті **ир//иир** түркі сөзі: мағынасы орысша «извилистый» дегенге келеді. Қазақша ир+ек, иір+іл+ген, иірі+ім сияқты сөздер осы түбірден өрбіген. Ал **ир//иір** түбірінің өзі, біздіңше, екі компоненттен тұрады. И (ию – «сгибать» етістігі) етістік түбіріне етістіктен есім (кейде зат есім, кейде сын есім) жасайтын **-р** жұрнағы қосылған. Дәл осындай тәсілмен түркі тілдерінде мынадай есім сөздер жасалған: шұқы-р, бүк-ір, қайнар т. б. (Э. В. Севортян, Аффиксы именного словообразования... М., 1966, 340-342 беттері). Бұларды есім сөз дейтін себебіміз: жеке тұрғанда олар зат есім, ал тіркесте сын есім болып кетеді: шұқыр жер, бүкір кісі, қайнар бұлақ, иір су.

Сөйтіп, атаудың бірінші компоненті **и+ір** жолымен жасалып, сын есімдік қызмет атқарып, өзінен кейін зат есімнің келуін

қажет етеді. Қазақстанда осы сөз арқылы жасалған топонимдер біраз баршылық: Иірадыр, Иірқарасу, Иіркөл, Иірсу т. б. (Г.К. Конкашпаев. Словарь геогр. назв. Казахстана. Алма-Ата, 1963, стр. 51).

Ал атаудағы **иір** сөзінің **ер** түріне көшуіне кет тіліндегі **сес, шеш** (өзен) терминінің атауға қосылуы әсер еткен. Яғни **Иір – сес//шеш** кейінгі ықпал әсерімен **Ерсес//Ертес** түріне көшкен.

Бұл арада кет тілінің **сес//шеш** (өзен) терминінің ешбір тілде сол қалпында сақталмағанын ескерте кетейік: Ирцис (монғолша), Эрцзис (қытайша), Ертіс//Иртыш (түркіше). Олай болса қазақ тілінде және орхон енисей жазуларында сөз мағынасы көнеріп, түсініксіз болғандықтан, Ертіс формасына көшуі заңды да.

Сөйтіп, бұл гидроним, біздіңше екі компоненттен құралған **Иир//Иір>Ер** (түркіше извилистый)+**сес//шеш>тес//тыш** (кетше «өзен, су») **Ертіс//Иртыш.** Атаудың **Иір** бөлегі өзеннің ирелеңдеп, ирек-ирек болып ағатын көрінісін дәле береді. Сонда гидронимнің мағынасы «Иір езен», «иір су» дегенге келеді.

ЕСЕКАРТҚАН – Алматы облысының Кетмен тауында Есекартқан деген асу бар. Былай қарағанда бұл тіркесті «есекке жүк артқан» деп түсінуге болады. Шынында олай емес. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл қырғыздың «есек асқан» деген сөзі, Қырғыз тілінде **артты** деген етістік қазақ тіліндегі **асты** (таудан асты) сөзімен тепе-тең. Қырғыз Алатауындағы тау атауларының құрамында келетін **арт** сөзі қазақ тіліндегі **асу** сөзіне дәл келеді, (Г. Конкашпаев. Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане. Сб.: «Вопросы географии Казахстана». Вып. 3, 1962, 241 беті) Ғ. Қоңқашпаев атаудың сыртқы түсінігін ғана сипаттаған, сондықтан атаудың ішкі мазмұны мен морфологилық жасалу жолы біраз толықтыруды қажет етеді.

Арт сөзінің асу мағынасы көне түркі тілінде де, Махмуд Қашқарида да кездеседі (Индекс-луғат, 23 беті Бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде де бар. Шор тілінде арт «-асу» деген

сөз. Бұл термин Кичигсуарт, Колзахарт Сыйбанарт сияқты топонимдердің құрамында Шорияда жиі кездеседі (М. Абдрахманов, А. Бонюхов. Топонимические названия Шории. Сб.: «Языки и топонимия Сибири». Томск, 1966, 168 беті). Ал Қырғыз тілінде **арт, артуу**, сөздері де «-тау асуы». **Арт** термині Қырғызстанда **Көгарт (Көк+Арт), Қызарт** (Қыз+Арт), **Айық-Арт, Көрүк-арт, Қатын-Арт** т. б. топонимдердің құрамында жиі ұшырайды. Бұл терминге байланысты қырғыз тілінде мынадай мақалдар бар: «адыр-адыр жер келет, адырмақ артуу (асу – А. Ә.) жер келет», «Қырқ-бир артуу, белдерге, кырк күнчулук чөлдерге, чыдат берген мал элең» (Қазақшасы: қырық бір асу, белдерге, қырық күншілік шөлдерге, шыдап берген мал едің). Оның үстіне **артуу** сөзінен жасалған **артылмақ** деген етістікте бар, мағынасы **аспақ** (асудан аспақ). Мысалы: «бир артылмак бели бар, ушу күндө атағы – Миң-Бугу деген жери бар». (Қазақшасы: бір асатын белі бар, осы күнде аты -Мыңбұғы деген жері бар). Міне бұндағы **артылмақ** етістігі қазақша **асты** деген мағынада (К. К. Юдахин. Кыргызча-орусча сөздук. М., 1965, 70-71 беттер). Ал осы **арту** (қазақша – асу) сөзінің ауыспалы мағынасы қазақ тілінде де бар. Мына сөйлемдерді салыстырыңыз: «еттің, бағасы екі сомнан артып кетті», немесе «еттің бағасы екі сомнан асып кетті». Бұл арада қазақ тілінде **арту, асу,** етістіктері кездейсоқ синоним болып тұрған жоқ, мұнда **арт** сөзі бір кезде **асу** (перевал) мағынасында қазақ тілінде де болғанын дәлелдейді. Сөйтіп, бұл асу аты мынадай компоненттерден тұрады: **Есек+арт** (қазақ тіліндегі **асу** етістігіне сай келетін етістік)+**кан** (есімшенің өткен шақ формасы). Бұл атау – осы асудан есекпен де «асуға болатынын, яғни асуы оңай екенін көрсететін информациялық мәні бар ороним (мағынасы: Есек асқан).

ЕСІЛ – Целиноград, Қарағанды облыстарындағы өзен және Целиноград облысындағы темір жол станциясының аты. Бұдан баска бір өзеннің аты **Йашыл угуз** түрінде Кюл-тегинге

қойылған ескерткіште кездеседі (С. Е. Малов. Памятники..., 30 бет., 17). Есіл өзені де ескі түркі тілдерінде бір кезде йашыл/йасыл, йешіл//йесіл (угуз, өзен) деп аталуы ықтимал. Бұл сөз туралы көрнекті тюрколог Н. К. Дмитриев «Турецкому (йешіл) «зеленый в других тюркских языках» соответствует йашыл//жашыл//жасыл» (Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика I. М.. 1955, стр. 115) – деп жазды. Бұл қазіргі қазақ тілінде **Жасыл** (өзен) деген сөз. Бірақ гидроним аты қазақ тілінде басқа түркі тілдеріндегі сөз басында **й** дыбысының **ж** (жокающий) дыбысына алмаспаған кезінде жасалған болуы керек. Сөйтіп, түркі диалектілерінде **йашыл/йасыл** – йешіл/есіл/жасыл/жашыл болып айтылып жүрген осы көк түсті білдіретін сөзден **Есіл** гидронимі жасалған сияқты. Оның фонетикалық өзгеріске түсіп қалыптасуы біздіңше төмендегідей түрде болған тәрізді: **йашыл//йасыл>йе**шіл//йесіл>Есіл. Сөйтіп бұл – **жасыл** (өзен) деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде нашыл, **йешіл** сөзі осы күні де кездеседі.

ЖАЙЫҚ – Қазақстанда Орал, Гурьев облыстарын басып өтіп, Каспий теңізіне құятын өзен аты. Жайық өзенінің аты II ғасырда жазған грек ғалымы Птолемейдің еңбегінде **Даикс** түрінде кездеседі. Академик В.В. Бартольд бұл жөнінде былай деп жазды: «Птоломею Волга известна только под ее финским названием Ра, Урал под турецким названием Даикс (Яик) (В.В. Бартольд. История культурной жизнй Туркестана, 9 бет).

Көрнекті тюрколог Н.К. Дмитриев бұл атау Византия авторы Менандр Протектордың (VI ғ.) еңбегінде Δаіх түрінде кездесетінін, оны daix деп оқу керек екенін, бұл сөз йай<йаз<заз деген етістік түбірінен жасалғанын айтады (ИСГТЯ, I, фонетика, М., 1955, стр. 327). Жайық сөзінің этимологиясын талдасақ, бұл пікірдің дұрыстығы дәлелдене түседі.

Бұл сөздің түбірі – **жай. Жаю, жайылу** етістігінің де түп төркіні осы сөзден шығады. Осыған **-ық** жұрнағы қосылып,

Жайық гидронимі жасалған. Тарихи жағынан **-ақ/ық, -қ/к, -ұқ/үк, -ик/ік** т. б. жұрнақтары түркі тілдерінде өте өнімді болғандығын белгілі тюрколог Э.В. Севортян көрсеткен болатын (Э.В. Севортян. Соотношение грамматики...., Сб.: «Вопросы и истории языка...». 342-345 беттер). Бұл жұрнақ арқылы көне түркі тілдерінде VII-XIV ғасырлар арасында йантук (склон горы), тұрұқ (стоянка), йаңлұқ (ошибка), қонұқ (ночлег), йарұқ (щель) т. б. сөздер жасалған (С.Е. Малов. Памятники. ДТП, 384-385, 414, 434 беттер). Қазіргі түркі тілдерінде де бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер жүздеп кездеседі. Қазақ тіліндегі ойық, орақ, тарак, төсек салық, қиық, қорық т. б. сөздері осыған дәлел.

-Ық жұрнағы қосылу арқылы жасалған сөздер кейбір сын есім мен зат есімнің даму жолын көрсетеді. Жоғарыдай түрде жасалған сөздердің кейбірі (ойық, қиық қорық т. б.) сын есімдік және зат есімдік мағынаға қатар ие болғандықтан, оларды тек контексте ғана қай сөз тобына жататынын аңғаруға болады. Бірақ бұл жұрнақтар қазір өнімсіз қосымшаға айналып, өзінің көрінісін зат есімдерде, сын есімдерде және топонимдерде сақтаған. Олай болса, топонимдердің кейбірі лексиканың жалпы заңына бағынып, жаңа сөздер жасайды.

Қазақстандағы **Айрық, Жайық, Қорық** деген топонимдер бастапқы кезде зат есімдік те, сын есімдік те мағыналарда қолданылған. Ал, Жайық сөзі қазірде әуелгі сын есімдік мағынадан зат есімге өтіп, одан бір объектінің жалқы атын білдіретін топонимге айналған. Оның алғашқы сындық мағынасын бір түбірден тарайтын «жайылған, жайылыңқы» сөздері арқылы көрсетуге болады.

Сонымен II ғасырдан белгілі **Даик** (Жайык) гидронимінің этимологиясын талдай келіп, бұл маңда түркі тайпалары сол кездерде мекен еткендігін аңғаруға болады.

ЖАМБЫЛ – облыс, облыс орталығының, аудан, колхоз – совхоздар аты. Қазақтың атақты ақыны Жамбылдың аты-

нан қойылған. Т. Жанұзақовтың зерттеулеріне қарағанда совет ұйғырлары мен Шынжаң ұйғырлары Ямул немесе Ямбул деп «қорған», «бекіністерді» айтатын көрінеді. Семей облысының Ұржар, Мақаншы аудандарының қазақтары, Жамбыл облысының тұрғындары бекіністі «Жамбыл» деп атайды дейді автор (Т. Жанузаков. Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат канд. диссертации. 1960, 14 беті). Екінші зерттеуші Б. Бафин «жамбыл» сөзі қытайдың «ямэнь» (қамал, бекініс) деген сөзінен алынған, өйткені XVIII ғасырда «маньчжур әкімдері кез келген жерде жолыққан қазақты, тағы басқа жергілікті халықтарды ұстап алып, ақысыз-пұлсыз қамал (жамбыл) жасау жұмысына пайдаланған. Сондай-ақ қазақтардың қалаға сатуға, айырбастауға алып келген малдарын қамалға (жамбылға) қамап алып, төлеуін бермей жәбірлеп (қайтарып) отырған» – дейді (Б. Бафин. Қазақ пен қытай тілдеріне ортақ кейбір сөздер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 4-шығуы, 1962, 230-231 беттері). Біздің ойымызша дүние жүзіне мағлұм Жамбыл ақынның және қаланың аты қытайдың йамұн//йамұл сөздеріне қатысы жоқ секілді. Мұндай қытай қамалдары сол қытай жерінде, Шынжаңда салынғаны белгілі. Ендеше ол сөздің Жамбыл ақынның атына қатысы жоқ. Біздің байқауымызша бұл өзбек тіліндегі жанбил деген өсімдік атына байланысты. Бұл бір жылдық және хош иісті гүл аты. Орысша аты – «чабор, чебрец» (Узбекско-русский словарь. М., 1959, 151 беті). Көбіне тауда өсетін бұл өсімдіктің атын Алматы облысының қарттарының аузынан естігенбіз. Сондықтан, Жамбыл ақынның аты және одан алынған жер аттары да осы «жамбыл» өсімдігіне байланысты деп қараймыз.

ЖЕМ – Ақтөбе, Гурьев облыстарындағы өзен аты. Эмбі станциясының қасында Жем деген жер де бар. Бұл орта ғасырда **Гем** аталған (А. Левшин. Описания киргиз-кайсакских орд и степей. Часть 11, СПб., 1832, 33 беті). В.В. Радлов сөздігінде **кем** сөзі саян, сагай, койбол, качи наречиелерінде «өзен» деп

берілген (В. В. Радлов. Опыт словаря... Том II. часть 2, 1202-1203 беттері). Сібірдегі түркі халықтары Енисей өзенін **Кем//Гем** дейтіні де белгілі (сонда). Сондықтан, бұл өзен аты **Гем** деген сөзден қазақ тілінде бұрмаланып, Жем аталып, өзен мағынасын білдіруі мүмкін.

Г//Ж дыбыстарының алмасуы түркі тілдерінде ертеден бар. Каспий, Арал теңіздері маңында тарихи **Гургон//Журжон, Гурганж//Журжония, Гужон//Жузжон** деген атаулар болған (Х. Хасанов. Урта Осие жой номлари тарихидан. Тошкент, 1965, 11 беті). Бұл атаулардағы г//ж дыбыстарының алмасуы анық байқалып тұр. Ал Жем өзенінің аты орыс тілінде Эмба болып бұрмаланып кеткен. **Гем кан,** (кен, гем, кем т. б.) терминінің таралуы туралы **Басқан, Сарқан, Қарагем** атауларын қараңыз.

ЖОҢҒАР (АЛАТАУЫ) – Көпке әйгілі тау аты. Мұндағы **жоңғар** сөзі – бір кездегі монғолдардың (қалмақтардың) территориялық аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша монғолша дзюн-сол, гар-қол, қанат деген сөздерінен жасалып, «сол қанат, сол бөлік» дегенді білдіреді (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11). 1959, 91 беті). Қазақ тілінде **қар** (қол) сөзі де осы сөзбен түбірлес, Сондықтан атаудың екінші **-ғар** бөлегін түркі-монғолға ортақ сөз деп қарауға болады. Бір кезде қалмақтар елі **Жонғар** (сол қанат, сол бөлек), **Барунғар** (оң қанат, оң бөлек) деп екіге бөлінгені тарихтан белгілі. Жоңғар қалмақтары деген сөз де осыдан туған.

ЖҮНЖҮРЕК – Талдықорған облысы Алакөл ауданындағы тау аты. Бұл монғолдың **зүүн** – **«шығыс», зураг** – «сурет» деген сөздерінен жасалған болуы керек. Өйткені, зураг сөзінен жасалған **Баянжүрек** (қараңыз) деген тау аты осы облыстағы Талдықорған ауданында да бар. Монғол тіліндегі **з** дыбысы мен қазақ тіліндегі **ж** дыбысы мағынасы екі тілде бірдей мынадай сөздерде кездеседі: завсар – жапсар, зай – жай, зайдагнау –

жайдақтау, залгаа – жалганган, залгақ – жалғау, залхаг – жалқау, зар – жар (салу),засах – жасау, зах – жақ, зоо – жон, зос – жоса т. б. (Бұл сөздер С. Хабшай мен Ә. Міністің «Монғолша – қазақша сөздігінен» алынды). Сөйтіп монғол тілінен алынған **Жүнжүрек** (Зүүнзураг) оронимі «Шығыстағы суретті тау» деген мағынаны білдіреді.

ЗАЙСАН – Шығыс Қазақстан облысындағы көл, аудан, аудан орталығының аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, монғолдың **заасинг** (жақсы) деген сөзінен қойылған. Ертеректе бұл көл Зайсан-Нор, кейде Нор-Зайсан деп те аталған. Зайсан атының қойылуына байланысты мынадай аңыз да бар: бір жұт жылы қалмақтар (ойраттар) аштан қырылып жатқанда, осы көлге келіп, балығын жеп, апаттан аман қалыпты. Сөйтіп көлді Заасингнор (жақсы көл) атапты. Зайсан көлінің бұдан бұрынғы атауы Хонхоты да (Қоңыраулы) монғол сөзі (Г. Конкашпаев, Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 91 беті). Ертеде монғол ақсүйектері де **Заасинг** деп аталған. Қазақ тіліндегі «жақсы мен жайсаң» деген тіркестегі жайсаң сөзі монғол тілінен енген. Көл аты осы мағынадағы сөзбен де байланысты болуы ықтимал. Жергілікті тұрғындар осы күнге дейін көлді **Жайсаң** деп атайды. Ал монғол, қазақ тілдерінде **з** мен **ж** дыбысы ауысатыны белгілі (Баянжүрек, Жүнжүрек атауларын қараңыз).

ЗЕРЕНДІ – Көкшетау облысындағы көл, аудан, аудан орталығының аты. Жергілікті тұрғындар **зерен** – бояу жасалатын шөп деп түсіндіреді. Бұл сөз дәл осы жерде болмаса Қазақстанның басқа жерінде қолданылмайды. Тіпті бұл сөздің мағынасын Көкшетау облысының басқа аудандарындағы қазақтар да білмейді.

«Көне түркі сөздігінде» «зерензе» сөзіне ботаникалық деген белгімен «сафлор красильный» деген түсінік беріліп, М. Қашқари еңбегіне сілтеме жасалған. Ал, М. Қашқари

еңбегінде «зерензе» сөзіне «мақсар ұрығы да зерензе ұрығы делінеді» деп түсіндірілген (1, 420). М. Қашқари еңбегінің индексін жасаушы авторлар «зерензе – бот мақсар – желтяница» деп аударады. Ал Т. Мұсақұловтың «Биология терминдерінің орысша – қазақша сөздігінде» (1960) «сифлор, желтяница /н/раст/ -мақсары» делінген. Бұл келтірілген фактілерден көне түркі тілінде **зерензе** сөзі қазіргі мақсары деген мағынадағы өсімдік аты болғанын байқаймыз.

Зеренді сөзінің этимологиясы туралы осы Көкшетау облысының топонимиясын арнайы зерттеген О. Солтаняев былай деп жазды: «зеренда» – «сайгачье» (от монг. зэр – «антилопа, сайгак, серна» – өнд-тут – «тут, здесь»). (Кандидаттық диссертация, 1969, қосымша, 52 беті). Бұл этимологияның әлсіз жағы мынада: **энд** (осында, осы жерде) деген сөз арқылы топоним жасалуы мүмкін емес, өйткені бұл географиялық термин емес. Топонимдердің құрамына кез келген сөз ене бермейтінін автор ескермеген.

Ф. Фасмердің этимологиялық сөздігінде **зерен, дзерен** сөздері монғол, қалмақ, алтай, лебедин тілдерінде «антилопа», «косуля» мәнін білдіреді делінген (том 11, М., 1967, стр. 95). Зэрээн (антилопа) толық түрінде осы күнге дейін бурят-монғол тілдерінде сақталған (К.М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, стр. 291). Алтай тіліне **дьерен** сөзі монғол тілінен енген болуы керек (Ойротско-русский словарь. М., 1947, стр. 53)

Сонымен **Зеренді** топонимінің екі арнасы болуы ықтимал: 1) көне түркіше зерензе>зеренді; 2) **зерен** (монг. антилопа) **+ді** (зат есім туынды сын есім жасайтын қазақ тіліндегі жұрнақ). Бұл екі варианттың қайсысы дұрыс екендігі әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

ҚАТОНҚАРАҒАЙ – Шығыс Қазақстан облысындағы жер, аудан, аудан орталығының аты. Бұл атау жөнінде Ж. Болатов былай деп жазды: «Тұрғын халықтың айтуына қарағанда, Қатонқарағай монғолдың «топ қарағай» деген сөз тіркесі. Село

маңында бірт топ қарағай (самырсын) әлі бар. Бұл Қатонқарғай атауының «топ қарағай» деген мағынаны білдіретінін дәлелдейтін бірінші себеп болса, екіншіден, осыған ұқсас, осы үлгімен жасалған топонимдер де аз кездеспейді. Топқайың, Бесқарағай, Шоқтал – осы аудандағы жер аттары, Шоққарағай – Шоқан туған жердегі географиялық атау т. б.» (Ж. Болатов, Шығыс Қазақстан облысындағы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы, «Қазақ тілі мен диалектологисының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 183-бет.). Біздің ойымызша Ж. Болатовтың бұл пікірі – халық аузындағы сөзді ғылыми жағынан тексермей ала салған жорамал.

Э.М. Мурзаев Монголия және Сібірдегі катун//хатан болып келетін өзен аттарын көне түркі тіліндегі «өзен» деген сөз деп қарайды (Сб.: «Топонимика Востока». Новые исследования. М., 1964, стр. 10). Бірақ біз Қатонқарағай атауының этимологиясын басқаша қараймыз.

Жергілікті қариялар бұл атауды Қатынқарағай дейді. Бұл орыс тілінде Қатонқарағай деп аталып, қазақ тіліне қайта әсер етіп, Қатонқарағай делініп кеткен.

Атаудың құрамындағы қатың **сөзі** – көне түркі тілінде қазіргі қазақ тіліндегі қайың (береза) сөзінің көне варианты. Орта ғасырда М. Қашқари заманында бұл сөз қазың түрінде болған (М. Қашқари. Девону... Ташкент, I том, 68 беті, III том, 380 беті).

Бұл сөз якут тілінде **хатың** түрінде (Қ.Ф. Гриценко. Якутские топонимы на -лах. Сб. «Языки и топонимия Сибири». Томск, 1966, стр. 44), хакас тілінде **хазын** (М. А. Абдрахманов. О составе... Ученые зап. ТГПИ, том XX, вып. 2, Томск, 1962, стр. 118), алтай, қазақ тілдерінде қайың түрінде кездеседі. Сібірдегі кейбір түркі тілдері мен диалектілерінде бұл қадың түрінде ұшырайды (К. Ф. Гриценко, сонда). Ендеше бұл сөз катың> қадың>казын>қайың түрінде фонетикалық өзгеріске түскен деуге болады. Оның ескі және дыбыстық жағынан өзгерген

түрі көптеген түркі тілдерінде сақталған. Көрнекті тюрколог Н.Қ. Дмитриев түркі тілдеріндегі р//д//т//з/з//й дыбыстарының сәйкесетінін айта келіп қадуң//хатың//қазың//қайың (береза) сөздерін мысалға келтіреді (Исследования по сравн. грамм. тюрк. языков, I, фонетика, М., 1955, стр. 326). Өзге түркі тілдерінен оқшау қалған якут тілінде бұл сөздің ең көне хатың түрі сақталып қалуы да заңды. Бұл манда мекендеген көне түркі тайпаларының көне тілінде қазіргі тіліміздегі қайың сөзі қатың аталғаны осы топонимде сақталған. Ал, атаудың Қатонқарағай түріне ауысуына орыс тілінің ғана әсері емес, бірінші және үшінші буындағы ашық **а** дыбыстарының ортадағы қысаң **ы** дыбысын ашық **о** дыбысына өзгеруіне әсер еткен тәрізді. Сонда бұл атаудың мағынасы «қайың – қарағай» деген қос сөз болса керек.

КЕГЕН – Алматы облысындағы өзен, село, аудан аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша өзен аты монғолдың **кеген** (әулие, қасиетті) деген сөзінен қойылған. Бұл жерде будда әулиесі Ноин-Гомба өмір сүрген деген аңыз бар (Г. Конкашпаев. Георграфические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусетвоведения. Вып. 1 (11), 1959, 92 92 беті). Біз Ғ. Қоңқашпаевтың бұл пікіріне қосыла алмаймыз, өйткені, біріншіден, діни сөздерден гидронимдер жасалмайды, екіншіден, мұндай талдау өзеннің физика-географиялық қасиетіне сай келмейді. Сөз этимологиясы жөнінде біздің пікіріміз төмендегідей.

Монғолша-қазақша сөздікте гэгээн сөзіне I-жарық, сәуле, II геген (будда дінінің жоғарғы шені) деген түсінік берілген (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 69-беті). Ал бурят-монғол-орыс сөздігінде гэгээ(н) I-1) светлый, ясный; 2) свет, дневной свет; II плач вопли; III гэгэн (один из санов у ламаитов) – деп түсіндірілген. Ендеше бұл сөздердің «ашық, айқын, айдын» деген мағынасы өзен атына дұрыс келеді.

Ақ-Еділ, Ақ-Жайық деген атаулардағы ақ сөзі «ашық, айдын» деген мағынаны да білдіреді. Ендеше монғолдың гэгээн сөзінің «ашық, айқын, айдын» мағыналары да өзен атына дәл келіп, оның Кеген, Жаланаш жазығында ағып» жатқан көрінісін, яғни физика-географиялық жағдайын дұрыс беретін сияқты.

КЕЛЕС – Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен аты, аудан аты. Аудан аты осы өзен атынан алынған.

Біздіңше, Келес атауы **көл//кел+/е/с** (көптік жалғауы) элементтерінен құралған болуы керек. **Көл** сөзі, Кюль-тегин ескерткішінде бар (С.Е. Малов. Памятники. ДТП. М.Л., 1951, стр. 395). **Көл** термині Кавказдан якутияға дейін түркі тілдерінде кең тараған (Э. и В. Мурзаевы. Словарь МГТ. М., 1952, стр. 124). **Көл** сөзінің айтылуы да, мағынасы да түркі тілдерінде бірдей емес. Бұл жағдай В.В. Радлов сөздігінен орын алған:

«Кол (Алт. Тел. Леб. Саг. Койб. Ктч. Кюер. Тар. Кир. Ккир...) **-кул, гол** 1) озеро... 2) Алт. Тел. рукав реки. 3) Саг. болото» (В.В. Радлов. Опыт словаря... Том II, часть 2, стр. 1268). Мұнда келдің «озеро» деген мағынасынан басқа кейбір түркі тілдерінде «рукав реки», «болото» деген мағыналары да бар екені байқалады. **Көл** термині түркі тілдерінде **кел, гел, күөл** деп те айтылады (Э. және В. Мурзаевтардың көрсет. сөздігі, 124 беті).

Көл//кел формаларының қайсысы ерте? Біздіңше, **көл** ерте, әйткені, біріншіден, осы түрде орхон-енисей ескерткіштерінде бар, екіншіден, осы түрде көптеген түркі тілдерінде сақталған. Бұлай деп монғол тілдері тұрғысынан да айтуға болады: монғол тілдерінде **гол//һол//қол** – «өзен».

Шынтуайттап келгенде түркі-монғол тілдеріндегі **көл// кел//гол//кол** варианттарының түп негізі тіпті әрманда жатыр. В. М. Иллич-Свитычтың зерттеулеріне қарағанда дәл осы сөз сәл фонетикалық өзгерістермен сол мағынада (көл, өзен, бегет, су) семит-хамит, урал, дравид, алтай семья тілдеріне жататын

көптеген тілдерде кездеседі (В. М. Иллич-Свитыч. Опыт сравнения ностр. языков. М., 1971, стр. 305-306).

Түркі тілдерінде ө//е, немесе е//ө дыбыстарыпың ауысу құбылысы бар ма?

Бұл сұраққа «я, бар» деп жауап беруге болады. Біраз дәлелдер мен мысалдар келтірейік.

Белгілі тюрколог Н. А. Баскаков соңғы бір мақаласын былай деп атапты: «Делабиализация передних гласных в тюркских языках и абсолютный переход б>е й>і в галицко-луцком диалекте караимского языка» (Сб. «Тюркологические исследования». Фрунзе, 1970, стр. 117). Мақаланың атының өзі ö>е, й>і дыбыстары алмасуының түркі тілдерінде бар екенін айтып тұр. Бұл құбылысқа автор түркі тілдерінен мынадай мысалдар келтіреді: ұйғырша **өтік//өтек,** хакасша **едік,** алт. **едүк,** қырғ, өтүк сөздері караимша, қазақша **етік,** башқұртша **итік,** түркменше **едік,** шувашша **ідік** болады, қазақша **көбелек**, алтайша **көбөлек,** сөздері қарайымша, түрікше, түркменше **кебелек,** болады, қазақша, қаракалпақша **төбе** сөзі қарайымша **тебе,** түрікше, түркменше **тепе** болады т. б.

Ал ө>е құбылысы карайым тілінің галицкий-луцкий диалектісінде абсолютті, екінші сөзбен айтқанда, басқа түркі тілдерінде **ө** дыбысы мұнда түгелімен **е** дыбысына ауысады:

түркі тілдерінде	**караим диалектісінде**
бөрі, бөрү//беру, бөрө	бері
бөрік, пөрік, бурк	берк
өрдек, үйрек	ердек
өзен	езен
төрт, дөрт	дерт т.б. т.б.

(Сонда, 118-119 беттері).

Сол сияқты проф. С. Аманжоловтың еңбегінде ө//е дыбыстарының алмасуына екі мысал келтірілген: дөңгей (батыс диалектісі), **деңгей** (әдеби тілде), **төбетей** (әдеби тілде), **тебе-**

тей (батыс диалектісінде) (С. Аманжолов. Вопросы диалектологии..., 1959, 295, 297 беттері).

«Об отношении **ө** и **е.** Как известно слоги и звуки могут ассимилировать не только те звуки, которые последуют, но и предшествуют. Такое слово, как **тебетей** вм. **төбетей** является ярким примером регрессивной ассимиляции. Никто не сомневается в том, что корень слова **тебетей** и **тебетей - төбе** (темя, макушка). Последние два слога **бе** и **тей, иначе** дважды повторяющийся звук **е** в диалекте мог уподобить себе губной звук начального слова, а именно ө, и, таким образом, вместо **төбетей** мы имеем **тебетей»** (С. Аманжолов. Указ. раб., стр. 310).

Автордың бұндағы этимологиясы төбетей>тебетей әбден дұрыс. Бірақ мұнда керісінше өзгерген **тебетей** сөзі әдеби тілден орын алған. Ал **төбетей** сөзінің көне екеніне орысша **тюбейтека** да дәлел бола алады. Сөздің атына дәл келіп, бастапқы формасы **тебетей** болса, орыс тіліне **тебетейка** түрінде енген болар еді.

Жоғарыдағы деңгей сөзінің де этимологиясы дөңгей>деңгей екенін аңғару қиын емес: дөңгейі дегеп көне форма «биіктігі» деген мағына берген де, осыдан **деңгей** сөзі туған.

Түркі тілдерінде е//ө дыбыстарының ауысуы да бар (М. Рясенен. Материалы по ист. фонетике..., М., 1955; стр. 57; Ф.А. Абдуллаев. Фонетика Хорезмских говоров. Ташкент, 1967, стр. 39).

Қорыта келгенде **Келес** атауы **көл+ес>келес** өзгеруінен туған болуы керек. Сөз соңындағы ескі түркі-монғол тілдеріндегі дауыссыз дыбыстан кейін жалғанатын көптік жалғауы болуы керек. Ал дауысты дыбыстан кейін (М: Тала+с) бұл-**с** түрінде жалғанады. **-С** түркі-монғол тілдерінде көне көптік жалғауы екені анықталған нәрсе (Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 57).

Көлес>Келес өзгерісінің **дөңгей>деңгей, төбетей> тебетей** өзгерістерінен айырмасы жоқ.

КЕРЕКУ (Павлодар) – Кереку-Павлодар қаласының ескі аты. Бұл қала Павлодар аталғанға дейін Коряково делінгені жөнінде мынадай тарихи деректер бар. 1764 жылдан бастап сауда жасалған Петропавловск, Ямышево озеро, Семипалатинск, Омск сияқты қалалардың ішінде Коряково да бар (Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами ген. штаба. Область сибирских киргизов, часть II, составил генерального штаба полковник Красовский, СПб., 1868, 223 бет). Бұдан кейінгі екінші дәлел: осы көрсетілген полковник Красовскийдің бастауымен жиналған материалдардың үшінші бөлімінде қосымша ретінде географиялық екі карта берілген. Сол карталардың алғашқысында **Коряково** деп жазылған дәл сол объект кейінгі картада Павлодар деп берілген. Павлодарды осы күнге дейін қазақтар **Кереку** деп атайды. Сүйтіп Кереку топонимінің этимологиясы орыстың **Коряков** (о) деген сөзінен шығады. **Коряков(о)** топонимінің құрамындағы я дыбысы о мен я дыбыстарының е дыбысына айналуына әсер еткен. Ал (о)-в дыбысының қазақтың жалпақ тілінде у мен берілетінін ескерсек, тіл жағынан Коряковтың Керекуге өзгеруі - әбден заңды құбылыс. Сүйтіп жоғарыдағы **Коряково** деген топонимді қазақ өз тіліне ыңғайластырып, **Кереку** деп атаған.

Ал орыс тіліндегі Коряково сөзі жөнінде 1949 жылы жазушы Сапарғали Бегалиннің әкесі Бегалы қарттан біз мынадай дерек естіген едік. Осы қаланың алғашқы тұрғындарының бірі Коряков деген купец сол мандағы әсіресе Екібастұздағы көлдерден тұз тартып, сауда жасаған. Кереку сол кісінің атына қойылған – деп екі Бекең. Керекудің ел тұратын пунктке айналуы 1717 жылдар болса керек. Бұл туралы мына еңбекте толығырақ айтылған: А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959, 136-138 беттері). Сөйтіп атау этимологиясының схемасы мынадай: **Коряков/о/>Кереку.**

КЕРШІЛУ – Шығыс Қазақстанмен көршілес Таулы-Алтайдағы кезең аты. Осында экспедицияда болған Ж. Бола-

товқа жергілікті қазақтар бұл монғолдың «үй тас» деген сөзі деп түсіндірген. Ж. Болатовтың пікірінше бұл монғолдың **гэр-үй, чулу**-тас сөздерінен жасалған топоним. («Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, Алматы, 1962, 69 беті). **Герчулуу** формасын қазақтар өз тіліне лайықтан **Кершілу** деп бұрмалап кеткен. **Чул//чулуу** сөзі тас ретінде монғол және **чуваш** тілдерінде бар. Бұндағы басқа түркі тілдеріндегі **ш**/ таш/ дыбысының якут, чуваш тілдерінде **л**-фонемасына ауысуын лабдаизм заңы деп аталатыны белгілі. Түркі тілдеріндегі **л//ш** дыбыстарының сәйкестігі жөнінде белгілі. Түркі тілдеріндегі **л//ш** дыбыстарының сәйкестігі жөнінде белгілі тюрколог Н. К. Дмитриевтің бір мақаласында жақсы айтылған (Н. К. Дмитриев. Соответствия **л//ш,** ИСГТЯ, 1, фонетика, М., 1955, стр. 320-321). Монғол тілінен қойылған Гэрчулуу>Кершілу (Үйтас) атауын қазақша Қойтас атауымен салыстыруға әбден болады.

КӨКДАБА – Онтүстік Алтайдағы тау аты. Ғ. Қоңқапшаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың «көк бел», «көк асу» деген сөзі (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (11), 1959, 92 беті). Монғолша-қазақша сөздікте **даваа** сөзі қазақша асу деп аударылған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 71-беті). Ал топонимнің бірінші компоненті көк сөзі – монғол тілінде де «хөх». Көк//хөх сөздері түркі-монғол тілдерінің ортақтығын көрсетеді. Сол сияқты атаудың екінші компоненті **даваа** сөзі де, біздіңше, түркі тілдеріндегі **төбө//төбе** сөзімен туыстас. Сол себептен бұл атау тұтасымен түркі-монғол тіл туыстығын көрсетеді.

ҚАҒЫЛ – Қарағанды облысында Бас Қағыл, Орта Қағыл, Аяқ Қағыл деген тау аттары бар.

Қағыл т.б. атаулардың этимологиясы турал: Ғ. Қоңқашпаев былай деп жазды:

«В Казахстане имеется несколько топонимов тип Урал. Ср. названия рек в Уральской области: Оил (на карте Уил) и Киил:, названия небольших гор в Қарагандинской области Бас-Кагыл, Орта-Кагыл, Аяк-кагыл; казахское название реки Ишима Есил. Все они, по нашему мнению, являются формой повелительного наклонения единственного числа будущего времени страдательного (или возвратного) залога от глаголов **ою** (оймак) – вырезать, вырыть»; **кию** (кимак) – «прорезать, прорывать»; **кагу** (какпак) – «сдувать»; **есу** (еспек) – «вить». Буквальное значение слов **киил** – «прорезайся», **оил** – «вырезайся, прорывайся; **кагыл** – «сдувайся»; **есил** – «вейся». В топонимах: Киил – «прорезанный, прорытый», Оил – «вырытый»; Кагыл – «сдуваемый» (т. е., место, откуда легко сдувается снег); Есил – «скрученно – волнистое течение» (Г.К. Конкашпаев. По поводу названия Урал. Ученые зап. УрГУ, Сб. «Вопросы топонимики», № 5, Свердловск, 1971, стр. 75).

Ғ. Қоңқашпаевтың **Қағыл** атау **қағу** деген етістіктен жасалды деген пікірі дұрыс болғанымен **-ыл** қосымшасы; жөніндегі пікірі талас туғызады. Біздіңше бұл етістіктен зат есім туғызатын жұрнақ және Ойыл, Қиыл, Орал атаулары (қараңыз) осы жолмен жасалған. Егер бұл атаулар етіс формасына аяқталса, онда атау тиянақсыз қалады, оның атаулық мағынасы және логикасы болмайды. Сол себептен біз **-ыл/-іл, -л/** жұрнағын етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ деп ойлаймыз.

ҚАЗАҚСТАН – Қазақ Советтік Социалистік республикасының аты. Бұл топонимнің «стан» бөлімі ел деген иран сөзі екені жұртшылыққа кеңінен белгілі. Ал қазақ сөзінің этимологиясы туралы ертелі-кеш айтылған көптеген пікірлер бар. Бұл жорамалдардың көпшілігі академик А. Самойлович пен С. Ибрагимовтың мақалаларында келтірілген. Осы мақалалардағы пікірлерге қысқаша шолу жасайық.

Академик Н.И. Веселовский қазақ сөзі «қаз сияқты еркін кісі» дегенді білдіреді дейді. Ал Крафт, А. Чулочников сияқты

зерттеушілер бұл сөз қазақ (белая гусыня) деген сөздерден құралған деп қарайды.

Мұндай пікірлердің ғылыми негізі жоқ екендігін А. Самойлович өз мақаласында толық дәлелдеді.

Зерттеуші П. Фалев «қазақ» сөзінің **каз** (кезу, тентіреу) деген етістікпен байланысты деп қарайды. Бұл пікірді 1866, 1878 жылдары Ценкер және Вамбери сияқты ғалымдар айтқан. 1912 жылы венгер тіл ғалымы Гомбоц **қазақ, хазар** сөздері **каз** (ауысу, тентіреу) деген етістіктен шыққан деген жорамал айтыпты.

Фин ғалымы Рамстедт егер соңғы пікір дұрыс болса, онда «қас» сөзі монғолдың «қасаг терген» (ескі монғол тіліндегі арбаның аты) сөзімен байланысты болуы керек деп қарайды. «Каз» («тентіреу» мағынасында) деген етістікті А. Самойлович басқа сөздіктерден таба алмай, тек венгер ғалымы Неметтің «Құмық тілінің сөздігінен» тапқанын айтады.

«Қазақ» сөзін А. Самойлович мына сөздіктерден тапқан: 1245 жылы Египетте қыпшақ тілінде жазылған авторы белгісіз 1894 жылы Хоустма шығарған сөздікте қазақ сөзі «қаңғыбас, тентіреуші» дегенді білдіреді – депті.

XV-XVI ғасырлардағы біраз сөздікте қазақ сөзінің мағынасы айтылады. Мәселен, «Абушка» сөздігінде (Вельяминов-Зернов шығарған баспасының 322 бетінде) қазақ сөзін «кезбе, үйсіз» деп түсіндіреді. Сүлеймен Бухари сөздігінде бұл «үйсіз» деп аударылған. Қазақ сөзінің мағыналары (1) үйсіз адам, 2) Хорезмнің терістігіндегі тайпа аты) XVIII ғасырдағы Мирза Мехдихан сөздігінде де беріледі. Бабур шығармаларынан дәлел келтіріліп, осы сөздін «үйсіз (кісі), кезбе, қуғындалушы» деген мағыналары Паве-де-Куртеиль, В.В. Радлов сөздіктерінде берілген.

Ал Ценкер мен Будаговтың сөздіктерінде бұл сөздің мағынасын «қарақшы» (разбойник) деп түсіндірілуі, бұл екеуінің Фазлуллахан сөздігіндегі араб жазуымен жазылған

қазақ, қарақ сөздерінің шатастырылуынан болуы керек деп қарайды А. Самойлович.

Қазақ сөзі әуелде этникалық мәнде емес, әлеуметтік мәнде болған. Мәселен, қарашай, құмық, балқар тілдерінде де бұл сөз қолданылады. Бірақ оның мәнін әлі ешкім зерттеген жоқ. Қарашай тіліндегі қазақ сөзі төменгі, мүліксіз тапты білдіріп, «жалғыз, үйсіз» деген мағынада да қолданылады.

Сонымен А. Самойлович қазақ сөзі XIII-IV ғасырларда «өз елінен, тайпасынан немесе руынан бөлінген, қиын-қызық іздеуші, ғажайып құмар кісі» деген мағынада қолданылып, кейін халықтың атына айналған деп қорытындылайды (А. Самойлович. О слове «казак». Сб. «Казаки». Л., 1927, 5-16 беттер).

С.К. Ибрагимов «Тағы да қазақ термині жайында» деген мақаласында жоғарыда айтылған А. Самойловичтің мақаласына және одан кейінгі жазылған Х. Әділгереевтің, М. Ақынжановтың, А. Бернштамның, С. Юшковтың, А. Семеновтың мақала-еңбектеріне талдау жасайды.

Х. Әділгереев А. Левшиннің еңбегіне сүйеніп XI ғасырдағы «Шахнамада», ал М. Ақынжанов Вамберидің, айтқанына сүйеніп X ғасырдағы Константин Багрянородныйдың еңбегінде **қазақ** деген сөз бен халық аты X-XI ғасырлардан белгілі дегенді айтады.

Бірақ мақала авторы С. Ибрагимов мұны теріске шығарады: Шахнамадан біз қазақ сөзін таба алмадық, ал X ғасырдағы Константин Багрянородныйдың еңбегіндегі **касоги** адыгей тайпаларының аты – дейді. С. Ибрагимовтың пікірінше **қазақ** сөзі алғаш рет 1245 жылы жазылған, 1894 ж. Лейденде Хоустма жарыққа шығарған түрікше-арабша сөздікте «үйсіз, баспанасыз, қуғын керген» деген мағынада кездеседі. XV-XIX ғасырлар арасындағы Орта Азия нұсқаларында, түрлі сөздіктерде **қазақ** сөзі осы мағынада қолданылады. Зерттеуші А. Бернштам Константин Багрянородныйдың еңбегіндегі **касоги** сөзіне сүйеніп, бұл сөз этнос есебінде X ғасырдан бар дегенді айтады. Бірақ

С. Ибрагимов мұндағы **касоги** сөзінің **қазақ** терминіне қатысы жоқ деп қарайды.

Ал проф. А. Семенов монғолдың **хасаг-терген** (арбаның аты) деген сөздері қазаққа байланысты болуы керек деп қарайды. Бірақ С. Ибрагимов орта ғасырларда және кейін де бұл сөз тіркесі түркі нұсқаларында кездеспейтінін дәлел тұтып, **қазақ** сөзі монғолдың **хасаг-терген** сөзінен шығуы дүдәмол деп қарайды.

Сөйтіп, С. Ибрагимовтың пікірі бойынша, X-XI ғасырларда **қазақ** деген этникалық термин жоқ. XIII-XV ғасырлардағы нұсқаларда кездесетін қазақ сөзі «кезбе, еркін, қуылған, қаңғыбас» деген мағыналарда қолданылған, ал XV ғасырдың аяғында XVI ғасырдың басында Барақ ханның ұрпағы Жәнібек, Керей, Бұрындық хандардың қол астындағы елге өзбек есіміне қарама қарсы қазақ сөзі айтылып, XVI ғасырдың басында көшпелі тайпалардың бір бөлегі Мавренахрға ауған кезде, этникалық термин болып **қазақ** сөзі шығады.

Қазақ халқының аты XVI ғасырдың басында, сол кездегі авторлардың еңбегіне қарағанда, әуелгі «кезбе» деген мағынасы қатар қолданылып жүреді.

Сонымен бірге XVI ғасырдың бірінші ширегінде этникалық мәнде **өзбек, қазақ** сөздерінің айырмасы болмай, **өзбек, қазақ** деген тіркестер де қолданылған.

Сонымен қазақ халқының аты «кезбе, еркін» мағынасындағы көшпелі деген мәнді білдіретін **қазақ** сөзінен шыққан деп қорытындылайды С. Ибрагимов (С. К. Ибрагимов. Еще раз о термине «казах». Труды ИИАЭ АИ КазССР. Том 8, 1960, стр. 66-71).

Қазақ сөзінің шығуы жөніндегі осы пікірлерді ескере отырып мынаны айтуға болады. Алдымен қазақ халқының этникалық құрамына енген ру, тайпа, тайпа одақтары жөніндегі көне грек, қытай, парсы, араб, армян, грузин, түркі т. б. нұсқаларындағы мәліметтерді жинап алған мақұл. Сонымен

бірге осы нұсқалардағы қазақ сөзінің қай мағынада қолданылғанын айқындау қажет. Онан соң қазақ сөзі халыққа берілетін қазақ хандығының құрылу кезіндегі, одан бұрынғы-кейінгі тарихи процесті толық зерттеген абзал. Сөйтіп, қазақ сөзінің шығу, қолданылу және халықтың атына айналу жағдаяттарын тарихи реалиймен байланыстыра қарамай, бұл мәселе түбегейлі шешілмейді.

Қазақ сөзінің этимологиясы жайында айтылып түрген пікірлердің ішінен, меніңше, 2-3 вариантты бөліп қарауға болады.

І вариант: қас+сақ. Бұл жорамалды төмендегідей мәліметтермен толықтыра түсуге болады. Сөздің екінші компоненті **сақ** сөзі біздіңше **Созақ** топонимінің құрамында кездеседі. **Созақ** топонимі, А. Бернштамның пікірі бойынша, **су** және **сақ** деген екі компоненттен тұрады. Біздіңше ертеде бұл атау **Сувсақ** атауы оның ілгерінді ықпал әсерінен яғни **в** дыбысының **с** дыбысын **з** дыбысына айналдыруынан Сувсақ>Сувзақ>Созақ түріне көшкен сияқты. Бұл ертедегі гректердің **апа-сака** деген сақтардың бір бөлегінің атына сай келеді. **Аб** парсы тілінде **су** деген сөз. Сөйтіп, **Созақ** /сув+сақ/ сөзі ертедегі грек нұсқаларындағы **апасиаки** этнонимінің түркіше аударылып аталуы, немесе мұны гректер түркі тілінен калька жолымен аударған деуге болады.

Қазақ пен қарақалпақ халықтарының шежіресін «Қазақ пен Созақ – ағайынды, қазақтан қазақ тарайды да, Созақтан қарақалпақ шығады» деп келеді. Белгілі зерттеуші С.П. Толстовтың пікірі бойынша апасиакт (су сақтары) қарақалпақ халқының негізі этникалық ұйтқысы болды. Міне осы деректердің бәрі кездейсоқ: емес, сақ сөзі қазақ этноним-топонимдерінің құрамына енгендігін дәлелдейді.

Ал оның бірінші компоненті **қас** Қазақстандағы **Қазықұрт, Қастек, Каспий** сияқты топонимдерінің құрамында кездеседі.

Қазақ сөзінің қас+сақ вариантын қуаттайтындай осы тәрізді мәліметтер бар. Ал бұл жорамалдың әлсіз жағы: «қассақ» сөзі

этноним ретінде ескі нұсқаларда кездеспейді. Сол себептен де бұл жорамал теориялық болжам есебінде ғана қалады.

II вариант-түркі тілдеріндегі **қазақ** сөзі. В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» деген сөздігінде **қазақ** сөзіне мынадай түсінік береді: «1) человек вольный, независимый, искатель приключений, бродяга». Бұл; сөз осы мағынада шағатай, қырым және Қазан татарларының тілінде кездесетінін көрсетіп, «қазақ кіші» – «смелый, праворный человек, ловкий наездник» деген, мысал келтіреді. В. В. Радлов бұдан әрі былай деп жазады: «У Крымских татар я встретил слово қазақ только в легенде «Чора», где говорится, что Чора отказался остаться в Крыму и желает сделаться «казак» и ехать в Казань: Қазақ болуп Қазанға шығайым. Здесь казак без сомнения обозначает: вольный искатель приключений».

Бұл сөздікте **қазақ** сөзінің екінші мағынасына В. Радлов мынадай түсінік береді: «2) Киргиз, Киргиз-Кайсак. Киргизы сами себя называют казак, и так называются; Татарами восточной России, жителями Средней Азии и Тобольскими татарами».

В. Радловтың айтуы бойынша бұл сөздің Қазан татарларының тіліндегі мағынасы: «қазақ кіші, қазақ йигит – неженатый человек, холостяк» (II том, 1 часть, 364-365 беттер).

В. Радлов **қазақ** сөзінің омонимдік екінші бір мағынасына Осман тілінде бұл «волокуша, сани, круглые бревна, на которых таскают тяжелые предметы, лодки и т. д.» дейді (Соңда, 366 бет). Бұл сөздің қазақмақ түріндегі төртінші мағынасы «разбойничать» (Бұл да сонда, 366 бет).

Сөйтіп, бұл келтірілген материалдардан түркі тілдерінде, әсіресе оның батыс бөлегінде қазақ сөзі «еркін, батыл, батыр, бойдақ» деген мағыналарда қолданылғанын түсінуге болады.

Орыс тіліндегі қазақ сөзі де «казмак – скитаться, бродить» деген Орта Азия тіліндегі сөзден енген деп қарайды. В. Даль (Толковый словарь. II том, стр. 72).

Қазақ сөзі туралы белгілі ғалым А. Харузин былай деп жазды:

«Что слово «казак» следует понимать именно в смысле вольного бродячего человека, повидимому, подтверждается тем, что и наше казачество, восприняв тюркское слово, и вероятно, сохранив его в его первоначальном смысле, именно представляют бродячий элемент независимых людей» (А. Харузин. К вопросу о происхождении киргизского народа. «Этногр. обозрение», 1895, № 4, 52 бет).

Қазақ сөзі орта ғасырда «еркін, елінен кеткен адамдар» категориясын білдірген. Бұған сол кездегі орыс жерінде болған бродники деген адамдар тобы дәл келеді.

Бродниктер туралы А. Попов былай деп жазды: Можно только утверждать, что бродники были во многих отношениях прообразом будущих казаков. Имелась ли здесь прямая преемственная связь, сказать трудно. Однако это вполне возможно, так как ясы (осетины) сохранились в степи и после нашествия татар, а бродники и должны были сохраниться, ввиду их явного пособничества монгольским находникам. Имена первых исторически известных казаков XV в. на русской службе чисто тюркские, что не противоречит вышееказанному (А.И. Попов. Кыпчаки и Русь. Ученые записки ЛГУ. Серия исторических наук. Вып. 14, том 112, 1949. 114 бет).

Сөйтіп, сол кездерде қолданылған «бродники» терминінің мазмұны да, тарихи жағынан осылай деп аталатын адамдар тобы да **қазақ** сөзімен мағыналас келеді.

1660 – 1661 жылдары жазылған Абул-Газының «Шеджере-и-таракіма» деген еңбегінде Огуз-ханның бір баласы Жұлдыз ханның төрт баласының бірінің аты – қызық (А.Н. Кононов. Родословная түркмен. М.-Л., 1958, кітап аяғындағы текстің 51 беті, немесе 515 жолы). Бұл сезді А. Кононов **Қызык** деп транскрипциялайды (сонда, 51, 52, 53 беттерде). Осы сөзге Абул-газы «герой» деген түсінік береді. Бұл сөз тексте қате жазылып кет-

кен «қазақ» сөзі болуы мүмкін, өйткені оған сол кезде берілген «герой» деген түсінік пен жоғарыда айтылған «қазақ сөзі мағыналас келіп отыр. Қазақ сөзі Абулғазыда осы мәнде бар екенін С. Ибрагимов те айтады (жоғарғы мақаласы, 68 бет).

Енді жоғарыда біраз авторлар айтқан **касог** сөзіне келейік. Кабарда-Балкар ғалымдарының зерттеуінше бұл сөз алғаш рет VIII ғасырдың аяғында, IX ғасырдың басында монах Епифаний-дің еңбегінде кездеседі (История Кабардино-Балкарской АССР. Том 1, 1965, 59 бет.

X ғасырда бұл сөз Масуди еңбегінде «кешак» түрінде кездеседі (История Кабардино-Балкарской АССР. М., 1967, 69бет).

Ал орыс жылнамаларында алғаш рет кездесуі – 965 жыл. Бұл жылы Святослав Солтүстік Кавказдағы Хазарларды және оған тәуелді касогтарды жаулап алады (Полное собрание русских летописей. Том 1, М., 1962, 65 бет).

1022 жылы Мстислав касогтарга шабуыл жасайды, касогтың Редеда ханын жеңеді. Осы жылнамада Мстиславтың Редедамен соғысы қызықты етін жазылған. 1023 жылы Мстислав хазарлармен және касогтармен бірге Ярослав Мудрыйға қарсы жорыққа шығады (Сонда, 146-147 беттер).

1066 жылы Ростислав касогтардан салық алады (Сонда, 166 бет). Орыс жылнамалары 1223 жылы монғолдардың ясы, обез, касог, қыпшақтарды қирата қырғанын айтады (сонда, 446 бет). Орыс жылнамаларында касогтар туралы осындай деректер бар.

Осы касогтар кімдер? Жоғарыда айтылған Х. Әділгереев, М. Ақынжанов, В. Шахматов сияқты зерттеушілер қазақ сөзі X ғасырдан бар деп, қазақ халқының атына жақындатқысы келеді.

Ал Кабарда-Балқар халқының көне тарихын зерттеуші Л.И. Лавров касогтар қабардылардың арғы атасы дегенде, қазіргі осетиндердің (ертедегі аландардың) қабардыларды «кесек» деп атайтындығына сүйенеді (История Кабардино-Балкарской АССР..., Том 1, М., 1967, 68 беті).

Бұл автор **касог** адыг (кабардылар-адыгтың бір бөлегі – А. Ә.) сөзі емес екенін мойындайды. Ол былай деп жазды: «Слово касог с его вариантами (касах, кашек), очевидно. не адыгское и получило распространение благодаря аланам. Осетины до сих пор называют кабардинцев «кесек» (сонда, 68 бет). Осы кітаптың макетінде Л. И. Лавров: «Возможно, адыги получили это название от соседних тюркоязычных народов, например, болгар. Существует мнение, что название «касах» – тюркское и происходит от слова «казах» – одинокий (История Кабардино-Балкарской АСС. Том 1, макет, 1965, 69 бет) деп жазған болатын.

XIX ғасырда қазақ сөзі ең кедей адамдар тобын білдіретін сөз екені туралы Кабарда-Балқар тарихында былай делінген:

«Балкарское крестьянство длилось на разряды, отличившиеся по степени зависимости от таубиев (каракиши, ясакчи, казаки и караваши). Бесправными были казаки и караваши...» (История Кабардино-Балкарской АССР. Том 1, М., 1967, 105 бет).

Қарашай, құмық тілдерінде «қазақ» сөзі «жалғыз, үйсіз» деген мағынада қолданылатыны жоғарыдағы А. Самойловичтің мақаласында айтылған.

Ал Балкар тіліндегі бұл сөздің қолданылуы туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының аспиранты, ұлты балқар Улейір Жулабов бізге мынадай мәлімет айтты: «қазақ сөзінің I мағынасы – «жалғыз», II мағынасы – «құл» (малы, мүлкі жоқ кісі). Бұның үстіне балқар тілінде «қазақ чықты» деген тіркес бар екен, оның мәні: «ел жұртынан бөлініп, қашып кетті».

Міне осы келтірілген деректердің бәрі қазақ сөзі бір кезде, X-XV ғасырлар арасында этникалық мәнде емес «еркін жүрген, елінен бөлініп шығып жаугерділікпен, батырлықпен күн көретін» адамдар тобын білдіретін, Россияның оңтүстік шығысында, Кавказда, Орта Азияда, Қазақстанда кең тараған атау сөз екенін дәлелдейді. Орыс нұсқаларындағы бродники

сөзі де осы сөзбен мәндес. Бұл сөз XVI ғасырда қазақ хандығы құрылған кезенде қазақ халқының атауына айналған. Бұл сөздің «жалғыз, үйсіз, мүліксіз кісі» деген мағыналары осы күнге дейін Кавказдағы балқар қарашай, құмық тілдерінде сақталған.

Түркі тілдеріндегі қазақмақ (жаулап алу, басып алу, шауып алу) сөзі мен орыс тіліндегі казаковать сөздерінің де түбірі – қазақ. Орыс тіліндегі қазақ сөзі түркі тілдерінен енгендігін барлық зерттеушілер айтқан. Екінші варианттағы қазақ сөзінің этимологиясы – бөлуге келмейтін бір сөз. Қазіргі дейінгі көп зерттеушілерді пікірі де, қазақ сөзінің тарихи жағынан осыншама кең территорияда қолданылуы да осы жорамалдың қазіргі зерттелу тұрғысынан дәлелді варианты болып отыр.

Әрине, бұдан **қазақ** сөзінің шығу төркіні біржола шешіліп болды деген пікірден біз аулақпыз. Сондықтан да зерттеушілердің көңілін зерттеу үстінде ойымызға келген тағы бір вариантқа бөлгіміз келеді. Қазақ сөзі **қаз/қас** пен **оқ** сөздерінің қосылуынан туды ма деген жорамалға дәлел болатындай мынадай деректер бар. Мұндағы оқ сөзі көне түркі тілдерінде ру, тайпа деген ұғымды білдірген. Л. Лигетидің пікірі бойынша **оғуз** деген тарихта белгілі тайпа одағы атының түбірі **-оғ** (оқ) тайпа, ру деген сөз. Бұл «стрела» (оқ) деген ұғымды білдірмейді. Көне түркі тілінде **ӧг** – «ана» деген сөз, осыдан **оғул**; (сын), **оғуш** (сородич) сөздері жасалған. Ал **оғуз** дегендегі **қ** дыбысының **ғ**-ға айналуы оның **оқ** (стрела) деген сөзден емес, **оқ** (оғ «-ана», кейін «тайпа», «ру») деген сөзден жасалғандығынан болып тұр. Д. Банзаров қырғыз деген этнонимнің аяғындағы **-ыз** көптік жалғауы екенін айтқан. Осы пікірді кейін Л. Лигети де қолдаған. Сөйтіп **оғ+уз** сөзінің **уз** бөлегі де көптік жалғауы. **Оқ** (оғ) бір өзі ру, тайпа дегенді білдірсе, бұған **-уз** көптік жалғауы қосылғасын тайпалар одағы деген ұғымды білдіретін болған (осы деректер мен пікірлер А. Н. Кононовтың мына еңбегінде келтірілген: Родословная туркмен, 1958, 82-84 беттерді қараңыз).

Оқ сөзі тайпа, ру есебінде көне түркі жазуларында да, орта ғасырдағы нұсқаларда да кездеседі. Мәселен, **он оқ** сөзі «он тайпа» мағынасында Кюль-Тегинге, Тонь-юкукке қойылған ескерткіштерде бірнеше рет кездеседі (С. Е. Малов. Памятники древне-тюркской письменности, 28, 35, 43, 62, 68 беттерін қараңыз). В.В. Бартольд **VII** ғасырда Шу бойында батыс түркі халқы он салаға бөлінгенін айтады (Очерк истории Семиречья. Фунзе, 18 бет). Орта ғасырларда жазылған Оғузнамеде **бузук, үшок** тайпа атаулары кездеседі. 1141-42 жылдары жазған Ибн ал-Асирдің еңбегінде огуздар **ушук, бузук** деген екі үлкен топқа бөлінген (А. М. Щербак. Огуз-наме, Мукаббат-наме, М., 1959, 62, 96 беттер). Бұл сөздердің этимологиясын А. Н. Кононов талдады. Оқ сөзі **бузук,** учук тайпа аты ретінде Абылғазының еңбегінде кездеседі (А. Кононовтың аталған еңбегі, 49 бет). Бұл тайпа аттарының **үш** (три)+**оқ** (племя), боз (возможно: серый?) **+оқ** (племя) деген сөздерден тұратынын А. Кононов және басқа ғалымдар дәлелдеді (Сонда, 91 бет).

Міне, осы келтірілген мәліметтерден **оқ** сөзі көне заманнан ру, тайпа ұғымында қолданылғанын көреміз. Ендеше, қазақ сөзі **қаз** (кейде қас)+**оқ** деген екі компоненттен құралып, **қазоқ/тар/,** яғни **қаз тайпалары** деген ұғымды да білдіруі ықтимал. Соңғы оқ компонентінің **ақ**-қа айналуы алдыңғы буындағы (қаз) а дыбысының әсерінен болуы мүмкін. Қазақ халқының құрамындағы **Сегізақ**/сегіз+оқ/, **Тоғызақ**/Тоғыз+оқ/ сияқты ру аттары да қазақ/қаз+оқ/ сөзімен түбірлес болуы ықтимал.

Қазақ сөзінің этимологиясы туралы бүгінгі таңдағы деректер тұрғысынан осыны айтуға болады.

ҚАЗАЛЫ – Қызылорда облысындағы аудан, аудан орталығы (қала) аты. Бұл атау, біздіңше, арабтың газал (орысша – газел, қазақша – киік) деген сөзі мен көне түркі тілінің туынды сын есім жасап, сол нәрсенің барлығын білдіретін **-лы** жұрнағы қосылуы арқылы жасалған. **Газал//газель** /киік/ араб сөзі

екенін М. Фасмер көрсеткен (Этимологический словарь русского языка, 1,М., 1964, стр. 382). Газал-киік (газель) мағынасында түрік тілінде бар (Д. А. Магазаник. Турецко-русский словарь. М., 1945, стр. 201). Бұл сөздіктің авторы газал сөзі араб тілінен енгенін көрсетеді.

Өзбек топонимиясын зерттеуші Х. Хасанов Ташкент таулары-нда киік көп болғандықтан, бұл өлкеде Бұғустан, Ғазалкент (қараңыз), Суқоқ (ақ киік) сияқты атаулар көп екенін көрсеткен (Х. Хасанов, Урта Осие жой номлари тарихидан. Тошкент, 1965, 17 беті).

Ал Газал+лы атауының Қазалы түріне көшуіне себеп болған тілдік себеп: 1) қазақ тілінде ғажап, ғылым, ғасыр, ғыбрат сияқты бірен-саран сөздер болмаса, **ғ**-дыбысынан басталатын сөз аз; 2) сөз аяғындағы **л** дыбысы мен жұрнақтағы **л** дыбысының қатар тұруы қазақ тіліне тән құбылыс емес. Сөз аяғындағы **л** дыбысы түркі тілдерінде тиянақсыз. Ол жөнінде проф. Н.К. Дмитриев былай деп жазған болатын: «Сонорные **р**, **л** и **н** в тюркских языках принадлежат к числу неустойчивых. Явление это отличается в некоторых современных языках, но, повидимому, восходит к древним» (Н. К. Дмитриев. Неустойчивое положение сонорных р, л, н в тюркских языках. Исследования по сравн. грамматике тюркских языков, 1, фонетика, М., 1955, стр. 279), Міне осы жағдайлар **Ғазалл**ы атауының **Қазалы** (киікті) түріне көшуіне себепші болған. Шынында да Қазалы қаласы орналасқан Арал теңізінің жағасы ертеде киікке, құланға өте бай болған (**Ғазалкент, Қарталы** атауларын салыстырыңыз).

ҚАЗЫҚҰРТ – Оңтүстік Қазақстандағы тау аты. Зерттеуші Құлмат Өмірәлиевтің пікірі бойынша Қазықұрт сөзінің этимологиясы төмендегідей. IX-X ғасырдағы араб географтары Ташкент (Шаш) пен Сайрамның (Исфид-жаб) қала болғанын айтады. Осы қала Қазықұрт тауына жақын орналасқан болуы керек. Қазықұрт сөзі Абулғазының «Шежер-и-Туркмени» (1660-1661)

кітабында бірінішден, тау аты есебінде, екіншіден, Оғуз ханның бір ұрпағы, яғни оның тайпасының бірі есебінде кездеседі.

Араб географтары Кркрд деп жазған бұл сөзді Гаркерд, Газкерд, Газкурд, Гузкерд, Геркурд, Гуркурд деп оқуға көне беретіні ескерілсе, онда қазіргі Қазықұрт осы қала атының кейінгі заманда дыбыстық өзгеріске ұшыраған фонетикалық варианты деуге әбден болады. Қ. Өмірәлиев Қазұқұрт, Келес, Талас, Сыр (Силис), Ташкент (Шаш) атауларының біздің эрамыздың 1 ғасырынан бар екендігін дәлелдей келіп, Қазықұрт оронимі екі компоненттен тұратынын айтады.

«IX ғасырда араб географтары келтіретін Гаркурд (не Гузкурд) екі түбірден (гер-курд) біріккен сөз.

Кер сөзі туралы екі түрлі гипотеза жасауға болар еді. Бірінші, **кер** – есім түбір. Якут, Алтай, Телеут және кене түркі тілінде **кар** – керемет, қорқынышты, зор жылан, екі басты айдаһар дегенді білдіреді. Оны **кар** йутпа деп те атайды. Қазақ тілінде бұл түбір сөз «кер ауыз», «кер миық» деген тіркестерде ғана сақталған. Егер жергілікті халықта сақталған «Қазықұрт тауының астында сақталған айдаһар бар, оны дуалап, арбап байлап қойған, ол босанып кетсе қиамет-қайым болады-мыс» деген аңызға сүйенсек, онда қазір қазақта қолданылудан шығып қалған, бірақ якут тілінде сақталған кар (екі басты айдаһар) мен Қазықұрт тауы астындағы айдақардың, яғни Қазықұрт сөзінің мағынасы арасында ізі өшіп кеткен байланыс, шындық болуы да мүмкін. Онда қазіргі Қазықұрт тауының байырғы замандағы **кер** тұлғасы «Айдаһарлы» деген мағынаны білдірген болады.

Екінші, кер-есім-етістік түбір. Көне түркі тілінде есім-етістік мағыналы түбірлер болған. Бұл түбірлер – тілде сөздердің форма жағынан түрленуі әлі де баяу кезде түбірлік те, әрі форма қосудан туар мағынаны да өздері білдірген түбір сөздер, яғни бұлар – қосымшалық реңкі бар негізгі түбірлер.

Осы тұрғыдан келгенде, **кер** топоним – атауын қазіргі «бұрылу», «бөліну» мағынасында **кер(і)** етістік сөзінің байырғы тілдегі етістік-есім түрінен қалыптасқан деп карауға болады». **Қазықұрт** сөзінің екінші **құрт** бөлімін Қ. Өмірәлиев башқұрт сияқты этнонимнің құрамына енген тайпа аты деп қарайды. Сүйтіп, бұл топонимнің этимологиясын зерттеген Қ. Өмірәлиев былай деп түйеді:

«Ежелгі Керкүрт түріндегі фонетикалық құрамының қазқұрт түріндегі өзгерісі – біріншіден, р>з жағдайларындағы өзгеріс. Екіншіден, керқұрт>кезқұрт>кезқұрт>қазқұрт ақырында Қазықұрт жағдайында е>а түріндегі өзгеріс те түркі тіліне тән құбылыс» (Қ. Өмірәлиев. «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы. «Қазақстан мектебі», 1967, № 4, 78-84 беттер). Автор мұнда Қазықұрт топонимінің екінші бөлегі құрт сөзінің тайпа аты екенін айтқан да, оның этимологиясын ашпаған. Ал құрт ескі түркі тілдерінде «қасқыр» мағынасында қолданылғаны белгілі. Басқұрт//Башқұрт атаулары – «бас қасқыр», яғни «негізгі тайпа» деген мағынаны білдірген тотемдік атау. Қазақ халқының құрамындағы Қызылқұрт /кіші жүзде/ руы да «қызыл қасқыр» деген мағынаны білдірген. Ендеше Қазықұрт атауы тұтасымен этноним болып, кейін тау атында ізін қалдыруы да ықтимал. Жоғарыда Абылғазы шежіресінде Қазықұрт оғуздардың бір тайпасы ретінде айтылуы да осыған байланысты болуы мүмкін.

ҚАЙШЫ – Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданындағы бұлақ аты. Бұл атаудың этимологиясы жөнінде Ж. Болатов былай деп жазды: «Бұл топонимнің этимологиясы, Қанапия Мусин ақсақалдың айтуынша, монғолдың ұры мәніндегі **құлақайшы** сөзіне келіп тіреледі. Ол кісі бұл пікірін дәлелдеу үшін, Қайшы бұлағының айналасы ұры жасырынуына лайықты қалың ағаш, ну орман деген еді. Бұл пікірдің дұрыстығына монғол тілінің сөздіктерін аударыстырғанда көзіміз жетті. Онда **хулгайч** ұры, жыртқыш, бандит мағынасын білдіреті сөз деп түсіндірген» (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар

тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы, «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 184 беті). Біздіңше бұл талдау ойға қонымсыз. Өйткені, сөздің басқы **хул//құл** буыны түсіп қалуы мүмкін емес. Ендеше бұл сөз монғол-түркі тілдеріндегі **ханч//хайша//қайшы** сөздерінен қойылу мүмкін. Монғол тіліндегі **хайч** сөзіне мынадай түсінік берілген: 1) шекаралық сызық, шекара; 2) тістеуік, қысқыш, шымшуыр; 3) қайшы (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 255 беті). Бұл сөздің заттық 2, 3 мағыналары жақын. Сонымен бұлтопонимді «шекара», «қайшы» деген мағыналармен жақындастыруға болады. Егер бұл бұлақ шынында да бір ел мен екінші елдің, немесе иеліктің шекарасы болып есептелсе, онда бұл атау монғолдың **хайч** (шекара) деген сөзінен қойылған болады. Ал бұлақ қайшыға ұқсап екі айрылып жатса, онда түркі-монғол тілдеріне ортақ **хайч//хайша//қайшы** (ножницы) сөзіне байланысады. Мұндай жағдайда атаудың шын сырын не тарихи деректер, не объектінің физика-географиялық қасиеті дұрыс көрсетпек.

ҚАЛБА ТАУЫ – Шығыс Қазақстан, Семей облысындағы тау аты. М. Абдрахманов пен А. Бонюховтың зерттеуіне қарағанда Шорияда Қалбық деген тау аты бар. Олар осы тау аты «қалба, қалбы» (черемша) деген зат есімнен жасалуы мүмкін деген жорамал айтады (Сб.: «Языки и топонимия Сибири», I, Томск, 1966, 160 беті). В. Даль сөздігінде (IV, 592) черемша өсімдік деп түсіндіріліп, оған «жабайы чеснок, колба» деген анықтама берілген. Осыған қарағанда таудың аты онда өсетін **қалба** өсімдігіне байланысты қойылуы мүмкін. Бұл арада шор тілі түркі семьясына кіретін туыс тіл екенін ескерген жөн. Сонда **қалба** көне түркі тілінде болып, қазақ тілінде өсімдік мағынасы ұмытылып, тау атында ғана сақталып қалуы ойға қонымды.

ҚАЛҒҰТЫ – Шығыс Қазақстандағы және Алматы облысындағы өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың халга (қақпа) деген сөзінен алынған және тауды кесіп

өтетін өзен аңғарының рельефін дәл береді (Г. Қонкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1(11), 1959, 91 беті).

Осы жерде экспедицияда болған Ж. Болатовқа жергілікті қазақтар бұл монғолдың «қазды» деген сөзі деп түсіндірген. «Шынында, – деп жазады Ж. Болатов – қазды монғолдар **галу, галуун** деп атайды екен, осыған қарағанда, бұл жер аты да монғол сөзінен шыққан болып табылады» (Ж. Болатов, Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер, «Қазақ тілі тарихы мен...», 4 шығуы, 1962, 53 бет). С. Хабшай мен Ә. Міністің «Монғолша-қазақша сөздігінде **«галуу**-үйрек деп берілген (57 бет). Сонымен **галуу** монғолша қаз, үйрек деген сөз. **Қалғұты** гидронимінің көне түбірі **қалғұ** болып, **қалқу** (жүзу) сөзімен де түбірлес болуы ықтимал. Ал **-ты** барлықты білдіріп, туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. **Галуу** сөзінің түбірі қалғу//галгу болуы да ықтимал.

ҚАНДАҒАТАЙ – Қалба тауының бір бөлегі. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **кандагай** (бұғы) деген сөзінен алынған. Бұл жерлерде ертеректе бұғы болған (Г. Қонкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 92 беті). Монғолша-қазақша сөздікте **хандгай** сөзіне бұлан (бұғының бір түрі) деп аударылған. Ал **-тай -осы** жануардың барлығын білдіретін монғол тіліндегі көне жұрнақ. Г. И. Раместедт бұл жұрнақ ту+ай>(тай) екі элементтен жасалған дейді (Г. И. Рамствдт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205). **-Тай** жұрнағы қазақ тіліндегі туынды сын есім жасайтын **-ты//ті** жұрнағымен мәндес.

ҚАПАЛ – Талдықорған облысындағы аудан, аудан орталығының аты. Осыдан жүз жыл бұрын Н. А. Абрамов бұл атау калмақтың ханы Қапалдың атына байланысты қойылған деп жазды. Ғ. Қоңқашпаевтың зерттеуі бойынша, бұл пікір дұрыс

емес. **Қапал** сөзі сол жердегі **Қопалы** деп аталатын кішкене өзеннің атынан шыққан. Өзеннің басы шынында да қопалы, батпақты жерден басталады (Г. Қонкашпаев. Некоторые малопонятные географические названия в Қазахстане, Сб.: «Вопросы географии Қазахстана», 1962, вып. 9, 241 беті). Мұнда Ғ. Қоңқашпаев қопалы Жапал өзгерісін лингвистикалық тұрғыдан дәлелдей алмаған. Біздіңше **копалы** сөзінің **Қапал** формасына айналуына орыс тілі әсер еткен.

Бұл жерде 1847 жылы Копалинское укрепление деп аталатын бекініс – қала орнаған. Сол кезде «Копалинское укрепление» деудің орнына «Копальское» деп орыс тілінде қате транскрипциялаған. Бұнда «о» дыбысының алғашында жазылуы атаудың «Копалы» сөзінен алынғандығын дәлелдейді. Бірақ орыс тілінде сөз басындағы «о» дыбысы «а» болып айтылатын болғандықтан, ол бірте-бірте **Қапал** түріне көшкен де, қазақ тілінде **Қапал** болып айтылуына әсер еткен. Сүйтіп бұл топоним мынадай өзгеріске түскен: Қопалы>Копальское укрепление>Капальский район>Қапал ауданы, селосы.

ҚАПШАҒАЙ – Алматы облысындағы шатқал аты. Бұл сөздің түбірі **қап//қып.** Одан түркі тілдерінде мынадай сөздер жасалған: қырғыз тілінде қапчал (скалистое ущелье), қапчыгай (горное ущелье), қазақ тілінде: қапшағай (ущелье). Монғол тілінде: хавцал (шатқал), хавцгай (тік құз, тік жар тас, шың). Б. Орузбаева бұл түбірді **кап** етістігінің өте көне формасы деп есептейді. Осы сөзден қырғызша **қыпчы**+(қысу) сөзі, якутша **хапчай** (қысу, жіңішкерту), **хапчаан** (теснота, ущелье) және монғолша **хабчіл** (узкое ущелье) жасалған деп қарайды. Оның **-ғай** бөлімі етістіктен есім тудырған түбірге қосылып, **қапчыгай** сөзін жасап тұр деген пікірге келеді (Б. О. Орузбаева. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964, 137 бет). Сөздің түбірі **қап/қып** екендігіне тағы бір дәлел көне түркі сөздері **қапұғ** (есік), қапчақ (өзендердің қосылатын сағасы), капға (ворота) осыдан жасалған (М. Қашқари. Девону луғотит турк,

индекс-луғат. Тошкент, 1967, 349 беті). Қазақ тіліндегі «қыпша бел» (жіңішке бел) деген тіркестегі «қыпша» сөзінің де түбірі **-қып.** Одан кейінгі **-ша//шы, ча//чы** жұрнағы етістікті есімге айналдыратын қосымша, ал **-гай//ғай** есімнен есім тудыратын түркі-монғол тілдеріндегі көне жұрнақ (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 184-185). Осы жолмен жасалған **қапшағай** термині географиялық жалқы атауға айналған.

ҚАРАГЕМ – Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданындағы көл аты. Ж. Болатовтың пікірінше мұндағы **қара** түркі сөзі де, екінші сыңары **хәм** – шек, шекара деген монғол сөзі (Ж. Болатов, Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 187 беті). Атаудың екінші компоненті туралы айтылған Ж. Болатовтың пікірі, біздіңше, дұрыс емес. Өйткені «шек», «шекара» деген мағынадағы сөз көл атына қойылмайды. Әрбір атау көбіне-көп сол географиялық объектінің терминіне сай келуі керек.

Біздің ойымызша, «гем» -тува тіліндегі «өзен, су» дегенді білдіретін **хем** (кем) сөзімен түбірлес. Топонимикадағы **-кан, -кам, -кем** элементтері туралы Э.М. Мурзаев, В.А. Никонов, А.П. Дульзон сияқты көрнекті совет топонимистері жазған болатын. Солардың пікіріне қысқаша тоқтала кетейік.

Э.М. Мурзаев **кам, кем, кан** элементтері Азия елдерінің гидронимдерінде жиі кездесетінін айта келіп, бұл индоевропа тілдерінен тараған деп қарайды (Э.М. Мурзаев. «Природа Синьцзяна... М., 1966, стр. 349). Автордың бұрынғы пікірі мүлде басқаша болатын-ды. Ол «Жергілікті географиялық терминдер сөздігі» деген еңбегінде **кан** сөзі екі үлкен топқа бөлінетін тілдерде бар деп көрсеткен-ді: 1) **кан** – тәжікше «канал», шығу тегі иран тілдеріндегі кан (казу) етістігімен түбірлес; 2) **кан** –

корей тілінде «өзен, су» деген сөз (Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, стр. 98-100).

В.А. Никонов бұл элементті тунгус – маньчжур тілдеріндегі **кан** (өзен, су) сөзімен байланыстырады (В. А. Никонов. Краткий топонимический словарь. М., 1966, стр. 172).

А. П. Дульзон **«кан, -хем, -кем** элементтерінің Алтайдан Амурға дейін таралғанын айта келіп, **-кан** формантының шығу тегі екі түрлі болуы ықтимал – деп көрсетеді. Біріншісі, кішірейту жұрнағы, екіншісі, тунгус-маньчжур тілдеріне жақын корей тілінде **канг** – «өзен» деген сөз А.П. Дульзон **-хем** (кем) элементі өзен мағынасында бүкіл Тувада, Таулы-Алтай елкесінің оңтүстік-шығысында, Краснояр өлкесінде кең тарағанын айтады. Автор бұл сөз түркі, кет, самодий тілдеріне жатпайды дейді де, бірақ оның қай тілдікі екенін көрсетпейді (А.П. Дульзон. Топонимы Средней Сибири. «Изв. Сиб. Отд. АН СССР». Серия общ. наук, № 5. Вып. 2, 1965, стр. 112-114).

Бұл фактілерге қарағанда **-кан, -кам, -хем** элементтерінің екі үлкен арнасы болуы керек. Бірі индоевропа тілдерінен тараған да, екіншісі Қазақстанның шығыс аймақтарынан Амурға дейінгі созылып жатқан кең өлкеден орын алған, соның ішінде Сібірдегі түркі тілдерін кең тараған. Біздің ойымызша, бұл сөз тунгус-маньчжу корей семья тілдеріндегі кан//канг (өзен, су) сөзімен тығыз байланысты. Бұл элемент осы кең өлкеге тунгу әсіресе монғол тілдері арқылы тарауы мүмкін. Монғол тілінде **ганга:** 1) яр, обрыв, высокий берег, 2) балка, овраг; 3) рытвины, ухабы (К. М. Черемисов. Бурят-могольско-русский словарь. М., 1951, стр. 158).

Қорыта келгенде Қарагем түркі тілдеріндегі «қара су» деген мағынаны білдіреді. Бұл тува тіліндегі «өзен су» мағынасындағы **-хем** (кем) сөзінің Таулы Алтай өлкесі арқылы Шығыс Қазақстанға келіп жету көрінісі. Ал «а» және «е» дауысты дыбыстарының арасындағ «х», «к» дыбыстарының «г» дыбысына айналуы заңды екенін айтып жатпасақ та түсінікті.

ҚАРҚАРАЛЫ – Қарағанды облысындағы тау аты Аудан аты да осы тау атына байланысты қойылған. Бұл атау жөнінде осыдан 100 жыл бұрын 1863 жылы Красовский былай деп жазды: «Каркаралинские горы» – по рассказам киргизов (т. е. – казахов – А. А.), горы получили настоящее название вследствие большого сходства некоторых вершин с ящиком, устанавливаемым при перекочевках каркара» (Материалы для географии статистики России, собранные офицерами ген. штаба Область Сибирских киргизов. Часть I, Составил Красовский, СПб., 1868, 134 беті). В.В. Радлов өзінің сөздігін де «қарқара» сөзі қазақ (киргиз), қырғыз (каракиргиз) тілдерінде, біріншіден, орысша цапля деген құстың бір түрі, екіншіден, өзен аты деп түсінік береді. Ал қырғыз (каракиргиз) тілінде қарқаралы деп, қаркара құсының үкісінен жасалған қыздардың бас киімін айтатынын көрсетеді де, «қарқаралу бу қысын қармап олжо қыламын» деген мысал келтіреді (В.В. Радлов. Опыт словаря. Том II, часть 1, 190 беті). Сөйтіп, бұл айтылғандардан қарқара сөзінің үш түрлі мағынасы бар екені байқадық: 1) түйеге теңделетін әбдіре, 2) құс аты 3) сол құс үкісінен жасалған қыздардың бас киімі. Қарағанды облысындағы тау аты, Алматы облысындағы көл мен жер аты осы үш мағынаның қайсысынан алынғаны әзірге бізге белгісіз. Дегенмен атаудың құс атынан қойылу мүмкіндігі қалғандарынан басым. Сонда қарқара (құс)+лы (туынды сын есім жұрнағы)>Қарқаралы жолымен жасалуы әбден орынды.

ҚАРТАЛЫ – Қостанай облысының Қарабалық ауданына тым жақын жер, станция және қала аты. В.В. Радлов сөздігінде картал сөзіне осм. (түрік) деген белгімен орел (бүркіт) деген түсінік берілген. (II, часть 1, стр. 200). Қазіргі түрік тілінде де **картал** – бүркіт (Д.А. Магазаник. Турецко-русский словарь. М., 1945, стр. 320). Ал азербайжан тілінде **гартал** – бүркіт (Азербайжанша-русча луғәт. Бакы, 1951, стр. 46). **Картал//гартал** сөзі бүркіт мағынасында түркі тілдерінің ішінде

осы екеуінде ғана кездеседі. Осы бар материалдың негізінде Қарталы атауы «бүркітті» деген мағынаны білдіреді деп айтуға хақымыз бар сияқты. Атаудың **Карталлы//Қарталды** болмауына мына жағдай себеп болған сияқты. Бұл атаулы жұрнағының вариантқа бөлінбей тұрғанында жасалған болуы керек. Олай болса **л** дыбысының сөз аяғында қатар тұруы түркі тілдеріне тән емес. Оның үстіне сонар **р, л, н** дыбыстарының түркі тілдерінде ертеден тиянақсыз екенін Н.Қ. Дмитриев дәлелдеген болатын (Н.Қ. Дмитриев. Неустойчивое положение сонорных р, л, н в тюркских языках. «Исследования по сравн. грамматике тюркских языков, 1, фонетика, М., 1955, стр. 279).

Сондықтан да **Қартал+лы** атауы **Қарталы** түріне көшкен болуы керек: қартал+лы>қарталы (бүркітті) (Қазалы атауьш қарап, салыстырыңыз).

ҚИЫЛ – Ойыл өзеніне көлденең қосылатын Ақтөбе облысындағы өзен аты. Қиыл гидронимі, біздіңше, қи (етістік) +ыл (зат есім тудыратын жұрнақ) элементтерінен жасалған. Етістіктің түбірі – көне түркі тілдерінде бар бір буынды сөз. Бұл М. Қашқарида «срезать резать (наискось, косо)» деген мағынада қолданылған Древнетюркский словарь, стр. 440).

В.В. Радловтың мәліметтеріне қарағанда **қый** етістігі көптеген түркі тілдерінде «обрезывать, подрезывать, срезать с боку» деген мағынада қолданылады (Опыт СТН. Том II, часть 1, стр. 688).

Атаудың екінші элементі **-ыл** жұрнағы етістікті зат есімге айналдыратын қосымша. Бұл жұрнақ синхрондық және диахрондық қимада колданылуы Ойыл (караңыз) атауында толық айтылғандықтан, бұл арада тоқталмаймыз. Қиыл гидронимі **Ойыл** (ой+ыл), **болжал** (болжа+л) сөздері үлгісімен жасалған. **-Ыл** ертеде түркі тілдерінде етістікті зат есімге айналдырып, атауды тиянақтайтын жұрнақ болған. Қиыл атауы өзеннің Ойылға қиылып көлденеңінен қосылатын географиялық көрінісін дәл берген.

ҚОБДА – Ақтөбе облысында Ұлықобда, Кішіқобда, Қарақобда, Сарықобда деп аталатын өзендер бар. Жайық өзенінің бассейндері болып табылады. Бұл сөздің этимологиясы туралы төмендегідей материалдарды келтіруге болады: тәжік тілінде – **хавза** – геогр. геол. бассейн, котловина (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 494); түркмен тілінде **ховдан** (ховда: н) – водохранилище, большой водоем (Туркменско-русский словарь. М, 1968, стр. 699). Түркменияда **Ховдан** (Ховдан) болып келетін бірнеше гидроним бар (С. Атаниязов. Түркменистанның топонимик сөзлүги. Ашгабат, 1970, 242 беті). **Қобда//хавза//ховдан** сөздерінің мағыналас болып келуі, бұлардың бір нұсқадан тараганын дәлелдейді. Біздіңше бұл иранның (тәжіктің) **хавза** (су койма, бассейн) деген сөзінен тараған. Бұл атаудағы **з** дыбысының **д** дыбысымен туыстас екенін көрнекті тюрколог Н.К. Дмитриев дәлелдеген болатын (Н.К. Дмитриев. Согласные ç и ÷ в тюркских языках, ИСГТЯ, I фонетика, М., 1955, стр. 249-253). Ол көне түркі тілдерінде тіс аралық спиранттардың болганын Жайық өзенінің атын грек авторлары біздің эрамыздың II ғасырында Δаіх деп жазганына карап айткан еді. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде бұл дыбыстар башқұрт және түркмен тілдерінде сақталған. Осы жағдайларды айта келіп, Н.К. Дмитриев з, дз, д дыбыстарының алмасқанын көрсетеді (Сонда, 250 беті). Бұл дыбыстардың ішінде d көне екені айтылды. Ендеше иран тілінен **Хавза** атауы ертеде осы өзен атына қойылған кездің өзінде-ақ **з** дыбысын тіс аралық спирант **дз** дыбысына айналдырған. Сөйтіп бұл гидроним иран тілінен өтіп, мынадай дыбыстық өзгерістерге түскен: **Хавза>Хабda>Қобда.** Беретін мағынасы: өзен, су қоймасы. Кішіқобда, Қарақобда, Сарықобда деген атаулар осыған сәйкас Кішіөзен, Қараөзен, Сарыөзен дегенді білдіреді.

ҚОРҒАЛЖЫН – Целиноград облысындағы көл, аудан, аудан орталығының аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша **кургальджин** – монгол тілінде корғасын деген сөз. Көл аты

судың түсі қорғасынға ұқсас болғандықтан қойылған болуы ықтимал (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 92 беті). Біздіңше монғол тіліндегі **кургалджин** (дұрысы хорhолджин) сөзі мен қазақ тіліндегі **қорғасын** сөзінің шығу тегі бір екені сөз ортасындағы **лдж** дыбыстарын қазақша бір **с** дыбысымен берілгендігінен де байқалып тұр. Сондықтан бұл атауды түркі-монғол тіл туыстығы негізінде жасалған деп қараған жөн. М. Қашқари еңбегінде осы сөз **коруғжын** түрінде айтылатынын ескерсек (I, 469 беті), біздің пікіріміздің дұрыстығы дәйектеле түседі.

ҚОРДАЙ – Шу-Іле тауларындағы Алматы мен Фрунзе қалаларының арасындағы асу. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың «хуртай» (жаңбырлы) деген сөзінен қойылуы мүмкін (Г. Конкашпаев, Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и скусствоведения. Вып. 1. (11), 1959, 92 беті).

Алғашында Ғ. Қонқашпаевтың бұл жорамалы ойға қонымды сияқты көрінгенімен, іздену үстінде бұл атауға байланысты біз бір талай тың материалға кездестік. М. Қашқари еңбегінде **кордай** сөзіне «құстың бір түрі» деп түсінік беріліпті (III, 258 беті). В.В. Радлов сөздігінде **кордой** сөзі телеуіт, алтай тілдерінде – «цапля» делініпті (II том, часть 1, стр. 576). Осы құс атауларына байланысты қойылды ма десек, мұндай құс Қордай асуында жоқ.

Біздің ойымызша, **кордай** атауы түркі-монғолдың хөр// қар (снег) деген сөзіне байланысты қойылған. **Хөр** монғолша «омбы қар, күртік, боран, дауыл үйіп тастаған қар» (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 290 беті). Монғолдың **хөр** (снег) сөзі түркі тілдерінде **қар//қор** (өзбекше) түрінде келеді.

Ал .атаудың екінші компоненті **-дай//тай** – қазіргі түркі тілдеріндегі **-лы//-лі, -ты//ті, -ды//ді** туынды сын жұрнағының

көне варианты. Бұл жұрнақ монғол тілінде сақталған (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

Сөйтіп, бұл атау Қордай асуының қыста қарлы, боранды болатын құбылысын дәл көрсетеді. Қытай мен Орта Азияның ертедегі керуен жолы осы асу арқылы өтетін болған және қыста бұл жер өтуге өте қауіпті болған.

Міне сондықтан атау түркі – монғол тіл ортақтығы, яғни алтай заманында жасалып, тілдің көне көрінісін өзгертпей сақтап қалған.

Сөйтіп, атаудың этимологиясын былай сипаттауға болады: **кар//қор//хөр** (снег) +**тай//дай** (туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ) >**кордай.** Көне мағынасы «қарлы» (асу).

ҚҰЙҒАН – Іле өзенінің Балқаш көліне құятын сағасы. Бұл жердің Құйған аталу себебі Іле өзенінің Топар, Жиделі т. б. толып жатқан тармақтары Балқа көліне жетпейді. Ал Іленің негізгі арнасы ғана Балқашқа құяды. Міне сондықтан бұл жерді «Құйған» деп атаған. Сөздің түбірі – **құй** етістігі, оған есімшенің – **ған** жұрнағы қосылып атау жасалған. Түгіскен (қараңыз) атауын салыстырыңыз.

ҚЫЗЫЛЫРАЙ – Қостанай облысындағы тау аты. Сол маңдағы таулардың ең биік шоқысы. Бұл атау екі компоненттен тұрады. Біріншісі – **қызыл** – қазақ сөзі. Ал, екіншісі, Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша **орай** (шың) деген монғолдың сөзі (Г. Конкашпаев. Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане. Сб.: «Вопросы географии Казахстан». Вып. 9, 1962, 243 беті). Осы пікір дұрыс сияқты, үйткені монғолша **орой** – таудың басы, шыңы, ал бурят-монғол тілінде де; осы мағынаны білдіреді (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша – қазақша сөздік, Уланбатор, 1954, 131 беті; К. М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, 374 беті). Қызылорай атауының Қызылырай формасына көшуі, біріншіден, **орой** сөзінің қазақша түсініксіздігінен болса, екіншіден, ортадағы

«о» дыбысының кейінді ықпал әсерінен «ы» дыбысына айналуы себебінен; олса керек: Қызылорай>Қызылырай.

ҚЫПШАҚ – Қазіргі орталық Қазақстаннан бастап/ Еділ-Жайыққа дейінгі жерлер тарихта Дәшті қыпшақ (парсыша «Қыпшақ елі, даласы» деген сөз) аталғаны; белгілі. Қазір Целиноград облысында Теңіз көліне құятын Қыпшақ деген өзен бар. Қазақстанның оңтүстігінде Арысқа құятын Қыпшақ өзені бар.

Қыпшақтардың тарихы мен осы сөздің этимологиясы жөнінде В. Бартольд, В. Радлов, И. Маркварт, А. Соболевский, А. Зайончковский, Д. Расовский, В. Гордлевский, П. Голубевский, И. Березин, А. Понамарев, А. Кононов, А. Щербак сияқты ғалымдар пікір айтты. Қазақстанда қыпшақтар тарихы мен тілі жөнінде С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Б. Көмеков, О. Сулейменов т. б. зерттеу жүргізді. Қыпшақтардың тарихы көне түркі, грек, парсы, араб нұсқаларында айтылды. Мәселен, 759 жылы ұйғыр қағаны Мойын-Чорға қойылған ескерткіште «түркі-қыпшақтар біздің үстімізден елу жыл үстемдік етті» деген сөйлем бар (Малов. Памятники... Монголии, Киргизии, стр. 38-39). Міне осы сөйлем қыпшақ группасына жататын тілдердің де орхон – енисей жазуларын өз тілдерінің нұсқасы ретінде пайдалануға кең жол ашады. Қыпшақ сөзінің этимологиясы жөнінде Рашид-аддин еңбегінде, «Огуз-немеде» және «Түркмен шежіресінде» айтылған. Бұл нұсқаларда Огуз қағанның соғыста өлген бір сардарының әйелі шіріген ағаштың қуысында (қабығында) босанып, ол баланы Огуз асырап алып, Қыпшақ деген ат беріпті, бұның өзі түркінің қабұқ (ағаштың қабығы) деген сөзінен алынған делінеді. Бұл этимология ертедегі халық аңызына сүйенген. Бұл сөздің екінші бөлегі **-шақ** компонентін А. Щербак есім жұрнағы, ал В. Банг кішірейту жұрнағы деп қарайды (А. Щербак: Огуз-наме. М., 1959, стр. 72). **-Шақ** кішірейту жұрнағы дегенге біз де қосыламыз.

Ал бұл сөздің түбірі жөнінде мынадай жорамал айтуға болады. Қыпшақтардың славянша аталуы – половцы. Осы сөз ескі славян тілінің «полова» (солома), «половый» (құба, ақ – құба) деген сөздерінен шыққан деген акад. Куник пен А. Соболевскийдің пікірі ғылымда әбден орнықты. Осы жорамалдауды қуаттаушы А. Понамарев мынадай пікір айтты:

«Форма же «кубан» вне всякого сомнения восходит к одному корню с имеющемся в ряде тюркских языков словом «куба», что значит у ногайцев бледный, сагайцев и др. бледный, сероватый; особенно близко по значению к русскому **половый** казахское **«куба»** – бледножелтый. Так казахи называют степь «кубажон» (ср. русское «половеть» – желтеть, вянуть, блекнуть).

В свете этих языковых фактов нам кажется вполне возможным высказать уверенность в том, что русское «половцы» есть не что иное, как перевод имени половецхого народа кубан-куман» (Понамарев. Куманы-половцы, ВДИ, № 3-4, 1940, стр. 366-367). Половцы сөзі полякша – чехше **плавцы,** венгерше **полоч,** немісше **флав** болып өзгерген. Қыпшақтардың аты грек, орыс нұсқаларында **куман, кубан, половцы** түрінде кездеседі. Ставраполь өлкесіндегі **Кубань** атауы да осы сөз деген пікірлер бар. Сөйтіп, қышпақтардың аты Европа тілдерін аударылып алғанына тағы бір дәлел: қыпшақтардың ескі армян нұсқаларындағы **хардиаш** (светловолосый) де ген аты да **құба** деген мағынаны білдіреді (Сонда). Түркі халықтарының атын ескі славян тіліне аударып ал практикасы **Черные клобуки** (қарақалпақ), **четеевич** (жеті ру), **шесть братьев-** (алты ұлы) т. б. деген орыстың тарихи нұсқаларындағы этнонимдермен де дәлелденеді.

Сөйтіп осы фактілердің негізінде А. Понамаревті пікіріне қосыла отырып, біз де **қыпшақ** сөзінің түбірі **құба** деп ойлаймыз. **Құба** этноним ретінде Алтайдан Балқарияға дейін кездеседі (А. Гусейнзаде. Об этимологии топонима Куба. Жур. «Сов. тюркология»; 1971, № 2, стр. 122). Ал бұл сөздің этноним

ретіндегі ең; көне түрі **құбаң//құбан** болса керек. Сондықтан да қыпшақтардың ескі грек нұсқаларындағы түрі **кубан-куман.** Бұндағы ң/н жұрнағы қараң-қараң етті, қараңғы дегендегі қара сөзінен кейінгі -ң жұрнағымен бір типтес болса керек.

Ал қыпшақ сөзі осы күнгі түріне былай өзгерген: құбашақ> құб /а/ шақ>құбшақ>қыбшақ>қыпшақ.

Бұл этноним **құбашақ** аталып жүрген кезінде екпін-**шақ** бөліміне түсетіндіктен, **а** дыбысы әлсіз естілетін; болған, бара-бара бұл дыбыс мүлде жоғалып **құбшақ** түріне көшкен, онан кейін қатаң **ш** дыбысының алдындағы; **б** дыбысы кейінгі ықпал (регрессивная ассимиляция); нәтижесінде қатаң **п** дыбысына айналған да (ноғайлар осы күнге дейін **құпшақ** дейді: Жданко. Очерки истор. этнографии каракалпаков, стр. 124), **ұ** дыбысы қысан **ы** дыбысына өзгерген. Сөйтіп, осы өзгерістер нәтижесінде бұл этноним **қыпшақ** (кейбір түркі тілдерінде құпшақ, қыпчақ, қыпсақ) түрінде қалыптасқан сияқты.

ЛЕНГЕР – Шымкент қаласынан онша қашық емес жерде орналасқан елді пункттің аты. Тәжікстан мен Өзбекстанда кең тараған атау. Зерттеуші А. З. Розенфельдтің пікірі бойынша якорь мағынасындағы **лянгар** сөзі барлық индоевропа тілдерінде кездеседі: ancora (лат.), anker (нем. және голл.), anchor (ағыл.), ancre (фр.), якорь (орыс), Iangar (хинди және түркі тілдерінде) (А.В. Розенфельд. Название «лянгар» в топонимике Таджикистана. «Изв. всесоюзн. географ. об-ва». Том 72, вып. 6, 1940, 861 бет). Бірақ А.З. Розенфельд бұл сөздің **якорь** деген мағынасынан бөлек мәні аялдама, тоқтайтын жер деп түсіндіреді.

Белгілі топонимист Э.М. Мурзаев **Ленгер** «қонақ үй», «жол үстіндегі қонақ үй» деген иран сөзі деп қарайды. Бірақ бұл топоним Орта Азияда, Синьцзянда, Афганстанда, Иранда «халыққа ас беретін жер», «монастырь», «зират» т. б. мағыналарда қолданылады. Ленгер аты көбіне ескі керуен жолдары басып өтетін жерлерде кездесетінін Э.М. Мурзаев атап көрсетеді (Э.М. Мурзаев. Природа Синьцзяна и формирование пустынь

центральной Азии. М., 1966, 346-347 беттер; его же: Средняя Азия. М., 1957, 248-249 беттер).

Иран семьясына жататын тәжік тілі сөздігінде «лангархона» сөзіне мынадай түсінік берілген: *уст.* 1) богадельня; странноприимный дом; 2) дом, где совершается обряд присвоения ученику права мастера в каком-л. ремесле (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 203). Сөйтіп, **Ленгер** (Лангар) - «қонақ үй» мағынасындағы иран сөзі.

ЛЕПСІ – Жоңғар Алатауынан басталып, Балқаш өзеніне қиятын Талдықорған облысындағы өзен аты. Лепсі деп аталатын темір жол станциясы осы өзен атынан қойылған.

Өткен ғасырдың аяқ кезінде бұл өзен **Лап-су** аталғаны жөнінде Н. Аристовтың еңбегінде ап-анық айтылған (Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897, стр. 85). Сол себептен бұл «лапылдап қатты ағатын өзен» деген мағынаны білдіреді. Ал атау соңындағы су (өзен) сөзінің **сі** формасына айналуы Е. Қойшыбаевтың мақаласында дәлелді айтылған (Е.Қ. Койчубаев. Қазахские географические названия с формантами **ты** и **сы**. Сб. «Топонимика Востока», М., 1969, стр. 146). Бірақ атаудың бірінші компонентінің түбірі Е. Қойшыбаев айтқандай «леп» емес, жоғарғы нұсқада көрсетілгендей «лап». Сонымен бұл атау мынадай өзгеріске түскен: Лапсу>Лепсу>Лепсі.

МАҚАНШЫ – Семей облысындағы жер аты. Бұл атау ру атынан қойылуы да мүмкін. Қалмақша **махн** – «ет» деген сөз (Краткий русско-калмыцкий словарь. 1969, стр. 260). Монғол тілінде **мах** – «ет». Мұнда сөз аяғындағы н дыбысы түсіп қалатынын ескерсек, бұл форма да заңды. Осы **мах(а)н** түбіріне мамандықты білдіретін түркіше **-шы** жұрнағы қосылып жасалған этноним болуы керек. Мақаншы, яғни «етші» руы «ет сүрлеуге, дайындауға мамандалған» адамдар болуы ықтимал.

МАҢҚЫСТАУ – Маңғышлақ облысындағы жер және аудан аты. Маңқыстау аймағының тарихы турал мәліметтер

С. Омарбековтың «Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер» (Алматы, 1965) деген ең бегінде бар. Бұл атаудың этимологиясы туралы 1865 – жылы атақты венгер (мадьяр) ғалымы А. Вамбери пікір айтты, ал қазақ ғалымдарынан Ғ Мұсабаев пен Қ. Өмірәлиевтің де арнайы мақалалары бар.

С. Омарбековтың аталған еңбегінде Маңқыстау өлкесінің тарихы туралы мынадай деректер айтылады. Бұл аймақтың арғы тарихы жайындағы мәліметтер ерте орта ғасырдағы араб және парсы нұсқаларында кездеседі. X ғасырда өмір сүрген Әл Истахри, Ибн Русте бұл жерді Сиякух (Қаратау) деп аталған. Шынында да Маңқыстаудың орталығынан Үстірт жазығына дейін созылып жатқан таулы алқапты жергілікті тұрғындар қазірде де Қаратау деп атайтын көрінеді. Сиякух атауының Қаратау мағынасындағы сөз екені XII ғасырда Хорезмде болған араб тарихшысы Якуттың еңбегінде айтылған. Бұл еңбекте Маңғышлақ атауы да жазылған. Ал бұдан бұрын Маңқишлағ атауы екі рет XI ғасырдағы М. Қашқаридің еңбегінде кездеседі (Девону луғатит түрк, Ташкент басылымы, I том, 432-бет, III том, 171-бет). Екі жерде де М. Қашқари бұл атауға «өгүз өлкелеріндегі бір жердің аты» деген түсінік берген. Қейінгі XIII-XIV ғасырлардағы Ибн Нәджиб, Ибн Әл Әсир, Рашид-ад-дин Ибн Фадлаллах Әл Омари еңбектерінде де Маңғышлақ топонимі кездеседі (С. Омарбековтың аталған еңбегінің 18-19 беттері).

Маңғышлақ//Маңқыстау топонимінің этимологиясын А. Вамбери **мың+қышлақ** деп қарады. Ал Ғ. Мұсабаев. кейбір түркі (түрікмен) тілдерінде қойды **маң** деп атауына байланысты бұл атау **маң** (қой)**+қыстау//қышлақ** деген сөздерден жасалған деп тұжырымдады (А. Вамбери. Путешествие по Средней Азии. СПб., 1865, 160 беті; Ғ. Мұсабаев, Маңғыстау сөзінің семантикасы. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары», 1946, 4/29/ шығуы).

Маңқыстау атауының этимологиясы туралы Қ. Өмірәлиев те жазды. Ол былай дейді: «Маңғыс сөзіне екі түрлі талдау жасауға

болады. Бірінші. Ертеде маңғыс деп аталатын кесіртке типтес етқоректі жыртқыш аң болған. Ал монғол ертектерінде бұл сөз қазақтың жеті басты аждаһасы орнына жүрген... бұл кезде жолда күтпеген жерден тоқсан бес басты жыртқыш маңғыс... кездеседі (Сб.: «Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика. М., 1960, стр. 233). Сол сияқты **маға** деп шұбар жыланды атаған (С. Малов. Памятники древнетюркской письменности. 1951, стр. 398). Сонда маңғышлақ//маңғыстау дегендегі **-лақ** пен **-тау** қосымшасына екі тұрғыдан қарауға болады: **-лақ, -тақ. -тау** қосымшасы (қыстақ-қыстау, жайлақ-жайлау) мекендікті білдірген. Айталық «құшлақ-құстар болатын жер» (М. Қашғарий. Девону... Ташкент, I том, 432 беті). Демек, **маңғыстақ** (маңғыс+тау), **маңғыш+лақ** – маңғыс болатын жер деген сөз. Немесе «лақ» о баста **тақ (тау)** сөзінің түбірге ұяндап жалғануынан келіп өзгеріске түскен маң-ғыш+тақ>маңғыш +лақ>маңғыс+тақ>маңғыс +тау.

Екінші. Маңғыстау дегендегі **маңғыс** сөзін **маңғлай** – маңдай сөзімен бір төркіндес деп қарауға болады. **Маң** ұйғыр тілінде жүру (С. Е. Малов, Язык желтых уйгуров, 1959, стр. 75), яғни **маң** – ілгері, алға жүру; ал маңғлай (мандай) – ілгері, шығыңқы деген мағынада. Тіпті қазақша мандайы қасқа ат пен итті **маңқасқа** деп те атайды. Демек, бұл **маң** етістігі мен маңдай сөзі түбірлес екеніне дау жоқ.

Егер «Маң-маң басқан сары атан,
Маңғыстап шығар өріске»
(Махамбет).

Дегендегі **маңғыс+та+п** сөзінің де жоғарғы екі сөзбен бірлігін ескерсек, онда маң, **маңғы** (лай), **маңғыс+та** сөздері -«ілгері, шығыңқы» мағынасындағы сөздер. Сонда Маңғыстау сөзі ілгері, сұқпа, сұғыңқы, кіріңкі тау, яғни түбек тау дегенмен мағыналас болмақ» (Қ. Өмірәлиев. «Қазақстан мектебі» журналы. № 3, 1963, 80-81 беттері).

Автордың келтірген екі жорамаларының екіншісі көңілге қонбайды. Өйткені, мұнда сөз түбірінің **маң** бөлімі түсіндірілгенімен келесі **ғыс+тау** бөлімдері ойдағыдай ашылмаған. Сондықтан біз оған тоқталмаймыз.

Қ. Өмірәлиевтің Маңғыстау топонимінің этимологиясын **маңғыш+лақ** деп беруі ойға қонымды. Бірақ оны **қыстау, жайлау** сөздерімен бірдей жасалған деп қарауға болмайды, өйткені бұлар **қыс+та+у, жай+ла+у** жолымен жасалған. Ал Маңғыстау атауындағы **-лақ//тақ** – бүтін бір жұрнақ. Сөздің түбірі **маңғыш//маңғыс//мангус** болып келетін ертедегі мифологиялық айдаһар аты және жылан біткенге оқтай тиіп қырып жіберетін **мангуста** жыртқыш аңы осы күнге шейін көптеген елдерде бар екені белгілі. Д. Ушаков сөздігінде мангуста сөзіне бұл үндінің сөзі, мағынасы «небольшее хищное длинно-телое животное тропических стран» деген түсінік берілген (Толковый словарь русского языка. Под редакцией проф. Д.Н. Ушакова, М., 1938, том II, стр. 137). В. Даль сөздігінде **мангут** сөзі сібір тілдеріндегі «жанат» (енот) деп түсіндіріледі (Толковый словарь. Том II, М., 1955, стр. 296). Қазіргі монғол тілінде **мангас** – жалмауыз деген сөз (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 111 беті). Сөздің түбірі осы «айдаһар, жыртқыш аң» мағынасындағы жануар атымен тығыз байланысты. Ал атаудың **-лақ** бөлімі көне түркі тілдерінде туынды сын есім жасайтын жұрнақ болған. Бұл жұрнақ қазіргі қазақ тілінде **тастақ, құмдақ, саздақ** деген сөздерде сақталған. Осы сөздер **тасты, құмды, сазды** деген формаларда да кездеседі. Ендеше **-ты//ті, -лы// //лі, -ды//ді** жұрнақтарының ең көне формасы **-лақ.** Бұдан **-лақ//лек, -тақ//тек, -дық//дік** фонетикалық варианттары, бұдан мекенді білдіретін **-лық//лік, -дық//дік, -тық// //тік** жұрнақтары варианттарға бөлінген.

Бұл формалардың түбірі **-лақ** екендігіне екі – үш дәлел келтіруге болады: 1) М.Қашқари еңбегінде **-лақ//лаг** формасы арқылы **тұрлақ** (арық, тұралаған), **ағлақ** (аулақ, бос жер),

башлаг (босаған, бекер жатқан), **құшлаг** (құсты) сияқты зат есім мен сын есімдер жасалған. 2) Дәл осы туынды сын есім жасайтын бір нәрсенің сол жерде бар екенін білдіретін **-лақ** жұрнағы якут тілінде орасан дамыған. Бұл құбылыс туралы К.Ф. Гриценко былай деп жазды: «В якутском языке очень распространен словообразовательный аффикс -лаах, имеющийся почти во всех тюркских языках, с помощью которого от имен образуются прилагательные, выражающие признак обладания тем, что обозначено основой. Иначе такое прилагательное называется именем обладания». Осыны айта келіп автор – лаах аффиксінің мынадай варианттарын көрсетеді: -лоох, -лө ө х, -лээх, -таах, -тоох, -тээх, -даах, -дооx, -дөөх, -дээх, -наах, -ноох, -нөөх, -нээх. Міне осы жұрнақтар арқылы якут тілінде саға+лаах (жағалы), туус+таах (тұзды) деген және мустахюрах (мұзды өзен), Берелех – кюэль (Бөрілі – көл), Балықтах (Балықты) сияқты жүздеген сөздер мен жер-су аттары жасалған (К.Ф. Гриценко. Якутские топонимы на -лаах. Сб. «Языки и топонимия Сибири», I, Томск, 1966, стр. 34-39). 3) Қазақ тілінде жоғарыдағы тастақ, құмдақ, саздақ сөздерінде және Тастақ топонимінде **-тақ /дақ** формаларының сақталуы да **-лы** вариантты жұрнақтың арғы көне түрі осы **-тақ//дақ** болғанын дәлелдейді. Ал **-лыг** және **-лы** (варианттарымен) жұрнақтары бір арнадан шыққан ба, жоқ бұлар бөлек-бөлек жұрнақ па деген мәселенің маңында тюркология ғылымында талас пікірлер де болды. Бұл мәселенің тарихы Э.В. Севортянның еңбегінде толық айтылған (Э.В. Севортян. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966, стр. 53 и сл.). Автор В.В. Радловтың пікірін қолдап, **-лыг** формасынан **-лы** шыққандығын қалыптасқан пікір деп есептейді. Орхон-Енисей және Талас ескерткіштеріндегі сөз тудыру жұрнақтарын соңғы жылдары зерттеген А. Есенғұлов **-лыг** және **-лы** формалары бұл нұсқаларда бірін-бірі толық ауыстыратынын айта келіп, **-лыг** формасы **-лы** жұрнағының көне формасы деген тоқтамға

келеді (А. Есенғұлов, Словообразовательные аффиксы в языке древнетюркской письменности, автореферат канд. дисс. Алма-Ата, 1969, стр. 8).

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келіп, **Маңғышлақ// Маңғыстау** топонимі екі компоненттен тұрады дейміз: **Маңғыш//Маңғыс** (жыртқыш жануар аты) **+лақ** (зат есім және сын есім тудыратын көне жұрнақ). Бұның **Маңғышлақ** формасы – оғуз тілдерінде жасалған ең кәне түрі де, қазақтар «қыстау» сөзімен жанастыру мақсатымен **Маңғыстау** (жазылуы Маңқыстау) деп кейін бұрмалап кеткен.

МАШАТ – Шымкент облысында Арысқа құятын Машат деген өзен, осы маңда Машат деген станция, елтемашат деген елді пункт бар. Жер аттары өзен атынан алынған.

Башат сөзі «бұлақ» мағынасында қырғыз тілінде кеңінен белгілі (Д. Исаев, Қырғыз топонимдеріндегі «сары» деген сөз жөнунде. «Известия АН Кирг. ССР». 1970, № 3, 89 беті). Қ. К. Юдахин де бұл сөзді «родничок» деп тусіндірген (Кирг.-русск. словарь, М., 1965, стр. 120).

Біздің ойымызша, сөздің түбірі **-маш.** Бұл түркі тілдерінде **маш//баш//бас** формаларында кездеседі. Оның үстіне түркі тілдеріндегі **башақ//масақ** (колос) сөздерінің де түбірі – **баш//мас.** Башқұрт, ұйғыр, түрік, татар тілдерінде бұл **башақ,** қырғыз тілінде **машақ** хакас тілінде **пазак,** қазақ тілінде **масақ** түрінде кездеседі. М. Қашқари еңбегінде **қонақ башы** («қонақ» шөп аты – А. Ә.) деген тіркестегі башы – қазақша масағы (басы) деген мағынада жұмсалған (М. Қ., I, 365, 359 беттері, II, 22 беті). Мұның бәрі де **машат** сөзінің түбірі маш екенін дәлелдейді. Түркі тілдерінде м//б, ш//с дыбыстары ауыса беретінін ескерсек, **бас//баш//маш** дыбыстық дублеттері әбден заңды. Ал атаудың **-ат** компоненті, – біздіңше, зат есімнен зат есім тудыратын көне жұрнақ. Бұл пікірге келтіретін біздің мынадай дәлелдеріміз бар. Қазақ тіліндегі су (зат есім) +ат (зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ)=суат (водопой), қыр (зат

есім)+ат (зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ) = қырат (возвышенность) сөздері осы жолмен жасалған. Қап+ат (қабат), той+ат,бүйра+ат (бұйрат), күй+т (күйт), **шұб** (су)+ат (шұбат – түйе қымызы) сөздері де осы жолмен жасалуы ықтимал. Машат сөзінің қазақша эквиваленті – **бастау** (бастақ>бастау болуы керек), оның да түбірі – **бас.** Сөйтіп, атау **баш// //маш** (зат есім)+ат>машат жолымен жасалып, түркі тілі диалектілерінің бірінде көне заманда «бұлақ», «өзен» басы деген мағынаны білдірген.

Келтемашат атауының бірінші компоненті **келте** иран тілдеріндегі **калта** (короткий, куцый) сөзінің өзгерген турі. Мағынасы «қысқа бастау, өзен» деген сөз.

МҰҒАЖАР – Ақтөбе облысының дәл ортасында солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан тау аты. Бұл атау, біздің ойымызша, осы маңды және Оңтүстік Оралды V-IX ғасырларда мекен еткен мадьяр (венгер) тайпаларының атымен байланысты болса керек. Пікіріміз дәлелді болуы үшін тарихи деректер мен басқа да мәліметтер келтірейік.

Мадьялардың шығыстан кеткендігі жөнінде алғашқы тарихи мәлімет XII ғасырдың аяғында жазған Анонимнің еңбегінде келтірілген. Венгрияда Бела IV (1235-1270) патша болып тұрған кезінде шығысқа қарай бірнеше рет елші жіберген. Солардың бірі Юлиан мен Рихард деген миссионерлер болатын. Юлиан 1236 жылы өзінің еліне жазған хатында Еділ Болгариясында сая-хаттап жүргенімізде, Этил (Волга) өзені маңында бірсыпыра адамдармен кездесіп, олардың тілі венгерше болғандықтан жақсы түсінгенін айтады. Екінші миссионер Рихард «Ұлы Угрия» деп аталатын кітабында өздерінің шығыстағы туыстарын іздеп, саяхат жасағанын жазады. Башқұрт жерінде 1236 жылы Юлиан болғанында, жергілікті қариялар «венгерлер батысқа осы жерден кетті» деген.

Венгерлердің ертедегі мекені жөнінде көптеген зерттеулер бар. Оның бәрін бір мақалада айту мүмкін емес. Осы

зерттеулердің ішіндегі ең дұрысы, – біздіңше, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, белгілі совет тіл маманы Б.А. Серебренниковтың «Башқұрт тілінің венгер тілімен байланысы» (Уфа, 1963) деген еңбегі. Автор мұнда венгер тілі мен башқұрт тілдерінің арасындағы фонетикалық ұқсастықтарды көрсете келіп, бұл екі халық Орал тауының шығысында, дәлірек айтқанда, Оңтүстік Оралда қарым-қатынаста Болған деп керсетеді.

Біздің ойымызша, бұл дұрыс пікір сияқты. Венгерлер 895 жылы батысқа қозғалғанға дейінгі территориясы оңтүстік Оралды, Қазақстанның Ақтөбе және Қостанай облыстарының кейбір жерлерін қамтыған деуге болады. Бұл пікірге екіүш дәлел келтірейік. Венгерлер өздерін Мадьяр деп атайды. Мемлекетінің де ресми аты – Мадьярорсаг. «Венгер. Венгрия» деп оларды Европа халықтары атайды. Міне осы **Мадьяр** аты, біздіңше, Ақтөбе облысындағы **Муға(д)жар** тауының атында сақталған. Егер топонимдерде тілдің көне формалары көбірек сақталатынын ескерсек, мадьярлардың көне аты – **мұғаджар** болуы да ықтимал, немесе оларды осылай деп түркі тайпалары атауы мүмкін. Бұл атаудың өзгеріске түсу схемасын былай көрсетуге болады: **мұғаджар>мұ(ғ)ад-жар>маждар>мадьяр.** Сөздің бірінші бөліміндегі дауысты дыбыстардың арасындағы **ғ** дыбысының түсіп қалуы түркі тілдері үшін заңды құбылыс. Мысалы, **қа ған>қан, бағадұр>батыр** сөздерін салыстырыңыз. Венгерлердің этникалық құрамына көптеген түркі тайпала рының еніп, тілін өзгертіп, мадьяр болып кеткенін ескерсек, жоғарыдағы пікірдің дұрыстығы беки түседі.

МҰЗАРТ – Қырғыз Алатауындағы бір кезең аты М. Абдрахманов пен Бонюховтың зерттеулеріне қарағанда Шорияда **арт** (қазақша -асу) сөзінен жасалған топонимдер өте көп көрінеді. **Сыйбангарт** – Сыйбанг асуы т. б. Олардың пікірінше, Шория топонимиясының аса бір! көзге түсетін ерекшелігі өзен, бұлақтардың қайдан басталатынын көрсетеді. Мысалы. **Ки-**

чигсугарт – кіші+су+арт (Сб.: Языки и топонимия Сибири, I, Томск, 1966, 160 беті). Біздіңше **Мұзарт** оронимінің құрамындағы **«арт»** шор тіліндегі **«арт»** (асу) сөзімен түбірлес. Шор; тілі түркі семьясына жататын туыс тіл екенін ескерсек,[5] **«арт»** көне түркі тілінде **асу** мағынасында қолданылып, қазақ тілінде көрінісін тау атында сақтаған деуге болады. Сонда бұл оронимнің мағынасы – **Мұзасу (Арт** сөзі жөнінде Есекартқан атауында толығырақ айтылған).

МҰЗТАҒ – Алматы облысындағы тау аты. Қырғыз Алатауы бір кезде осылай аталған (Г. Миллер. Известия о песочном золоте в Бухарии. СПб., 1760, стр. 14-15). Бұл топонимнің негізі болып тұрған **таг** деген сөз ескі жазу нұсқаларында кездеседі. Мысалы, осы сөз, **таг** түрінде VII ғасырға жататын Күл-Тегіннің құрметіне қойылған ескерткіште, X ғасырдағы «Алтын Ярукта», XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридің «Диван-луғат-ат-тюрк» деген еңбегінде, 1069 жылы жазылған «Құдатку білікте» кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз **таг, даг, тау, тоо, ту, тыа** түрлерінде кездеседі. Бұлардың ең кене формасы **-таг**. Қазақ тілінде бұл сөз қазір **тау** түріне көшкен. Сөйтіп, **Мұзтаг** топонимі **Мұзтау** дегеннің көне формасы. Бұл факт топонимдер тілдің көнелігін бойына сақтайтындығының тағы бір айғағы.

МҰҚЫР – Қазақстанда өте жиі кездесетін көбіне шолақ өзендер аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл – **мукур, мухар** деген монғол сөзі. Мағынасы «шолақ», «тұйық». Мұндай тау Монголия мен Қытайда да жиі кездеседі (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН ҚазССР Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 93 беті). Монғолша-қазақша сөздікте мухар сөзінің екінші мағынасын «тоқыл», «мұқыр», «мұқыл» деп аударған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор. 1954, 114 беті). Мұндағы монғол тіліндегі мухар, қазақ тіліндегі **мұқыр, мұқыл** сөздері бір түбірден. Өйткені, монғол тіліндегі **р** дыбысы мен түркі тілдеріндегі **л** дыбысы ауысатыны белгілі. Қазақ

тіліндегі «мықыр кісі» дегендегі **мықыр** (қысқа, тапал) сөзі де осы сөздермен түбірлес. Ендеше бұны монғол тілінен енген дегеннен көрі түркі-мінғол тілдеріне ортақ сөз деген мақұл.

НАРЫН – Қазақстанның батыс өлкесіндегі құмды даланың аты. Бұл монғолдың **нарын** (күнді, күнгей) деген сөзінен жасалған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-казақша сөздік. Уланбатор, 1954, 118 беті; Э. М. Мурзаев. Средняя Азия. М., 1957, 250 беті). Монғолдың **наран** деген сөзі мен **нарийн** (жіңішке) деген сөзінен жасалған атауларды ажыратып карау керек (Нарынқол гидронимін қараңыз). **Наран** сөзінің қазақ тілінде **нарын** түріне айналуы, оның **нарын құмы** деген тіркестегі, құм сөзіндегі **ұ** дыбысының әсерінен болуы керек.

НАРЫНҚОЛ – Алматы облысындағы өзен, аудан және аудан орталығының аты. Бұл монғолдың **нарийн** (жіңішке) деген сөзі мен **гол** (өзен) деген географиялық терминінің қосы-луы арқылы жасалған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 118 беті; Э.М. Мурзаев. Природа Синьцзяна, М., 1966, 339 беті). Осы ауданда **Байынқол** деген өзен бар. Бұл да монғол сөздерінен жасалған (Осы сөздіктегі Байынқол сөзін қараңыз). Бірақ монғолдың **наран** (күнді, күнген) деген сөзі мен **нарийн** (жіңішке) деген сөзінен жасалған атауларды шатастырмау керек (**Нарын** сөзін қараңыз).

Зерттеуші Ж. Болатовтың пікірі бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы Большенарым селосы, Нарым тауы мен өзеннің аты да монғолдың **нарийн** (жіңішке деген сөзінен алынған, өйткені Нарым тауы (жотасы) Алтайдың басқа тауларымен салыстырғанда жіңішке (Ж Болатов. Шығыс Қазақстан облысы. казақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 183-184-беттері).

НОҚАЙЗАЛЫҢ – Шығыс Қазақстандағы тау аты Ж. Болатовтың пікірінше бұл монғолдың **нохой** (ит) және алтай тілінің **дьалан** (**дала**, жазық, шатқал) деге сөздігінен жаса-

лып, «ит жазығы», «ит шатқалы» деген мағынаны білдіреді (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 186 беті).

Бұл атаудың бірінші бөлімі жөніндегі Ж. Болатовтың пікірі дұрыс. Бірақ біздің атаудың екінші бөлімі жөнінде дауымыз бар. Біріншіден, тау атына алтайдың «дала, жазық, шатқал» сөзі қойылуға тиісті емес, екіншіден, алтайдың «д» дыбысынан басталатын сөздері қазақ тілінде «з» арқылы емес «ж» дыбысы арқылы берілетіні белгілі. Мәселен, қазақ тіліндегі жадағай, жайқын, жайла, жайылу, жаға, жал, жаман т.б. сөздері алтай тілінде **дьадагай, дьайқын, дьайла, дьайлу, дьака, дьал, дьаман** болып келеді (Н.А. Баскаков,. Т.М. Тощакова. Ойротско-русский словарь. М., 1947, 41-43 беттері).

Ендеше залың не деген сөз? Залың біздіңше монғолдың **залаа(н)** деген сөзінен алынған. Бұл сөздің үш түрлі мағынасы бар: 1) бөріктің төбесіне қадалатын қауырсын, 2) ағаштың басы, төбесі, 3) әтештің айдары (Қ. М. Черемисов. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, стр. 261). Міне осы үш мағына да «төбе» деген сөзге жақын тұр. Ендеше **Нақайзалың** оронимінің екі, компоненті де монғол тілінен қойылған: **нохой** -ит, жаман – **залаа(н)** – төбе, яғни қазақша «Жамантөбе», «Жамантау» деген-ге келеді. Монғол тіліндегі сөз соңындағы «а» дыбысынан кейін келетін «н» дыбысы тұрақты емес екенін де ескерген жөн.

НҰРА – Қарағанды, Целиноград облыстарын басып өтіп, Қорғалжын көліне құятын өтен аты. **Нұра** деген монғолдың **жыра** деген сөзі деп жазады Э.М. Мұрзаев (Э.М. Мурзаев. Природа Синьцзяна. М., 1966, 348 бе-ті). Қазіргі монғол тілінде **нураа** – құлау, бұзылу, **нураах** – құлату, бұзу. Ал **нуур** – көл деген сөз (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 123-124 беттер). Біздіңше, **нұра//жыра** – монғол-түркі тіл ортақтығын көрсететін сөз. Сөз басындағы н//ж алмасуы

мынадай сөздерде бар: нас-жас, насан-жасаң, наслах-жасау, нөл-жалын, нудрага – жұдырық, нудраглах – жұдырықтау, нулимс – жылау, кез жасы, нуурмаг – жырма т. б.

ОЙЫЛ – Ақтөбе, Гурьев облыстарында жатқан өзен аты. Ақтөбе облысындағы аудан және село аты осыдан қойылған. Ойыл өзенінің ұзындығы 628 км.

Гидроним аты біздіңше **ой+ыл** элементтерінен жасалған. Мұның бірінші ой бөлімінің көне заманнан бері омонимдік екі мағынасы бар: I «яма, углубление», II. «долбить, делать углубление» (Древнетюркский словарь. Л., 1969, стр. 365).

Бірінші мағынадағы ой сөзі – географиялық термин. Қараой, Сарыой деген атауларға негіз болған. Бір ғана осы сөзден қазақ тілінде оймақ, оймыш, ойпаң, ойпат, ойық, ойыс сияқты сөз-терминдер жасалған.

Бұл термин басқа түркі тілдерінде де жаңа сөз жасаудың ұйтқысы болды. Мысалы, ойғаш – шор тілінде «котловина» оймақ – сағай, койбол, кач тілдерінде «низменность, котловина, углубление», ойман – ұйғыр тілінде «углубление», оймат Бараба татарлары тілінде «кішкене көл», ойас – шор тілінде «низменность, лог», алтай тілінде **ойалығаш** – «маленькая низменность, барабин тілінде ойық «низменность», телеуіт тілінде ойым – «низменность, долина» түрлерінде кездеседі (В.В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I, часть 2, стр. 969-1038).

Ойыл гидронимінің екінші **-ыл** элементі, біздіңше етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ. **-Ыл, -іл. -л** жұрнағы – қызметі кең, өнімі мол қосымша. Бұл туралы проф. А. Ысқақов былай деп жазды:

«**-Ыл, -іл, -л** зат есім жасайтын енімі мол, құнарлы жұрнақтың бірі. Бұл жұрнақ та, **-лас (-лес), -лық (-лік)** қосымшалары сияқты, есімдер мен етістіктерге ортақ, омонимдес жұрнақтардың бірі. Сол ерекшелігіне сәйкес, бұл жұрнақ жалғанатын сөздердің лексикалық мағынасына қарай, мағыналары да

басқа-басқа алуан түрлі жаңа сөздер жасайды. Мысалы, шикіл, қатал дегенде, сын есімге тән формалар туып тұрса, **тарыл, тіріл** сөздері **тар, тірі** деген сын есімдерден **-ыл, -іл** жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер. Сол сияқты, жалпы етістікке тән **-ыл, -іл, -л** формасының өзі де қызметі жағынан бірдей емес. Мысалы, **жөтел, оңал, жоғал, суал** деген туынды етістіктер мен **тартыл, сарқыл, ашыл, бұрал, бұрал, бүгіл** сияқты ырықсыз етіс формаларын бір жағынан өзара салыстырып, екінші жағынан, оларды зат есім, сын есім туыратын **ыл** (жарқыл, жалтыл; батыл, қатал) жұрнағының қызметімен салыстырып қарасақ **-ыл** (**-іл, -л**) жұрнағы белгілі бір сөз табына ғана емес, бірнеше грамматикалық категорияға ортақ нағыз омоним форма екендігі айқын көрінеді» (А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі, морфология. Алматы, 1964, 215 беті).

Проф. А. Ысқақовтың бұл зерттеулерінде **-ыл, -іл, -л** жұрнағының универсал, әртарап қасиеті синхрондық қимада айқын ашылған. Бұл жұрнақ арқылы зат есім қалай жасалатыны жөнінде ол кісі былай дейді:

«Ал **-ыл** (**-іл, -л**) жұрнағының туынды зат есім жасайтынын сөз еткенде, айрықша ескеретін жағдай мынау біріншіден, бұл жұрнақ тек еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздерге қосылғанда ғана туынды зат есім жасайды, екіншіден, ол жұрнақ арқылы жасалған туынды зат есімдердің мағыналары оларға негіз болатын түбірле мен негіздердің ұғымдарына катысты да, олармен төркіндес те болады, демек, солардан жасалған туынды зат есім ұғымын білдіреді. Мысалы: қаңқыл, ырсыл, пысыл сыңқыл, қыңқыл, еңкіл, ауыл, мыңқыл. шаңқыл. т. б.» (Сонда, 216 беті).

Проф. А. Ысқақовтың мұндағы еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерден **-ыл** (**-іл, -л**) жұрнағы арқылы жасалған зат есімдер түпкі мағынадан ажырамайды деген пікірі әбден дұрыс. Алайда, **-ыл** (**-іл, -л**) жұрнағы арқылы зат есім тек еліктеуіш және бейнелеуіш сөзден жасалады деген пікірі, біздіңше, талас

тудырады. Егер бұл жұрнақ арқылы зат есімнің жасалуын синхрондық қимада алсақ, онда жекелеген сөздер және жер-су аттары етістікке осы жұрнақ қосылу арқылы жасалғанын байқаймыз. Мысалы **Ойыл** (ой+ыл), **Қиыл** (қи+ыл), **Орал** (Ора+л) т. б. жер-су аттары, қамал (қама+л), құрал (құра+л), болжал (болжа+л) сияқты сөздер.

Келтірілген фактілер **-ыл** (-іл, -л) жұрнағы ертеде етістіктен зат есім жасайтын, бірақ қазір өнімсізге айналған жұрнақ екенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, Ойыл гидронимінің аты **ой** (етістік) **+ыл** (зат есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалған демекпіз.

ОР – Ақтөбе, Орынбор облыстарындағы өзен аты. Ең алғаш рет Геродотта кездеседі. Дарий шабуылмен келгенде кездескен төрт өзеннің бірі (Геродот, IV, 120- 123). Геродотта бұл өзен аты Оар деп жазылған (Бұл туралы толық мағлұматты осы сөздіктегі Ырғыз гидрониміне берілген түсініктемеден қараңыз). Ор өзенінің этимологиясы туралы атақты зерттеуші П.И. Рычков былай деп жазған болатын: «Ор деген түркі сөзі, оның екі мағынасы бар. Бірінші мағынасы «перекоп, линия», екінші мағынасы «устье, отверстие, ворота» дейді (П.И. Рычков. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887, 2 бет). **Ор** өзенінің аты П. И. Рычков келтірген сөздің бірінші мағынасынан қойылған болуы керек. Көне түркі тілдерінде бұл **ор** – «өзен, сай» деген мағынада қолданылуы ықтимал. Мәселен чуваш тілінде **вар** – «долина», «ложе реки», «овраг» (Г. Е. Корнилов. Гидронимический ареал *іа° хан в Евразии. Сб.: «Топонимика Востока», новые исследования. М., 1964, стр. 191). Орынбор, Орск қалаларының аты XVIII ғасырдың орта шамасында осы Ор өзенінің атынан қойылған. Орынбор қаласының этимологиясы жайында П.И. Рычков былай дейді: «Оренбург имеет имя, сложенное из турецкого (т. е. тюркского – А.А.) слова Ор и немецкого Бург» (сонда. 3-4 бет-

тер). Неміс тіліндегі бург сәзі қала екенін ескерсек, Орынбор (Оренбург) «Ор қаласы» деген сәз.

ОРАЛ – Облыс және облыс орталығының (қала) аты. Орал тауы мен өзенінің атынан қойылған. Өзеннің қазақша аты Жайық. Бұл өлке XVIII ғасырдағы Е. Пугачев көтерілісінің орталығы болған. Кейін шаруалар көтерілісін басқан соң, II Екатерина патша Е. Пугачев есімін халық санасынан ұмыттыру үшін Жайық (Яик) өзенін Урал деп атау жөнінде 1785 жылы арнайы указ шығарған.

Орал тауы – Европа мен Азияны бөліп жатқан, ұзындығы 2000 км. биіктік. Бұл таудың ең ұзын жотасы 400 км. – Оңтүстік Орал – Оралтау деп аталған да, XVIII ғасырда 2000 км-ге созылған бүкіл жота Орал (Урал) деп аталған.

Орал тауының этимологиясы туралы В.Н. Татищев, П.И. Рычков, М. Ковалевский, А.Ф. Гумбольдт, Б. Кальман, А. Соважо, Дж. Киікбаев, А.К. Матвеев, Ғ.Қ. Қоңқашпаев т. б. авторлар жазды. Олардың пікірі Ғ.Қ. Қоңқашпаев мақаласында толық айтылған (Г.К. Конкашпаев. По поводу названия Урал. Сб. «Вопросы топономастики» № 5. Свердловск, 1971, стр. 73-75).

Б. Кальман атау финнугор семьясына жататын мансий тіліндегі **ур-ала** (гребень, вершина горы) деген сөден алынған дейді. Бұл пікірді угор тілдерінің маман белгілі топонимаст А.К. Матвеев дәлелді түрде жоққа шығарды (А.К. Матвеев. О происхождении названия Урал. Уч. записки Ур. Госунта. Свердловск, 1961, стр 25-30).

В.Н. Татищев, П.И. Рычков, А.Ф. Гумбольдт сияқты XVIII-XIX ғасырларда пікір айтқан ғалымдар Урал аты түркіше уралмак етістігімен байланысып, «пояс» (белдік) дегенді білдіреді депті.

Д.Г. Киікбаев, А.К. Матвеев және В.А. Никонов сияқты топонимастер **Урал//Орал** атауы түркі-монғолдың «арал» (остров) деген сөзінен өзгерген деп қарайды (Д.Г. Киекбаев. Вопросы

башкирской топонимики. Ученые зап. Башгоспединститута. Вып. III. Серия филологическая, № 2, 1956, стр. 241; А.К. Матвеев. Указ. работа; В.А. Никонов. Краткий топонимический словарь. М. 1966, стр. 437-438).

Бұл пікірлерді Ғ. Қоңқашпаев дәлелді түрде сынға алады, **арал** сөзінің **Орал, Урал** болып өзгеруі мағыналық және географиялық жағынан қабыспайтынын орынды ескертеді.

Сонда Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі қандай? Ол былай, дейді:

«С нашей точки зрения слово Урал (Орал) является формой повелительного наклонения единственного числа) от тюркского глагола уралмак (оралмак), уралу (оралу), который в свою очередь представляет собой форму. возвратного (или страдательного) залога основного глагола уралмак (или урау). Слово урамак (урау) имеет различные значения, в том числе «опоясывать, окружать (окружить), охватывать (охватить). Слово Урал в составе топонима Уралтау воспринимается как причастие, являющееся определением существительного тау (гора), т.е. Уралтау – «опоясывающая гора» (точнее «опоясывающаяся гора») (Г.К. Конкашпаев. Указ. работа, стр. 75).

Ғ. Қоңқашпаевтың атау етістіктен жасалған деген пікірі дұрыс. Мұндай пікірді В. Татищев, П.И. Рычков және А.Ф. Гумбольдтта айтқанын жоғарыда көрсеттік. Орал тауының аты оралу деген етістікпен түбірлес екенін біз де айтқанбыз (А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959, 131-беті).

Алайда атаудың жасалып қалыптасуында біраз ерекшелік бар. Орал оронимі жоғарыда Ғ. Қоңқашпаев айтқандай етістіктің бұйрық райы, етістің өзіндік (немесе өзгелік) формадары арқылы жасалмаған. Біздіңше атау **ора** (етістік) +**л** (етістіктен зат есім тудыратын өлі көне жұрнақ) арқылы жасалған. Мұндай жұрнақ арқылы **Қиыл** (қи+ыл), **Ойыл** (ой+ыл) атаулары (қараңыз) және **құра+л, қама+л, болжа -л** сияқты зат есімдер жасалған. Сонда Орал сөзінің мағынасы Ғ. Қоңқашпаев

айтқандай «опоясывающий, огораживающий» емес, орысша айтқанда «огибающий, изгибающий» яғни «огиби», «изгибы» деген сөз. Мұның өзі таудың оралып жатқан көрінісін дәл береді. Орал тауындағы Жайық (Урал) өзенінің орала ағып жатқан бір жері XIX ғасырда **Огиби** деп аталыпты. Бұл атау туралы 1870 жылы халық аузынан былай деп жазылып алынған екен: «Огиби» – от того, что крутые берега полукругом огибают Урал» (Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XXV. 1911, Оренбург, приложение № 4, стр. 216).

Сөйтіп түркі сөзі **орал,** орыс сөзі **огиби** оралып жатқан тау мен өзеннің көрінісін дәл бергендіктен осылай аталған.

ОТАР – Алматы облысындағы темір жол станциясының аты. Жер атынан алынған. Бұл сөздің этимологиясын В.В. Радлов **от+ар** деп көрсетіп, қазақ, ноғай, қырым татарларының тілінде кездесетінін айтқан: қырым татарларының тілінде бұл сөз «жайылым», қазақ тілінде «ауылдан алыс жердегі жайылым», ноғай тілінде «әртүрлі жайылымға айдайтын қой табыны». Қырым татарлары мен ноғай тілінде бұл сөздің «орыстың кіші деревнясы» деген мағынасы да бар. Осымен қатар В.В. Радлов көптеген түркі тілдерінде **от** сөзінің бір мағынасы «шөп, өсімдік» екенін көрсеткен (В.В. Радлов. Опыт словаря..., том I, часть 2, 1100-1106 беттері). «Шөп, өсімдік» мағынасындағы бұл сөз қазақ, қырғыз, түрік, азербайжан, алтай, ұйғыр тілдерінде **от** түрінде, өзбек тілінде ут формасында кездеседі. **Отар** атауының түбірі от екендігін азербайжан тіліндегі отлаг – пастбище, выгон (Азербайджанско-русский словарь. Баку, 1951, 159 беті), түрік тіліндегі **отлақ** – пастбище, выгон (Д.А. Магазаник. Турецко-русский словарь. М., 1945 466 беті) сөздері дәлелдейді. Өйткені, бұл сөздер түбірге – **лаг//лақ** аффикстерін қосу арқылы жасалған.

Ал сөздің этимологиясына келсек, бұл В.В. Радлов айтқандай **от+ар** жолымен емес, біздіңше, **от+а+р** жолымен жасалған тәрізді. Өйткені, **от** деген зат есімнен кейін етістікті

есімге айналдыратын **-ар** жұрнағы жалғанбайды. Мәселен, осы жұрнақ арқылы жасалған Қазақстандағы басқа топонимдерді салыстырыңыз: Қайнар/қайна+р/, Қойбағар /кой+бақ+ар/, Атбасар/ат+бас+ар/ т.б.

Сол себептен, **от** сөзіне өте ертедегі **а/о** жұрнағы қосылып, оны етістікке айналдырған. Қазақ тіліндегі ота (шөбін жұл), қырғыз тілінде **ото** (шөбін жұл), өзбекше **утамақ** (арам шөбін жұлу), алтай тілінде **ото** (жайылымда бағу) **от** сөзінің етістікке айналған түрлері. Міне, осы етістікке айналған **ота** сөзіне етістікті зат есімге айналдыратын **-р** жұрнағы қосылып **отар** сөзі жасалған. Белгілі совет тюркологы Э. В. Севортян түркі тілдеріндегі есімшенің **-р, -ар, -ер, -ыр, -ир, -ур, -ұр** жұрнағы тарихи жағынан есім жасайтын осы формалас жұрнақпен тығыз байланысты екенін, есімше жұрнақтары есім жасайтын жұрнақтан дамып шыққандығын айтады. Түркі тілдерінде бұл жұрнақ арқылы көптеген сөздер жасалған (Э.В. Севортян. Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках. Вопросы теории и истории языка. М., 1952, 360 беті).

Бұл арада бір ескерте кететін нәрсе, отар сөзі жоғарыдай жолмен қалыптасқаннан кейін барып, дайын күйінде сол жерге атау болып қойылған.

Енді бір-екі сөз қалыпты отар сөзінің қолданылу, таралу аясы жайында. Бұл сөз біздіңше, түркі тілдерінен монғол, бурят-монғол және орыс тілдеріне ауысқан. Монғол тілінде отор-отар деп берілгенімен, қай мағынада екені айтылмаған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік.132 беті). Ал бурят-монғол тілінде; **атар** сөзіне: «пустошь, целина, непаханная земля; пастбище с хорошей травой» деп түсінік берілген (Қ.М. Черемисов, Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951, 70 беті). Монғол, бурят-монғол тілдерінде **от** (шөп) сөзі жоқ. соңғы сөздікте **атарлаха** сөзіне «пастись на хорошем пастбище» деген түсінік берілген (сонда). Мұнда түркі тілдеріндегі **-ла** жұрнағына сай келетін монғолдың **-лах** жұрнағы отар

сөзінен кейін келуі де монғол тілінде **от** (шөп) сөзінің жоқ екендігін дәлелдейді.

Ал орыс тіліндегі отара (гурд баранов) сөзі де түркі тілдеріндегі **отар** (бір отар қой) сөзінен енген. Қ.Қ. Юдахин «олардың оторларында қойлар жүйүр (жиі – А. Ә.) төлдөтүлөт» деген сөйлемдегі **отор** сөзі орыс тілінен кері, қайта алынған сөз дейді (Қырғызча-орысча сөздүк. М., 1965, 583-беті). Жергілікті қазақтардың **Отар** станциясының атын **Атар** деп сөйлеуі де орыс тілінде айтылуының (произношение) әсерінен, өйткені сөз басындағы екінші «о» дыбысы орыс тілінде «а» болып айтылады: Омар (орысша айтылуы Амар) т. б.

Міне, осындай басқа тілдерге де кең жайылған түркі тілдерінің **отар** сөзі осы топонимге қойылған. Сонымен жоғарыда көрсетілген жер атына қойылған **Отар** сөзінің этимологиясы мынандай: **от** (түбірі, «шөп» мағынасында) **+а** (зат есімді етістікке айналдыратын көне, өлі жұрнақ) **+р** (етістікті зат есімге айналдыратын жұрнақ).

ОТЫРАР – Оңтүстік Қазақстандағы тарихи қаланың аты. Біраз зерттеушілер орхон-енисей ескерткіштерінде кездесетін Кану Тарбан этнотопонимін Отырар, Тұрар сөздерімен байланыстырады. Кюль-Тегинге қойылған ескерткішінде «біз Қадырқан шұбарынан Кенгу Тарбанға дейін түркі халқын орналастырдық» деген сөйлем бар (Малов. Памятники ДТП, 1951, 139 бет). Қаңлылардың этнотопонимикасын зерттеген С.Г. Кляшторный Кангу Тарбанды Шу және Талас өзендерінің батыс жағы мен Сырдарияның шығыс жағына (Согданың шекарасы) орналастырады да, бұл жер шығыс түркі қағанатының құрамына енген деген қорытындыға келеді (Советская этнография. 1951, 55 беті). Бұл атау VIII ғасырдағы араб географтарының еңбектерінде Тарбанд түрінде кездеседі. Д. Мюллер мен И. Маркварт Тарбанд деген форма согдидің Трарбанд деген формасынан қысқартылған деген қорытындыға келеді.

Ескі нұсқаларда бұл топоним Тарман, Тарбан, Тарбанд, Трарбанд деген формада кездесіп қоймай, Отрарбанде, Отрарбенде (Бартольд. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. 178 бет), Тұрар, Отырар деген вариантта да бар. Тұрар мен Отырардың бір қала екендігін және оның Түркістанға жақын жатқандығы туралы араб географы Якут айтқан болатын.

Отырардың этимологиясы туралы алғаш пікір айтқан ғалым – Н. Лыкошин. Ол Хамукет пен Отырарды бір қала, Хамукетті көшпелі тайпалар шабуыл жасап өртеген, сондықтан оның түбірінен **от** (огонь) деген сөзді естуге болады – деген қорытындыға келеді (А. Лыкошин; Догадка о прошлом Отрара, Протокол Турк. Кружк любит. Археологии, год IV, Ташкент, 1899, 174-бет).

Бұл пікірдің жаңсақтығын В.В. Бартольд дәлелде шықты. В.В. Бартольд Отырар деген бір атауды екіге бөлсе, оның **-рар** деген бөлімі мағынасыз қалады деге: қорытындыға келді.

Ак. В. В. Бартольд отырық (сидящий) деген терминнің орта ғасырларда қолданылғанын айтады.(В.В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана», 120 бет). Ендеше Отырар осы «отырық» деген сөзбен түбірлес болуы керек.

Тұрар деген топонимнің этимологиясын И. Маркварт «тұру, жүру» сөздерімен байланыстырды (Л. Marguart. Uber das Volkstum der Komanen. Berlin, 1914,92 бет).

Отырар сөзінің этимологиясын ашуға көмектесетін тағы да мынадай деректер бар. Жоғарыдағы орхон-енисей жазуындағы Кангу-Тарбан деген сөздердің **кангу,** деген бөлімі **қаңлы** деген сөзбен, ал **Тарбан** сөзі **Тарбанд,. Трарбанд, Тұрар, Отырар** деген сөзбен байланысты. Археологиялық деректерге қарағанда Отырар типтес қалалардың қалдықтары бұл өлкеге соғдилар келгенге дейін кездесетін болғандықтан, Отырар деген ат та VI ғасырға дейін айтылған болуы керек.

Бұл атау осы жердегі қаңлылардың сөзі болуы керек. Ал кейіннен VI ғасырда бұл аймаққа соғдилардың жақындап,

VIII-IX ғасырда арабтардың келуіне байланысты Отырардың немесе Тұрардың аты өзгеріске ұшыраған, атап айтқанда, Отырар деген сөзден кейін **бенд** деген сөз қосақтала айтылған, ал **Тұрар** кейде **Тұрарбанд**, кейде **Тұрар-Зерах** деп те аталған (В.В. Бартольд. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т. 11, 179 бет). Ендеше осы соңғы **бенд, зерах** деген сөздер бұл жерде. соғди және арабтардың болуына байланысты сол тілдерден келген. Мәселен, **бәнд** парсы тілінде «бәгет, плотина»; деген сөз (Персидско-русский словарь. Госиздат. М., 1953).

Соғдилар Отырарды **Фараб** деп атаған, өйткені араб географтарының еңбектерінде **Фараб** деп те кездеседі (В.В. Бартольд. К истории орошения Туркестана, 145 бет). Атақты ғалым әл-Фараби осы қаладан шыққаны жұртшылыққа белгілі. Соғди тілінің ырқына көнбеген Отырар, Тұрар деген тарихи топонимдердің этимологиясы, біздіңше, түркі тілдеріндегі **отырық, отыру, тұру** сөздерімен түбірлес. Бұлардың түбірі – **отыр, тұр** етістіктері. Осыған бір кезде түркі тілдерінде етістіктен жаңа сөз, яғни зат есім жасайтын **-ар, -р** жұрнағы қосылып, топоним жасалған. Осы үлгімен жасалған топонимдерге **Атбасар, Далақайнар, Қойбағар** т. б. атаулар жатады. **-Р, -ар, -ер, -ыр, -ир, -ур, -ұр** жұрнақтары тарихи жағынан көне дәуірлерде түркі тілдерінде етістіктен есім жасайтын өнімді қосымша болғандығын Э.В. Севортян дәлелдеген болатын (Э.В. Севортян. Соотношение грамматики. Сб. Вопросы теории и истории языка, 360 бет). Сөйтіп- **-ар** көне жұрнағы арқылы жасалған **Отырар, Тұрар** топонимдері отыратын қала, **тұрақ** деген мағынаны білдірген.

ӨЛКӨЙЕК (айтылуы Өлкөйөк) – Қостанай облысының Торғай, Ақтөбе облысының Ырғыз аудандарындағы өзен аты. Орысша Улькаяк болып қате жазылып жүр. Осы аймақтың солтүстік-батыс жағында көршілес жатқан Башкирияда осы типтес гидронимдер бар екендігі жөнінде башқұрт топонимисі А. Камаловтың еңбегінде былай делінген:

«В гидронимах ЮГ (Иог), Ыйық (Ык), Оло Ыйык (Ык), Қесе Ыйык (Ык), Оло Эйек (Большой Ик), Кесе Эйек (Маленький Ик), Ямаш Эйеге выделяются элементы йог, йык, йек, которые близки к древнепермскому юг (**йог**) – «река». Анлуатные **ы, э** является башкирскими протезами, Слово оло, кесе означают соответственно «большой, малый». Ямаш антропоним» (А.А. Камалов. Гидронимия Башкирии. Автореферат канд. дисс. Уфа, 1969, стр. 18).

Башқұрт тіліндегі **Ыйык//эйек** сезі мен қазақ тіліндегі **өйек** сөзі түбірлес. Финн.угор тілдерінің қатарына жататын көнепермь тіліндегі өзен мағынасын білдіретін «юг», «юк» сездерімен жасалған гидронимдер Кама бойында және одан да әрірек орналасқан (Кривощекова-Гантман А.С. Следы древнетюркской гидронимики на «юг», «юк» в Прикамье. «Всесоюзная конференция по топонимике СССР». Л., 1965, стр. 223-226). Финнугор тілдерінде **йоги, йоки, йокк** сөздері «өзен» екендігін басқа да көптеген зерттеушілер айтқан болатын (Е.М. Поспелов. Метод географических терминов в анализе субстратной топонимии Севера. Сб. «Местные геогр. термины». М., 1970, стр. 9; А.К. Матвеев. Русская топонимика финно-угорского происхождения. Автореферат докторской дисс. Свердловск, 1970, стр. 23 и др.).

Біздің ойымызша **Өлкөйек** гидронимінің құрамындағы өйек (өзен) сөзі осы финн-угор тілдерінен енген термин. Ал атау бірінші компоненті **өлк//өлік** көне түркі сөзі болуы керек. Қазіргі қазақ тіліндегі **өлі, тірі** сөздері көне түркі тілдерінде өліг//өлік, тіріг//тірік болғаны белгілі. Ендеше **Өлік+өйек** гидронимі «елі өзен» яғни» «жаман әзен» деген мағынаны білдірген.

САЙРАМ – Шымкент облысындағы елді пункт және аудан аты. Бұл жерде орта ғасырда қала және Сайрам сувы деген өзен болған. Тарихи Сайрам қаласы жөніндегі алғашқы мәлімет XI ғасырдағы М. Қашқари еңбегінде бар. Онда былай делінген:

«Сайрам-Ақшахар деп әм аталатын, Исфиджаб деп әм аталатын шахар аты. Бұл сөзді Сариам деп күмәнді айту (произношение) дабар» (III, 191 беті, Ташкент басылымы).

Бұдан кейінгі жылдарда Сайрам қаласы туралы мәліметтер акад. В.В. Бартольдтың еңбектерінде бар (История культурной жизни Туркестана. Л., 1927, стр.82). «Название «Сайрам» встречается только в монгольскую эпоху, впервые в описании путешествия Чаньчуня». «Есть известие, что в конце XIII века Сайрам или Кары-Сайрам, т. е. «старый Сайрам» был значительным городом, он будто бы имел 40 верст и простирался на целый день пути; но это были только слухи, переданные персидским автором, хотя с ссылкой на слова очевидцев» (Его же: к истории орошения Туркестана. СГІб., 1914, стр. 145).

Жоғарыдағы В.В. Бартольдтың Сайрам аты тек 1221 жылдан ғана кездеседі деген пікірінің қателігі оның М. Қашқари еңбегімен толық таныс болмағандығынан. **Ал** XIII ғасырдың аяғында қаланың «Кәрі (ескі) Сайрам» аталуында да мән бар. Өйткені бұл қала үлкен болғандығы соншалықты, оның бір бөлегі ғана «Кәрі Сайрам» аталуы ықтимал. Сол себептен де тарихи Исфиджаб қаласын бір тарихшылар Сайрам қаласымен бір десе, екінші зерттеушілер Исфиджабты Шымкент деп келді. Сайрам қаласы қазіргі Шымкент қаласына жақын орналасқан. Ал Исфиджаб пен Сайрам екеуі бір қаланың екі аты екенін М. Қашқари айтқанын жоғарыда келтірдік. Сайрам қаласының XV-XVII ғасырлардағы тарихы жөнінде В.В. Бартольд, М.Е. Массон, А.Х. Марғұлан, П.П. Иванов т. б. авторлар жазды. Олардың зерттеулері К.А. Пищулинаның соңғы кезде жазылған мақалаларында толық келтірілгендіктен біз ол деректерге тоқталмаймыз (К. А. Пищулина. Присырдарьинские города. Сб. «Казахстан в XV-VIII веках». Алма-Ата, 1969, стр. 22-24). Сайрам сөзінің этимологиясын ашуға кілт болатын деректерді М. Қашқари еңбектерінен табамыз. Онда былай делінген: «Сайрам: Сайрам сув-тобыктан төмен ағатын аз су» (III, 191 беті).

Сайрамланды: сув сайрамланды – су тобықтан келер дәрежеде азайды (Сайрамла-нур, сайрамланмақ). М. Қашқаридің бұл жазғанынан сайрам сөзін қазақша «сайыз/саяз/тайыз» деп түсінуге болады. Осы сөздер біздіңше түбірлес. Оған мынадай дәлел келтіруге болады.

1. Орта ғасырлардағы тарихи деректерге қарағанда Сайрам қаласы **Сайрам сув** деген өзеннің бойына орналасқан. Бұл жөнінде орта ғасырдағы авторлардың еңбектеріне сүйеніп жазылған К.А. Пищулинаның мына пікірін келтіруге болады: «Вся возделываемая, в районе Сайрама площадь орашалась при помощи арыков, отведенных из многочисленных речек, стекающих с юго-западных склонов Каратау и Таласского Алатау. Некоторые из этих рек, сохраняющих и поныне свои названия, упомянуты в источниках: Арыс, Сайрамсу (на которой стоял г. Сайрам), Буган, Чайан, Арсланлык и др» (Указ. статья, стр. 23). Олай болса қала аты өзен атынан қойылғанына ешбір күмән болмасқа керек.

2.Бұл сөз суға байланысты айтылғандықтан, оның түбірі **сайр** болса керек. Ал **сайыр//сайыз//саяз** бір түбірден тараған сөздер екендігіне түркі тілдеріндегі **р//з** дыбыстарының сәйкестігі (соответствие) дәлел болады. Олай болса бұл дыбыстардың сәйкестігі деген мәселеге тоқтала кетейік. Түркі тілдеріндегі бұл фонетикалық заңдылыққа алғаш көңіл аударған И. Клапрот болды. Ал чуваш тілі мен басқа түркі тілдерінің арасындағы бұл айырмашылықты В. Шот зерттеулері кеңейте түсті. Кейінгі зерттеушілер арасында бұл дыбыстардың қайсы бұры деген мәселеде екі түрлі пікір бар: Г. Рамстедт және оны қолдаушылары р>з деп дәлелдесе, В.В. Радлов жән З. Гомбоц, керісінше, з>р деген пікірде болды. Н.И. Ашмарин, Н.К. Дмитриев сияқты көрнекті тюркологтар да бұл дыбыстардың шығуы жөнінде пікірлерін айтпай, конкретті материалдарды талдаумен болды (Н.К. Дмитриев. Соответствия р//з, «Исследования по

сравнительной грамматике тюрских языков», 1, Фонетика. М., 1955, стр 222).

Н. К. Дмитриев бұл мақаласында чуваш тілі мен басқа түркі тілдерінің арасындағы **р//з** сәйкестігіне мынандай мысалдар келтіреді.

Чуваш тілінде	**басқа түркі тілдерінде**
Пар«лед»	буз//муз//боз//боз// муус
Хер «дочь, девушка»	кыз//гыйз//хыс
Самар«жирный»	семиз//симіз//hимез//hиміз и т. д.

Автор мына жағдайда да ескерте кетеді: «Переходя анализу конкретного материала, мы должны сказать, что сфера **р** и сфера **з** не абсолютно разграничены, а как бы налегают одна на другую: конкретно говоря, сфера **р** может вторгаться в сферу **з**, т. е. те тюркские языки, для которых типична в известных фонетических позиция именно фонема **р**, в известных случаях допускаются применение фонемы **з**» (Указ. статья, стр. 222-223). Сөйтіп бұл айтылғаннан **р//з** абсолютті құбылыс емес екенін аңғартып қойғанымыз жөн.

Бұл дыбыстардың тарихи дамуы жөнінде белгілі тюрколог М. Рясенен былай деп жазды: «История развити древних r и l в середине и в конце слова важна постольку, поскольку на ней основывается разделение тюркски языков на две резко отличающиеся друг от друга группы которые можно называть z и r языки. Согласно Рамстедту, в алтайском праязыке, кроме обычных r и 1 внутри и в конце слова, встречались и отличные от них, иногда смягченные* r и* 1′, которые в большинстве тюркских языков дали *z* и š, в то время как в остальных они сохранились как r и 1″ (М. Рясенен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, стр. 25) М. Рясененді р>з теориясының жақтаушысы деуге болады, өйткені осы еңбегінің 27 бетінде келтірілген таблицада алтай ата тілінде r, ал түркі тілдерінде r, *z* болған деп келтірілген. Ендеше ол r дыбысын алғашқы деп отыр.

М. Рясененнің осы еңбегіне алғы сөз және ескертпе жазған Н.А. Баскаков бұл дыбыстардың тарихы туралы былай деп жазды: «Вопрос о первичности согласных **р-л** по отношению к **з-ш** в соответствиях, например, типа чув. хêр, кирг. **қыз** «девушка» и чув. хêl, кирг. **кыш** «зима» остается до настоящего времени спорным; однако большинство современных тюркологов склоняется к мнению, что согласные з-ш в данном соответствии являются по отношению **к** р-л более поздними, хотя нам известны и противоположные точки зрения (Ю. Немет, Г. Гомбоц, И. Бенцинг и др.) (Указ. книга М. Рясенена. Примечание №4, стр. 212).

Жоғарыда аталғандарды қортындыласақ, тюркологтардың басым көпшілігі **з** дыбысы **р** дыбысынан дамып шықты деген пікірде екенін байқадық. Ендеше Сайрам атауының түбірі **Сайыр** алғашқы, ал сайыз//саяз одан кейінгі екенін байқау қиын емес. Монғол тілінде «қайырлау», «езеннің суы тартылу» дегенді **сайыртах** дейді (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік, Уланбатор, 1954, 148 беті). Монғол тілінде де сөз түбірі сайр, ал-тах қазақша -ла+у формасына сай келетін жұрнақ: Бұл сөз **сайыз//саяз//тайыз** мағынасында монғол тілінде ротацизм формасында сақталған.

Сайрам атауындағы **сайыр** түбіріңен кейін келетін жұрнақ бір компоненттен тұра ма, жоқ **а+м** жолымен жасалған ба, оны айту қиын. Біз тек осы мәселені шешуге көмегін тигізер деген екі фактіге көңіл аударғымыз келеді.

1. М. Қашқари заманында **-(а) м** жұрнағы сын едім жасайтын формант болған. Мәселен онда **құшақ** деген сөз **кучам** түрінде қолданылып, оған «бір кучам нэң» (бір құшақ нәрсе) деген мысал берілген (1 т. 378 беті). М. Қашқари еңбегінің грамматикалық көрсеткішін жасаған Қ. Мақмұдов **құчам** сөзін сын есім деп түсіндіреді (Индекс-луғат. Ташкент, 1967, 407 беті). Бұдан **-/а/м** жұрнағы сын есім жасайтын көне жұрнақ екенін байқадық.

2. Қырғыз тіліндегі сайроон сөзіне К.К. Юдахин сөздігінде мынандай түсінік берілген: «Сайроон – наносная мель, отмель; мелкое место в реке, удобное для переправы» (Киргизско-русский словарь. М., 1965, стр. 622).

Түркі тілдерінде **м/н** дыбыстары алмаса беретінін ескерсек, қырғыз тіліндегі **сайроон** сөзі **Сайрам** атауымен бір сөз екеніне шүба болмаса керек-ті.

Бұл келтірілген деректер аталған жұрнақ екі элементтен тұрады деуге көңілді көбірек дауалатады. Сонда сайыр түбірі сын есім болса, оған **а** қосылып етістікке айналдырып, оның үстіне **м** қосылып қайта сын есім болған деген жорамал да көңілімізде жоқ емес.

Қорыта келгенде Сайрам атауы тұтасымен де, оның сайр деген бөлімі де сайыз дегеннің көне түрі.

Бұл сөздің арғы түбірі **сай** болуы да ықтимал, өйткені татар тілінде **сай** (неглубокий, мелкий; неглубоко, мелко); **сай елга** – неглубокая (мелководная) река; **сай чокыр** – неглубокая яма; **сай жир** неглубокое мелкое место, мелководье; сайга утыру в разн. знач. сесть на мел; тирән елга агар тавышсыз, сай елга **агар шалтырап** посл.. глубокая река течет без шума, мелкая – с шумом (Татарско-русский словарь. М., 1966, стр. 462).

Азербайжан тілінде де «сай – мель; кәми сая отурду корабль сел на мель» (Азербайджанско-русский словарь. Баку, 1951, стр. 175).

Қорыта келгенде тарихи қалданың аты **Сайрам** сол жердегі **Сайрам сув** деген өзен атынан қойылған. Ал **сайрам** сөзі **сайыз/саяз** деген мағнаны береді. Бұл сол өзеннің суы аздығын және арық-арыққа бөлініп, **тайыз** болып ағатын мәнін ертеде дәл берген.

Сайрам-Нур гидронимі мен **сайр** термині жөніндегі Э.М. Мурзаевтың пікірін оның мына еңбегінен қараңыз: «Природа Синьцзяна...». М., 1966, стр.349. Жоғарыдағы **Сайыр>сайыз** этимологиясын **Самарканд//Сәмізкәнд** (қара-

ныз) қаласының аты да дәлелдей түседі. Х.Х. Хасанов жоғарыдағы М. Қашқари еңбегіндегі **Сайрам** жөніндегі деректерді келтіре отырып, былай дейді. «Следовательно, городок Сайрам под Чимкентом, Синьцзянский Сайрам, Сайрамнур – все означают «неглубокая река», «мелкое озеро» (Х.Х. Хасанов. Ценный источник по топонимике Средней и Центральной Азии. Сб. «Топонимика Востока». М., 1962, стр. 36.

САМАРҚАНД – тарихи қала аты. Бұл қала жөніндегі кейбір деректер және оның этимологиясы жөнінде пікірлер М. Қашқари еңбегінде кездеседі. «Кенд» сөзіне берген анықтамасында М. Қашқари былай деп жазыпты: «Кенд-огуздар және олар менен жақын тұрушылар тілінде қыстақ. Көпшілік түркілер ұғымында вилоят (облыс). Соның үшін Ферғананы өзкенд – өз шахарымыз дейді. Самарқандты үлкендігі үшін Семіз кенд – Семиз шахар дейді. Мұны фарсылар Самарқанд түрінде қолданады» (III, 330 беті).

М. Қашқари еңбегінің екінші бір жерінде бұл атау түркі сөзі екенін атап айтады. «Бүтін Мавераунаахр, Йанканддан шарққа дейінгі өлкелерді түркі шахараларынан деп есептеуге негіз – Самарканд, Семізканд, Ташкенд-Шаш, Өзкенд, Түнкенд атауларының бәрі түркіше» (III, 164 беті).

Сонымен бұл келтірілген үзіндіден **Самарканд** дәлмедәл айтқанда **Семіз кенд,** яғни «бай қала» деген мағынада. М. Қашқаридың бұл жазғандары өзбек зерттеушісі Х.Х. Хасановтың еңбегінде келтірілгенді (Х. Хасанов. Қадимги узбек географлары. Тошкент, 1961, 31 беті). Бірақ ол сөз этимологиясын лигвистикалық тұрғыдан талдаған жоқ.

Біздің ойымызша бұл атау екі компоненттен тұрады **Самар// Саміз+канд.** Атаудың алғашқы **Самар//Саміз** бөлігіндегі сөз аяғындағы р//з түркі тілдеріндегі ротацизм құбылысы. Бұл дыбыстардың тарихи алмасуы жайында біз жоғарыда Сайрам (қараңыз) атауын талдағанда толық тоқталғанбыз, сондықтан қайталап жатпаймыз. Біз бұл арада Н. Қ. Дмитриевтін **р** мен **з**

дыбыстарының алмасуы абсолютті емес, кейде бұл құбылыстар керісінше бола береді деген пікірін еске сала кеткіміз келеді (Н.К. Дмитриев. Соответствия р//з. «Исследования по сравн. грамматике тюркских языков», 1, фонетика, М., 1955, стр. 222). **Р//з** дыбыстарының қайсысы ерте деген мәселеде екі түрлі пікір бар екенін айта келіп, Н.А. Баскаков тюркологтардың басым көпшілігі **р** дыбысы ерте дегенді қолдайтынын айтқан (Н.А. Баскаков. Примечание № 4, на стр. 212 в книге М. Рясенена: «Материалы по исторической фонетике тюркских языков». М., 1955). Осы пікірлерге сүйене отырып **Самарқанд** қаласының атында көне **р** дыбысы сақталып қалғанын көреміз. Ал **Самәр** сөзі **семіз** мағынасында чуваш тілінде осы күнге дейін бар (Г.И. Рамстедт, Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 199). Ал атаудың екінші белімі **кент** иран сөзі екенін акад. В.В. Бартольд айтқан болтын (История культурной жизни Туркестана, стр. 38).

САРҚАН – Талдықорған облысында басы Жоңғар Алатауынан басталып, Ақсу өзеніне құятын өзен аты. Осы аймақтағы аудан және аудан орталығының аты өзен атынан қойылған. Бұл қазақша **Сарқант,** орысша **Сарка** болып қате жазылып жүр. Жергілікті қазақтар өзен Сарқан деп атайды. Сарқан аты Сарықан атынан қысқартыла айтылады.

Э.М. Мурзаев **-қан** термині Азияда өте кең аймақтан тарағанын айта келіп, оның тілдік екі арнасы бар екені көрсетеді: 1) **Кан** – тәжікше, өзбекше «қанал» деген сөз Шығу тегі жағынан иран тілдеріндегі **кан** (қазу) етістігімен түбірлес. 2) **Кан** – корей тілінде «өзен», «су» деге сөз (Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных географически терминов. М., 1959, стр: 98, 100). Кейінгі еңбектерінд автор -кан, -кам, -кем сөздеріне аяқталған барлы гидронимдерді бір арнадан, яғни индоевропа тілдерінен тараған деп қарайды. Э.М. Мурзаев -акан, -кан, -канг, -ганг сездері Таяу Шығыстан бастап, Орт Азия, Закавказье, Сібір арқылы Қиыр Шығысқа дейі географиялық

атаулардың құрамында кездеседі деп көрсетті. Ол С.П. Толстов пен В.И. Абаевтың пікірлерін сүйене отырып, осы терминге аяқталған атаулардың бәрі-бәрі индоевропа тілдерінен тараған деп қорытындылады (Э.М. Мурзаев. Местные географические термины. Сб «Транскрипция географических названий». М., 1960, стр 75; его же: «Природа Синьцзяна.». М., 1966, стр. 349).

Енисейдің оң тармағы **кан** гидронимінің этимология сын В.А. Никонов тунгус-маньчжур тілдеріндегі кан (өзен, тармақ) сөзімен байланыстырады (В.А. Никонов Краткий топонимический словарь, М., 1966, стр. 127) А.П. Дульзон -кан, -хем, -кем сөздеріне аяқталға гидронимдер Эвенкі ұлт округінде көп кездесетінін жән бұл типтес атаулар бұдан әрі қарай Хабаровск өлкесін дегі Амурға дейін, Лена әзенінің жоғарғы жағында жән" Бурят АССР-інде көп екенін айтканды. А.П. Дульзон мұндай гидронимдер эвенкілердікі болуы керек, ал **-кан** формантының шығу тегі екі түрлі нұсқадан болуы ықтимал: 1) кішірейту жұрнағы, 2) тунгус-маньчжур тілдері не жақын корей тілінде **канг** – «өзен» деген сөз. Автор **-хен/кем/** сөзіне аяқталған өзен атаулары Тува АСС-інде өте жиі кездесетінін және Таулы – Алтай облыс мен Минусинскінің оңтүстігіне карай Краснояр өлкесінде жиі ұшырайтынын көрсеткен-ді. Тува тілінде **кем//хем** «өзен» деген сөз. А.П. Дульзон «кем» түркі, кет, самодий халықтары бұл өлкеде мекен еткен кезден бұрын өмір сүрген белгісіз бір халықтың сөзі дейді (А.П. Дульзон. Топонимы Средней Сибири. «Изв. сиб. Отд. АН СССР, стр. 112-114). Якутия гидронимдерін зерттеген К.Ф. Гриценко **-кан//ган** форманттарының басым көпшілігі гидронимдерге тән екенін және бұлар кішірейту жұрнағы мәнінде жұмсалатынын айтады (К.Ф. Гриценко. Названия рек и озер Якутии. Автореферат канд. диссертации. Томск, 1968, стр. 15). Ханты тілінде **еган-**«өзен» деген сөз екенін Л. И. Калинина көрсеткен-ді (Л.И. Қалинина. Ареалы распространения хантый-

ских топонимов... Учен. зап. Томского госпединститута. Том XIX, вып. 2, Томск, 1961, стр. 211).

Жоғарыдағы шолудан **-қан, -ган, -кам, -кем,** -**хем** формаларына аяқталған гидронимдер сонау Қиыр Шығыс пен Якутиядан бастап Индияға дейін созылып жатқанын байқадық. Э.М. Мурзаев бұл форманттардың баршасы индоевропа тілдерінен тарады деген пікірде екенін де көрсеттік. Алайда біз Қазақстанның Талдықорған облысындағы **Сарықан**, сол сияқты осы өзенмен көршілес ағып жатқан **Басқан** өзенінің аттарын басқа Алтай мен Сібірдегі туркі, тунгус-маньчжур және корей тілдеріндегі «өзен» мағынасындағы **-кан//кан, -кем//хем** сөздерімен туыстас деп қараймыз. Біздің бұл жорамалымыз алтай тілдерінің туыстығын дәлелдей түседі. Сонда бұл **Сарыкан** гидроңимі «сары өзен», **Басқан** (осы сөздіктен қараңыз) гидронимі «бас өзен, үлкен өзен» дегенді білдіреді.

Қазақ тіліндегі **қану** сөзі «суға тою» екенгін, мұндағы түбір **қан** «су» мағынасын беріп тұрғанын ескерсек, осы пікірдің дұрыстығын толықтыра түседі.

СӨГЕТІ – Іле Алтауышың шығыс бөлігіндегі жазық аты. Бұл жазықта Сөгеті және Бұғыты таулары түйіседі. Ғ. Қоңқашпаев бұл атаудың этимологиясын төмендегідей түсіндіреді. Жергілікті тұрғындар арасында Сөгеті оронимі женінде әр түрлі түсінік бар: біреулері бұл орыстың «сухой» сөзінен шыққан десе, екінші біреулері қазақтың **соғу** (жел соғу) деген сөзімен байланысты деп қарайды. Бұлардың бәрі де атаудың шын мәнін түсіндіріп бере алмайды. Шындығында бұл қырғыз бен ұйғыр тіліндегі **Сөгет** (верба) деген ағаш атынан алынуы мүмкін. Қырғызстан мен Қазақстанның **Сөгеті** деп аталатын жерлерінде шынында да ағаштың осы түрі өседі. Бұған екінші бір жорамал айтуға да болады. Бұл монғолдың **Соготы** (маралды) деген сөзінен де болуы ықтимал. Бірақ соңғысы дұдамалды (Г Конкашпаев. Некоторые малопонятные географические на-

звания в Казахстане. Сб. «Вопросы географии Казахстана». Вып. 9, 1962, 240-41 беттері).

Біздің ойымызша, Ғ. Қоңқашпаевтың бірінші жорамалы дәл емес. Оған мынандай дәлелдер келтіруге болады. Біріншіден, бұл сөз ұйғыр тілінде сөгәт (ветла) қырғыз тілінде сөгөт, (талдың бір түрі), түрік тілінде **сөгут** (ива) формаларында кездеседі. **Сөгет** сөзі қазақ тілінде жоқ, бұл ағаштың түрлері қазақша **қызыл тал, балғын тал, ақ тал** деп аталады (Т. Мұсақұлов. Орысша-қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік, 1-том, 1959, 105, 109 беттердегі **верба, ветла** сөздерін қараңыз). Екіншіден, егер бұл сез **Сөгет** сөзінен жасалған болса, онда **Сөгетті** болар еді. Міне осы себептен біз Ғ. Қоңқашпаев пікіріне қосыла алмаймыз.

Біздің байқауымызша, атау түркі-монғол тіл ортақтығы заманында жасалған. Сөз түбірінің көне формасы (сәге) осы атауда және монғол тілінде сақталған. Монғолша **согоо** марал, бұғының ұрғашысы (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 157 беті). М. Қашқари заманында бұл сөз «сіғун» түрінде қолданылған (1, 388 беті). Көне заманда түркі тілдерінде де сөз аяғындағы **н** дыбысы тұрақсыз болғандықтан, **-ты** жұрнағы қосылғанда түсіп қалған.

Мұнда ескеретін бір жәй-**Сөгеті** аңғарында **Сөгеті, Бұғыты** тауларының қатар келуі кездейсоқ емес. Екеуі-нің мағынасы бір: қазіргі қазақ тіліндегі «бұғылы» деген сез. Мұның ішінде **Сөгеті-ең** көнесі, өйткені ол түркі-монғол тілдерінің алтай заманында жасалған. **Сөге//сөгөө** (бұғы) монғол тілдерінде сақталған да, түркі тілдерінде бұл сезді **бұғы** сөзі ауыстырған. Ал түркі тілдеріндегі көне сөз осы **Сөгеті** оронимінде сақталған. Сөйтіп атаудың түбірі **сөге** (айтылуы сөгө), ал соңындағы **-ті** косымшасы осы заттың барлығын білдіретін түркі-монғол тілдеріндегі көне жұрнақ (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

М.И. Боргояков алдымен **Сөгеті** (ива, тальник) аталған атаулар кейін **Сүтті** (молочный) түріне көшкен деп қарайды (М.И. Боргояков. К вопросу этимологии гидронима «молочный». Жур. «Советская тюркология». 1970, №5, стр. 85-87).

СУРГУТ – Солтүстік Қазақстан облысы Соколовка ауданындағы Никулин көлі маңындағы жер аты. Осы жерде экспедицияда болған іздеуші инженер Г. Русанов жергілікті өлке зерттеушісі Ф.Я. Показаньевтің аузынан бұл сөз ханты тіліндегі соркути (сорная рыба) сөзінен қойылған дегенді естиді. Инженер Г. Русанов Тюмень облысындағы Обь өзенінің бойындағы Сургут каласы да осы сөзбен түбірлес болуы ықтимал деп есептейді. Петропавловск (Қызылжар) қаласындағы облыстық Өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері Г.Б. Зданович те осы пікірді толық қолдайды («Тайна Сургута». Статья, газ. «Ленинское знамя» от 17/IX-69, № 210). Осы авторлардың пікірі дұрыс болуы да ықтимал, өйткені ханты-мансий ұлт округінің территориясы бұл жерден онша қашық емес.

СУЯБ – Шу өзенінің бойындағы тарихи қаланың аты. Бұл қала туралы мынадай тарихи деректер бар. 563-567 жылдары түркілер эфталиттерді жеңіп, мемлекеттік басшылықты қолына алды. 581 жылы түркі қағанаты екіге бөлінді: шығыс қандығы (орталығы Монголияда), батыс хандығы (орталығы-Жетісуда Шу езені бойындағы Суяб деген қала). Батыс түркі қағанатына Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс аудандары енді. Бұған үйсін, қаңлы, қарлық, түргеш, шығыл, яғма (жайма) сияқты үлкен тайпа одақтары енді. Бұл тайпалардың бәрі түркі тілдес болды (Қазақ ССР тарихы. 1 том, орыс тілінде. Алматы, 1957, 56-57 беттер).

Акад. В.В. Бартольдтің пікірі бойынша Суяб қаласының аты түркі-соғди сөздерінен бірігіп жасалған. Оған мынадай тарихи және географиялық факторлар себепші болған. Суяб қаласы Шу өзені мен Чоң-кемин өзендерінің түйіскен жерінде салынған.

Шу өзенің бойында келімсек соғдилар болған. Осы екі өзеннің қосылуы және Шу өзенінің бойында соғдилардың болуы Суяб деген атаудың жасалуына себепші болған (В.В. Бартольд. Очерки истории Семиречья. Фрунзе, 1943, 21 бет).

Сөйтіп, бұл атау екі сөздің қосындысынан жасалған: түркі сөзі – **су**+соғди сөзі **-аб**. Соғди тіліндегі **аб** бұл Да су деген сез. Суяб қаласының аты «су бойындағы қала» деген мағынаны білдірген.

СҮМБЕ – Алматы облысындағы өзен, Целиноград облысындағы тау аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **сүме** (монастырь, күмбез) деген сөзінен қойылған. Осы аталған жерлерде осындай күмбездер болған (Г. Қонкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения, Вып. I (11), 1959, 94 беті). Монғолша-қазақша сөздікте **сүм** сөзін меші деп аударған. Ал бұған **бе** компоненті қалай қосылған белгісіз.

Сондықтан сөз этимологиясын біз басқаша қараймыз. Осы сөздікте **сүмбэр** сөзін «биік, құзар, зәулім» деп аударған. Сондықтан Целиноград облысындағы және Қаратаудағы тау аты монғолдың осы **сүмбэр** сөзімен де байланысты болып, «биік тау» дегенді білдіруі мүмкін. Монғол тілінен жасалған бұл атауды түркі тілдес халықтар қолданғанда, сөз аяғындағы **р** дыбысын түсіріп айтуы да ықтимал. Өйткені **р, л, н** дыбыстары түркітілдерінде тұрақсыз екені белгілі (Н.К. Дмитриев. Неустойчивое положение сонорных р, л, н в тюркских языках. ИСГТЯ, 1, фонетика, М., 1955, стр. 265).

СЫҒЫНАҚ (СУНАҚ) – Қызылорда облысындағы тарихи қаланың аты. Сығынақ қаласының тарихы туралы акад. В.В. Бартольд былай деп жазды: «В XII веке впервые упоминается город, расположенный гораздо ближе к Саурану, в местности, орошенной проведенным из Сырь-Дарьи Тюмен-арыком. В настоящее время здесь находятся развалины крепости Сунак

курган; по произношению киргизов (т. е. казахов – А. А.), название города было Саганак; правописание средневековых рукописей и даже более поздних официальных документов указывает на другое произношение – Сыгнак, Сугнак или Суганак; лингвистическое тоже было бы трудно объяснить образование такой формы, как Сунак (современное название крепости), из Саганак» «Еще в Абдулла-Намэ о Саганаке говорится, что он «изревле был столицей ханов кипчацкой (т. е. киргизской) степи» (В.В. Бартольд. К истории орошения Туркестана. СПб., 1914, 149-152 беттері).

Бұл ескі қаланың маңындағы тұрғын қазақтар өздерін «Сунакатаның тұқымымыз, біз қазаққа қосылмаймыз» дейді. Мұның да тарихи мәні бар сөз. Өздерін **сунақ** деп атайтындардың тегі ескі **Сыгнақ** қаласымен байланысты екенін бірнеше автор айтқан болатын (А.Ю. Якубовский. Развалины Сыгнака (Сугнака). Сообщения ГАИМК, II. Л., 1929, 122, 136, 137 беттері).

Зерттеуші Т.А. Жданко қарақалпақ этнонимі алғаш рет Бұқар ханы Абдолланың грамотасында 1598 жылы кездесетінін, оның өзі Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан **Сығнақ** қаласының маңында екенін айтады (Т.А. Жданко. Очерки исторической этнографии каракалпаков. М.-Л., 1950, 12 беті). **Сунақ** этнонимі қарақалпақ халқының құрамында бар. Олардың шежіресі бойынша қарақалпақтың құрамындағы он төрт рудың бірі – қазаяқлы атанады. Ал қазаяқлының атасы – Сунақ. Қазаяқлы атануы оның таңбасы қаздың аяғына ұқсас.

Т. А. Жданко былай деп жазады: «Прозвище легендарного предка каз-аяклы – «Сунак», вероятно, связано с городом Сыгнак на Сырдарье, где каракалпаки обитали и были под политическим влиянием Бухары еще в конце XVI в., как об этом свидетельствуют уже упоминавшиеся нами «сыгнакские документы» (Сонда, 42 беті). Сөйтіп бұл айтылғандардан Сыгнақ

қаласының аты мен Сунақ этнонимінің арасында тығыз байланыс бар екенін көрдік.

Ал сонда **Сығынақ** деген не деген сөз? Зерттеуші Б. Орузбаева түрік тілінде басқа шығыс түркі тілдерінде кездеспейтін сөз жасау формалары бар екенін айта келіп, ол формалар басқа мағынада қолданылады – дейді де, мынандай мысал келтіреді: «Например, в турецком наряду с сыгынмак – «укрываться», есть слово сыгынак – «убежище», наряду с ушмак – «летать», слово ушук – «самолет». Из этих примеров наглядно видна функциональная особенность формы -ак (восходящей к -мак) в турецком в сравнении с киргизским языком» (Б.О. Орузбаева. Словообразование в киргизском языке. Докторская диссертация. Фрунзе, 1964, 80 беті). Б. Орузбаева мұнда түркі тіліндегі «сығынмак, сыгынак» сөздерінің мағынасын дұрыс ашқан. Бірақ **-ақ** жұрнағы **-мақ** жұрнағынан туды деуі дау туғызады. Ол туралы кейінірек айтамыз. **Сығын** сөзі XI ғасырдағы М. Қашқаридің еңбегінде бар. Онда былай деп берілген «сығынды: кэ,)к турағқа сығынды» (II, 177). Бұның мәнісі «киік орынға жасырынды» деген сөз. «Көне түркі сөздігінде» бұл сөзге «от сыг – укрываться» деген түсінік берілген (Древнетюркский словарь. 1969, стр. 502).

Сығын – «искать защиты, искать убежища» деген мағынада XIV ғасырдағы Рабгузидің шығармасында кездеседі (С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951, 424 беті).

В.В. Радлов Осман түріктерінің, қырым татарларының, алтай, телеуіт тілдерінде **сығын** (мак)//**сықын** (мақ) сөздерінің бір мағынасы «отступать, прятаться, искать убежище, защишаться» деп көрсеткен (Опыт словаря... Том IV, часть 1, 617 беті). Қазіргі азербайжан тілінде сығанақ, сығыначак – убежище, приют, сығынмақ – приютиться, искать убежище; прятатся (Азербайджанско-русский словарь. Баку , 1951, 191 беті). Бұл келтірілген мысалдардан сөздің түбірі

сыг+ын, ал -ақ қосымша екенін көрдік. Біздің ойымызша, бұл жұрнақ Б. Орузбаева айтқандай -**мақ** жұрнағымен байланысты емес. -**Мақ** жұрнағы біраз түркі тілдерінде біздегі тұйық рай -**у** формасының орнына жұмсалады: **бару-бармақ, келу-келмек** т. б. -**Ақ** жұрнағы басқа басқа варианттармен бір кезде түркі тілдерінде етістіктің есім тудыратын өте өнімді жұрнақ болған, ал қазір сарығ ұйғыр тілінен басқа тілдерде пассив формаға айналған (Э.В. Севортян. Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках. Сб. «Вопросы теории и истории языка...». М.., 1952, 342 беті). Бұл жұрнақтан ескі түркі тілдерінде йантұқ (склон горы) тұр+ұқ (стоянка), йанл+ұқ (ошибка), кон+ұқ (ночлег), йар+ұқ (щель) сияқты толып жатқан зат есім жасалған. Қазақ тіліндегі ой+ық, ор+ақ, тара+қ, қарма+қ, төсе+к, сал+ық, т. б. Сөздері де осы жұрнақтар арқылы жасалған. Мұндай сөздер басқа түркі тілдерінде де жүздеп саналады. (А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959, 152-158 беттерін қараңыз). Сөйтіп бұл келтірілген дәлелдер түрік, азербайжан тілдеріндегі **сығын** (искать, убежище) етістігіне есім тудыратын -ақ жұрнағы қосылу арқылы жасалғандығын дәлелдейді. Ал қазақ тілінде сөз ортасындағы **ғ** дыбысының түсіп қалуы кең тараған құбылыс қаған>қан, ұғлы>ұлы т. б. Сөйтіп, тарихи сығанақ қаласының аты **Сұнақ** формасына көшкен: **Сығынақ>Сұнақ.**

Ал жоғарыда айтылғандай «сұнақпыз» деп аталатын тұрғындардың өзін қазаққа қоспайтын себебі бұл қарақалпақтардың **Сунақ** руынан қалып қойған топ болғандығынан. Біздің ойымызша Сығанақ қаласының аты түрік, азербайжан, түрікмен халықтарының ата-бабалары – огуздар IX-X ғасырларда Сырдария бойын жайлаған кезеңде қойылған болуы керек. Кейін XV-XIV ғасырларда осы қала маңын мекен еткен Қарақалпақтың қазақяқлы руы қаланың атын өз атасының атына таңған. Сондықтанда осы аталған рудың Сунақ-Қазақяқлы деген екі аты бар. Бұл өзбектердің Тәшкенттік,

Самарқандық, Хорезмдік деп тапқаны сияқты, Сығанақ (Сунақ) қаласында тұрған қазақяқлы қарақалпақтар өзін сунақ деп атаған тәрізді.Бұл маңдағы қазақтардың сунақ атанып, өзін қазаққа қоспауының да бір себебі осы болса керек.

Сонымен көне **Сығанақ** қаласының аты мынадай бөліктерден тұрады **сыг** (сөздің түбірі – «жасыру, тығу» деген мағынада М. Қашқарида бар») **+ын** (өздік етіс жұрнағы – «тығылу, жасырыну, қорғаныс іздеу» деген мағынаны білдіреді) +ақ (етістіктен есім жасайтын жұрнақ) = Сығынақ – «қорғаныс, бекініс» мәніндегі сөз. Екі қысаң дауыссыздың ортасындағы «ғ» дыбысы **ұ, у** дыбысына айналуына байланысты бұл атау Сығынақ>Сұнақ// Сунақ түріне айналған.

СЫРДАРИЯ – Шымкент, Қызылорда облыстарын басып өтетін өзен аты. Сырдарияның аты тарихта бірнеше рет өзгерді. Біздің арамызға дейінгі ғасырда Александр Македонский жорықпен келгенде бұл өзен Яксарт атанған. Грек географы Страбонның еңбегінде де Яксарт делінеді (Л.Б. Баженов. Древние авторы о Средней Азии. 1940, 6-23 беттер).

Плиний біздің эрамыздың III ғасырында Сырдарияны сақтар Силис деп атағандығы жөнінде хабарлайды (Кляшторный. Яксарт-Сыр-Дария. Сэ, №3, 1953, 189-190 беттер). VIII ғасырдағы түркі жазуларында бұл атау йенчу угуз (Іінчу угуз) түрінде кездеседі (Малов. ПДТП. М.Л., 1951, стр. 32). Ерте орта ғасырдағы араб-парсы нұсқаларындағы бұл өзен аты – Сейхун. Ал, А. Левшин Сырдарияның Сыр түрінде монғолдың Гулаку деген ханының 1253 жылы парсыларға шабуыл жасаған кезінен бастап кездесетінін айтады (Левшин. Описание, часть1, СПб., 1852, 261-бет)

Шығыс авторларының жазуына қарағанда Сырдария өзені сол Сыр бойының маңындағы қалалардың атымен де аталған. Мысалы, Шаш өзені, Ходжент өзені т. б. (Левшиннің жоғарыдағы шығармасы. 261)

Сырдарияның кейбір аудандарының сол маңдағы халықтың атымен аталуы ерте орта ғасырда кездеседі. Атап айтқанда, С.Г. Кляшторный VIII ғасырда Сыр бойының орта шенінде қаңлылардың өмір сүргендігін Кангар аталған Сыр өзенінің осы бөлшегі арқылы дәлелдейді (Жур. «Сов. этнография», 1951, № 3, 189-бет)

Сөйтіп, Сырдария өзенінің аты ескі нұсқаларда әр түрлі. Бұл атаулар талай тарихи дәуірлердегі осы Сыр бойында да болған сақ, түркі тайпа тілдерінен ескі жазу нұсқаларына еніп отырды.

Яксарт деген топонимнің этимологиясы туралы алғаш пікір айтқан И. Маркварт болды. И. Маркварт VIII ғасырдағы ескі түркі жазуларында кездесетін **йенчу-угуз** – (жемчужная река) деген ат ескі иран тіліндегі «iaxsarta» (истинный жемчуг) деген сөзден аударылып алынған – дейді. Бұндағы түркі, иран тілдеріндегі мағыналық ұқсастық кездейсоқ емес. Бірақ осы өзен атын түркілер иран тілінен алды ма, немесе ирандықтар түркі тілінен аударды ма – бұл арасын И. Маркварт дәлел деп бере алмады.

Сырдарияның этимологиясы туралы бізге белгілі тағы да екі түрлі пікір бар. Бірінші пікір А. Левшиндікі. Ол былай дейді: «Дарья, в татарском (т. е. тюркском – А.А.) языке, есть нарицательное имя всякой реки. Сыр значит желтый». Сөйтіп, А. Левшиннің ойынша Сырдария түркі тіліндегі Сарыдария сөзінен шыққан (Левшиннің жоғарыдағы шығармасы).

Екінші, С.Г. Кляшторныйдың пікірі бойынша Сыр өзені өзбек, тәжік тілдеріндегі «Сир об» (полноводи обилие воды) сөзімен түбірлес. Шығыс Түркістандағы ескі сақ, соғди тілдерінің документтерінде сыр «жақсы өте, көп» деген мағынада қолданылады – дейді (С. Кляшторный. Яксарт-Сыр-Рарья. СЭ, 1953, № 190-бет).

Сырдарияный **дария** деген бөлімі иран тілдерін түркі тілдеріне енгенін, өзен мағынасында қолданылатынын В. Бар-

тольд көрсеткен. Ал **Сыр** өзенінің этимологиясы қазақ, өзбек, қырғыз т. б. түркі тілдеріндегі бояу мағынасында қолданылатын **сыр** сөзімен байланысты болуы да ықтимал, өзеннің бұлай айтылуына Сыр суының бояулы, сырлы су тәрізді ыйлаланып ағуы себепші болса керек – деген пікірде болатынбыз (А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959, 94-96-беттері).

Бірақ бұл атаудың этимологиясы жөніндегі Қ. Өмірәлиевтің соңғы жылдардағы зерттеулері жоғарыда айтылған пікірлерді қайта қарастыруға себеп болды. Алдымен Қ. Өмірәлиевтің деректерін келтірейік. Ол былай деп жазыпты: «сонау 1 ғасырдан бермен қарай Силис Сыр өзені деп атап келеді. Силистің «Сыр» түріне өзгеруі осы өңірдегі түркі тайпалары тіліндегі **л//р** алмасуының екінші кезеңі X-XI ғасырмен тұстас болуы мүмкін: Сонда **Сил** (-ис) қандай мағыналы сөз? 1 ғасырда **Силис** аталған өзеннің ежелгі Сил сыңары түркі тілінде, дәлірек айтқанда, осы өңірдегі тайпалар тілінде **інжу (йінжу)** сөзінің синонимі ретінде қолданылған. Ежелгі иран тіліндегі Яксарт («нағыз інжу») осы сөздің аудармасы болуы мүмкін. Олай дейтініміз қазіргі чуваш тілінің диалектісінде «інжу» деген мағына беретін **селем** деген сөз сақталған (Чувашско-русский словарь. М., 1961, стр. 323). Тегінде бір мағынадағы осы **сел**/-ем/ мен **Сил**/-ис/ сөздерінің құрам жағынан күрделенген бір түбір болуы ықтимал» (Қ. Өмірәлиев. «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы. «Қазақстан мектебі». № 4, 1967, 81- 82-беттері).

Келтірілген пікірден біздің эрамыздың бас кезінде Силис атанған өзен атының Сырдария бойына огуздар келген кезеңнен Сыр атанғанын аңғарамыз. Сыр гидронимінің этимологиясы туралы жоғарыдай көрсетілген авторлардың пікірін қорытындылай келіп, мынаны айтуға болады. Біздің эрамызға дейінгі Александр Македонский заманынан ерте орта ғасырға дейінгі Сыр өзенінің тарихтағы алғашқы аты – Яксарт.

И. Марквартты зерттеуі бойынша бұл кәне иран тіліндегі «iaxsarta» (истинный жемчуг – нағыз інжу) сөзінен қойылған. Ал көне түркі жазуларындағы Сырдың аты – **йенчу угуз** (інжу өзен) осы көне иран тілінен аударылып алынған. Бұған сол кездегі қытай нұсқалары Сырды **Чжень – чжу -хэ** (река истинного жемчуга) деп атауы да дәлел. Олай болса **Сил** (-ис)/**Сыр** атауы да түркі тілдеріндегі **л//р** дыбыстарының сәйкестігіне байланысты. Көне түркі сөздері мен формалары чуваш тілінде көбірек сақталғаны белгілі. Ендеше Қ. Өмірәлиев келтіріп отырған чуваш сөзі **-сел**/-ем/ – «жемчуг» – көне ираннның iaxsarta (истинный жемчуг) сөзінің аудармасы болып шығады. Ал көне түркі тіліндегі **-л** дыбысы **-р** дыбысына ауысатыны тюркологияда әйгілі құбылыс (Қ. Өмірәлиев. Түркі тіліндегі р, л дыбыстарының алмасуы.Сб.: «Исследования по тюркологии». Алма-Ата, 1969, стр. 138-140).

Көне грек нұсқаларында басқа тілдегі сөздердің аяғына «с» дыбысын қосатынын ескерсек, сөздің түбірі сил болғанына шүбә қалмайды. Мәселен, В.В. Бартольд II ғасырдағы Птоломейдің еңбегінде Жайық өзенінің аты Даикс түрінде кездесетінін көрсеткен болатынды.

Сонымен бұл гидронимнің көне түрі Сил мен жаңа түрі **Сыр** – ескі иран тілінен аударылған **інжу** деген сөз.

Қорыта келгенде көне иран тіліндегі Яксарт, түркі тілдеріндегі **Сир//Сыр** және **Йенч угуз** иран тіліндегі; «iaxsarta» (истинный жемчуг) сөзінен алынған.

СІЛЕТІ – Басы Целиноград облысынан басталып, аяғы Көкшетау облысындағы Сілеті теңіз көліне құятын өзен аты және көл аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **чулуты** немесе **чулунты** (қазақша «тасты» деген мағынада) сөзінен алынған. Бұған өзен басы терең шатқал, жар тасты болып келуі себеп болған (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН ҚазССР. Серия; филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 92-беті).

Біздің ойымызша, **Сілеті** атауы түркі-монғол тіл ортақтығы дәуірінде жасалған сияқты. Түркі тілдеріндегі **л//ш** дыбыстарының сәйкестігіне алғаш көңіл аударған В. Шот болды. Ол бүкіл түркі тілдерін осы сәйкестікке сай **л**-тілдері (чуваш тілі) және **ш** тілдері деп екіге бөлді. Н.К. Дмитриев «осы сәйкестікті түркі-монғол тілдерінің байланысы жағынан қарасақ, монғол тілдерін **л** дыбысты тілдер тобына жатқызуға болады» – деп қарайды. Сөйтіп ол чуваш және монғол тілдерін бір қатарға жатқызады да, **л//ш** дыбыстарының сәйкестігіне мынадай мысал келтіреді:

Чуваш тілінде:	**Түркі тілдерінде:**
хел «зима»	-қыш//қыс
чул «камень»	-таш//тас//даш//даш и т. д.

(Н.К. Дмитриев. Соответствие л//ш. ИСГТЯ, 1, фонетика. М., 1955, стр. 320).

Сонымен л//ш сәйкестігі заңына байланысты түркі тілдеріндегі таш//тас//дас//даш сөзі чуваш және монғол тілдерінде чул болады. Қазіргі монғол тілінде чу-луу сөзі тас екенін ескерсек, Сілеті атауының түбірі; түркі-монғол тілдерінде **сіле//шіле// чулуу** болатынан аңғару қиын емес. Түркі тілдеріндегі **с//ш** дыбыстарының ; алмасуын ескерсек, сөз басындағы с дыбысы осы заңдылықтан туады. Ал сөз аяғындағы **-ті** – туынды сын есім туғызатын жұрнақ. Сонымен **Чулууты//Сілеті** атаулары басқа түркі тіліндегі **таштьі//тасты** сөзінің көне варианты.

ТАЛАС – басы Талас жотасынан (биіктігі 4488 м.) басталып Жамбыл облысында аяқталатын өзен аты. Ұзындығы 420 км. Талас жотасының, тарихи Талас (Тараз) қаласының аттары осы өзен атынан алынған, өйткені өзен атының қойылуы бұлардан әлде қайда ерте, түркі-монғол тіл бірлігі заманынан бері.

Талас аңғары – тарихи жағынан қызығы мол өлке. Ондағы қалалардың салыну тарихы туралы А.Н. Берштам былай деп жазды:

«В VI-VIII вв. Таласская долина была уже в основном вся заселена и, вероятно, все известные ныне развалины мест поселений возникли в эту эпоху» (А.Н. Бернштам. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941, стр. 35).

Таластың көне тарихын тереңірек зерттеген автор академик А.Х. Марғұлан. Оның зерттеулеріне қарағанда Талас аты бірінші рет Византия тарихшысы Протектор Менандрдың еңбегінде кездеседі және онда Талас қаласы VI ғасырда, дәлірек айтқанда 568 жылы батыс түркі қағанаты орталықтарының бірі болғандығы айтылады.

Мұнда Талас көптеген елдерден саудагерлер келетін сауда қаласы екендігі айтылған. X-XII ғасырларда қарлықтар мен қарахандықтар заманында Талас мүлде өседі, өркендейді. X ғасырдың авторы араб географы Мукаддаси былай деп жазыпты:

«Тараз – славный укрепленный город со множеством садов, густо застроенный, имеет ров и четверо ворот: около него есть многолюдное предместье (рабад), у ворот города течет большая река; часть города находится по ту сторону реки; через реку проходит дорога; в центре города на базаре имеется мечеть» (В.В. Бартольд. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-94 гг. СПб., 1897, стр. 17).

1894 жылы акад. В.В. Бартольд көне Таластың орны Әулие-Ата (қазіргі Жамбыл) қаласы тұрған жер болуы керек деген болжам айтып еді, соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеді (А.Х. Маргулан. Из истории городов и стр. искусства древнего Казахстана, Алма-Ата, 1950, стр. 28- 41).

XII-XIII ғасырларда Талас (бұл кездегі нұсқаларда Тараз) әуелі Хорезмшахтың, кейін қарақытайлардың, одан соң монғолдар шабуылына ұшырады да, талқандалып қалды. XV-XVII ғасырларда қаланың жекелеген учаскелерінде ғана үйлер мен тіршілік белгісі болды, ал XIX ғасырда ескі қала орнына

Әулие-Ата қаласы салынды (К. Байпаков, Л. Ерзакович. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1971, стр. 75-76).

Енді Талас атауының этимологиясына келейік. Біздіңше, сөз түбірі түркі-монғол тілдеріндегі **далай//талай** (теңіз, мұхит, көл, өзен) деген түбірге **-з/с** көптік жалғауы (кейде жаңа сөз тудыратын зат есім жүрнағы да болуы ықтимал) қосылып жасалған.

Талуй//талай «теңіз» және «өзен» мағынасында көне түркі тілінде болған. **Талуй** сөзі «теңіз» мағынасында Күлтегін және Тунқақ (Тонью-кук) ескерткіштерінде бар (С. Е. Малов. Памятники ДТП. М.-Л., 1951, стр. 425). Ал Талай сөзі XIII ғасырда жазылған Огуз-намеде «өзен» мағынасында анық жазылған:

«Мұнда Утіл мүрен деген бір талай бар ерді – «Здесь простирались воды реки, называемой Итилем (А.М. Щербак. «Огузнаме», Мухаббат-наме». М., 1959, стр. 39). А.М. Щербактың тексті аударуы дәл емес, егер бұл сөйлемді қазақша аударсақ былай болады:

«Мұнда Еділ мурен деген бір өзен (талай!) бар еді» (Здесь была одна река, называемая Итиль Муреном).

Бұл контекстегі талай сөзі «өзен» мағынасында қолданылып тұрғанына ешбір шек келтіруге болмайды. Талай сөзі алтай, телеуіт, лебендин, шор, сойот, сағай, қатчы, күйерик сияқты түркі тілдерінде «теңіз», «көл», «өзен сағасы» мағынасында қолданылатынын акад. В.В. Радлов кезінде көрсеткен еді (В.В. Радлов. Опыт СТН. Том III, часть 1, стр. 878-879).

Монгол тілінде далай сөзі 1) мұхит, 2) үлкен, ірі деген екі мағынаға ие (Монғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954, 73-бет). Бурят-монғол тілінде далай – «теңіз, мұхит, үлкен көл». Қалмақ тілінде дала – «океан».

Сонымен сөз түбірі түркі-монғол тілдеріндегі талай//тала//далай//дала екеніне шүбә жоқ. Ал сөз аяғындағы с бұл арада көне түркі-монғол тілдеріндегі көптік жалғауы болуға тиіс (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М.,

1957, стр. 57). Сонда тала/й/ +с гидронимінің көне мағынасы «өзендер», «көлдер», «сулар» болып шығады.

Ал көне орхон-енисей жазуларындағы Талуй (талай) сөзінің ерте орта ғасырдағы араб, парсы нұсқаларында Тараз болып айтылуы л/р дыбыстарының ауыз суынан. Бұл құбылыс тюркологияда кеңінен белгілі. Мәселен, М. Рясененнің еңбегінде мынадай фактілер келтіріледі: «інжіл/інжір/инжир/, залал//зарар (вред, ущерб), ханшал//ханджар (кинжал), герел// қарар (решение) (М. Рясенен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, стр. 185).

Проф. Ф. Абдуллаев тар//л алмасуын көрсете келіп, бұл құбылыс **р** дыбысы дірілді болғандықтан, әлсіз дыбыс, сондықтан басқа дыбыстармен, соның ішінде **л** дыбысымен ауысады деп көрсетеді (Ф.А. Абдуллаев. Фонетика Хорезмских говоров. Ташкент, 1967, стр. 137).

Проф. С. Аманжолов қазақ тілі диалектілерінде **р//л** (немесе керісінше **л/р**) дыбыстарының алмасуы жөнінде былай деп жазды:

«О чередовании р//л. Оно связано словами **жал** вм. **жар** (помощь) и **шөлке** вм. **шөрке** (от русск. чурка). Такое же чередование имеется в западном диалекте. Например, слово **жора** там произносится, как **жола.** А это вполне нормально и легко объяснимо. Ибо слово **жола** происходит от основы **жол** (путь, дорога, правило и обычай).

Чередование **р** с **л** в словах южного диалетка **жал** и **шөлке** не совсем легко объяснить. Ибо литературное слово **елең** там, на юге, в Жуалинском районе произносят в виде **ерең.** Из этого можно сделать вывод, что чередование этих звуков на юге крайне неустойчиво. Но начало дифференциации или расщепления их относится к далекому прошлому. Еще у Махмуда Кашкари чередование **р** с **л** приписано тюркам. Древний город Талас племенем чигиль произносится, как Тараз//Тіраз. Мы знаем, что Мигиль относится к племенному союзу дулатов»

(С.А. Аманжолов. Вопросы диалектологии... Алма-Ата, 1959, стр. 244). Жоғарыда келтірілген фактілер **р//л** немесе **л//р** дыбыстық алмасулары табиғи тілдік құбылыс екенін көрсе-теді. Ендеше **Талас** атауының **Тараз** деп аталуы әбден заңды.

Ал сөз аяғындағы **з//с** дыбыстарының да алмасуы түркі тілдеріне тән құбылыс. **З** дыбысы огуз тілдерінде тұрақты, ал қыпшақ тілдерінде әдетте **с** дыбысына айналады (Ф.А. Абдуллаев. Указ. раб., стр. 93-94).

Зерттеуші Қ. Өмірәлиев атаудың аяғындағы **-ас** бөлшегі фин-угор тіліндегі «өзен» деген мағынаны беретін сөз, «бұл сөз фин-угорлар мен түркі тілінің алтай дәуірін ортақ белгі де болуы мүмкін» деп қарайды (Қ. Өмірәлиев «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы». «Қазақстан мектебі» журналы, № 4, 1967, 82 беті).:

Талас өзенінің маңында фин-угор халықтары болған; жоқ, сондықтан бұл манда фин-угор-түркі ортақтықтығына байланысты атау да болуы күдікті, сол себептен автордың бұл пікірін біз құптай алмаймыз.

Қорыта келгенде атау этимологиясының кескіні мынадай **талай//далай** (түркі-монғол тілдеріне ортақ «су», «өзен» деген сөз)+с (түркі-монғол тілдеріндегі көптік мағынаны білдіретін көне жұрнақ).

ТАЛҒАР – Алматы облысындағы тау аты. Талғар – Іле Алатауының ең биік шыңы, биіктігі – 5017 м. Талғар шыңынан батысқа қарай да, шығысқа қарай да Іле Алатауы төмендей береді. Талғар Шелек-Кемин тау торабында орналасқан. Талғардың Іле Алатауының ең биік тауы (нүктесі) болуы оның атының қойылуына да ықпал еткен.

Біздіңше Талғар атауы екі компоненттен құралған: **Тал+ғар.** Тал – тәжік тілінде «холм, пригорок, горка, возвышенность, бугорок» (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 377).

Атаудың екінші бөлімі ғар көптеген семья тілдерде, соның ішінде түрк тілдерінде де тау дегенді білдіреді. Бұл жөнінде көрнекті топонимист Э.М. Мурзаевтың мына пікірін еске сала кеткен орынды:

«Внимательный топонимист заметит сходство семантики и фонетики во многих словах, относящихся к разным языкам индоевропейской семьи или даже за пределами ее. Приведу такой ряд с упоминавшимся термином гора: *слав.* гора, *афг.* гар в том же значении, *алб.* gur, *арм.* кар «камень», *др.-инд.* giris, *авест.* gairu «гора», *хинди* гар «замок, крепость», *тибет.* гархи «крепость», топоним Гардой (Ягноб, Тадж. ССР) «горная земля», *груз.* дога «горка», азерб. **отгар** «гора с хорошими пастбищами» (тюрк. **от** – «трава»). Пока связь всех этих элементов легко объяснима: в тибетском языке можно думать о заимствовании из хинди или санскрита, в азербайджанском и грузинском из окружающих индоевропейских языков, в первую очередь из иранских, которые обогатили лексику кавказских языков» (Э.М. Мурзаев. Местные географические термины и их роль в топонимии. Сб. «Местные географические термины». М., 1970, стр. 23).

Э.М. Мурзаевтың бұл пікірінің бірінші салыстыру бөлімі әбден дұрыс. Бірақ **гар//гора** термині үндіевропа тілдерінен басқа тілдерге ауысты деуі талас туғызады, өйткені **кар//кер//кр** формадағы сөздер «тау, тас, шың» мағынасында семит-хамит, картвель, үндіевропа, урал, дравид және алтай (түркі тілдері осыған кіреді) семья тілдерінде кездеседі (В.М. Илличч-Свитыч. Опыт сравнения ностратических языков. М., стр. 340-341).

Қар//кер, ғар//гер, қара//ғара//гора элементтерін біз **Керей** (IV тарауды қараңыз) этнотопонимі этимологиясын талдағанда толық тоқтағанбыз. Сол себептен біз Талғар оронимінің екінші **ғар** бөлегін осы элементтермен тығыз байланысты деп қараймыз.

Сонда Талғар оронимінің этимологиясы былай: **Тал** (иранша: «тау»)+**гар** (көптеген тілдерде соның ішінде көне түркі тілінде де: «тау»), яғни «тау»+«тау». Мұндай бір мағыналы сөздің қабаттасуы топонимикада жиі кездесетін құбылыс: Дабысынтұзсоль (монғолша давсн – «түз» + қазақша –тұз + орысша «соль», сонда: түз+түз+тұз), Қоянды – **Толай** (қазақша **қоянды** + монғолша туулай «қоян» – қоянды+қоян) т. б.

Сонымен Талғар атауы өте ертеде кептеген тіл бірлігі заманында жасалған. Мұның ғар компоненті ең көнесі, өйткені бұл жоғарыда көрсетілген алты семья тілдерінде кездеседі. Ал тал «тау» мағынасында тәжік (иран тіл семьясына жатады) тілінде ғана кездеседі, сондықтан бұл кейін қосылған болуы керек.

Алғашқы қауым адамдары ат қойғанда «Алатау», «Қаратау» деген атаулар болмаған, бұл типтес атаулар тек тау деп қана аталған. Сол себептен екі семья тілдегі тал (ирадша)+ғар (түркі т. б. тілдерде) – «тау»+«тау» типімен жасалуы әбден орынды және Іле Алатауының ең биік шыңын иран тілдестер де, көне түркілер де өз тілдерінде әр қайсы тау деп атауы да ороним рельефін анық көрсетіп тұр.

Жергілікті қазақтар тілінде «Талғардың тал шоқысы» деген сөз тіркесі бар. Мұндағы **тал** да, иран тіліндегі **тал** да иран тіліндегі **тал** деген сөзден алынған сонда бұл «Талғардың тау шоқысы» (яғни «ең биігі») деген сөз.

ТАҢСЫҚ – Семей облысындағы өзен және темір жол станциясының аты. Станция аты өзен атынан қойылған.

Ел аузында «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» жырындағы Таңсықтың атына қойылған деген аңыз бар. Бұл біздіңше «халықтық» этимология.

Ж. Болатов сөз этимологиясы туралы былай деп жазды:

«Таңсық-монғол, қалмақ тілдерінде өткір, ерке, тәлпіш, асау мағынасындағы сөз» (Ж. Болатов. Тұраты селосында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Сб. «Исследова-

ния по тюркологии». Алма-Ата, 1969, стр. 234). Бұл этимологияны келтіруге автордың мына сөзі себепкер болды:

«Бұл жер-су аттары біздің зерттеу объектіміз болған өңірде кездесумен бірге, Қазақстан т. б. жерлерде де бар. Біздің этимологиялық ізденуіміздің олардың да мағыналық төркінін ашуға белгілі дәрежеде пайдасы тиюі мүмкін» (Сонда, 238 беті).

Монғол және бурят-монғол сөздіктерін қарағанымызда, таңсық сөзінде, оның Ж. Болатов айтқандай «өткір, ерке, тәлпіш, асау» деген мағынасын да кездестіре алмадық. Ал «Монғолша-қазақша сөздікте» (Уланбатор, 1954, 117 беті) «танс (маньч.) – еркелету, мейрімділік» деп берілген. Монғол тіліне маньчжур тілінен енген бұл сөз Таңсық гидронимінің негізі бола алмайды, өйткені, біріншіден, сөз мағынасы өзен атына тән емес, екіншіден, -ық не екенін түсіндіріп беру қиын.

Біздіңше Таңсық гидронимі екі компоненттен жасалған: **таң+сук>таңсық.** Мұның бірінші таң бөлімі – «ғажайып», «ғаламат», «қызық», «таң қалғандай» деген көне түркі сөзі болуы керек. М. Қашқари таң сөзіне осындай түсінік берген (III, 366 беті). Сөздің осы мағынасы басқа да көне түркі нұсқаларында бар (Древнетюркский словарь. Л., 1969, стр. 532). Ал екінші белімі сук>сық көне түркі тілінде «су», «өзен» деген сөз. Сонда Таңсұқ>Таңсық гидронимінің көне мағынасы – «жақсы өзен».

ТАРАТЫ – Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданындағы жер аты. Ж. Болатовтың пікірінше бұл монғолдың **тарис** – «астық, егіс» деген сөзінен алынған (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 186 беті). Біздің ойымызша, бұл атауға монғолдың **тариа** деген сөзі жақын. Монғолша-қазақша сөздікте бұған: 1) егін, астық, егістік, 2) екпе деген түсінік берілген (С. Хабшай, Ә. Міниіс. Монғолша-қазақша

сөздік. Улан-батор, 1954, 177 беті). Тараты атауына монғолдың **тарис** сөзі емес **тариа** сөзі жақын дейтін себебіміз, егер ол **тарис** сөзінен болса, оған **-ты** жұрнағы қосылғанда, «с» дыбысы түсіп қалмас еді. Тегінде бұл сөздің түбірі **тара//тары// тарығ//дара** болса керек-ті.

М. Қашқарида **тарыг** – **1)** дән, дақыл, нан; 2) тары. Венгер тілінде **даро** – жарма, кебекті ұн (М.Г. Қахана. Венгерско-русский словарь. М., 1951). Венгер тіліне ертеде бұл сөз түркі тілдерінен енуі ықтимал.

Ал сөз аяғындағы **-ты** көне түркі-монғол тілдеріне ортақ туынды сын есім жасап, сол нәрсенің барлығын білдіретін жұрнақ, (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

Сонымен Тараты топонимі көне түркі-монғол тілдері ортақ кезінде жасалып, «егінді, тарылы» деген мағынаны білдіретін атау.

ТАРБАҒАТАЙ – Шығыс Қазақстандағы тау, аудан аты. Ғ. Қоңқашпаевтың зерттеуі бойынша бұл монғолдың **тарбаган** (суыр) деген сезінен қойылған. Монғолияда жиі кездесетін атау (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения.. Известия АН КазССР. Серия филология и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 94-бет). «Монғолша-қазақша сәздікте» **тарваға** сөзін қазақша суыр деп аударған. Ал бұл сөзге қосылған **-тай** жұрнағы қазақ тіліндегі **-ты/ті, -ды/ді, -лы/лі** жұрнағына дөп келеді.

Г.И. Рамстедт түркі тілдеріндегі lig (қазақша -лы/лі, -ды/ді, -ты/ті) жұрнағы мен монғол тіліндегі – tu тунгус тіліндегі – či жұрнақтарын қатар қойып, бір-біріне сай келеді деп есептейді. Ол осы жұрнақтың монғол топонимдерінде алатын орны жөнінде былай деп жазды: «В монгольском языке – как продуктивный словообразовательный элемент прилагательных встречается обычно только при именах, в частности в топонимике. В остальных случаях его вытесняет очень рано появив-

шийся распространенный суффикс -tai (<tu+ai)... Окончание ta (<tai<tu+ai) употребляется во всех монгольских диалектах как окончание притяжательных прилагательных, а также в функции падежа» (Г.И. Рамстедт. Введение d алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205).

Г.И. Рамстедттің осы еңбегіне монғол тілдері туралы мәселелеріне ескертпе жазған Г.Д. Санжеев бұл жұрнақ туралы жоғарғы пікірге мынадай түзету жасайды. «В монгольских языках прилагательные на -tu, -tü, -tai и -tei не являются притяжательными, они имеют скорее противоположное значение, например, usutu «имеющий воду» и «водный», но не «принадлежащий воде (Г.И. Рамстедттің жоғарғы еңбегінің 230 бетіндегі 34-ші ескертпені қараңыз).

Жоғарғы айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: 1) түркі тілдеріндегі туынды сын есім жасайтын **-лы//лі** (-ты//ті, **-ды//ді** т. б.) жұрнағы мен монғол тіліндегі tu, tü жұрнақтары түбірлес; 2) монғол тілдерінде де, түркі тілдерінде де бұл жұрнақтар түрлі есімдерге жиі қосылып топонимдер жасайды; 3) монғол тіліндегі -tai жұрнағы tu+ai жұрнақтарының қосылуынан жасалған.

Ендеше **Тарбағатай** атауы монғолдың **тарваға/н/** сөзімен -тай жұрнағының қосылуынан жасалған. Сөз аяғындағы **н** дыбысы әдетте монғол тілінде жұрнақ жалғанғанда түсіп қалады. (Грамматика бурят-монгольского языка. М.-Л., 1938, стр. 97), Қарағанды облысының қазақтары да суырды «тарбаған» дейді. Ал Шығыс Қазақстан облысында тұрушы М. Сахариев «Тарбағатай тау мен жотасында суыр күні бүгінге дейін өте көп» екенін айтқан (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы 1963, 184 беті).

ТАРТУҚ – Жетісудағы көне тарихи қаланың аты; орны белгісіз. Қала туралы дерек XI ғасырда М. Қашкари еңбегінде

бар: «Тартуқ – яғмалардың бір қаласының аты» (М. Қашқари, 1 том, 434 беті).

Тарихи деректерге қарағанда Х ғасырда Қарақани мемлекеті құрылғанға дейін Жетісу өлкесінде қарлы шығыл, арғу, яғма (С. Аманжоловтың пікірінше дула одағына кіретін қазіргі «жайма» руы – «Вопросы диалектологии...». Алма-Ата, 1959, стр. 89) тайпа одақтары үстемдік еткен. Х ғасырдағы ягма тайпасы жөніндегі деректерді келтірейік:

«Третьим большим тюркским племенем, частично захватившим Семиречье, были ягма, жили они на юг от озера ИссыкККуль, по направлению к городу Қашгару, причем большая часть их кочевий находилась в Восточном Туркестане. Автор «Худуд-ал-алема» описывает племена ягма, как наименее культурные из тюркских племен. Среди ягма слабо развито было земледелие, но зато среди них было много звереловов, которые охотились за дичью и добывали пушнину. Главное их богатство заключалось в стадах лошадей и баранов. Ягма были известны как наиболее воинственные среди других тюркских племен» (История Узбекской ССР. Ташкент, 1967, стр. 349).

Кейін Х ғасырдың орта шенінде қарақанид мемлекеті құрылғанда, оның ханы жауынгер ягма тайпасынан қойылған. Оның лақап аты Бограхан (Бурахан) болған (Сонда, 353 бет).

М. Қашқари яғма тілі туралы былай дейді: «Тілдердің жеңілі оғузша, ең дұрысы (турасы), жақсысы – яғма, тухси қабилаларының (тайпаларының) тілі және сол үшін Іле, Эртіш, Ямар, Этил өзендерінен ұйғыр қалаларына дейін жасаушылардың тілі» (МҚ. 1, 66 бет.).

Сонымен жоғарыдағы Тартұқ қаласының аты осы яғма тілінде жасалған. Сөздің түбірі, біздіңше, **тар(ы),** осыған қазіргі түркі тілдеріндегі сын есім тудыратын -лы (варианттарымен) жұрнағының көне варианты **-тұқ** қосылуы арқылы жасалған. Сөз түбірі жөнінде **Тарты** (қараңыз) топонимін талдағанда толық айтылған. Ал осы **Тартұқ, Тарты** бір қала ма, жоқ екі

бөлек қала ма, оны шешу тарихшылар мен археологтардың міндеті болса керек. Біздің айтарымыз **Тартұқ** формасынан **Тарты** жасалуы әбден заңды.

Қорыта келгенде сөз этимологиясы былай: **Тар(ы)** (просо) **+тұқ** (туынды сын есім жасап, осы заттың барлығын білдіретін көне жұрнақ)>**Тартұқ.** Орта ғасырдағы **Алмалық** (Алма+лық) қаласының аты да дәл осы үлгімен жасалған.

ТАРТЫ – Жамбыл облысы, Луговая станциясының Жанында Құрағаты өзенінің бойында орналасқан тарихи қала. Академик Ә.Х. Марғұланның зерттеулеріне қарағанда VI-VIII ғасырларда құрылған қалалардың қатарына Талас, Суяб, Құлан, Қасрабас т. б. жатады. Ертеде Құлан, кейін Тарты аталған қаланың ұзындығы – 600 м. Қаланың археологиялық сипаттамасы Ә.Х. Марғұланның еңбегінде толық келтірілген (А.Х. Маргулан. истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950, стр. 30-33 и др.).

Тарихи деректерде X ғасырдан белгілі Құлан қаласының аты біздіңше жылқы тұқымдас жабайы мал атымен байланысты қойылып, сол маңда құланның көп болғаны білдірсе керек. Көне түркі сөзі «құлан» жабайы жылқы ретінде XI ғ. М. Қашқари еңбегінде де кездеседі (I то 415 бет).

Ал қаланың кейінгі **Тарты** аты біздіңше **тар(ы)+ты** элементтерінен тұрады. **Тары** – түркі халықтарының өте ертеден өсірген дақылы, сондықтан сөзі де көне. Сөздің ең ескі түрі тарығ біріншіден, «дән, дақыл, егін», екіншіден, «тары» (просо) үшіншіден, «егіншілік» деген мағынада қолданылған (ДТС, Л., 1969, стр. 536).

Хаджиб Юсуб Баласағұнидің XI ғасырда жазған еңбегіне қарағанда **тарыкчылар** (земледельцы) елге өте қадірлі адамдар болған: «Земледельцы (тарыкчылар), как видишь составляют еще один род людей, они необходимые люди, это ясно. С ними ты общайся и обходись. Они защита глотки, живи без забот. Пользу их испытывают все живые существа. Все получают

от них для употребления пищу» (История Узбекской ССР. Том I. Ташкент, 1967, стр. 403).

Біздің ойымызша сөздің **тары** (просо) деген мағынасы -ең көнесі. Өйткені тары жазда өте тез піседі, күтім талғамайды, өнімі мол. Сондықтан көшпелі көне түркі тайпаларына тары себу жеңіл де тиімді жұмыс болған. Кейін жалпы егіншілікпен шұғылданатын адамдар тобын «тарықшылар» деп атауы да осыдан. Көне тарықтары//дары сөзі басқа халықтардың тіліне де ауысқан. Мәселен венгер (мадияр) тілінде оны «даро» деп атайды. Бұл сөз «дары» түрінде азербайжан, түрік, түрікмен, тілдерінде кездеседі. Сондықтан ол венгер тіліне осы огус тілдерінен енген болуы керек. Бұл сөз түркі тілдерінің бірінде дерлік кездеседі: татар, башқұрт, қазақ тілдерінде **тары** (просо), тува тілінде тараа (1) хлеб, зерно; 2) по , со, 3) злак), алтай тілінде **тараан** (просо, пшено), өзбек тілінде **тарик** (просо, просяной) т. б.

Оның үстіне сөздің фонетикалық өзгерген түрі және оның ауыспалы мағынасы монғол тілдерінде де бар: монғол тілінде **тариа** 1) егін, егістік, астық; 2) екпе, буря монғол тілінде **тариса** (сев, посев).

Жоғарыдағы фактілерді қорыта келгенде көне **тарык>тары**// дары сөзі **Тарыты** топонимінің жасалуына негіз болған; тары+ты>Тарты («тарылы» деген мағынада). Сөз түбіріндегі **ы** дыбысы түркі тілдеріндегі **рт, лт, нт** дыбыс тізбектерінің заңдылығына сай түсіп қалған.

ТЕКЕС – Теріскей Алатаудан басталып, Қытай территориясына ағып өтетін Алматы облысы Нарынқол ауданындағы тау өзенінің аты.

Гидроним екі элементтен құрылған: теке+с. Теке түркі тілдерінде және қалмақ тілінде (тек) «козел – производитель» дегенді білдіреді (А. М. Щербак. Названия домашних и диких животных. Сб. «Историческое развитие лексики тюрских языков». М., 1961, стр. 118). Атаудың екінші бөлімі **-с** түркі-монғол

тілдеріндегі көптілікті білдіретін көне жұрнақ (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 57). **Бақанас, Келес, Талас** (қараңыз) гидронимдері осы үлгімен жасалған. **Теке+с** (текелер) осы тауда **теке** (таутеке, тауешкі) көп екенін білдіреді.

ТОЛАҒАЙ – Қазақстанда жиі кездесетін атау: Зайсан көлінің оңтүстігіндегі тау, Қалба тауындағы шоқы, Ертістің Оба өзенінің маңындағы сол жағындағы тау, Қарағанды облысындағы тау, Қоржалжын көлінің батыс жағындағы шоқы (Жетім Толағай) аты. Кенек Толағай – Сарысу станциясының маңындағы тау, Ақ Толағай – Жем (Эмба) өзенінің орта ағысы маңындағы тау, Ноқай Толағай – Алматы облысындағы тау аты. Ғ. Қоңкашпаевтың зерттеуі бойынша бұл монғолдың «шоқы», «жеке тұрған биік» деген сөзі (Ғ. Қоңқашпаев, Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959,94-95 беттері). Монғолша-қазақша сөздікте толгой сөзін бас деп аударған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 183 беті). Қазақ тілінде де **толағай** деген сөз бар. Мысалы, Махамбеттің «қу толағай жастанбай» деген сөзі елге әйгілі. Осындағы **толағай** аттың қу басы деп түсіндіріледі. Жорықта жүрген батырдың тоқымының астына Ку толағайды жастанып ұйықтауы да кәміл сендіреді. Қазақ тіліндегі «тау басы» деген тіркес осы толағай сөзімен мәндес. Сондықтан да монғолша-қазақша сөздікте т о л а ғ а й сөзінің б а с деп берілуі – оның бірінші мағынасы. Ал «шоқы, биік, төбе, тау» деген оның монғол тіліндегі екінші мағынасы болса керек. Қазақ тілінде жер аттарында т о л а ғ а й сөзінің екінші мағынасы сақталған.

ТОПАР – Алматы облысы Бақанас ауданында өзен және сол өлкенің аты. Іле өзенінен бөлініп, Балқашқа жетпей, сондағы ұсақ көлдерге құйып, су аяғы құрдымға айналады. Бұл гидронимнің этимологиясы туралы екі түрлі жорамал айтуға болады.

1. М.Қашқари еңбегінде «топрады» деген етістік «құрыды» дегенді білдіретіні айтылған (III, 292 бет). Сөздің түбірі топр екенін аңғару қиын емес. В. В. Радловтың сөздігінде тобыр сөзінің шор, сағай тілдерінде 1) тупой, 2) короткий мағыналары бар екені айтылған (Том III, часть 1, стр. 1232). Түркі тілдерінде **п//б** дыбыстары ауыса беретінін ескерсек, **топр//топар//тобы** сөздері түбірлес болып, «қысқа» дегенді білдіретінін жоғарғы деректерден аңғару қиын емес. М. Қашқари еңбегіндегі «топрады» дегеннің «қысқарды», «құрыды» деген мағыналары да жақын. Ендеше **Топар** «қысқа» дегенді білдіріп, өзеннің осы қасиетіне сай келуі де ықтимал.

2. Түрікмен тілінде «топар» деген сөздің мынадай мағыналары бар: 1) группа; **бир топар адам** группа людей? 2) куча, груда, ворох – **бір топар арза** – ворох заявлений, 3) стая, стадо **гушлар топар болуп учярлар** – птицы летят стаями, 4) шайка, банда; 5) группировка;; 6) слой, прослойка, сословие, род – **илатың дүрли топарлари** – различные слои населения; **ол сизиң топарыңыздан болса герек** он, кажется, из вашего рода; 7) циклѵ **сөз топарлары** – части речи (Туркменско-русский словарь. М., 1968, ст. 639). Мұндағы топар сөзінің түбірі -топ екені анық. Қазақ тіліндегі тобыр (көпшілік), топырлау (көп адамның жиналуы) сөздері де осы сөзбен түбірлес. Ендеше көне топар сөзі сол өзеннің құяр маңындағы көп **(топ//топар)** көлдерге байланысты айтылып, осы өлкенің де, өзеннің де атына айналуы ықтимал. Мұнда атау **топ+ар** жолымен жасалған. Қазақ тіліндегі **тобыр** (топ+ыр) сөзі де осы жолмен қалыптасқан. Бұл факт сирек те болса **-ар//ыр** жұрнағы зат есімнен зат есім тудыратын өлі жұрнақ ретінде кездесетінін байқатады. Мәселен, құнар (құн+ар), **сонар** (соны+ар) сөздері осы жолмен жасалуы ықтимал.

Бұл жорамалға «тапар» сөзінің чуваш тіліндегі мағынасы да жақын: «Тапар» место отдыха и водопоя скота в полуденное время; ср. тур. **табур** «лагерь, окруженный повозками», казах.

топыр, тобыр «сутолока»; «орава», топырла «толпиться», «ходить толпой, скопищем», следовательно, со словом **тапар** соединяется значение стоянки большого количества людей и скота, значение топота ног, шума и пр.» (В.Г. Егоров. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964, стр. 230).

Түрікменстандағы қазақтар және қарақалпақ тілінде де **топар** – «топ» деген сөз:

«Топар. – топ. Бір топар адам кетіп барады...» (Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 335 беті).

ТОРҒАЙ – Қостанай облысының Аманкелді, Торғай, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданын басып өтетін өзен аты. Қостанай облысындағы аудан, аудан орталығының аты. Торғай өзенінің Қарынсалды, Тасты, Ащытасты, Қаратоғай, Үлкен-Қайындыторғай, Сарыторғай деген салалары бар.

Торғай гидронимінің этимологиясы туралы С. Нұрқанов арнайы мақала жазды. Біз әуелі осы автордың пікірін келтіріп, кейін кейбір пікірлерімізді де айтпақпыз.

С. Нұрқановтың айтуы бойынша, «Монғолия мен Алтай және Орта Азия мен Қазақстанды жайлаған түрік-монғол тілдес халықтар заманымыздың V ғасырынан бастап, қазіргі оңтүстік орыс даласы тіпті оңтүстік шығыс Европа аталатын жерлерге бірінің артынан бірі үздік-создық өтіп отырған. Бұлар: хун, ауар, бұлғар, хазар, мадиар, беженек, торық, уз, қыпшақ, монғол т. б. тайпалар және тайпа одақтары еді (С. Нұрқанов. Этнолингвистикалық этюд. «Қазақстан мектебі» журналы, № 1, 1967, 75 беті). С. Нұрқанов орыс жылнамаларында кездесетін торықтарды осы торықтармен қатар қояды. Оның пікірінше, торғай сөзі «торық» және «ай» деген тайпалардың атынан жасалған. Ай тайпасының аты Ай, Айқыз, Аягөз, Айрық, Айтағы деген гидронимдердің құрамында кездеседі. Адай, Қызай, Керей, Өтей деген этнонимдердің

құрамындағы -ай, -ей бөліктері де осы «Ай» тайпасының атына қатысты болса керек.

Ал, торық деген этнонимнің этимологиясы С. Нұрқановтың пікірінше былай: тор -уруғ>то/ру/руғ>торуғ>торығ> торы. Ал түсті білдіретін торы (гнедой) сөзі торығ деген сын есімнен қысқарып салған.

Қортындыда С. Нұрқанов былай дейді: «Біздің торық сөзін сын есім **торы(ғ)** сөзіне қатыссыз, ол **торуруғ** сөзінен ықшамдалды деуімізге екі түрлі дәлеліміз бар. Біріншіден, осылай **торуруғ** тіркесі сияқты үлгіде **ат** түрік халықтарында ежелден бар бәстүр: **тор (ұ) руы, тор ұрпағы** (атасы, нәсілі, асылы, сүйегі, тор тегі, әуле жұрты, елі). Екіншіден, ежелгі **торық** этнонимі өзімі белгілі түрік этнонимінің фонетикалық варианты әуе **төр** (түр) жіңішке түбірге **уруғ** жуан сезі қосылу арқылы **тор** уруғ (торуғ) болып езгерсе керек. Мұнда, яғни тор (тер, түр) түбірінде ешқандай сындық қасиет жоқ» (сонда, 76 бет).

Енді өз пікірімізге келейік.**Торғай** гидронимі С. Нұрқанов айтқандай **торығ** және ай (этноним) сөздерін қосылуынан жасалуы да мүмкін. Бірақ, **торық** этнонимі төр+уруғ сөздерінен қысқарып жасалды, ал мұның **өтүрік** сөзінің фонетикалық варианты деген пікірі талас туғызады. Алдымен түрік сөзі мен торық сөздерін екі түбірден екендігін бұлардың жіңішке және жуан дыбыстардан жасалуы-ақ дәлелдеп тұр. Екіншіден, **төр** деген жіңішке буынға **ұруғ** сөзі қосылғанда, оның яғни **төр** сөзінің жуандап кетуін де тілдік жағынан дәлелдеу қиын шаруа.

Сондықтан **торық//торығ** сөзінің мағынасы, біздің сол түсті білдіретін мәннен аулақ болмаса керек. Торы қыпшақ, Ұзын қыпшақ, Қарабалық қыпшақ, Келден қыпшақ және Бұлтың қыпшақ деген тіркестердегі **торы ұзын, көлденең, бұлтын** сөздері анықтауыш қызметін **а** қарып, сын есімдік қасиетті меңзейді. Ендеше **торық шақ** (көне формасы **торығ қыпшақ**) дегендегі **торы** с түсті білдіретін, сын есімге жататын сөз бо-

луы керек. Ал көне торығ сөзінің торы формасына айналуын дәлелдеп деп жатпасақ та түсінікті.

Сонда **Торғай** гидронимі екі компоненттен, яғни атынан жасалған. Бірақ оның торығ деген бөлімі түске байланысты бір сөз деп қараймыз. Ал бұл осы торығтар орыс жылнамаларындағы «торки» этнонимі ме, жоқ па деген мәселе әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

ТОШАНТЫ – Шығыс Қазақстанмен көршілес Таулы – Алтайдағы өзен аты. Сол жерде экспедицияда болған Ж. Болатовтың зерттеулеріне қарағанда бұл монғолдың тошин (г) (мұзды, суық) деген сөзінен жасалған. Алтай тілінде де **тош** -мұз, тошты -мұзды деген мағынаны білдіреді (Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен...», жинақ, 5 шығуы, Алматы, 1962, 69-бет). Атау аяғындағы **-ты** түркі-монғол тілдеріндегі туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 205). Қазақ тілінде Тошинты атауының Тошанты түріне ауысуы бірінші буындағы **о** дыбысының **и** дыбысына екпін арқылы әсер етуінен, яғни ілгерінді ықпал нәтижесінде **а** дыбысына айналған болуы керек. Ал **-ты** формасының сақталуы нт дыбыстарының ертеде тұрақты тізбек болғандығынан деп түсіну керек.

ТҮГІСКЕН – Шығыс Қазақстан облысындағы Ұлан, Жыланды және Байсерке өзендерінің Ертіске құятын жері осылай аталады. Бұл атау жөнінде проф. С.А. Аманжолов былай деп жазды: «Наконец, историка и диалектолога не могут не интересовать такие факты в нашем языке, как чередование звуков в некоторых словах, диалектизмах, а также в географических названиях. Для примера беру слово Түгіскен (название местности в Уланском районе Восточно-Казахстанской области). Оно означает: смычка, столкновение, встретившийся. Его современный вариант – Түйіскен. В самом деле слово Түгіскен обозначает место смычки, встречи или слияния трех точек: Уланки,

Жыланды и Байсерке: В словах Түгіскен//Түйіскен мы видим историческое чередование звуков г//й. Когда это происходило, на базе какого диалекта? Разрешение этих вопросов проливает свет на проблему образования единого казахского языка» (С.А. Аманжолов. Вопросы истории и диалектологии казахского языка. 1959, стр. 87). Проф. С.А. Аманжоловтың бұл топонимнің этимологиясы туралы жасаған талдауы дұрыс. Бірақ г//й дыбыстарының тарихи алмасуы ол кісі айтқандай белгілі бір диалектінің негізінде болып қойған жоқ, бұл даму жалпы қазақ тіліне тән сияқты. Мәселен, мүгіз>мүйіз, кигіз>киіз, еге>ие т. б. өзгерістер жалпы Қазақ тілінің дамуына тән. Ал оның көне **кигіз** түрі Көкшетау облысы говорында, еге – Оңтүстік Қазақстан говорларында сақталған.

Сонымен бұл атау Түгіскен – түрінде өзінің ескі көрінісін топонимде қалдырған.

ҰЛАНДЫРЫҚ – Шығыс Қазақстанмен көршілес Таулы – Алтайдағы өзен аты. Ж Болатовтың пікірінше, бұл – монғолдың улан (қызыл), тарайх (қатаю, тастай болу) сөздерінен жасалған. Осы жерде экспедицияда; болған Ж. Болатовқа жергілікті халықтар бұл монғолдың «қызыл тас» деген сөздері деп түсіндірген (Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 4 шығуы, Алматы, 1962, 69 беті). Атаудың бірінші компоненті (ұлан-қызыл) жөніндегі автордың пікірі дұрыс болғанымен, екінші бөлегі жөнінде айтқаны талас туғызады. Өйткені «қызыл тастай болу» деген тіркеспен атау жасалмайды. Біздіңше атаудың екінші сыңары-бурят-монғолдың «тураг» (изюбр – бұғының еркегі) деген сөзі (Бурят-монгольско-русск. словарь. М., 1951, 449 беті). Улантураг >Уландырық формасына көшуі улан сөзінің аяғындағы үнді «н» дыбысы өзінен кейін ұяң д дыбысының келуіне ықпал жасап тұр. Сөйтіп, монғол тіліндегі қатаң т дыбысы қазақ тілінде ілгерінді ықпал нәтижесінде д

дыбысына айналуы заңды. Ал сөз аяғындағы **а** дыбысы алдағы буындағы **ы** дыбысы әсерінен ы дыбысына айналған. Сонда бұл атау «қызыл бұғы» деген мағынаны білдіреді.

ҰЛАСТЫ – Тарбағатай тауынан басталатын өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **ульяс** (терек) деген сөзінен қойылған. Шынында осы өзен бойында терек кездеседі. Батыс Монғолиядағы Улиастай деген қала да осы сөзден қойылған (Г. Қонкашпаев. Географические названия монгольского происхождения.Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 96 беті). Монғолша-қазақша; сөздікте **улиас** сөзі тораңғы, терек деп аударылған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 96 беті). Бұл жердегі қазақтар монғолдың; көп сөзін түсінеді, сондықтан улиас – терек, тораңғы деген сөз екенін түсініп, оған осы ағаштың өзен бойында бар екенін білдіретін -ты жұрнағын қосқан. Ал монғол тіліндегі бұл жұрнақтың варианты -тай, сондықтан Монголиядағы қала аты Улиастай (теректі) болған. Ұласты үшке бөлінеді: Үлкен Ұласты, Орта Ұласты, Шет Ұласты. Үлкен, Орта, Шет деген сөздер өзеннің салаларын көрсетіп тұр. Шет Ұласты деген село да бар. Сөйтіп, сөз этимологиясы былай: **Ульяс>Ұлас** (терек-монғолша) **+ты** (туынды сын есім жасайтын, осы заттың барлығын білдіретін түркі тілінің жұрнағы) = Ұласты.

ҮРЖАР – Семей облысының Үржар ауданындағы Алакөлге құятын өзен аты. Аудан және аудан орталығының да аты осылай аталады. Түркі тілдерінде ур//ор// ура//ора сөздері «ров, яма, яма для хранения зерна» деген мағынаны білдіреді (В.Г. Егоров. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964 г., стр. 275). Қазақ тіліндегі **ұра, ор** сөздері де түбірлес. Ендеше, Үржар атауы екі компаненттен жасалған. **Ор> ұр +жар;** Мұндағы **ор>ұр** сөзі «терең», ал **жар** – «өзен» дегенді білдіреді. Сонымен бұл атау «терең өзен» деген мағынадан жасалған.

ҮЙДЕНЕ – Шығыс Қазақстандағы Сауыр жотасын жарып өтіп, Зайсан қазаншұңқырына құятын өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың зерттеуіне қарағанда, бұл монғолдың **уйдн** (есік) деген сөзінен қойылған. Сауыр мен Маңырақ тауларын жарып ететін бұл терең шатқал есік сияқты болып көрінгендіктен осылай атанған (Г. Қонқашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959,95беті). Осы мандағы бір шатқал Есік деп аталатын көрінеді. Сондықтан бұның өзі де Ғ. Қоңқашпаев пікірінің дұрыстығын дәлелдей түседі. Ал **үйдн** сөзінің аяғына **е** дыбысының қосылуы, біздіңше қазақ тілінде сөз соңында дн дауыссыз дыбыстарының қатар келмеуінен. Сөйтіп **үйдн** сөзі **үйдне** түріне өзгерген де, осы өзгерістің өзі дн дыбыстарының арасына жартылай естілетін **е** дыбысын тудырған. Сонда бұл сөз мынадай өзгеріске түскен: **үйдн>үйд(і) не>үйдене.**

ҮКЕК – Қазақстанның шығыс шекарасынан Алтайға қарай жатқан үстірт. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғол сөзі (**үкек**-ұзын сандық). Бұл атау үстірттің беті жазық болып, сандыққа ұқсастығын дәл көрсетіп тұр (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 95 беті). Бұл атау туралы Э.М. Мурзаев та осы пікірде (Э. и В. Мурзаевы. Словарь географических названий. М., 1959, стр. 234-235). Ол монғолдың **ухег** (букв. короб, ящик) деген сөзінен жасалған «жалпақ тау, тау арқасы, үстірт» деген мағыналарды білдіретін атаулар Алтайда, Қырғызстанда (Алатоода), Жоңғар Алатауында кездесетінін де көрсетеді (сонда).

Үкек жазығын революциядан бұрын зерттеген географ В.В. Сапожников жазған болатынды (В.В. Сапожников. Қатунь и ее истоки. Томск, 1901, стр. 26-28). Ғ. Қоңқашпаев пен Э.М. Мурзаев пікірін Ж. Болатов та қолдайды (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер

туралы, «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 182 беті). Сонымен, **үкек** монғол тілінен кірген сөз. Тауды сандыққа ұқсатудан қойылған. Көкшетау облысындағы Сандықтау оронимінің аты да тауды сандыққа ұқсатудан қойылған.

ҮРІЛ – Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданындағы жер және елді пункт аты. Осы жерде экспедицияда болған Ж. Болатов бұл атаудың этимологиясы туралы былай деп жазды: «Бұл біздің ойымызша, монғолдың қос ерін мағынасындағы уруул сөзінен алынған болуы керек. Өйткені Үріл де қос еріннің арасы сияқты таумен қоршалған ұзыннан келген ойпат» (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы... қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы, «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 181-182 беті). Бұл жер революцияға дейін Үрілі деп аталғаны М. Әуезовтың «Абай» романында келтірілген. Ендеше бұл «ерінді» деген мағынадағы монғол сөзі болуы керек. «Монғолша-қазақша сөздікте» **уруул** сөзіне **ерін** (ауыздың) деген түсінік берілген (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954, 219 беті). Арқа, бас, иық, төс, мұрын сияқты дене мүшелерінің жер-су аттарының құрамында жиі кездесетінін ескерсек, монғолдың уруул (ерін) сөзінен бұл атаудың жасалуы әбден орынды.

ФАРАБ – Шымкент облысы, Қызылқұм ауданында орналасқан тарихи қаланың аты. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, атақты ғалым Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби осы қалада туған. Атақты жерлесіміздің туған өлкесі Отырар алқабы деп аталған. Бұл жөніндегі соңғы деректер мынадай:

«300 шаршы км. жерді қамтып жатқан осы алқапта 50-ден астам ескі қалалардың, елді мекендердің орындары бар. Бұл өңір магистралдық каналдар мен арықтардың ізіне лық толы. Осы қалалардың ішінде ең ірісі – Отырар (арабтар оны Фараб

деп атаған) – Оңтүстік Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азияның мәдени, ғылыми және саяси ірі орталықтарының бірі болған» (А. Көбесов, Әл-Фараби, Алматы, 1971, 34 беті).

Атақты жерлесіміз әл-Фарабидің өмірін және ғылыми мұрасын зерттеп, кітап жазған Ауданбек Көбесовтің жоғарыда аталған еңбегінде тағы да мынадай деректер бар:

«Туған жері (әл-Фарабидің – А. Ә.) қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Бараба – Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбунасыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атайды. Бізге жеткен кейбір деректерге қарағанда, оның әкесі сол тұста көшпеліліктен отырықшылыққа ауысқан түркі тайпаларының бірінен шыққан әскер басы екен. Бір нұсқада Фарабидің руы қаңлы-қыпшақ деп көрсетілген» (Сонда, 38 беті).

Археологиялық зерттеулерге қарағанда Отырар типіндегі қалалар осы өлкеде III-IV ғасырларда салынған. Сондықтан бұл қаланың түркіше аты Отырар осы өлкеге иран халықтарына жататын соғдилар келгенге дейін болған деп жорамалдауға болады. Отырар алқабына VI ғасырда соғдилардың келуіне байланысты қаланың аты **Пурап** болып өзгеріп, ал кейін VIII-IX ғасырларда араб жаугершілігіне байланысты және араб тілінің. заңдылығына сай **Фараб** болып өзгеріске түскен.

Осы қаланың этимологиясы жөнінде арнайы мақала жазған Е. Бекмұхаметовтың мынадай пікірі ерекше көңіл аударарлық:

«Фарабты түрік әулеті қыпшақтар салған. Бұл қаланың түрікше қойылған аты сауда-саттықпен қатынасып жүрген фарсы (иран) елінің феодалдарына ұнамауы мүмкін. Сондықтан олар, шаһар орналасқан Сырдарияның екі жақ кемері тұщы суға толы, берекелі екендігін білгендіктен болар, қалаға «Пұраб» деп жаңа ат қойған көрінеді....

«Пұраб» деген сөздің төркініне көз жіберсек, оның екі сөзден біріккен күрделі атау екенін білеміз. Алғашқы бөлімі пур – фарсыша толы, мол, кеп, бай деген ұғымды білдіреді, екінші бөлімі

аб – фарсыша су деген сез. Қосып айтқанда «Пұраб» – мол сулы деген сөз болады... Сөйтіп, қыпшақ елінің көрнекті қаласы уақытша болса да Пұраб атанып қалды. VII-VIII ғасырларда араб халифаты Орта Азияны жаулап алып, жергілікті халықты ислам дініне бағындырғаны тарихтан мәлім. Бағынышты елдерге арабтар өздерінің низамдарын, әдет-ғұрпын, дін оқуын, жазуын, тілін күштеп енгізді. Бертін келе бұл жағдай Сырдария бойынша қоныстанған қазақ еліне де жайыла бастады. Көп заттарға арабтар өздерінше ат қойды.

Пұраб аталып келген шаһарды арабтар өз тіліне бейімдеп, фонетика заңдылығына үйлестірді. Араб әліппесінде «п» әрпі жоқ. Сондықтан арабтың жазуында да, ауызекі сөзінде де «п» орнына «ф» немесе «б» пайдаланылады». (Е. Бекмұхаметов. Пұраб-Фабар-Отрар. «Қазақ әдебиеті» газеті, № 24, 2 июнь, 1971 ж.). Соңғы фонетикалық заңдылықты дәлелдеу үшін автор басқа да көп мысалдар келтіреді. Біздің ойымызша да Е. Бекмұхаметовтың Фараб қаласы атының этимологиясы туралы айтқан пікірі дұрыс. Оған мынадай қосымша дәлелдер айтуға болады.

Иран тілдеріне жататын парсы және тәжік тілдерінің сөздіктеріне қарасақ, жоғарыдағы пікір дәлелдене түседі: парсыша: пор – «полный, наполненный» (Персидско-русский словарь. М., 1953, стр. 90) «Пур. 1. полный наполненный; 2. много; **пур гуфтан** много говорить; 3. употребляется в первой части сложных слов, придавая словам значение обладания чем-л. в полной мере или значение усиления какого-л. качества, напр. пуразамат – полный величия; пурдон – очень знающий, пуртаджриба – очень опытный (Таджикско-русский словарь.М., 1954, стр. 313).

Ал енді атаудың өзіне тікелей қатысты мына сөзді қараңыз: «Пуроб – полноводный, многоводный; дарье – хои пуроб многоводные реки». «Пуроби – половодье; обилие воды» (Там же, стр. 314).

Сонымен келтірілген фактілер Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасы аралығына орналасқан Отырар қаласының рельефтік жағдайын иран сөзі **Пуроб//Пороб** («мол сулы») дәл береді.

Атау құрамындағы «о» дыбысының түркі тілдерінде «а» дыбысына ауысатыны кеңінен белгілі болғандықтан, тоқталып жатпаймыз.

Е. Бекмұхаметовтың мақаласындағы **Пуроб//Пороб//Фараб** атауы жөніндегі пікірі дұрыс болғанымен, қаланың ескі аты Отырар 1404 жылы осы қалада Ақсақ Темірдің өлуіне байланысты қойылды деуіне қосыла алмаймыз. Өйткені бұл қала Ақсақ Темір өлгенге дейін де Отырар, Тұрар, Тұрарбанд, Тұрар-Зерах деген варианттарда аталғаны белгілі (В.В. Бартольд. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т. II, стр. 179). **Отырар** (қараңыз) қаласы атының этимологиясы жоғарыда, осы сөздікте айтылғандықтан тоқталып жатпаймыз.

Оның үстіне XIV ғасырдың басында сауда жұмысымен флоренциялық Франческо Бальдуччи Пеголотти Сарайшық, Үргеніш, Отырар, Алмалық (Құлжаның оңтүстік-батысында) арқылы Ханбалыққа (Пекинге) баратын керуен жолын көрсеткен (В. В. Бартольд. История изучения Востока в Европа и России. Л., 1925, стр. 75). Ендеше Отырар қаласының аты Е. Бекмұхаметов айтқан мерзімнен 100 жыл бұрын жазба нұсқадан орын алған. Оның үстіне 1300-1310 жылдары жазылған Рашид-ад-диннің «Джами ат-таварих» деген еңбегінде Отырар қаласының аты 17 рет кездеседі. Сондықтан Отырар қаласының аты Ақсақ Темір бұл қалаға келгенге дейін болған. Мұның өзі Е. Бекмұхаметовтың пікірін теріске шығарады.

ХАМҰР – Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің саласы. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша хамр деп монғол тілінде «мүйіс, шығанақ» терминін айтады. Бұлай аталуына өзеннің тауды орала ағуынан пайда болған мүйіс себепші болуы ықтимал (Г. Конкашпаев. Географические назва-

ния монгольского происхождения. Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 96 беті). Зерттеуші Ж. Болатов та осы пікірде («Ж. Болатов, Шығыс Қазақстан облысы қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы.«Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері», жинақ, 5 шығуы, 1963, 187 беті). Монғолша-қазақша сөздікте хамар сөзінің төрт мағынасын берілген: біріншісі – мұрын, төртінші – шығанақ (суға кіріп тұрған аласа жүлге жер) (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 259). Міне осындағы **мұрын** негізгі мағынасы болса, **шығанақ** дегені ауыспалы мағына. Ал сөз аяғында монғол тілінде **а** болып, қазақ тілінде қысаңдануы жиі кездесетін құбылыс: Ураг-урық, домбор-домбыра, цохио-шоқы, цацар-шатыр т. б.

ЧАРЫН – Алматы облысындағы Ілеге құятын өзен аты. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл гидроним XIV ғасырдан белгілі. Жергілікті тұрғындар бұл сөздің мағынасын түсінбейді. Алоныңескімағынасы Шынжаң-Ұйғыр автономия облысындағы ұйғырлардың тілінде сақталған: чарын-ясень (қазақша шетен) деген сөз. Сол жерде болған ғалым Г. Грум-Гржимайлоның сөзіне қарағанда шарбақ жасау үшін шетен ағашын отырғызатын көрінеді. Оның үстіне осы Чарын өзенінің бойында әлі де шетен ағашының шоқтары өседі. Сондықтан өзенің аты осы ағаштың атына қойылған (Г. Конкашпаев. Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане. Сб.: «Вопросы географии Казахстана». Вып 9, Алма-Ата, 1962, 240 беті). Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі толықтыра түсуді қажет етеді. **Чарун** сөзін М. Қашқари яғма тілінде «чинар дарақты» деп түсіндірген (М. Қашқари, I, Ташкент, 322). Ендеше бұл ағаш аты көне түркі тілдерінде болған. Ал шаран сөзі башқұрт тілінде балық ұстау үшін өзенге құрылып қойылатын шетен екенін айтуымыз керек (Башкирско-русский словарь. М., 1958, 655 беті). Бурят-монғол тілінде шорон сөзі сырғауылдан қатар-қатар қағылған қазық.

Сөйтіп, бұл тілдерде чарын деген ағаштан жасалған құрал аты ғана сақталған болуы керек.

ШАБАРТЫ – Шығыс Қазақстандағы Зайсан көлінің терістігіндегі жер аты. Академик В. В. Бартольд Жетісуда Шабарты деген жер бар екенін, ол монғол тілінен шығатынын айтқан. Ал Ғ. Қоңқашпаев бұл монғолдың «балшықты, сазды» деген сөзі деп конкретті көрсетті (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 97 беті). Монғолша-қазақша сөздікте де **шавар** – балшық, **шавартах** – балшықтау, батпақтау деп аударылған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатор, 1954, 353 беті). Монғолдың **-ту//тай** жұрнағы қазақша **-ты** жұрнағына айналған, мағынасы да бірдей.

Шабар//шавар//сабар//шибер//сибирь сөзінің таралу аймағы өте кең екендігі және мұның өзі монғол тіліндегі «батпақ» сөзінен алынуы мүмкін екендігі өзбек топонимигі С. Қараевтың сөздігінде айтылған (С. Караев. Топонимик луғат. Ташкент, 1970, 105-109 беттері). Бірақ бұл пікір әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

ШАҒАН – Қазақстанда жиі кездесетін атау: Семейдің төменгі сол жағында Ертіске құятын өзен, Жайық өзенінің оң құйылысындағы өзен, Мұғажар тауының оңтүстігінен ағатын өзен аты. Сары Шаған – Іле өзенінің оң құйылысындағы өзен, Шағанбұғы – Жоңғар Алатауындағы тау аты, Шаганоба-Шығыс Қазақстандағы өзен, Шағанши – Оңтүстік Алтайдағы жер аты т. б. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша Шаған монғолдың цаган (ақ) деген сөзінен бұрмаланған атау (Г. Конкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 96 беті). Монғолша-қазақша сөздікте **цагаан** сөзі **ақ** деп аударылған (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-казақша сөздік. Уланбатор, 1954, 321 беті).

Монғол тіліндегі **ц** дыбысының қазақ тілінде **ш** дыбысына ауысуы заңды құбылыс: цай-шәй, цацаг-шашақ, цулбуур-шылбыр т. б. Ал қазақ тілінде Шаған атауы айтылғанда, оның монғол тіліндегі мағынасы мүлде ұмытылып, тек жер атауы есебінде ғана түсініледі.

Мұнда мағыналық информация жоқ. Сол себептен де Сары Шаған атауы орын алған. Сонымен Шаған сөзі монғол тілінен кірме атау.

ШАҒАНДАБА – Шығыс Қазақстан облысындағы кезең, асу аты. Бұл монғолдың **цаган**/ак/+**даваа** /кезең/ деген сөздерінен жасалған (С. Хабшай, Ә..Міниc. Монғолша-казақша сөздік. Улан-батор, 1954, 71, 321 беттері). Мұндағы **дава**(н) сөзімен түркі тілдеріндегі **төбе** сөзі түбірлес (**Көкдаба** атауын қараңыз).

ШАЙҚҰЙРЫҚ (айтылуы Чайқұрұқ) – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауыл советіне қарасты қыстақ. Атау екі компоненттен тұрады. Бірінші компоненті чай түрінде «өзен», «өзенше» мағынасында огуз тобына жататын азербайжан, түрік, түрікмен тілдерінде кездеседі. Қазақ тіліндегі сай сөзі де осының дыбыстық варианты. Ал екінші құрұқ сөзі түркі-монғол тілдерінде құр деген түбірден тарап, әр түрлі вариантта кездеседі: көне түркі тілдерінде **құрұғ//құрұ** (Малов. ПДП. М.-Л.. 1951, стр. 415; ДТС, Л., 1969, стр. 469; М. Қашқари, I, стр. 198), түрік тілінде құру, азербайжан тілінде гуру, түркмен тілінде гуры, қырғыз тілінде құру. Қазақ тілінде құрғақ, алтай тілінде кургак, тува тілінде кургаг. Соңғы құрғақ сөзінің түбірі күр/ұ/ғ екенін дәлелдеп жатпасақ та түсінікті. Ал сөздің көне құрұқ формасы өзбек, ұйғыр тідерінде сақталған. Тува тілінде сөз хуруг формасы да қолданылады. Бурят-монғол тілдеріндегі хуурай (сухой) қалмақ тіліндегі хүүрә сөзі де осы мағынада.

Сонымен топонимнің бірінші компоненті шай//чай огуз тілдеріндегі «өзен» «өзенше» дегенді, білдіріп, құрұқ//құрық сөзі құрғақ мағынасын беретін көне форма.

Бұл атау қазіргі топонимдерде Құрұқчай (Құрғақсай) болмай, неге Чайқұрұқ түрінде жасалған деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауапты проф. Қ. Жұбановтың еңбектерінен табуға болады. «Қазақ сөйлеміндегі сөз тәртібінің тарихынан» деген еңбегінде автор былай дейді:

«Общеизвестно, что в казахском предложении существует довольно строгий порядок расположения слов. Незыблимый закон размещения членов предложения, общий для всех тюркских языков может быть сформулрован в следующем виде: определение предшествует определяемому, дополнение – дополняемому, и все предложения – сказуемому.

Однако этот порядок расположения слов, очевидно не был изначальным. Ибо в самом современном казахском языке налицо значительные перебои, что заставляет задумываться над причинами подобного нарушения норм существующего синтаксиса языка и видеть в них образцы норм, некогда господствовавших, но затем вытесненных новыми» (Х. Жубанов. Исследования по казахском языку. Алма-Ата, 1966, стр. 33).

Бұдан кейін проф. Қ. Жұбанов **күн ұзаққа** деген тіркесті (қазіргі тіл заңы бойынша **ұзақ күнге** болуы керек еді – дейді автор) талдай келіп, ертеде анықтауыш сөз анықтайтын сөздің алдында емес, соңында тұрған деген қорытындыға келеді (Сонда, 36 беті).

Осы пікірін дәлелдеу үшін автор ономастикалық ата уларға біраз шолу жасайды. Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық сияқты атаулар қазіргі тілдің заңы бойынша Сұлукүн, Сұлу-ай, Сұлу-таң, Жарық-күн, Жарық-ай, Жарық-таң болуы керек еді, бірақ бірінші қатардағыдай сұлу, жарық анықтауыштарының анықтайтын сөздің соңынан келуі – ертедегі сөйлем ішіндегі сөз тәртібін көрсетеді деп түйеді автор (сонда, 37-38-беттер).

Қ. Жұбановтың осы айтқандарынан жоғарыдағы атаудың Құрук-**чай** (құрғақсай) болмай, **Чайқұрұқ** (Сай-құрғақ) түрінде,

яғни көне формасында сөз тәртібі жағынан да сақталғанын қорытындылауға болады.

Бұл атаудың мысалынан Чайқұрұқ топонимінің морфологиялық та, синтаксистік те көне форманы сақтап қалғанын аңғаруға болады. «Су аяғы – құрдым» дегендегі «құрдым» сөзінің де түбірі – «құр». Оның үстіне осы жерде кішкене сай болғанын, оның суы құрып кеткенін экспедиция материалдары да дәлелдеп отыр. Сонымен **Чай** (огуз формасы)+**құрұқ** (көне түркі формасы)>**Шайқұрық** этимологиясын лингвистикалық та, географиялық та, тарихи да (бір кезде бұл жерде огуз тайпалары болғанын ескерсек) деректер дәлелдеп беріп отыр.

ШАЛДУАР – Жамбыл облысы Мерке ауданындағы жер, станция аты. Бұл сөздің мағынасы өзбек және қырғыз тілдерінде сақталған. Өзбекше: «чалдивор. разг. заброшенный, запущенный двор, развалины» (Узб.-русский словарь. М., 1959, стр. 513). Қырғызша: «чалдыбар зат. қандай да бір бүтін нәрсенің қирап, бүлінгендегісі, қирап бүлінген қалдығы. Чалдыбары чыгуу – бұзылу, тамтығы шығу, керектен шығу. Бұл үй чалдыбары шыққан ескі үй екен (Бөкенбаев). (Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігі. Фрунзе, 1969, 678 беті)».

Академик К.К. Юдахин бұл сөзді былай түсіндіреді:

«**Чалдыбар** ир. 1. старые развалины, руины (остатки древних поселений), **каланын чалдыбары** развалины города; **үйдүн чалдыбары** развалины строения» (К.К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1965, стр. 839).

Соңғы берілген түсінікте **ир** (иран) деген белгі тегін қойылмаған, өйткені сөз этимологиясын иран тобына жататын тәжік тілінен табуға болады.

Біздіңше **чалдыбар//шалдуар** атауы тәжікше **чала+девор** деген сөздерінен жасалған: «**Чала** разг. 1. недоделанный, незаконченный, незавершенный; сделанный наполовину; неполный... 2. наполовину; не до конца» (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 436). «**Девор** – стена; забор, ограда; **девори лоин**

глинобитная стена; **девори сангин**, камеыная стена...» Там же, стр. 126).

Сөздің бірінші бөлімі шала түрінде қазақ тілі де бар. Сөз соңында **а** дыбысының түсіп қалуын тә тіліндегі чолоб (сонда, 445 беті) сөзінен де байқау болады: чол/а/+об /су/- **чолоб** яғни «шала су» деген мағына білдіреді. Қазақтағы шалап айранға су қосып жасалатыныны белгілі. Ал атаудың екінші компоненті девор орыс тіліндегі двор сөзімен түбірлес. Сөйте жоғарыдағы топонимнің этимологиясын былай көрсетуге болады: **чала+девор>чал/а/девор>чалдевор>чалдывар> чалдыбар>Шалдуар**.

Сөйтіп бұл атау «ескі қаланың орны» деген мағынаны білдіреді.

ШАР – Семей облысындағы өзен аты, басы Қал тауынан шығып, Ертіске құяды. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірі бойынша бұл монғолдың **сары** не болмаса **өгіз** деген сөзінен қойылған. XVIII ғасырда Шар өзені Гурбан-Шар аталған. Осындағы гурбан-монғолша үш деген сөз. Сонда өзен аты үш сары дегенмен байланысты ма, болмаса үш өгіз дегенге сай ма? Үш сары деген өзеннің үш саласына байланысты болуы да мүмкін, болмаса үш өгіз деген өгізге байланысты оқиғаға да қойылу ықтимал (Г. Қонкашпаев. Географические названия монгольского происхождения... Известия АН ҚазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. I (11), 1959, 96 97 беттері). Мұнда Ғ. Қоңқашпаев өз пікірін дәл басы ашық айтпаған.

Біздің ойымызша, осы **Шар** «сары» мағынасына қойылған болуы керек. Бұл ертедегі түркі-монғол тіл бірлестігі кезеңінен қалған сөз болуы ықтимал. С мен дыбыстарының алмасуы-монғол мен түркі тілдерінің арасында да, түркі тілдерінің арасында да, түркі тілдерінің өз ішінде де жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, монғол мен қазақ тіліндегі мынадай сөздерде ш/с алмасуы бар Шавар – сабыр (батпақ) шалтах – сылтау, шийр –сирақ, ширдэг – сырдақ, сырмақ, шонхор – сұңқар шор – сор,

шел –сел, шулых – сылу, шунгах – сұңгу т. б. Сондықтан шар сөзінде монғол тілінің түрі сақталуы ықтимал да, ал атаудың қойылуы өте ертеден болуы керек. Шар атауында қазір информациялық мә жоқ, тек белгілі бір өзеннің, селоның т. б. аты есебінде ғана түсініледі. Алғашқы сары мағынасы мүлде ұмытылған.

ШАРДАРА – Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданындағы елді пункт аты. Қазір бұл жерде Шардара су қоймасы орналасқан. 1959 жылдан Шардара су қоймасының құрылысы басталуына байланысты Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты археологиялық зерттеулер жүргізді. Шардара топонимінің этимологиясы туралы Е. Қойшыбаев пен А.Г. Максимова арнаулы мақала жазды (О топониме Шардара. Известия АН ҚазССР. Серия общественная. № 5, 1967). Олардың пікірінше бұл топоним екі компоненттен жасалған: йар//чар//жар+дарья. Мұның алғашқы чар белімі (қазіргі қазақ тілінде **шар** болып айтылады) көне түркі сөзі де, екінші дара сыңары иранның дария сөзінен өзгерген түрі. Авторлар мұндағы чар формасын көне түркі тілінің чоканье құбылысымен байланысты деп қарайды. Авторлар мақаласында Шардара топонимі былай қарағанда иранның **шар** (төрт)+дара (қақпа) деген сөздерінен жасалғаны сияқтанғанымен бұл жорамал ойға қонымсыздау сияқты дейді. Бірақ олар бұл пікірлерін дәлелдемейді.

Біздің ойымызша, авторлар мынаны ескермеген. **Шардара** –бір топ археологтың зерттеулеріне қарағанда ескі қаланың аты. Ендеше оған **дария** (өзгерген түрі дара) сөзі қосылып қаланың аты (жер аты) жасалуы мүмкін емес. Екіншіден, Сырдарияның бұл бөлімі **Шардара** аталды деген де әзірге тарихи мәлімет жоқ. Ендеше бұл сөзден (чардария) қала аты қойылды деуге де жол жоқ. Үшіншіден, **дария** сөзінің авторлар айтқандай қазақ тілінің

диалектілерінде метатеза жолымен **дайра** түрінде айтылуы бар. Бірақ бұл сөздің **дара** болып айтылуы кездеспейді.

Ал сонда **Шардара** не деген сөз? Біздің ойымызша, бұл иранның **шар** (төрт), **дара** (ор, каньон, жыра) деген сөздерінен жасалуы ықтимал. Оған мынадай тарихи жағдайлар себеп болған. 1959-63 жылдары Шардараны су қоймасы басып кететін болғандықтан, осы елкедегі тарихи ескерткіштерді зерттеуге Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған экспедицияның материалдары төрт адамның авторлығымен жеке кітап болып шықты (А.Г. Максимова, М.С. Мерщиев, Б.И. Ваинберг, Л.М. Левина. Древности Чардары. Алма-Ата, 1968). Олар Ақтөбе 2, Шәушікқұмтөбе және Ақтөбе 1 ескі қалаларының орнын зерттеді. Осы зерттеулерге қарағанда бұл ескі қалалар төрт бұрышты қорған етіп салынған және қорғанның сырты қазылған ор болған. Оның үстіне алдымен қорғанның қабырғасы салынбай тұрып ормен қоршалған. Археологтар Ақтөбе 2 қорғаны I-IV ғасырларда өмір сүрген деп көрсетеді. Ендеше тарихта бұл өлкеде иран халықтарының (тәжіктерді арғы атасы соғдилар) болғанын ескерсек, қала аты иран тіліндегі Шар (төрт)+дара (ор, жыра, каньон) сөздерінен қойылуы әбден ықтимал. Э.М. Мурзаев та дара сөзі тәжік, өзбек, түрікмен тілдерінде жыра, сай, каньон, шатқал дегенді білдіретінін, Иран, Кавказ, Орта Азия және Түркияда көп топонимдердің құрамында кездесетінін айтады (Э. и В. Мурзаевы. Словарь местных геогр. терминов, М., 1959, стр. 70). Иран тілдері семьясына жататын тәжік тілінде дара – ущелье, горный проход деген сөз (Таджикско-русский словарь, М., 1954, стр. 116).

ШАРЛАҚ – Ертіс өзенінің бойындағы Павлодар облысының көрші және жақын жатқан Омбы облысындағы жер және елді пункт аты. Бұл біздіңше, монғолдың **шар** (өгіз)+**лақ** (туынды сын есім жасайтын түркі-монғол тілдеріне ортақ көне жұрнақ) сөзінен жасалған. Түбір сөздегі заттың сол жерде бар

екенін білдіретін **-лаг** жұрнағы бурят-монғол тілінде әлі де сакталған (Грамматика бурят-монгольского языка. М.-Л., 1968, стр. 95).

-Лақ//лаг жұрнағының туынды сын есім және зат есім тудыратын жұрнақ екенін біз Маңқыстау (қараңыз) атауын талдағанда толық айтқанбыз. Түркі-монғол тілдеріндегі осы көне лақ//лаг жұрнағы топонимдердің құрамында сақталған: Маңғыс//Маңғыш+лақ, Тас+тақ. Шар (өгіз)+**лақ** (қазіргі қазақ тіліндегі туынды сын есім жасайтын көп вариантты -лы жұрнағының көне түрі, жұрнақ) атауы да осы қатарға жатып, «өгізді» (жер) деген мағынаны білдіреді:

ШӘУІЛДІР – этнотопоним. Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудан орталығының аты. Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасына орналасқан.

Бұл этнотопоним жөнінде көптеген авторлар жазды. Олардың ішінен филология ғылымының кандидаты С. Омарбековтың мақаласын ерекше атап өткен жөн. (С. Омарбеков. ҚҒАХ, 1962, филология сериясы, 2 (21) шығуы). Мақалада **Шәуілдір** (қазіргі түркменше аты Човдур) этнонимі жөніндегі тарихи деректер де толық келтірілген, сондықтан біз оларды қайталап жатпаймыз.

IX-XI ғасырларда огуз тайпаларының Сырдария өзенінің бойында жүргені белгілі. М. Қашқари 22 огуз тайпасының бірі джувалдар екенін айтады. Ал Рашид-ад-дин еңбегінде бұл этноним джаулдур түрінде келіп, «таза, атақты, даңқты» деген түсінік береді. Міне осы тайпа атының және түрікменнің қазіргі Човдур деген тайпасының барлығы бір түбірден шыққанын С. Омарбеков жақсы дәлелдеді. Бұл сөздің этимологиясы туралы автор проф. И. Березиннің «Шәуілдір» сөзі джаулдурмак деген етістіктен шықты деген пікірін келтіреді. Мақалада С. Омарбеков осы «сөздің өзінің бастапқы лексикалық мағынасы нені білдірген деген жайға әдейі барған жоқ-

пыз» дейді. Алайда И. Березиннен кейін С. Омарбеков Шәуілдір этнотопонимінің этимологиясын ашуға тым жақын келді.

Біздің ойымызша, бұл сөздің түбірі көне түркі тіліндегі čав (слава, мольба, репутация) және кейінгі čav сөздерімен байланысты болса керек.

С. Е. Малов өз сөздігінде čав сөзінен кейін čар, čav сөздеріне қара деп сілтеме жасайды да, čav сөзіне мынадай түсінік береді:

«čav – слава, молва, МК; QBN, 49 Aty čavy *(парн.),* QB. шорск. ady šaby имя и слава его (Н.П. Дыренкова, Шорск. фольклор). Čavy küsi, КВ II, 46. Ср.(?) казах. šu шум, крик (В.В. Катаринский. Кирг.-русский словарь. 1-ое изд., стр. 235). Казах. aty šuly известный. Чув. jatla – šuvla именитый (Егоров, стлб. 72). Чув. čар (Малов. ПДП, 1951, 375 беті).

Сөйтіп, шау (čav) сөзі М. Қашқари еңбегінде және «Құдатқұ білігте» кездеседі. Осы сөз қазақ тіліндегі шу сөзіне қатысты ма деп, С. Е. Малов сұрақ белгісін қояды. Біз бұлардың бәрі бір төркіннен тараған сөздер екеніне шек келтірмейміз.

Бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде төмендегідей түрде кездеседі: башқұртша шау (шум), шаулау (шуметь), шаулаусан (шумливый), қарақалпақ тілінде шұу (гомон, крик, шум), шұуылды (гүл), татар тілінде шаулау (шуметь), түркмен тілінде шуввулдамак (шуметь) т. б. Сөйтіп осы фактілер негізінде **шау//шу** сөздерінің бір түбірден тарап шыққандығына ешбір күмән болмаса керек. Ал бұл сөз шығуы, дамуы жағынан осы мағынадағы čав деген көне түркі сөзімен байланысты деп жорамалдауға болады.

Сөйтіп, Шәуілдір этнотопонимінің этимологиясы біздіңше былай: **шаб>шау>шәу** – түбірі (I. шу, 2. атақ, даңқ деген мағына береді), осыған жаңа сөз туғызатын +ыл/іл жұрнағы қосылып, **шәуіл** болған да, оған дор/дұр қосымшасы жалғанып, шәуілдір (айтылуы шәуілдүр) сөзі жасалған. Бұл ол баста шуылды (атышулы), атақты деген мағынадағы огуз

тайпасының аты болып, IX-XI ғасырларда осы тайпа өмір сүрген Арыс бойында Шәуілдір топонимі сақталған сияқты.

ШОЛАҚДАРА – Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданындағы жер аты. Бұл атаудың этимологиясы жайында осы жерде экспедицияда болған Ж. Болатов былай деп жазды: «Бұл жақта дара сөзінің тіркесе келуі арқылы жасалған біраз топонимикалық атаулар кездеседі. Дара біраз түрік тілді елдерде (Өзбекстан, Азербайжан, Түркменстан, Турция т. б.), сонымен бірге Тәжікстан, Армения, Иранда шатқал, кезең, асу мағынасында жер-су аттарының құрамында ұшырайды. Сөз болып отырған Макила дарасы, Шәңгеи дарасы, Бапа дарасы, Шолақ дарасы деген. жерлер бар. Бұл өңірде дара сөзі қорған сияқты мал қамайтын бекініс мағынасында да қолданылады. Кейде жергілікті халық тау арасын да дара дейді. Мысалы, Бапа дарасының (шатқалының) жан-жағы қорым, ортасы жазық. Жергілікті тұрғындардың дара сөзіне үйренгені, иемденіп бауыр басқаны сонша оны қазақ сөзі деп дауласады (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы казақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы, «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», жинақ 5 шығуы, 1963, 182 беті).

Дара термині жайында Э. М. Мурзаев былай деп жазды: «Дара, дере – ущелье, каньон, овраг, горный проход (тадж., узб., турк.). В Азербайджане и Турции – долина, ущелье, овраг. Дарачичаг – долина цветов в Армении. Встречается во многих названиях Турции, Кавказа, Средней Азии, Ирана» (В. и Э. Мурзаевы. Словарь местных географических терминов. М., 1959, стр. 70). Э.М. Мурзаев пен Ж. Болатов бұл атаулардың қай жерде кездесетінін және қандай мағынада қолданылатынын айтқандарымен қай тілден таралғанын көрсетпейді.

Біздің ойымызша дара сөзі жоғарыда көрсетілген кең алқапта иран тілдерінен тараған. Қазіргі тәжік тілінде дара – шатқал, тау өткелі (ущелье, горный проход) деген сөз (Таджикско-русский словарь. М., 1954, стр. 116). Оңтүстік Қазақстан облысының

Қызылқұм ауданындағы Шардара (қараңыз) қаласының аты және осы арадағы жасанды теңіз аты да иран (тәжік, арғыда соғдилар) тілінің **Шар** (төрт) +дара (ор, жыра, канон) деген сөздерінен жасалған.

ШУ – басы Қырғызстаннан басталып, Жамбыл облысын басып өтетін өзен аты. Х ғасырдағы араб ғалымы Максиди Шу аңғарында көп қалалардың атын айтады, соның ішінде Шу өзені бойында Шуй қаласы да бар. Акад. В.В. Бартольд түркі тілінде ч мен с дыбыстары алмасатынып айта келіп, Суй//Чуй, Саганиан//Чаганиан атауларын мысалға келтірген болатын (В. Бартольд. Отчет о поездке в Среднюю Азию... 1893-94 гг. СПб., 1897, стр. 30).

Шу сөзінің этимологиясы туралы белгілі зерттеуші (Э.М. Мурзаев былай дейді: «Чу – видимо, связано с китайско-тибетской формой «шу», «чу» что означает вода, речка, река. В древние времена страна по нижнему течению р.Чу носила название Шу, а древний город на р. Чу еще в домусульманское время назывался Суяб, или Чуяб. В Тибете многие иазвания небольших и средних рек включают этот термин» (Э.М. Мурзаев. Средняя Азия. М., 1957, 257 бет).

Біздің ойымызша шу көне түркі тілінің сөзі. Өйткені, біріншіден, осы өзен бойындағы каланың аты **Суяб, Шуяб** болып аталуындағы су сөзі тегін тұрған жоқ. Мұның өзі өзенінің түркі диалектілерінде бірде **Су,** бірде **Шу** аталғандарын дәлелдейді. Екіншіден, **с/ш** дыбыстарының түркі тілдерінде ауысатыны кеңінен танылған құбылыс.

Сонымен Шу сөзі «су», «өзен» мағынасындағы көне түркі диалектілерінің бірінде жасалған гидроним деп ойлаймыз.

ШУЙ – Шығыс Қазақстанмен көршілес жатқан Таулы-Алтайдағы өзен және жота аттары. Бұл атаудың этимологиясы туралы осы жерде экспедицияда болған Ж.Болатов былай деп жазды: «Жергілікті тұрғындардың біразы Шүй топонимін де монғол сөзінен алынған дейді. Біздіңше ол монғолдың **шу-**

гуй (орманша, тоғайша) дегенінен алынған. Бертін келе ол қысқарып, **шүй** формасында қолданылып кеткен. Бұл пікір Қошағаш аймағында бұрын ну тоғай, ит тұмсығы өтпес орман, болды деген мәлімет арқылы растала, анықтала түседі. Жергілікті халық Шуй шүйгін дегеннен шыққан, ол алғаш Ши болып та аталған дейді (Ж. Болатов, Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері,4 шығуы, Алматы, 1962, 70 беті). Шуй сөзі мен шүйгін сөздерінің түбірлес екені анық, ал – **гін** сөз тудыратын көне жұрнақ. Жоғарыда пікірге қосыла отырып, шугуй>шуй өзгерісін көне түркі тілі мен қазақ тілінен де мынадай фактілермен толықтыруға болады: мүгіз>мүйіз, сығыр>сиыр, жығын>жиын т. б.

Шымкент – Оңтүстік Қазақстандағы облыс және облыс орталығы – қала аты.

Бірінші рет Шарафиддин Яздийдің Әмір Темір туралы жазған «Зафарнама» атты еңбегінде «Сайрам жанындағы қыстақ» деген мәлімет беріледі. Бұл қала және оның аты жөнінде А.И. Добромысловтың еңбегінде былай делінген:«Название города Чимкента происходит от слов чимдерн и кент – город. Такое название город получил потому, что городские стены в былое время делались из дерна. Аборигены Чимкента относят время его возникновения к XII веку, ссылаясь на то, что здесь находится могила святого Баба-Дервиша современника Ходжи-Ахмеда-Ясави. Письменных доказательств, подтверждающих этот факт, не сохранилось». «По русским источникам Чимкент известен с 1835 года под именем Чимина, находившегося во владении ханов Болыхюй киргизской орды. Поспелов и Бурнашев, посетившие Ташкент в 1800 г., называют Чимкент Чеменьгенем» (А. И. Добромыслов. Города Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1912, стр. 182-183).;

Акад. В.В. Бартольд Шымкенттің қыстақтан қала бола бастауы 1723 жылдан сәл бұрын болуы керек, өйткені 1723 жылы

қалмақтар бұл өлкеге шабуылдағанда, осы маңның үлкен каласы Сайрам болып есептелген еді дейді (В.В. Бартольд. К истории орошения Туркестана, СПб., 1914, стр. 145).

Сөйтіп бұл деректерден Шымкент қаласы XVIII ғасырдың басында салынғанын және оның **Чеменген//Чиминкент** деп те аталғанын аңғардық.

Ә. Құрышжановтың зерттеулеріне қарағанда **чемен** сөзі 1245 жылы жазылған «Түркі-араб сөздігінде» және кейінгі нұсқалар мен түркі тілдерінде кездеседі:

«Чемен – луг (цветущий), зелень. Тз. шімен, шімген; Абу Х. чүмен; М. Қ. чүмген, Қ. Қ. шәмен; Рдл. чемен луг, божья трава. каз. **шым**» (Исследование по лексике «Тюрко-арабского словаря». Алма-Ата, 1970, стр. 218).

В.В. Радлов сөздігінде чемен сөзінің екі мағынасы (I) луг, дерн; 2) божья трава, греческое сено) беріліп, бұл парсы тілінен кірген сөз деген помета соғылған (III том, 2 часть, стр. 2001). Сонымен бірге бұл сөздікте **чім** (osm. Дж. ОТ) дерн; чімен (Osm. Dsch. Krm) 1) растение дерн, 2) (Tar.) луг деген мәліметтер де келтірілген. Біздіңше В.В. Радловтың чемен (сол сияқты чим// шым сөзі де сөзі) парсы (иран) тілінен ауысты деген пікірі дұрыс сияқты, өйткені бұл сөздер түрік (çim – дерн), түркмен (чемен -луг), өзбек, ұйғыр (чимдерн). қазақ (шым-дерн) тілдерінде аздаған фонетикалық вариантта кездеседі. Иран тілдеріне жататын қазіргі тәжік тіліиде **чим** – дерн, парсы тілінде **чемен** – луг, лужайка.

Чим//шым//чимин//чемен сөздерінің жоғарыдағы тілдерге иран тілдерінен ауысты дейтін екінші бір дәлел – бұл сөз Сібірдегі түркі халықтарына тарамаған. Мысалы: алтайша **дьон** (jön) дерн, туваша **ширик** – дерн, хакасша **чар** – дерн, якутша **кырыс** – дерн (қазақша жер қыртысы дегенмен салыстырыңыз). Мұнда көрсетілгендей тува тіліндегі **ширик** сөзі монғолдың **ширэг** (дерн) деген сөзінен. Бір қызығы монғол тілінде **шым** (дерн) сезін **ширэг, ширэгтэй хөрс, жим** деп атайды (Дамдин-

сүрэн, А. Лувсандэдэв. Орос-могол толь. Улаанбатар, 1967, 184 беті). Екінші сөзбен айтқанда **жим** (шым) сөзі иран тілдерінен монғол тіліне де енгенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, жоғарыда көрсетілгендей В.В. Радловтың **чим** сөзіне 1) растение, дерн 2) луг; «ал чемен сөзіне 1) луг, дерн; 2) «божья трава, греческое сено» деген мағыналар беруі тегін емес. Қала құрылған кездің өзінде де бұл сөздердің мағынасы бір-біріне жақын қолданылып жүрген. Сондықтан сол кездегі нұсқаларда **Чимкент//Чымкент//Чименген//Чиминкент** болып жазылып жүрген. Мұндағы чим, чемен сөздерінің **шым** (дерн) деген мағынасынан «өсімдік», «көкшеп», «көк майса» деген мағыналары басым. Сондықтан **Чимкент//Чимнкент// Чеменген** формалары казақша **Шымынкент>Шымнкент >Шымкент** түріне көшкен деп қараймыз. Мағынасы: «өсімдікті қала, көк майса қала». Ал атаудың екінші компоненті – **кент** иран сөзі екенін дәлелдеп жатпаймыз (Ғазалкент атауын салыстырыңыз).

ШЫҢҒЫСТАЙ – Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданындағы жер, село аты. Осы жерде экспедицияда болған Ж. Болатов бұл атаудың этимологиясы жөнінде былай деп жазды: «Бұл жер бұрын Шәңістай деп аталатын. Бұл жерде шәңіс деген түбінен басына дейін буын-буын болып келетін ағаш көп өседі. Шәңістен таяқ жасалады. Жергілікті халық шәңіс монғол сөзі дейді. Шынында монғол тілінде **цэнгіс жимс** деп қышқыл дәмді, қызыл жидекті ағаш тұқымдас өсімдікті (клюква) айтады. Ал **тай** сөзінің таулы орман деген мағынада тайгадан алынғандығы жоғарыда айтылды (Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысындағы қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 5 жинақ, 1963, 185 беті). Ж. Болатовтың атаудың түбірі туралы айтқан пікірі бізше де дұрыс. Өйткені **цэнгэс жимс** – монғол тілінде жидек өсімдігінің

бір түрі ;(С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Улан-батор, 1954, 342 бет).

Ал Ж. Болатовтың **-тай** қосымшасы тайга сөзінен алынды деуі, біздіңше, дұрыс емес. Бұл – монғол тіліндегі туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ.

Көрнекті тюрколог, алтаист Г. И. Рамстедт түркі тілдеріндегі lig (қазакша -лы/лі, -ды/ді, -ты/ді) жұрнағы мен монғол тіліндегі – tu, түнгус тіліндегі -či жұрнақтарын туыстас деп қарайды. Сонымен қатар ол монғол тіліндегі топоним жасайтынын баса көрсетеді. Г. И. Рамстедт бұл жұрнақ туралы бұдан әрі былай деп жазады: «Окончание ta (<tai<tu+ai) употребляется во всех монгольских диалектах как окончание притяжательных прилагательных, а также в функции падежа» (Г.И. Рамстедт. Введение в алтайские языкознание. М., 1957, стр. 205). Г.Д. Санжеев бұл жұрнақ жөніндегі жоғарғы Г.И. Рамстедттің пікіріне мынадай түзету жасайды: «в монгольских языках прилагательные на -tu, tü, -tai и -tei не являются притяжательными, они имеют скорее противоположное значение, например: usutu «имеющий воду» и «водный», но не «принадлежащий воде» (Г.И. Рамстедттің жоғарғы еңбегінің 230 бетіндегі 34-ші ескертпені қараңыз).

Г.И. Рамстедт монғол тіліндегі -tai жұрнағы tu+ai жұрнақтарының қосылуынан жасалған деп қарайды.

Сонымен қорытындылай келгенде түркі тілдеріндегі **-ты** (ті, -тұ/тү, -ды//ді, -лы//лі т. б.) жұрнағы мен монғол тіліндегі -tai<tu+ai жұрнағы туыстас. Бұл түбір сөзге қосылып топоним жасайды да, сол нәрсенің барлығын білдіреді (**Қандағатай, Сөгеті, Сілеті, Ұласты, Шабарты** атауларын қараңыз).

ЫЗБАН – Қостанай облысы Жанкелдин ауданындағы «Аққөл» совхозы орналасқан жер аты. «Ман» қосымшаларына аяқталған Қазақстандағы жер-су аттары жөнінде жазған мақаласында С. Нұрқанов бұл формаға аяқталған атауларды ирандікі деп қарайтыи проф. А.П. Дульзон мен В.Н.

Попованың пікірлерін сынға алады. Автор Ызбан атауы екі элементтен тұрады <ыз+бан) деп карайды. Оның пікірінше **ыз** компоненті уз>ыз өзгерісін басынан өткізген, ал **уз** – ертедегі ру тайпа аты. Ал екінші **-бан** элементі «қазіргі қазақ тіліндегі **маң, маңай** сөздерімен, әсіресе бұлардың көне тұлғасы және көне мағынасымен төркіндес». Ман//ман>бан өзгерісіне қалай түскендігі жөнінде С. Нұрқанов былай деп жазады: «Сонымен бүгінгі тілімізде -маң түрінде колданылып жүрген ежелгі маң сөзі қай кезде және қалайша **бан** (м//б) кейпіне түсіп кеткен? Бұл құбылыс XI ғасырдан бергі уақытта, яғни қазақ тілінің өзіне ғана тән фонетикалық жүйенің түкпілікті қалыптасу дәуірінде болған өзгеріс деп шамалаймыз. Өйткені, қазіргі тіліміздегі азбан сөзі Махмуд Қашқари сөздігінде (1 том, 150 беті) азма (піштірілген кошқар) түрінде келтірілген. Демек, ол кезде «з» дыбысымен көрші орналасқан «м» фонемасы қазіргі қазақ тіліндегідей болып «б» дыбысына әлі айнала қоймаған. Осыған қарағанда бүгінгі «көзбен (көру)», «ауызбен (айту)» тұлғасында болмағы ықтимал. Қысқасы, орта ғасыр түріктерінің тіліндегі «зм» дыбыс тіркесінің орнын қазіргі қазақ тілінде «зб» дыбыс тіркесі басқан. Туысқан өзге түрік тілдерінен басты айырмашылықтарымыздың бірі, міне, осы тарихи фонетикалық құбылыста жатыр. Сондықтан этнолингвистикалық ізденістерде мұны үнемі ескеріп отыру – аса қажет шарт» (С. Нұрқанов. Қазақ жер-су атауларындағы «ман» қосымшасының төркіні туралы. «Қазақстан мектебі» журналы, № 8, 1967, 83-85 беттері).

С. Нұрқановтың жоғарыдағы пікіріне қосыла отырып, мына бір жағдайларды ескерте кеткіміз келеді. Автор А.П. Дульзон мен В.Н. Попованың құрамында **-ман** элементі (кейде бұл -ман элементі емес – А. Ә.) бар деген сөздер бір арнадан, иран тілдерінен шықты деген пікірлерін орынды сынай отырып, өзі де осындай ыңғайға ұшыраганын байқамай калады. Мәселен, С. Нұрқановтың Ызбан, Ұйықман атауларын тал-

дауы өте орынды. Ал бұлардың қатарына Қараспан, Ереймен атауларын қосуы орынсыз. Өйткені жоғарғы атаулардың автор екі компонентін де талдап көрсеткен Қараспан, Ереймен дегендердің Қарас, Ерей деген бөлімдері не екені айтпаған. Ал шындығында бұлардың құрамында жеке -пан, -мен элементтер жоқ болуы да ықтимал. Мәселен, Қараспан атауы мен сол маңдағы Адыраспан атауын салыстырсақ та жеткілікті. Бұл екеуі де тау аты. Ендеше оның құрамындағы «тау» мағынасында қолданылған аспан сөзінен **-пан** элементін бөліп алуға болмайды. Ендеше мұндағы -пан сырттай ұқсастық, ол аспан деген түбірдің ішінде. А.П. Дульзонның **-ман** элементі деп жүргенінің табиғаты әртүрлі сөздер болуы ықтимал екенін кейбір топонимистер айтқан болатын-ды. Ендеше Қараспан атауындағы **-пан** жеке сөз емес екенін, оның табиғаты **-ман** элементіне қатысы жоқ екенін байқаймыз.

Атаудың бірінші уз>ыз компонентін автор ру-тайпа аты дейді де, қай халыққа жататынын көрсетпейді. Біздіңше бұл IX ғасырға дейін Сырдария бойын мекендеп, батысқа қарай қозғалған угуз>уз тайпалары болса керек. Олар осы қозғалу жолында Қостанай облысын басып өткені анық. Ендеше атаудың бірінші компоненті осы халық атынан қалуы ықтимал.

ЫРҒЫЗ – Ақтөбе облысындағы өзен және аудан аты. Ырғыз сөзін алғаш рет біздің эрамызға дейін өмір сүрген Геродоттың еңбегінен көруге болады. Геродоттың еңбегінде Ырғыз өзенінде Дарийдің болғандығы туралы мынадай мәліметтер бар. Сол маңда мекендеген гелон, будин және соврамат тайпалары скифтерге көмектесіп, Дарийге қарсы соғысқан. Бұлар жердің кеңдігін пайдаланып, өздеріне тиімді әдіс қолданып, Дариймен тікелей соғыспай шегіне берген. Олар жолындағы малға азық болатын шөпті құртып, адамға да тамақ болатын ештеңе қалдырмай қашқан. Сонымен бүкіл скифия, сармат жерінен еткенде, Дарий әскері ешкімге кездесе алмаған. Ал будиндердің жерінде олар ағаш бекініске кездесіп, оны

өртеп жіберген. Дарий әскері будиндердің жерінен өткен соң құмға келіп тіреледі. Бұл құмнан жоғарырақ жерде тиссагеттер жерінде төрт өзен ағады екен, олардың аты – Лик, Оар, Танаид және Гиргис. Соңғы өзеннің аты бұл арада қате кетіп, Сиргис деп, басқа жерлерде Гиргис деп жазылғанын Геродоттың кітабын орыс тіліне аударған және түсінік жазған Ф. Мищенко ескерткен болатын (Геродот. История в девяти книгах.. II том, 571 беті). Дарий осы жерге келгенде жорықты тоқтатып, Оар өзенінін бойында біраз болған. Ол өз әскерімен скифтерді қуып жете алмаған соң, батысқа қарай кеткен (Геродот. IV, 120-123).

Осы оқиғаға байланысты жоғарыда айтылған өзендер, біздіңше, Елек (Лик), Ор (Оар), Ырғыз. (Гиргис) өзендері болса керек. Оған екі түрлі дәлел айтуға болады. Біріншіден, бұл өзендер будин, тиссагет, аргиппейлер мекен еткен жерлермен көршілес жатыр, екіншіден, Елек, Ор және Ырғыз өзендерінің аты осы күнге дейін сақталған.

Бұл үш өзеннің аты да, біздіңше, түркі сөздері. Ырғыз сөзінің этимологиясы Чулым татарларының тілінденгі **Эргизу** (эрги+**зуг** сөздерінен қысқарған) деген сөзбен түбірлес сияқты.

Бұл сөз туралы проф. Дульзон А. П. былай жазды: «На среднем Чулыме имеется населенный пункт Ергоза, расположен-ный на старице. Кроме этого известны русские диалектные варианты Ызырга, Иргаза. Топоним разъясняется из среднечульмского названия старицы, на которой расположен поселок: **-зуг** – старица (буквально: «старая река»). В этом слове конечный звук отброшен, оставшаяся часть (эргизу), осмысленная как винительный падеж, послужила основанием для создания аналогии формы именительного падежа эргиз (А.П. Дульзон. Былое расселение кетов по данным топонимики. Сб. Географические названия. М., 1962, 52 беті);

Сөйтіп, Ырғыз аты екі сөзден құралған: ерги (ертедегі) **+зуг** (су). Ерги – сөзі ескі деген мағынаны білдіріп, ертедегі сөзімен түбірлес болып келсе, **зуг/суғ** сөздері қазіргі сусөзінің көне варианты болып та былады. **Ырғыз** сөзінін қа-

зіргі құрамында **зуг** (су) сөзінен бір ғана з дыбысы сақталып қалған. Бұл гидронимнің этимологиясын мынадай схемамен түсіндіруге болады: **Ергизуг>Ергизу>Ергиз>Ырғыз.** Бастапқы формалары көне түркі тайпаларының тілінде жасалып, соңғы Ырғыз түрі қазақ тілінде қалыптасқан сияқты.

ІЛЕ – Талдықорған, Алматы облыстарын басып өтіп, Балқаш көліне құятын өзен аты. Топонимис Э.М. Мурзаевтың зерттеуі бойынша Іле – «жалтыраушы», «жарқыраушы» деген қалмақ (монғол) сөзі. Халқа – монғол тілінде іл (ил) – «ашық», іле (илэ) – «ашық», «айқын» деген сөз. Сөйтіп, Іле(суы, өзені) гидронимі «ашық өзен» деген ұғымды білдіруі мүмкін,бірақ бұл пікір әлі де зерттей түсуді қажет етеді деп қорытады автор (Э.М. Мурзаев. Природа Синьцзяна и формирование пустынь Центральной Азии. М., 1966,стр. 341).

Э.М. Мурзаевтың пікірі қаншалықты қызықты көрінгенімен де, оның осал жақтары да бар. Біз монғол және қалмақ тілі сөздіктерін зер сала қарап шықтық. (С. Хабшай, Ә. Міниc. Монғолша-қазақша сөздік. Уланбатар 1954, 105 беті; Краткий русско-калмыцкий словарь. М.1969, 339 беті). Бұларда «ашық», «айқын» деген мағынада иле сөзі жоқ, ил деген сөз бар. Ал и л сөзіне кейін не себептен е дыбысының қосылатынын дәлелдеу қажет. Міне сол себептен де автор «бұл пікір әлі де зерттей түсуді қажет етеді» деп есептейді.

Біздің ойымызша Іле атауы түркі тілдерінің негізінде жасалған. Мәселен, Іле гидронимі М. Қашқар еңбегінде үш рет кездеседі (Индекс. Ташкент, 1967, 40 беті). Ол кезде, яғни XI ғасырда бұл атау Ила сувы деп аталған, өйткені М. Қашкари жазып алған өлеңді «Іла сҰwн кэчтіміз (III, 253 беті) деп келеді.

Біздіңше, атау екі компоненттен жасалған **и+ла. И** сөзі түркі тілдерінде «ылғал», «су» деген мағынада қолданылатыны белгілі. Мысалы, «қамырдың иі қану» деген тіркестен үн мен суды жеткілікті араластыруды түсінеміз. Немесе,

«жаңбырдан жер иленіп кетті» дегенде «жердің суы молайып кетті» дегенді ұғамыз.

Ал атаудың екінші компоненті **-ла** көне және қазіргі түркі тілдерінде зат есімге жалғанып, жаңа сөз жасайтын өнімсіз (непродуктивный) жұрнақ. Бұл туралы көрнекті тюрколог Э.В. Севортян былай деп жазды:

«Аффикс -ла. К словам с аффиксом -ла в азербайджанском относится чағала «завять плода», «зеленый, незрелый плод» от существительного чаға «новорожденный», «грудной ребенок», «малыш», йайла «кочевье», «горное плато, служащее кочевьем», «плоскогорье», «дачное место», от йай «лето», тарла «поле», «пашня», «нива» от тар, которое известно в древних языках как глагол в форме тары – «делать посев» (М. Қашқари. Диван, 577). Существительные с показателем -ла имеются и в некоторых других языках. В турецком кроме йайла и тарла отмечается қысла «казарма» от қыс «зима», тузла «солеварня» от туз «соль», дамла «капля» от глагола дам – «капать» и ардала «колокольчик, подвязываемый верблюду» от арда, для которого дается значение «данная палка», «жердь», «веха», «точило». В древних языках встречаются арла «домашний очаг» от ар «мужчина, человек»; борла «виноград» от бор «вино», йаңла «недавно» от йаңы «новый». Последнее производное отмечается также в зап.-караимском (Э.В. Севортян. Аффиксы именного словообразования... М., 1966, стр. 178-179).

Бұл келтірілген фактілерден негізінен зат есімге, кейде кейбір басқа да сөз таптарына көне **-ла** өнімсіз жұрнағы қосылып, зат есім жасайтынын байқадық. Ендеше Іле (ертедегі Ила) атауы осы жолмен жасалған дегіміз келеді. Көне ила (ылғалды, сулы деген мағынада) сөзінің мағынасы күңгірттеніп, мұның өзі оның **іле** формасына көшуіне себепші болған. Оның үстіне қазақ тілінде **и** дыбысына басталатын түркі негізіне жататын сөз аз екенін де ескерген жөн. Сол сияқты басқа түркі тілдеріндегі **и** дыбысы қазақ тілінде і түрінде

келеді. Міне осы себептер атаудың **Ила>Іле** түріне көшуіне дәйек болған.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3
Этимология және топонимика 5
Тюркология саласындағы этимологиялық зерттеулер 21
Қазақ тілі бойынша этимологиялық зерттеулер 26
Топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеу мәселесі 29
Қазақстан жер-су аттарының қысқаша этимологиялық
сөздігі 61
Мазмұны 238

А. Әбдірахманов

Топономика және этимология

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ
сериясы

Бұл басылым С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Е. Бекмаханов атындағы «Өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеу» ғылыми-практикалық орталығында дайындалды.

Орталықтың директоры
Құдабаев А.Ж.
Бас ғылыми қызметкер
Арын Р.С.
Аға ғылыми қызметкер
Ысқақ Б.Ә.
Ғылыми қызметкер
Аубакирова С.С.
Кіші ғылыми қызметкерлер
Искакова З.С.
Қайырбекова А. А.
Құдабаев Ш.А.
Компьютерде терген
Алдабергенова Н.Б.

15.03.2010 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16. Қаріп түрі KZ Times.
Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 12,6. Есептік баспа табағы 10,3.
Сытина Е.А. ЖШ-та басылған. Таралымы 200 дана.

Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., 29 Ноябрь к., 2,
Тел.: (7182) 32-16-08